



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»



Ұлтымыздың рухани көсемі, ағартушы-ғалым,
мемлекет және қоғам қайраткері
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ»

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНУЛЫ - ЛИДЕР КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ»,

посвященной 150-летию со дня рождения духовного лидера
нашего народа, педагога-ученого, государственного и
общественного деятеля Ахмета Байтұрсынұлы

19 қазан 2022 жыл
Семей



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ



Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Ұлтымыздың рухани көсемі, ағартушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған **«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ»** Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының **МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ЛИДЕР КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ», посвященной 150-летию со дня рождения духовного лидера нашего народа, педагога-ученого, государственного и общественного деятеля Ахмета Байтұрсынұлы

19 қазан 2022 жыл
Семей

**УДК 80/81
ББК 81.2
А94**

Жалпы редакциясын басқарған:

Ердембеков Б. А. – Шәкәрім Университетінің Басқарма төрағасы–Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

- Қадыров А.Қ.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, филология факультетінің деканы;
- Смағұлова А.Т.** – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері;
- Сәмекбаева Э.М.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының, доценті;
- Кенжина Ш.М.** – шет тілдер кафедрасының оқытушысы, филология факультеті деканының орынбасары.

А94 «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2022. – 213 бет.

ISBN 978-601-313-148-1

Жинаққа Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орындарының ұстаздарына, магистранттар мен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

**УДК 80/81
ББК 81.2
А94**

ISBN 978-601-313-148-1

© Шәкәрім университеті, 2022

**Шәкәрім университетінің Басқарма Төрағасы-ректор, профессор Б.А. Ердембековтің
ұлтымыздың рухани көсемі, ағартушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ашардағы құттықтау сөзі**

***Құрметті конференцияға қатысушы зиялы қауым!
Қадірлі қонақтар!***

Бүгін білімнің қара шаңырағы атанған қос орда – Шәкәрім университеті мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 мектепте бас қосып отырмыз.

Бас қосуымыздың басты себебі, «Мектеп-ЖОО» білім беру кластерінің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу мақсатында меморандумға қол қойып, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының филиалын ашып, ынтымақтастық аясында бірлескен ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу, жоба жұмыстарын іске асыру көзделіп отыр.

Биылғы жылы ұлт ұстазы, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Бұл айтулы кезеңге орай тұлғаның ұлт болашағының жарқын, ұрпағының сауатты болуы жолындағы еңбектерін жан-жақты насихаттау – біздің басты парызымыз.

Осы мақсатта «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» республикалық ғылыми конференцияны № 47 мектеп қабырғасында өткізіп, тәжірибе алмасуды жөн санадық.

Ахмет Байтұрсынұлының – ХХ ғасыр басында қазақ тіл білімі мен әдебиетінің қанатын қомдап, ғылым айдынына шығуы жолында көш басында тұрған ардақты перзенттердің бірі. 1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жағымсыз әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын (яғни, іс-қағаз тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды, кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым» – деп өзінің басты мақсаттарын атап өткен.

А. Байтұрсынұлы бұл мақсаттың үдесінен шықты. Қазақ тіл білімінің терминдерін жасады, анықтама, түсінігін қалыптастырды, алғашқы оқулықтарды жазып ұлт сауатын ашуға үлес қосты.

1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың Бүкілодақтық 1 съезіне қатысты. Қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашу жолында «Оқу құралы» (1912 ж.), «Жаңа әліпби» (1926 ж.) еңбектері жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлының ақын, әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде халқына сіңірген еңбегі ұшан теңіз.

Конференция жұмысына сәттілік тілейміз!

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

ҒТАХР: 17.07

СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҰЛЫ ЗЕРТТЕУШІСІ

Қабышев Т.Б., ф.ғ.к., аға оқытушы
Қазақстан Республикасы, Семей қ. Шәкәрім университеті

Биыл Қазақстанның барлық өңірінде ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, фольклорист, дарынды ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойы тойлануда. Конференциялар, түрлі кештер, олимпиадалар өткізіліп, көшелерге мектептерге аты беріліп игілікті істер атқарылуда. Соның бір айғағы бүгінгі жиынның өткізілуі деп білеміз.

Кезінде Сәкен Сейфуллин: «...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп жазған екен. Ал, Мұхтар Әуезов Ахметтің 50 жылдық мерейтойына жазған мақаласында: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп сол кезеңнің өзінде шынайы бағалаған болатын.

Әдебиеттану ғылымының негізін салушы, қазақ әліппесін (төте жазу) жасаушы, оқу құралының авторы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымында алар орны орасан зор. Қай еңбегін алып қарасақ та, «Қазақ!», – деп жаңғырып тұрғаны тайға таңба басқандай.

Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-ғылыми мұраларының ішіндегі ең көлемдісі және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі – «Әдебиет танытқыш». Биыл ол еңбектің жарық көргеніне 93 жыл толып отыр.

«Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, әрқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламалардың басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын жақсы білеміз. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынұлы – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

«Әдебиет танытқышта» фольклорлық әдеби мәтіндерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ол еңбек – биыл жарық көргеніне 93 жыл толып отыр. Әйтсе де бүгінгі күннің өзінде көкейкесті, өзекті болып отырғандығымен құнды. Оның қай бетін ашып оқысаң да көңілге қона кетеді. Еңбекке зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ондай қайнар көздері туралы әртүрлі болжал айтуға болады. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады.

«Әдебиет танытқыш» еңбегінде өнер тарауларын сәулет (архитектура), сымбат (скульптура), кескін (живопись), әуез (музыка), сөз (әдебиет) өнері деп даралап, әрқайсысына дәлді анықтама беруінен сөз жоқ неміс ғалымы Лессингтің трактатымен таныстығын, әдебиет тектерін таратқанда Гегель, Белинский, Веселовский концепцияларымен таныстығын, ауыз әдебиетін жалпылай топтау тәсілдерінен орыстың дәстүрлі фольклоршыларының еңбектерімен таныстығы аңғарылады. Бір ерекшелігі А.Байтұрсынов ұзақ сілтеме алып, түсініктеме беріп, басқаның пікіріне жығылу әдетінен мүлде аулақ. «Әдебиет танытқышта» бәленнің айтқаны дейтін бір де бір пікір, тұжырымға сілтеме жоқ. Ғалымның өзі қорытқан, өзі шындығына жеткен, ақиқат деп санаған ойларын ортаға салады. Мысал келтіре отырып, оқырманның көзін жеткізіп ұқтырып алған соң, пікір, тұжырым жасайды. Келтірілген мысалдарының өзін ауыз әдебиеті шығармаларынан, тұрмыс-салт жырларынан, «Ер Тарғын», «Ер

Сайын», «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты батырлар жырларынан, нәзира дәстүрінде жазылған ғашықтық дастандардан, Абайдың, Шәкәрімнің, Ыбырайдың, Мағжанның, Мұхтардың, Сәкеннің, Жүсіпбектің немесе XIX - XX ғасыр ақындары Шортанбай, Әбубәкір, Молда Мұса, Байтоқ, Шернияз. Мәделі, Орынбай, Бұдабай, Ақмолла, Досқожа сияқты исі қазаққа мәлім ақындармен қоса Сейдахмет, Сүгір Қубала, Жорабай, Жарылғасын, Айқын сияқты өлеңшілерден де мысалдар алады. Мұнымен қатар, әсіресе ауыз әдебиеті үлгілерін тарата, жіліктеп талдайтын тұстарда көптеген белгісіз шығармалардан үзінді беріледі. Өз өлеңдерінен үзінді алғанда «Маса» жинағын көрсетеді, өз есімін атамайды.

Зерттеу барысында ғалым басқа елдер әдебиетін де ескереді: «Орыстың асқан ақыны Пушкин жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен. Орыстың асқан ойшысы Лев Толстой шығарған сөздерін баспаға беріп қойғаннан кейін де талай түзетіп, талай өзгертеді екен. Бұл ойындағы қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу қиын екендігін көрсетеді», – дейді «Сөз өнері» тарауында. Бұдан басқа Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов есімдері айтылады, жапон, француз, поляк әдебиеттеріндегі өлең құрылысы сөз болады. Абылай, Шоқан, Ақан сері, Сұлтанмахмұт, Ядрицев, Потанин есімдері кездеседі.

«Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарты деңгейіне көтеріліп, шет сөздерді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттың қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор қуғын-сүргінге ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер қолданысқа енгізілді, қолданысқа сұранып тұрғандары да баршылық.

Ұлы ұстаз қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын «Қырық мысалдағы» бұрын емеурін, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойларын «Маса жинағында ашық, анық нақты айтады. «Ер Сайын», «23 жоқтау», аударма өлеңдерінің өзі бір төбе.

Осы күнге дейін табылмай отырған «Баяншы» атты әдістемелік еңбегі мен «Мәдениеттану» атты оқулығы табылса үлкен олжа болған болар еді.

Орыстың ақын қызы Юлия Жадовскаядан аударған «Мінсіз таза меруерт» деп басталатын екі шумақ өлеңі Ахмет ақталғанша Асан қайғынікі болып келсе, енді ақынның өзіне қайтарылуы керек.

ҒТАХР: 16.01.45

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Мұқанова Қ.Қ., п.ғ.к., доцент

Қазақстан Республикасы, Семей қ. Шәкәрім университеті

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне адал еңбек еткен қоғам қайраткері, кемеңгер тілші-ғалым, әдебиеттанушы, ғұлама түрколог. Ары қарай талай дүниені тізбектей беруге болады. Соның бірі – сөз болмақ болып отырған ғалымның ағартушылық қызметі мен әдістемелік мұрасы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынып, әдістеме ғылымының негізін қалаған реформатор, өз кезінде 6 миллион қазаққа ұлттық жазу жасап, қазақ балаларының ана тілінде оқуына бар күш-жігерін сарп еткен педагог, мектептерде қазақ тілінде сауат аштыратын «Әліпбидің» және оны ары қарай жетілдіріп оқытатын бірнеше оқулықтардың авторы. Бір ғана педагогтік, ағартушылық саласындағы осыншама еңбекті, бүгінгі таңда тұтас бір білім беру ұйымдары атқарып отырғанда, бір өзінің атқарғанына қайран қаласың.

А. Байтұрсынұлы 1895 жылы Орынбордағы Ы. Алтынсарин салдырған мұғалімдер даярлайтын «Учительская школаны» аяқтаған соң, ағартушылықпен 13-14 жыл бойы айналысады, яғни 1895-1909 жылдар аралығында бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі сыныптық училищелерде мұғалім болады. Осы уақыт аралығында ол оқытудағы қиындықтарды, қажеттіліктерді, мектеп мәселелерін жақсы білді. Ол 1920 жылы Қазанда шыққан қазақ мұғалімдері үшін дайындалған «Баяншы» әдістемелік еңбегінің сөз басында «14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін» деп жазуының өзі, мектеп мәселелерін жақсы білгендігін көрсетеді.

(1. 324 б) Ол бала оқыту үшін қазақ жазуына лайықты графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету қажеттігін жақсы ұғынды, өйткені ол кезеңде айтылғандардың бірі де жоқ еді. А. Байтұрсынов осы жоқтарды түгендеу, мектепте нені оқыту керек және қалай оқыту керек деген сұрақтың шешімін табу мақсатында тынымсыз еңбек етті.

1910 жылдардан бастап қазақ графикасымен айналыса бастайды. Себебі сауат ашуды жолға қоюдың оңтайлы жолы оның халыққа түсінікті, сөздің айтылу жүйесін жеңілдете алатын әліпби керектігін жақсы түсінді. Сондықтан сол кезеңде қазақтар пайдаланып отырған араб жазуын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп дайындайды. Ал 1912 жылдан бастап қазақ әліпбиі жаңа жазу ретінде қолданыла бастайды. Көптеген қазақ мектептері осы жаңа әліпбиді пайдаланады. Бұл әліпби 1926 жылға дейін қолданыста болғанын тарихтан жақсы білеміз.

Әліпбимен қатар, оны үйрететін оқулықтың қажеттігін түсінген А.Байтұрсынұлы «Оқу құралын» (қазақша әліфбе) дайындайды. Ол 1912 жылы Орынборда 40 беттік көлемде басылады. 1912-1926 жылдар аралығында «Оқу құралы» 7 рет қайта басылып шығады. Әр шыққан оқу құралы толықтырылып, алдындағы кемшіліктер жойылып отырылған. Мысалы, оқу құралының тұңғыш басылымы 1912 жылы 40 бет, екінші басылымы 1914 жылы 96 бет, үшіншісі 1916 жылы 98 бет, төртіншісі 1922 жылы 95 бет, бесіншісі 1922 жылы 70 бет, алтыншысы 1923 жылы 72 бет, жетіншісі 1925 жылы 72 бет көлемінде жарық көрген (2). Көріп отырғанымыздай, оқулық бетінің санының өзі әртүрлі. Ал 1926 жылы шыққан «Жаңа әліп-би» алдыңғы әліппелердің толықтырылған, өңделген, қазақ баласының ұғымына, ұғынуына сай дайындалған оқу құралы болды. Осы әліппенің шығарушыдан деген алғысөзінде А. Байтұрсынұлы өзі де айтып кетеді: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа програмша болуы көзделді» деп, жаңа оқу құралының негізгі өзгешеліктерін баяндайды. Сонымен бірге, ғалым оны ары қарай жетілдіру мақсатында «Мұғалімдерден өтінеміз: бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл? Екінші сөзбен айтқанда, қайсысымен оқытқанда балалар оқу мен жазуды тез үйренеді? Осы жағынан тәжірибе түйілсе екен» деп, оқу құралын ары жетілдіру, тиімділігін арттыру мақсатын да көздейді [1, 50 б.].

Сол кезеңде «Жаңа әліп-биге» былай баға берілген: «Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан Білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған. Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліп-би» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді. Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліп-би» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліп-би» бұрынғысынан қай ретте болса да артық. Бұл «Әліп-би» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық «Әліп-би» көңілдегідей болып шыққан» [1].

Бұл әліппе бүгінгі күні де өз өзектілігі мен маңызын жойған жоқ деп айта аламыз. Оған ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағанбетовтің «Әліппе» оқулығы А.Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде қайта әзірленетінін айтқаны, ғалым еңбектерінің өміршендігін көрсетеді емес пе?

А. Байтұрсынов әліппелерді ғана дайындап қана қоймай, онымен бірге оны меңгертудің, үйретудің жолдарын көрсететін осы әліппеге қосымша әдістемелік құрал да дайындаған және оны әліппемен қатар шығарған. Мысалы, жоғарыда аталған «Баяншы» әдістемелік еңбегі осы әліппені үйретудің жолдарын көрсеткен еңбек болды. Ол жөнінде, алғашқы шыққан «Оқу құралының» титул бетінде былай дейді: «Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Бұдан, оқу құралымен қатар оны үйретудің жолын көрсететін әдістемелік құралдың бірге дайындалғанын көреміз.

Қазақ балаларын сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін ғалым енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық дайындаудың маңызын ұғынады да, оқулық жазуға кіріседі. Ол жөнінде былай дейді: «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфы да үйретілерге керек. Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап, қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл – құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз». Осы оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл – құрал» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы (алдында дайындалған), ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқулығының да меңгерту жолын көрсететін әдістемелік қосымшасын қоса дайындайды. Оны 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен сөйлеу оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-нші кітап деп шығарады. «Тіл жұмсар» жөнінде ғалым: «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа.

«Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсарту арқылы барып үлкен құралды танытады», – дейді [1, 336 б.].

«Тіл жұмсар» 3 бөлімнен тұрған, тек 3-бөлімі дайындалып үлгермеген немесе бізге жетпеген. Үш бөлім бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырады. 1-бөлімі 1928 жылы 46 бет көлемінде, 2-кітабы 1929 жылы 90 бет көлемінде Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Ахмет Байтұрсынұлының бұдан басқа бізге жетпеген «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген әдістемелік еңбектері бар. Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық университеті архивінде сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген «Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжатта «Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау» деп көрсетілген [2].

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұраларының ішінде, жоғарыда аталған еңбектерімен қатар, әр жылдары жарияланған «Қай әдіс жақсы» («Жаңа мектеп», 1928, № 4.), «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» («Жаңа мектеп» 1928 №1), «Дыбыстарды жіктеу туралы», «Жазу тәртібі» («Айқап», 1912, №4-5), «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, № 35), «Оқу жайы» («Қазақ», 2013, № 11), «Қазақша оқу жайынан» («Қазақ», 1913, №26), «Бастауыш мектеп» («Қазақ», 1914, № 61), «Мектеп керектері» («Қазақ», 1914, № 61), «Баулу мектеп қандай болу керек?» («Жаңа мектеп», 1925, № 1), «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» («Қызыл Қазақстан» журналы, 1923, № 14) сияқты мақалаларының маңызы ерекше. Бұл мақалаларда ана тілімізді қандай әдіс-тәсілдермен оқыту керек, мектеп керектері не, бастауыш мектептің маңызын көрсете отырып, жалқылау әдіс, сауаттау әдіс, дыбысты әдіс, жалқылаулы-жалпылау әдіс, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс сияқты оқыту әдістерін талдап көрсетеді. Ғалым «Қай әдіс жақсы» деген мақаласында Л.Толстойдың «Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деген ойымен келісе отырып, «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», – деп жаман әдіс деген болмайды (1, 357 б.), тек оны керек жерінде дұрыс қолдану қажеттігін, бір тілді үйретуге қолайлы болған әдіс, келесі бір тіл үйретуде қолайсыз болады деген ой түйіндейді. Бұл тұжырым – біздің оқыту саламызда ойға ұстайтын, ұстанатын тұжырымыз болу керек. Шеттен келген неше түрлі әдістердің тиімді бола бермейтінін есте, естен шығармағанымыз жөн.

Біз осы мақалада Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ғылыми-еңбектерін тізіп қана шыққандай болдық. Ал осы жоғарыда аталған әр еңбекті, әр мақаланы жан-жақты зерттеу, оны өз тәжірибемізге енгізу күн тәртібінен түспейтін мәселе болу керек деп есептейміз. Өйткені ғалымның еңбектерінде айтылған кез келген тұжырым, ой-пікір өте маңызды әрі құнды.

Қорытындылай келе, А. Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» деген мақаласында мектепке керекті 4 нәрсені айтады. «Әуелі керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім... Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болуы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа, соңғы сайлы болуға тиісті оқу құралдары». Қазіргі таңда, аталғандардың төртеуі де, білімді мұғалім де, құрал жабдықтар да, бағдарламалар да, оқу құралдары да бар, ендеше білімді де, сапалы ұрпақ дайындау үшін бар күш-жігерімізбен еңбек етейік дегім келеді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) Құрастырушылар: Ғарифолла Әнесов пен Аманқос Мектептов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. <https://astana-akshamy.kz/>

Бұл мақала ҚР БЖҒМ-нің 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында "Көптілді және көпмәдениетті отандық білім беру жүйесінде білім берушілер мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту" тақырыбы бойынша дайындалды – ИРН АР14871008.

1 СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

СЕКЦИЯ 1: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ОСНОВАТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ НАУКИ

ҒТАХР: 16.21.47

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНДЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Түсіпбекова Ғ.А., ф.э.к., доцент

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті, autovna67@mail.ru

Қазақ тіл білімінде терминдердің даму, қалыптасу тарихы туралы академик Ө. Айтбайұлы былай пайымдайды: «Сөздердің терминге айналуы, тілдің терминологиялық жүйесінің пайда болуы белгілі бір объективті себептермен түсіндіріледі. Лексиканың осы қатарына көңіл бөліп, оны жинақтау, насихаттау әрекеті 18 ғасырдың аяғы, 19 ғасырлардың басынан бастау алған екен. Сол кездегі қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалдарын қарасақ, термин деп айдар тағып, ауыз толтырып айта алмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімдерін беру тәжірибесін кездестіреміз» [1, 58 б.].

Отандық терминтанудың негізінің қалана бастауының алғашқы кезеңі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты.

Ғалым 1913 жылы ғылым-білім туралы: «... ғылым, өнер турасында біздің жайымыз... жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек» дейді. Осы тұста ғалым әрбір пәннің, әрбір ғылым саласының өз жүйесі, сол жүйесіне лайықты ұғым, түсініктері болу керектігіне көзі жетіп, терминдік атауларды жаңадан жасауға кіріседі.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі мақалаларында

А. Байтұрсынұлы қазақ ұғымына жат, бірақ та тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кей сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар – дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), үтір, буын, әліппе, сөз аяғы белгі, сөз басы, сүйеніш, дәйекші, дауысты дыбыстар және т.б. сөздер. Бұл ұғымдар қазақ тілінде бар болғанмен, белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазақстан оқу кемесериятінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы А.Байтұрсынұлының рөлі атап көрсетіледі. «1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы Қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» [2, 50 б.].

Міне, осы 20-жылдары А. Байтұрсынұлы термин комиссиясының төрағасы бола жүріп, көптеген жаңа терминдерді салалық мамандармен қосыла талқылап, оларды бекітіп, қолданысқа енгізді. Осы уақытта мерзімді басылымдарда жиі көрінген атаудың бірі – «пән сөздері» деген тіркес. Бұл – қазіргі «термин» сөзінің алғашқы қазақша нұсқасы болатын. Қазақ терминология мәселесі ең алғаш рет 1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезінде кеңінен сөз болды. Тұңғыш съезде пән сөздері туралы мынадай қаулы қабылданды:

1.Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын – қазақша ілім кеңесі, жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесиелерде тексерілетін болсын; Кемесиенің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесиесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын;

6. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралық А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшеленді.

Ғалым өзінің бір баяндамасында «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды. Басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілімен жасауға тырысты» [3, 414 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы – жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. А.Байтұрсынұлынан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері оған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914, 1915 жылдары және одан кейін бірнеше дүркін қайта басылған «Тіл-құрал» еңбегінде –уыш/уіш, -ша/ше, -лық/-лік жұрнақтары арқылы жасалған есімше, көсемше, баяндауыш, бастауыш, сұраулық терминдерінің үлгісі 1927 жылы Мәскеуде басылған

Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» оқулығында сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық, ал Е. Омарұлының 1928 жылғы Қызылордада жарық көрген «Пішіндемесінде» (геометрия) тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік түрінде жалғасын тапқанын көруге болады.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Сонымен қатар, сол уақытта терминологиялық лексиканың жасалуы мен қалыптасуына

А. Байтұрсынұлымен Н. Төрөкұлұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы сынды алаш зиялыларының да елеулі үлес қосқанын айту керек. Мысалы, Нәзір Төрөкұлұлы кірме терминдерді қабылдау, оларды ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жазуға арналған «Жат сөздер туралы» деп аталатын еңбек жазса, 1924 жылғы съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздер» деген тақырыпта баяндама жасап, терминология қағидаттарын съезд қарауына ұсынған. Сондай-ақ өзге аталған алаш зиялылары да көптеген салалық терминдерді жасап, термин мәселесіне арналған мақалалар жариялаған. 20 ғасыр басындағы қазақ терминологиясының жай-күйі туралы сөз еткенде 20-жылдарға дейін-ақ жарық көрген М. Әуезовтің «Қайсысын қолданамыз?» және «Ғылым тілі (научный термин)» деп аталатын мақалаларын атамай өтуге болмайды. Ғалымның бұл аталған мақалалары – терминдерді біріздендіру мен ұлттық ғылым тілінің болашағы туралы мәселе көтерген алғашқы жарияланымдардың бірі.

Ахмет Байтұрсынұлы «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», - деген ұлы талабын өзі нақты іске асырды.

Ғалымның өмірі, ғылыми, әдеби мұрасы жайлы тілшілер – Ә. Қайдаров, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, С. Кеңесбаев, әдебиетшілер – Қ. Мұқамедқанов, Р. Нұрғалиев, тарихшылар – К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, С. Өзбеков, ғалымдар – А. Мектепов, Ғ. Әнесов, Б. Байғалиев т.б. еңбектер

шығара бастады. Бір томдық шығармалары, үлкен көлемді “Ақ жол” (құрастырған Р.Нұрғали), “Тіл тағылымы” (құрастырған Р.Сыздықова) кітаптары басылды.

Қазақ тілін зерттеуші ғалым Рабиға Сыздықова былайша пікір білдірді: «Қазақ тілін талдап – тануда Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше атау керек: ол – термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынады. Осы қолданылып жүрген зат есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі деген т.б. сан алуан лингвистикалық терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсыновтікі» [4, 241 б.].

Ғалым А.Байтұрсынұлының термин жасау туралы маңызды тұжырымдары ғылыми жалғасын тауып, қазіргі терминтану мәселелерін жаңа қырынан зерттеуге негіз болды.

Әдебиеттер

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері) – Алматы: «Рауан» баспасы, 1997. – 240 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасырдағы қазақ терминологиясы; 1910-1930 жылдары): монография. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 240 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1992. – 448 б.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1993.

ҒТАХР: 16.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Самекбаева Э.М., ф.ғ.к., доцент,

Сағындыққызы Г., қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі, магистр
Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті elmiga5_66@mail.ru

Адам психикасы, оның құпиясы мен мол табиғаты т.б. психологиялық философия, психология және әдебиеттану ғалымдарында жан талдау тәсілін тудырып, адам мәселесін тереңдей зерттеуге көңіл бөле бастады. Тілді психикалық құбылыс түрінде қарастыратын тіл білімінің саласы психолінгвистика XX ғасырдың 50-60 ж.ж. қалыптасты. Бұл жайында К. Аханов «...психикалық құбылыстарды, атап айтқанда, түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейтін» [1, 16 б.] психология лингвистикамен байланыса келе, олардың «сөйлеу үдерісімен» ұштасқан ерекшелігін атап көрсеткен еді.

Сөйлеу – адамдарға ғана тән қабілет. Б. Хасанұлы: «Адамға тілдік қабілет туа бітеді, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналады. Адам әлеуметтену барысында тілдік қабілетін жетілдіреді де, тілдік тұлғаға айналады» [2, 230 б.] деп, адамдарды биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде таниды. Тілдік қабілеттің жетілуі тілді таныммен сабақтастыра зерттеуге, тіл арқылы адамды тануға, тіл мен адамды біртұтастықта қарастыруға арқау болды. Нақтырақ айтқанда, адамдардың тілдік мәдениетін (немесе тілді қолданудағы адамдардың мәдениеті) айқындауға мүмкіндік береді.

Тілдік мәдениет сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі (А. Байтұрсынұлы) тәрізді нақты қағидаларға сүйенеді. Егер сөйлем құрамындағы сөздер синтагмалық қағидаларға сай дұрыс байланысса, сөйлеу барысында сөздердің дұрыс қолданылғаны; егер «ана тілдің сөзін басқа тілмен шұбарламай, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» (А. Байтұрсынұлы) тұжырымын ұстансақ, сөйлеу барысында тіл тазалығы сақталмақ; егер «айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса» (А. Байтұрсынұлы) сөйлеу кезінде тіл анық болмақ; егер сөйлеу кезінде айтылатын ойға қатысты сөздердің ұғымы дәл, нақты болып, сөз семантикасына сәйкес жұмсалса, сөйлеу барысында тіл дәлдігі орын алмақ; егер сөйлеу барысында сөздер дұрыс, анық, дәл айтылып қана қоймай, дерексіз ұғымды деректі заттармен салыстыра, теңестіре, шендестіре т.б. айтса, сөйлеу барысында тіл көркем болмақ [3].

Бұл ыңғайда, тіл мен сөйлеудің де өзара арақатынасын айта кеткен орынды деп санаймыз. Ғалым Т. Қордабаев: «Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмастық бірлікте болатындарына қарамастан,

бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік. Тіл дегеннен оның құрамына енетін дыбыстарды, сөздерді, грамматикалық формалар мен үлгілерді түсінеміз.

Тіл дегеніміз – сөйлеуге қажетті материалдардың жиынтығы. Ф.де Соссюрше айтар болсақ, қоймасы. Олай болса, сөйлеу – сол жансыз материалдардың өзара қарым-қатынасқа келуі, тілдің қимыл үстіндегі күйі. Тілдің жаны, тіршілігі – сөйлеуде. Сөйлеу үдерісінде тілдік материалдар жанданып, өз бойындағы мағыналық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Бірақ сол мүмкіндікті әркім өз шама-шарқынша пайдаланады: біреулер оның ішіндегі асылдарын іріктеп алып, оларды өз мақсаттарына лайықты тиісті орындарына қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік, дарындылық болмайды. Осыдан келеді де тіл шұбарлығы, тіл мәдениетсіздігі пайда болады, қоғамдық сипатты тіл жеке адамдардың сөйлеу үдерісінде даралық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешелігі осында. Тілге жақсы, жаман, мәдениетті, мәдениетсіз деген сын жүрмейді. Осы себептен «тіл мәдениеті» деуден гөрі «сөйлеу мәдениеті» деу мазмұнға сай келеді. Бұл айтылғандардан тіл мен сөйлеу арасындағы бірлік пен өзгешелікті кеңірек, тереңірек зерттей түсу қажеттігі байқалады», – дейді [4, 118 б.]. Ғалым атап көрсеткендей, тіл – қоғамдық сипаттағы құбылыс, сөйлеу жеке адамдарға тән даралық сипаттағы құбылыс.

Сөйлеу адам әрекетінің құрамдас бөлігі болғандықтан, адамның физиологиясымен, психологиямен, ойлау үдерісімен байланысады. Нәтижесінде адамдардың танымдық қабілетін, тұлғалық мәдениетін, этностық болмысын, ұлттық психологиясын, өмірлік дағдысын, ішкі толғанысын, көңіл-күйін, жан дүниесін дәйектейтін антропоэекті категория ретінде ерекшеленеді. Сөйлеу тілдің материалдық элементтері, яғни тіл дыбыстары, сөз, сөйлем арқылы орындалады. Оларды айту мен қабылдау үдерісі адамдардың физиологиялық қасиеті, яғни сөйлеу мүшелері мен есту мүшелері негізінде жүзеге асады.

А. Байтұрсынұлы сөйлеудің маңызын былайша бағалайды: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлеу білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [3, 29 б.]. Ғалымның жазумен сөйлесу және ауызбен сөйлесу деген тұжырымынан сөйлеуге тән екі түрлі категорияны көріп отырмыз. Олардың өзіндік ерекшелігі сөйлеудің түрлерін жіктеу арқылы анықтауға болады. Ауызекі сөйлеу, қарапайым сөйлеу, тұрпайы сөйлеу ауызбен сөйлесудің (ауызша сөйлеу) мәнін анықтайды. Ауызша сөйлеудің ерекшелігі мынада: сөзді өңдеуді қажет етпейді; сөйлеу барысында сөзді қалайша құрастырып айту жағын ойластыруға уақыт мүмкіндік бермейді. Сондықтан айтылған сөзді қайта өңдеп, түзете алмаймыз. Тіпті, шаршы топ алдында дәріс, баяндама жасағанда да, яғни монологтық сөйлеу кезінде де сөзімізді өңдеуге болмайды. Ауызша сөйлеу бөгелмей, еркін айтуды талап етеді. Керек сөздер ойға өздігінен келіп, дұрыс және мәнерлі болып айтылуы тиіс. Сондықтан ауызша сөйлеуде сөйлем құрамындағы сөздер негізінен, тура, негізгі мағынада жұмсалады. Құрылымы оңай, жалпыхалыққа ортақ жеңіл сөйлемдер қолданылады. Атап айтқанда, ауызша сөйлеуге тән тіл құралдарына қалыпты сөйлемдер, ықшамдалған сөйлемдер, толымсыз сөйлемдер, сөз сөйлемдер, қаратпа құрылымды, одағай құрылымды, қыстырма құрылымды сөйлемдер жатады. Құрамындағы сөздер бастапқы лексикалық мағынасында жұмсалып, ешбір көріктеу амалы қолданылмаған сөйлем түрін қалыпты сөйлем деп атаймыз. Олар хабарлау, бұйыру, сұрау, өтіну т.б. сияқты әр түрлі мәнде жұмсалуды қабілетті.

Қоркем сөйлеу, ғылыми сөйлеу, ресми сөйлеу жазбаша сөйлеуге жатады. Жазбаша сөйлеу құрылымы жағынан едәуір қиын, айтылатын ойға қатысты керекті сөздерді іздеп, олардың семантикасын, байланысу жолдарын дұрыс аша білуді талап етеді.

Қазіргі таңда да тілдік зерттеулердің аясы экстралингвистикалық фактілермен толығып, адам психологиясы оның сөйлеу әрекетімен байланыса, қарым-қатынас жасау ұстанымдарымен сабақтаса, танымдық әрекетімен тоғыса талдана бастады.

А. Байтұрсынұлы сөз өнерін: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау: көңіл ісі – түйю, талғау» [3, 9 б.] – деп, барлық танымдық әрекеттерге сипаттама береді. Мұнда ғалым «ақыл ісі аңдау» деп адамның қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды бақылап, түйсік арқылы қабылдап, сезініп, санасында бейнелеп, елестетіп, ол заттар мен құбылыстарды ұғу деп түсіндіреді.

А. Байтұрсынұлы зейіннің тілге қатысын «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Қара сөзден адам тек ұғым алады» [3, 132 б.] – деп, ғалым ұғымды сипатына қарай «ес ұғымы» және «іс ұғымы» деп

екіге бөледі. «Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танымыз». «Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз»[3, 132 б.], – деп ұғымның қалыптасуы тікелей зейінге байланысты екенін айтады. «Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады» [3, 133 б.] – дей келіп, зейіннің «бүтін ғаламды тануға» ықпалы зор екендігін көрсетеді. Әрине «бүтін ғаламды тануға» бір зейіннің шоғырлануы аз, адам түйсіктерінің қызметі айналадағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін адамға сезіндіріп, ұғым қалыптастыруына, танымына ендіруге қызмет етеді. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді түйсік деп атайды. Түйсік арқылы заттардың түсін, иісін, дәмін, қатты-жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б.осы секілді қасиеттерді ажыратылады. Түйсіктер заттар мен нәрселердің тек жеке қасиеттерін ғана мида бейнелейді»[4, 183 б.].

А. Байтұрсынұлы тілдің міндетін адам ақылымен байланыстырып, «ақыл ісі – ...нәрселердің жайын ұғу, тану» [3, 9 б.] – деп, тілдің ақыл, дүниені қабылдау мәселесімен тығыз байланыстылығын көрсетеді.

Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан ұрпақ жалғасып келе жатқан тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады. Ғалым «ақыл ісі – аңдау» деп психологияда «қабылдау» деп аталатын танымдық әрекеттің сипатын түсіндіреді. «Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі – тану. Нәрсені танымайынша, оны аңғарып, қабылдау қиын» [4, 205 б.]. Заттар мен құбылыстарды қабылдаған кезде оларды түйсініп, қабылдаумен бірге біз ол заттардың қайдан пайда болғанын, олардың қасиеттерінің қандай екендігін елестетіп, түсінігімізді, ұғымымызды кеңейтіп отырамыз. Сондықтан қабылдауға түйсіктермен қатар, ой элементтері де, ес, елестер мен ұғымдар да еніп отырады.

А. Байтұрсынұлы танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық үдерісін «ойлау» әрекетін – «ақылға салып ойлау» деп көрсетеді. «Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметті бейнелейді»[5, 127 б.]. Демек, ғалым адамның дүниедегі құбылыстарды, жекелеген фактілерді қабылдай отырып, оларды ойша өңдейтіндігін, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып білетіндігін, сонымен қатар осы әрекеттердің барлығы тіл арқылы жүзеге асатындықтан «сөз өнері» деп түсіндіріп отыр. Танымның кеңейіп, тереңдеуі адам сөз арқылы ойлағанда жүзеге асады.

А. Байтұрсынұлы ойдың дамуына тілдің ықпалын: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң ол тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан кейін үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» [3, 22 б.] – деп түсіндіріп, адамның танымды көріп, естіп, жазып, оқып, іс жүзінде қолдану арқылы қалыптасып ойдың дәлдігін, нақтылығын сөйлеуінде көрсететіндігін айтады.

Ғалым қиял әрекетін «қиял ісі – меңзеу» деп, оны қабылданған ақпараттарды ұқсату, суреттеп ойлаумен байланыстырады. А. Байтұрсынұлы «көңіл ісі» деп адамдардың рухани өміріндегі қуаныш, үрейлену, таң қалу, ұят, т.с.с. түрлі уайымдарды қамтитын адамның эмоциясын, ал «түю» деп адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілетін меңзейді. Адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілеті танымдық әрекеттің бірі – ерік. «Ерік деп адамның өзінің психикасы мен қылықтарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды» [3, 164 б.].

Сонымен А. Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [3, 9 б.], – деген тіл мен ойлау, ақпаратты қабылдау және пайымдау жайында көзқарасын білдіреді. Демек, ғалым қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерінің адам санасының тіл болмысымен байланысындағы басты қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Бұдан А. Байтұрсынұлы еңбектерінен тілдік бірліктерді түсіндіруде халықтың түсінігіне жақын етіп, адамның қоршаған ортаны қабылдауда қызмет атқаратын сезім мүшелерін де ескере отырып танымдық тұрғыдан жеткізгендігін көреміз.

А. Байтұрсынұлы тіл біліміне арналған зерттеулерінде тіл болмысын тереңінен зерттеп, адамзат тілінің ойлауы, пайымдауы, сонымен қатар тілдің танымдық әрекеттермен байланысы, адам санасындағы танымдық ерекшеліктердің сөзден, тілден көрініс табу жолдарын жан-жақты талдай келіп, барша адамзат баласының психологиялық құрылысын тілмен сабақтастықта түсіндіріп, өзіндік ғылыми тұжырымдарын ұсынып, тіл біліміндегі жаңа ғылым салаларының дамуына мол үлес қосқан.

Әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
2. Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы: әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық сыр-сипаты. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 230-235 бб.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда, 1926. – 286 б.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы. Мектеп, 1987. – 124 б
5. Жалпы психологияға кіріспе: Оқу құралы/ Жауапты ред. С.М. Жақыпов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 230 бет.

ГТАХР: 17.07.51

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТЕЗАУРУСТЫҚ ҚАБАТЫ

Қасымова Ә.А., PhD, Смағұлова А.Т., ф.ғ.к., Ісбек Б., PhD
Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім университеті

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздері – көркемдік, әлеуметтік гуманистік, дінге көзқарастары терең білінген филолософиялық туынды. Ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік ерекшелігін, дүниетанымын айқындайтын прозалық шығарма.

Қазақ әдебиеттануында М. Әуезов, Қ. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншәлиев, Ғ. Мүсірепов, З. Ахметов, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібай, Ж. Ысмағұлов, А. Машани, М. Мырзахметұлы, Ғ. Есім, Ж. Шойынбет, А. Қалшабек т.б. ғалымдар Абай қарасөздерінің тақырыптық, көркемдік, философиялық, дидактикалық ерекшеліктері туралы зерттеулер жүргізді.

Ғалым Қ. Жұмалиев: «Көркем қарасөз қазақтың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннан басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қарасөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті. Бірақ Абайдың қарасөздерінің өзінше ерекшелігі бар. Оның сөйлем құрылысы да басқашалау болып келеді. Сөздерінің көлемі аз болса да, мағынасы терең. Көпшілігі-ақ сұрау-жауап, не оқушылармен, не өзімен-өзі кеңесу болып құрылады. Бұл – батыс, орыс елдерінің ұлы адамдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, тағы басқа мәселелер туралы өз көзқарастарын айтқанда, олар осы әдісті пайдаланған. Түбі сонау ескі гректердің философтарында жатыр» [1, 89 б.], – деген пікір білдіреді.

Толықтай алғаш рет 1933 жылғы «Абай» жинағында жарық көргеннен кейін қарасөздер ғылыми зерттеу нысанына айналды. Абайтанудың негізін қалаған М. Әуезовке Абай қарасөздері туралы пікірін кеңінен айтуға кеңестік дәуір кедергі болды. Себебі, кеңестік дәуірде ақын қарасөздеріне оң көзқарас болмады. Бұған Р. Сыздықованың: «Абай қарасөздерінің «репутациясы» күдікті бұйым болып келді» деген пікірі дәлел бола алады [2,7 б.].

Абай қарасөздерін зерттеу, насихаттау мақсатында әр алуан бағыттағы зерттеулер бар. Белгілі әдебиеттанушы, абайтанушы Бейсембай Кенжебаев Абай қарасөздерінің теориялық тұрғыдан негізделуінде бірнеше мәнді мәселеге назар аударды. Абайдың қарасөздерінің «Ғақлия» деп аталып жүргеніне, тегінде Абайдың қарасөздерін ғақлия деп қана атау дұрыс емес деп уәж айтады. «Өйткені ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихаттау сөздер. Абайдың қарасөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34 сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал – ғақлия болып келеді. Естуіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек» деген пікір білдіреді [3,192 б.]. Ғалым Абайдың прозасында ғақлия, нақыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылдық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де, публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме кеңестері де бар дейді.

Абай қарасөздерін ғалым Ғарифолла Есім «Сөз жанры» деп атайды: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол сөз жанры. Ақынның қарасөздері нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұны өзін лайықты форма тапқан» [4, 129 б.]. Ал, абайтанушы М. Мырзахметұлы қарасөздердің мазмұндық, тақырыптық аясына тоқтала келіп: «Абай қазақ үшін Ғазалидей биік тұлға. Абай өмір сүрген дәуірде мұсылман әлемі ауыр кезеңдерді бастан кешіріп жатқан еді. Себебі, Абайдың тұсында мұсылман мемлекеттердің ешқайсында тәуелсіздік болған жоқ. Отарлаушы империялардың құрсауында қалған мұсылман елдері дін тұрмақ, ғылымнан, білімнен ажырап қалды. Міне, бүтін

мұсылман әлемін қараңғылықтан алға сүйреп шығару туралы көзқарас тұсында өмір сүрген Абай мұсылмандықты ғылым, білім арқылы дәріптеп, қазақ қоғамына жаңашылдық серпінін алып келді [5,124], – дейді.

Абайтанудың қалыптасқанына ғасырдан астам уақыт өтті, бірақ ақынның рухани мұрасын зерттеу әлі күнге дейін өзекті. Себебі заман, қоғам жаңарды соған сай оқырманның да сұранысы, қабылдауы, пайымдауы өзгерді.

Абай мұрасын оның ішінде қарасөздерін оқып, түсіну, меңгеру бүгінгі оқырманға әсіресе жастарға қиын соғуда.

Аталған мәселені шешудің бірден-бір жолы Абай қарасөздеріне әдеби және тілдік талдау жасау арқылы Абай қарасөздерінің тезаурус сөздігін құрастыру.

Тезаурус дегеніміз кеңейтілген сөздік. Себебі ақынның сөз қазынасы, оның қарасөздерінде қолданған барлық сөздер мен сөз тіркестерін толық қамтитындықтан тезаурус сөздігі деп атауға болады. Ақынның тезаурус сөздігі қарасөздердің мәнін, мағынасын, ондағы ойды толық түсінуге, әрі сол сөздің даму тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді.

Тезауридің негізін қалаушы ағылшын физигі Роджер 1852 жылы оны топтарға бөлу арқылы жүйелеген. Бұл ретте әрбір топ ұғым атауымен ұсынылды, содан кейін оның белгілі бір сөйлем мүшелеріне синонимдер, сабақтас атаулардың тізімдері, сонымен қатар басқа категориялардың атауларына сілтемелер болды. Мұндай жіктеу идеясы өте құнды болды, өйткені сөздік тілдің сөздік қорын толық сипаттайтын ең табиғи деп саналды. Дегенмен, оны маңызды ұғымдарды жылдам іздеу ретінде пайдалануға болады. Алғашқы тезаурус пайда болған кезден бастап және әлі күнге дейін білімнің көптеген салаларында қолданылатын және бүкіл әлемде кең таралған сөздіктің бұл түрін үнемі түрлендіру жүріп жатыр. Осы уақытқа дейін тезаури адамның тиімді қабылдауы үшін қажетті кез келген саладағы білімді сипаттаудың ең танымал тәсілі болып қала берді.

Тезаурус (грек тілінен аударғанда $\theta\eta\sigma\alpha\upsilon\rho\zeta$ – қазына, қор) немесе идеографиялық сөздік (грек тілінен идея - ұғым, бейнелеу, идея және $\gamma\rho\alpha\eta\omicron$ – жазамын, сипаттаймын) – қазіргі тіл білімінде: 1) жалпы немесе арнайы сөздіктің ерекше түрі. лексикалық бірліктердің арасындағы мағыналық қатынасты көрсету; 2) сөзді басқа сөздермен мағыналық байланысы бойынша іздеуге арналған сөздік; 3) сөздіктегі сөздерді жүйелеудің (реттеу) белгілі бір тәсілі; 4) экономикалық тұрғыдан «әлемді модельдеуге» мүмкіндік беретін лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі деген мағына береді.

Бірінші, бастапқы, мағынада – қойма, қазына, тезаурус терминін Л.В. Щерба «Жалпы лексикография тәжірибесі» мақаласында «Сөздіктер – бұл тілде кездесетін барлық сөздердің кем дегенде бір рет болуы және әрбір сөздің астында сол тілдегі мәтіндерден үзінділердің толық болуы. Жоғарыдағы қарсылықтың негізі – тезаурус – кәдімгі (түсіндірме немесе аударма) сөздік – «Тілдік материал» мен «тіл жүйесі» – концептілердің қарама-қарсылығы мен «Тілдік құбылыстардың үш қырлы аспектісі мен тілдің тіл жүйесі туралы» екенін дәлелдеуге тырысады.

Тезаурус терминінің тағы бір мағынасы экономикалық тұрғыдан «әлемді модельдеуге» мүмкіндік беретін лексикалық құрамды ұйымдастырудың мұндай тәсілін жалпыға бірдей мойындаумен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда тезаурус-сөздік «кез келген ғылыми немесе техникалық саланың сөздік құрамының, ал ең жалпы түрінде – жалпы әдеби лексиканың, оның үстіне белгілі бір тілдің бүкіл сөздік құрамының жүйелі реттілігі» болып табылады.

Ю.Н. Қараулов, жалпы тілдік тезаурус оның рубрикаларының, бөлімдерінің, аймақтарының, аймақтарының құрылымы мен өзара байланысында, ойдың вербалды емес байланысының кең мүмкіндіктерін бекітіп, адами құндылықтардың ескерілуін қамтамасыз етеді.

А.Н. Баранов пен Д.О. Добровольский тезаурусқа тілдік бірліктер кәдімгі сөздіктегідей алфавит ретімен берілмейді, мағынасына қарай топтастырылатын сөздіктің ерекше түрі деген сипаттама береді.

Л.П. Қрысин тезаурусты (идеографиялық сөздік) ерекше түрдегі түсіндірме сөздік, «керісінше» сөздік деп атайды.

Негізінен тезауридің екі негізгі түрі бар:

– лингвистикалық тезаурус – мәтіндерді мағыналы талдау нәтижесінде таңдап алынған және қабылданған жіктеу жүйесіне сәйкес жүйеленген табиғи тілдегі сөздердің тізбесін қамтитын сөздік;

– статистикалық тезаурус – белгілі бір тақырып бойынша мәтіндерді статистикалық талдау нәтижесінде таңдап алынған және осы сөздердің бір мәтіндерде бірігіп кездесу жиілігі бойынша сөздік жазбаларына топтастырылған сөздердің тізімін қамтитын ақпараттық-іздеу сөздігі.

Сонымен, тезаурустың (идеографиялық сөздіктің) міндеті – негізгі семантикалық өрістерді, олардың ішкі құрылымы мен сыртқы байланыстарын көрсете отырып, тілдік материалдың белгілі бір бөлімінің семантикалық ұйымдастырылуы туралы түсінік беру. Тезаурус – жеке тілдік бірліктерді және

бірлік топтарын байланыстыратын көптеген қатынас түрлерін көруге мүмкіндік беретін тілдің жүйелік сипатының айқын көрінісі.

Сөздерді мағыналарының ұқсастығына, сабақтастығына, ұқсастығына қарай орналастыру қажеттілігі адамзат ойының болжамды тарихында сезілді.

Дүние туралы концептуалды білімді тезаурус түрінде беру идеясының шығу тегін анықтау үшін тезаурилерді (идеографиялық сөздіктерді) құрастыру тарихына жүгінуге болады.

Олай болса, өркениеттің таңы ашылғанда, адамдар өз ойын жазбаша түрде тек идеограммалар мен белгілердің көмегімен жеткізе алатын болса, мүмкін болатын бірден-бір сөздік, сірә, сөздер тақырыптық топтарға бөлінген.

Жоғарыда көрсетілгендей, тезаурилердің классификациясын құрастыру мәселесі жаңалық емес және бірнеше ондаған жылдар бойы бірқатар отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың (К. Марелло, В.В. Морковкин, Л.П. Ступин, В.В. Дубичинский және т.б.) назарын аударды. Осы бағыттағы зерттеулердің нәтижесі осы лексикографиялық еңбектердің балама классификациясын жасау болды. Соңғы классификациялардың бірі мынадай критерийлерге негізделген:

- 1) сөздік бірліктердің арасындағы мағыналық байланыстардың түрі;
- 2) сөздіктің көлемі;
- 3) сөздік қорды жалпылау;
- 4) лексемалардың мағынасын дамыту;
- 5) лексемалардың грамматикалық-стилистикалық біліктілігі;
- 6) лексемалардың қызметін көрсету;
- 7) ұсынылған тілдердің саны;

8) лексемалардың семантизациясы үшін қолданылатын семиотикалық құралдардың түрі. Аты аталған классификация бұрын жасалған классификациялар негізінде О.М. Карпова мен И. Бұрханов (Бурчанов И. Лексикалық мағыналардың стилистикалық және прагматикалық өзекті аспектілерінің идеографиялық сипаттамасы туралы. Лондон, 1996); жіктеуде қолданылатын терминология лексикографиялық аппаратқа енгізіледі.

Аталған зерттеу АР14869894 «Абай қарасөздерінің тезаурусы» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

1. Жұмалиева Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Кітапта: Абайтану. Таңдамалы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 440 б.
2. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1997. – 210 б.
3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 400 б.
4. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1995. – 183 б.
5. Мырзахметұлы М. Абайтану, 10-том. Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. – 340 б.
6. Кітап тасдиқ. / Транскрипциясын жасаған А. Жолдас, А. Қалшабек, Ә. Исабек. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 105 б.
7. Гуревич И.Б. Тезаурус и Онтология Предметной Области «Анализ Изображений» / Гуревич И.Б., Трусова Ю.О. // Знания – Онтология – Теория (ЗОНТ-09).
8. Кияк Т.Р. Лингвистические аспекты терминоведения: Учебное пособие. – Киев: УМКВО, 1989. – 103 с.

ҒТАХР: 14.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АРҚАУЫ

Малгаждарова Ж. З., Каптагаева Ш. Б., қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімдері

Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің

«Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ algazhdarova_zhanat@mail.ru,
erke_97_19@mail.ru

Қазақ ұлттық ғылымындағы ағартушылардың ірі өкілі Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті лингвист-ғалым, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының, ұлттық әліпби мен емле реформаторы, қазақ филологиясының тұңғыш профессорларының бірі, ұлт зиялыларын тәрбиелеген ағартушы ғалым.

«Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деп бар ғұмырын ұлтының мұратына сарп еткен мемлекет қайраткері, қазақ ғылымының бірнеше саласының негізін қалаған ғалым – Ахмет Байтұрсынұлының ой-тұжырымдары мен пікір-байламдары өз заманынан бастап бүгінгі күнге дейін аса құнды.

«А. Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух деген – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызындап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырған – Ахмет Байтұрсынұлы» [4], – деп академик Р.Сыздықова айтқандай, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы.

Ғалымның ұшан-теңіз еңбегі ұлт жүрегінен орын тапқандықтан, туған халқы «Ұлт ұстазы», «Ұлттың рухани көсемі» деп ардақтап ат берді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралдарының» ерекшелігі сол – қазақ тіл біліміндегі терминдерді жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы А.Байтұрсынұлыныкі. Сонымен бірге, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау деп негізгі сөздерді тоғыз сөз табына топтаса, сөздердің қолданысына байланысты негізгі сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер үлкен үш топқа бөлген де – Ахаң. Олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы – аталған сөздердің соны, сәтті шыққандығының белгісі.

А. Байтұрсынұлының тағы бір төл туындысы – әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол 1934 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде, 1926 жылы Баку қаласында өткен құрылтайда араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпбиі ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қиыснның нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдаланбағандық» [2], – деп жазды.

Сол себепті де А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы еңбегі зор деп айтамыз. Ең алдымен, жоғарыда атап көрсеткендей, А.Байтұрсынұлы – жаңадан жазу ойлап тапқан жан. Қазақ тілінің төл дыбыстарын дәл көрсететін әрі оқуға жеңіл әліпбиі құратырды. Орыс және татар ғалымдары «Байтұрсынұлы жазуы», «ұлттық жазу», «тәртіпті жазу» десе, Ахмет Байтұрсынұлының өзі «Қазақ жазуы» дейді. Ал, қарапайым халық оны «төте жазу» деп атап кеткен. Ғалым бұл жазуды түзуге 1910 жылы кірісіп, небары 2 жылда дайындап шықты. 1912 жылы халыққа таныстырды. Ғасырлар бойы өзгертілмеген араб графикасына қазақ ғалымы алғаш рет өзгерту жасады. Қазақ ұғымына икемделген, барынша қарапайым да түсінікті Байтұрсынұлы жазуын жұртшылық, әсіресе, мұғалімдер қауымы қуанышпен қабылдаған. Бұл жазу 1912 жылдан 1929 жылға дейін қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданылып келді. «Қазақ» газеті де осы әліпбиімен шыққан. 16 жылдай қолданыста болды. 1924 жылы бұл жазу ресми түрде бекітілді. Бірақ 1929 жылы кеңес идеологиясының күшеюінен елге латын қарпі енгізілген. XX ғасыр басында Ресей академигі Я. Яковлев «Байтұрсынұлы жазуы әліпбиі құрылымының математикалық жүйесі» деп баға берген. Академик Р. Сыздықова «Бүгінгі бүкіл қазақ ғылымының көген басы ретінде әуелі тіл білімі мен әдебиеттану бой көрсетті» [6], – деп дәл айтқан.

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы 4 ақпанында шыққан 2-санында: «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», – деген пікір осыған дәлел боларлық. Төте жазуды қазір Қытай, Иран, Ауғанстан және Түркия қазақтары қолданады. «Шалқар» газеті әлі күнге төте жазумен шығарылуда.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы, ақын, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, болашаққа деген арманы – туған халқы үшін қызмет етуге арналған. Арнала бермек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208бет.
2. Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел шежіре», 2013, Т.ҮІ. – 384 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелері, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: «Жалын», 1991.
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1991.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
6. Рәбиға Сыздықова. А.Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. – «Алаш-Орда» газеті, 19 наурыз, 2017.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

*Идрисов А.Н., мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
филология ғылымдарының магистрі*

Қазақстан Республикасы, Абай облысы. Семей қ. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ»
КММ madat1975@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда үкіметінің мүшесі.

«Алаш зиялыларының қай-қайсысы болсын, ұлтқа барын салып қызмет етуді басты мұрат еткен. Мұны олардың, ең алдымен, білім мазмұнын жетілдіруден бастағаны белгілі. «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі», – деп жазған. Ахметтің ұлылығы ұлт ұстазы дәрежесіне келтірілген еңбегінде, Ақаң ұлы ұстаз теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді жан-жақты зерделеді. Оған дәлел ретінде Ахмет Байтұрсынұлының мына пікірін келтірейік: «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін, өнер-білім, сол өнер-білімді үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік» – деп армандайды. Осы мәселені Р.Сыздықова былай жалғастырады: «Ахмет Байтұрсынұлы үстіміздегі ғасырдың алдыңғы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын іргелі жұрт қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстаған бір қаруы – ағартушылық идеясы болды».

Оқу ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам – қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы – тәуелділік күн кешіп отырған, білім ғылымнан кенже қалаған, мал бағып, марға жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көңілі ұйқылы», «еспесі жоқ қайығы қалтылдақ», болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Сол жұртқа «Оян қазақ!» деп, Міржақып Дулатов жар салса, «ұйықтап жатқан қазақты сары маса боп ызындап оятуға» Ахмет Байтұрсынұлы шықты. Демек, қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, адамзаттық мәдениетке жеткізетін, жалпақ тілмен айтқанда, ел қатарына қосатын амал – әрекеттің бастысы – «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашып надандықтан арылту болды. Ахаңның тілімен айтқанда «Өрге басқан өзге жұртың қатарынан қалыспау үшін» оқу ағартуға құр шақырып қою, ұлттық намысына тию де енді жеткіліксіз болды. Енді оқу – ағартуды жүзеге асыратын нақты іс – әрекеттерге көшу саясаты басталды. Ахмет Байтұрсынұлы надандықтан құтылудың жолы – оқу-ағарту ісі деп қарады. Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды, педагог кадрларды қайта даярлау мәселелерін көтерді. «Оқыту жайында» атты мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреу бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді...». Оқу – ағарту ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілікпен жасалған оқу бағдарламалары болуы керек. Сол бағдарламаға негізделген оқулықтар болуы керек. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек деген мәселелерді көтерген. Осылардың бәрін жүзеге асыратын басты орын қазақ мектептері керек екендігін айтқан. Сол мектепте ана тілінде оқыту үшін алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни алфавитін жасау қажеттігі туды. Ол таңбаларды қай жазудан алса да қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп өзіне тән ұлттық графика етіп ұсыну мақсаты тұрды. Міне, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеп, танып білуге қатысы осы тұстан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оқу әдістемелік құралдар. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйенің барлық элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті [1].

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», – деп Әбіш Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. «Жаңа жазу, Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш

грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминалогия мен әдістеме, Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар». Ұлттық тіл біліміне темір қазық болар мәңгілік үлестер.

Ахаң тұлғасын өзгелерден биіктетте түсетін келесі бір азаматтық жүк – ағартушылық. «Жүректегі жарасы он үшінде ойын оятқан» Ахмет Байтұрсынұлының алға қойған ұлан мақсаты – ұлт санасын ояту, халықты өнер-ғылымға үндеп, өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеген ағартушылық, отаршылдыққа қарсы ымырасыз күрес. Осынау ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жеткізуге болмайтындығы бесенеден белгілі. Ал оқып, білім алу үшін халықтың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Оларды жолға қою Ахмет Байтұрсынұлын бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналасуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызған. Өйткені, тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім- ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді. Ахмет Байтұрсынұлының атқарған ұшан-теңіз рухият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. А. Байтұрсынұлы әу бастағы алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген – жоғарыда айтып өткен оқу-ағарту ісін жолға қою, оқу-білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мақсаты. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші-ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгерген. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ол ә дегенде-ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды [2].

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды» дүниеге келтірді. Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы – қазақ баспасөзін қалыптастыру. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. А. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың тұңғыш бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті – алғашқы шынайы жалпыхалықтық саяси-қоғамдық газет болды. Өз кезінде газет бүкіл қазақ қоғамына қатысты мәселелерге ой жіберіп, өзіндік көзқарасын, бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды [3].

«Ахмет Байтұрсынұлын кім десек» Біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген шын мәніндегі алғашқы ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұлы ұстазы. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана филолог-ғалым. Төртіншіден, тәлімі терең тәржімашы. Бесіншіден, өлең сөзге ой ұйытқан, ойшыл ақын. Алтыншыдан, тұңғыш бейресми «Қазақ» атты газет шығарып, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы. Жетіншіден, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай күрескен қайраткер, кемеңгер көсем. Міне, осынау қасиетті жеті бірліктен тұратын Ахмет болмысы бір кездегі М. Әуезов айтқан «рухани көсемдіктің», яғни, ұлтқа рухани көсемдігінің терең тамырлы, діңінің беріктігінің дәлеліндей,

«Қазақтың» тұңғыш санын шығарғанда, осы газеттің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: “... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз” деп маңызды мәселелерді көтерген ғалымның өнегелік ісі әрқашан да ұлттық мәдениетті сақтап қалу үшін әдеби тілді өркендету үлесіне құрметпен қарау біздің парызымыз болмақ [4].

Ахмет Байтұрсынұлының есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршеңдігімен халқын ғасырдан ғасырға жаңылдырмай жетелер ұлы рухқа айналары сөзсіз.

Ахметтің басты арманы – «адамдық диханшысы» болып халқына қызмет ету. Ол бұл арманын орындады. Туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етті. Халқының, елінің қалаулы сәулелі жұлдызына айналды. Ұлт ұстазының ұлағатты ісі – бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» еңбектенген ұлы қайраткердің мол мұрасын өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында «А. Байтұрсынұлы атындағы №47 мектепте конференц-зал типіндегі «Ахметтану» кабинеті ашылды. Кабинетті жабдықтау, құжаттарды жинастыру, музейлермен байланыс жасау жұмыстарына біз бір жылдай уақытты арнадық. Аталған

құжаттар Семей қаласындағы Абай музейі, Алаш музейі және Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемориалдық музейі мен Қостанай қаласындағы ақынның музей мұрағаттарынан алынған.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р. Ахмет БАйтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының негізін қалаушы // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 б.
2. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. – «Алаштың Ахметі»: РҒТК материалдары, Қарағанды, 2013 – 382 б.
3. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция // Егемен Қазақстан. – 1997. – 3-5 б.
4. Күзембаева В.Қ. Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы арналады). – Алматы, 2001. – 262 б.

МРНТИ: 14.09.91

PEDAGOGICAL HERITAGE OF A. BAITURSYNOV AS A CONDITION FOR IMPROVING TEACHER SKILLS IN THE SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF STUDENTS

Лапина И.В., ст.преподаватель, ira.lapinashults.85@mail.ru

Шалина А.Г., магистр, ст.преподватель

Республика Казахстан, г. Караганда, Карагандинский Университет Казпотребсоюза, shalina101295@mail.ru

Activities of an outstanding Kazakh poet and publicist of the early twentieth century, Akhmet Baitursynov, and his transformative role in the development of literature, as well as national press and the history of the liberation movement made a positive impact on the spiritual and moral development of the society. A. Baitursynov, as a creative person, has completely devoted himself to serving the people and their struggle for independence. In the process of analyzing the poet's work, it was shown that his bright poetry and social activities, as in a mirror, reflected the history of his native people. The poet actualizes urgent issues of culture, literature, and education in front of the public consciousness.

The key values and goals of education of the Republic of Kazakhstan are aimed at improving the level of education of graduates, the formation of skills necessary for the implementation of innovations and leadership, the development of national identity through the content of school education, taking into account the pedagogical heritage of scientists and innovative teachers.

One of the urgent problems of our society is the formation of a competitive personality, ready not only to live in changing socio-economic conditions, but also to influence the existing reality and be able to change it.

The development of innovative pedagogical ideas in Kazakhstan is associated with the name of Akhmet Baitursynov, who raised and considered the problems of primary schools, the pedagogical press, the higher education system, improving the content, methods and forms of education, spiritual education of the younger generation. These problems are relevant, since the education system of Kazakhstan today is focused on the global educational space.

A fighter and a humanist, he called for the creation of a free school, worthy of educating a real citizen of his fatherland. In the article "Learning in Kazakh", A. Baitursynov, who dreamed of seeing his people educated, writes: "No matter how rich the people, who do not seek to be educated, after a while their wealth will pass into the hands of more civilized peoples" [1].

And at the same time, realizing that everything is changed, that integration processes are coming in various spheres of the socio-political, socio-cultural, economic life of the country, he called for joining the cultural values of European peoples, taking an example from them, investing money in education, science, publishing books.

"The people who have absorbed the basics of science and practical knowledge will be smart, rich and strong," A. Baitursynov wrote at the beginning of the 20th century and I suppose today this is more evident than ever.

Understanding the deep meaning of this statement leads the entire system of secondary and higher education around the world to such questions as:

- What do you need to study to be successful in the 21st century?
- What should be the content of education in order to become competitive in the global market?
- And, therefore, what professional and spiritual and moral qualities should a teacher possess in order to meet the previous questions?

The entire educational system of our country is working on updating the content of education, which includes a revision of the secondary education model, its structure, content, methods and approaches of teaching and upbringing. A. Baitursynov, talking about the essence and specifics of the teaching profession, wrote that "the most important thing for a school is professional pedagogy, methodological techniques, and a teacher who knows how to teach." [3] These words of the great educator of the Kazakh people acquire special significance today, when schools have to improve the pedagogical skills of teachers.

The role of a qualified teacher was given a great attention by A. Baitursynov, who noted that the success of work at school depends on the teacher's pedagogical skills, therefore, during the teacher's professional training in educational institutions, special attention should be paid to the teacher's assimilation of pedagogical techniques, the ability to conduct the process of teaching schoolchildren on a scientific basis. All the pedagogical activity of A. Baitursynov was aimed at improving the educational process at school and training a qualified teacher who can competently organize the pedagogical process. In the work "On teaching in Kazakh", he defines the basic requirements for a teacher who, first of all, must own a private methodology, know the psychological characteristics of students and the theoretical foundations of the learning process. The idea is methodological and psychological-pedagogical training of teachers, because "People involved in teaching children should know the issues of methodology well" [4].

Secondly, they should know the nature well and feel the mood of students. To do this, it is necessary to know everything about the physical and mental development of children almost from their birth" [1]. The high requirements for the teaching profession, made by A. Baitursynov, are very important today. The issue of training a teacher who is highly intelligent, qualified, competitive, ready for any challenges of the modern world, possessing deep theoretical and practical knowledge of teaching and educating is significant today. A. Baitursynov devoted a lot of effort, knowledge and energy to improving the qualifications of teachers. He often raised questions about the cultural growth of teachers, the need to improve teaching methods and the upbringing of a harmonious, comprehensively developed personality [2].

A great place is given in his works to the spiritual development of people, he explains its necessity and importance for the younger generation as the future of the nation. Baitursynov highly promotes such qualities as morality, honesty and nobility. A. Baitursynov loved his people and believed in their extraordinary natural abilities, dreamed of seeing his country among the civilized states in the world. The plans and hopes of the Great Teacher of the Kazakh Steppe are being implemented in independent Kazakhstan.

Behind the general biographical data, there is someone who can be called a "Great teacher of the nation." What could he teach the people? How did he attract contemporaries and still arouses interest among the entire Kazakh people? The answer to these questions is simple and complex at the same time.

To be called a Great teacher, you need to create something that will be really unusual, outstanding, extraordinary. A. Baitursynov became such a teacher who predicted the education system of the future, and at the same time made a huge discovery for education at the beginning of the XX century. His ideas can be summarized briefly to the fact that pedagogy is a science that requires constant activity. The teacher should not stand still in one place, he, being a guiding star for his students, is continuously improving. The teacher, like any of his students, must constantly study himself, improving his skills, professionalism, creativity.

The teacher is obliged to deal not only with the actual training, but also, even first of all, with methodological work. And A. Baitursynov himself was an example: he, seeing that the culture of Kazakhstan was under threat from the new political system, without giving in to thoughts, joined the struggle for its protection. That is why he started to create the Kazakh alphabet, and without stopping there, he worked on grammar, was engaged in literary studies, created scientific works ("Handbook of the native language", "New Spelling", "Linguistics"). He did a lot to create literary and linguistic terminology.

For what? In order to preserve the culture of the nation in this way, not to let it dissolve into something alien, imposed by politics and historical changes. A. Baitursynov believed that it is possible to preserve the native culture only by preserving the native language. But its preservation is impossible, firstly, without an accurate scientific description, and secondly, without teaching at school. The activity of a teacher is not only work at school. It is much broader, because any teacher should be a methodologist, because from the knowledge of the subject, on the one hand, and understanding the essence of pedagogical technologies, on the other, the learning process develops. If at least one component disappears, then it stops. It is not for nothing that two out of three volumes of Baitursynov's complete works are occupied by methodological and teaching aids.

It is impossible to teach children without taking into account the role of culture. And Akhmet Baitursynov has repeatedly said this. Engaged in journalistic activities, he promotes the importance of education: "... the government, management, people are corrected only by education".

Why? Because only an educated person can understand how important national identity, achievements of science and culture are in the life of every person. With these ideas, he predicted the modern interest in ethnopedagogy, according to the provisions of which all education is based on national identification, the huge role of culture, the development of moral values (honesty, diligence, compassion, justice). Creating articles and textbooks, A. Baitursynov showed by his example that a person cannot be indifferent to what is happening in his native state.

Today we see the importance attached to the system of professional development of teachers. And these ideas are not new either. In his writings, A. Baitursynov repeatedly stressed that the school needs highly qualified specialists who not only know their subject perfectly and have pedagogical skills, but also strive to learn new things. This is very important, because only such teachers will be able to teach a new generation and raise children who are drawn to knowledge, and not accept it as something necessary, but boring and useless. At the same time, special emphasis was placed on the idea that it is important to preserve traditional and at the same time develop modern forms of education. This will make it possible to form a comprehensively developed personality who has not only subject knowledge, but also a broad cultural and historical outlook. As we see today, this has become a kind of prediction of the main trends in modern education.

And here comes the first quarter of the XXI century. What changes are taking place in education? Much attention is paid to the system-activity approach, individualization of training. Teachers should regularly improve their qualifications. Various methodological developments are highly appreciated. Cultural development and the preservation of national identity play an important role in education. Listing these innovations, we understand that almost the same thing was said by Akhmet Baitursynov almost a century ago. This means that the ideas expressed by him are brilliant, and he himself deserves the honor of being called "The Great Teacher of the people."

To conclude I want to emphasize that the young generation, brought up in the spirit of A. Baitursynov's ideas, imbued with the idea of spirituality and morality, self-respect and self-realization, relying on the methodology, his teachings in the field of the Kazakh language, literature, psychology and art, will certainly be the generation of progressive youth who will have to implement global changes in the country's education system in the modern world.

References

1. Байтұрсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
3. Байтұрсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – С. 18
4. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

ҒТАХР: 17.01.09

АБАЙ МҰРАСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Курманғалиева Г.Т., докторант

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
guka.185@mail.ru

Абайтануды алғаш негіздеп, зерттеу еңбектері арқылы қалыптастырушылар – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздерінің басты мақсаты елі үшін, оның болашағы үшін Абайды білу мен танытуда деп білді. Абайдың ұлылық қасиеттері мен ұрпаққа қалдырған мұрасын, кеменгерлік тұлғасын халқына танытуды мақсат тұтты.

Қазақ зиялыларының ішінде Абайдың әдеби әлемі туралы тұшымды пікір білдірген ұлт зиялыларының бірі де бірегейі – А. Байтұрсынұлы. Ол төл әдебиетіміздің озық үлгілерін насихаттауда ерекше қызмет атқарды. Көркем ойдың шебері Абай шығармаларына да айырықша назар аударуы осыны дәлелдейді. Ол 1913 жылы «Қазақ» газетінің № 39-41 сандарына «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақала жариялаған болатын. Мақаласының басын «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ

баласында біз білетін ақын болған жоқ», деп бастайды. Расында да солай еді. Тіпті бұл мақаланың өзі қазақтың бас ақыны туралы жазылған алғашқы мақала еді.

Аталмыш мақалада Абай сияқты кемел тұлғаны кеңінен насихаттап, оның мұрасына айрықша назар аударып, терең талдау жасап, бағасын береді. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ғұлама Абай арқылы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі жайлы сөз қозғап, өлең туралы алғашқы мақала еді. Мұнда қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы туралы алғаш тереңнен тартып ой айтылған. Абай өлеңінің асыл қасиетін терең түсінген, өлең өнерінің озығы екеніне көз жеткізген А.Байтұрсынұлы: «Одан асқан бұрынғы-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген тың да түйінді тұжырым жасайды» [1, 3 б.].

А. Байтұрсынұлының ұйтқы болуымен ашылған аталмыш газет бетінде жарияланған өлеңдерден Абай дәстүрін көргісі, Абай туғызған әдеби мектептің үлгісін танығысы келген, оларды сол дәрежеде көруді мақсат тұтқаны анық сезіледі.

А. Байтұрсынұлы мақаласында бүгінгі зерттеушілеріміз зерделеп жүрген көптеген өзекті мәселелерді негіз еткен. Ол Абай мұрасының ерекшелігін, көркемдігін айта келіп, оны ақын шығармашылығының шеберлік қыры ретінде көрсете алған. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас», – деген сөздері дәлел бола алады.

Ахмет өзі жоғары бағалаған Абайдың ақындық мұрасын даралап «Қазақтың бас ақыны» деп дәріптейді. Дәл осы «Қазақтың бас ақыны» атты ұғым Абайға алғаш берілген сыни баға ретінде қазақ әдебиеті тарихына сіңісіп кетті. Бұл Абайтанудың алғашқы баспалдағы болды.

Оның «Қазақ» газеті арқылы насихаттаған екінші бір елеулі, құнды еңбегі сол кездегі әдеби ортада Абай мектебін, дәстүрін қалыптастыруға ұмтылды. Сонымен бірге Ахмет айналасындағы алаш зиялылары да өздерінің шығармалары арқылы Абай дәстүрін жалғастыруға еңбектене түсті.

Абай туралы былай деп жазады: «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді таңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген» [2, 57 б.]. Бұл жерде Абай заманындағы ақындардың деңгейі мен тыңдаушының деңгейін сыншылық көзқараста өткір талдай білген зерттеушілігі байқалады.

Ахмет аталмыш мақаласында Абай өлеңдерін тілі қиын екендігін айта келіп: «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік» [2, 62 б.] - деген ой айтады. Бұл жерде Абай сөзін ұғынудың қиындығы дегенде Абай өлеңдерінің кез келген адам бірден бойлап кете алмайтын философиясының тұңғығын тұспалдап отыр. Одан әрі осының бір мысалы ретінде Абайдың «Көжекбайға», – деп басталатын өлеңін алайық:

«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,

Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.

Ойшылдың мен де санды бірімін деп

Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп» [3, 46 б.], – деген жолдарда ауыр ой жатыр, оқырманы бірден беттеп келе алмайтын Абай философиясының Ахмет атаған қиындығы да осында.

Дәл осы «Абай поэзиясының қиындығы ұғымы» әлі күнге құндылығын жойған жоқ. Қазіргі орта мектеп қабырғасында да Абай мұрасын оқытуда ақын философиясының тым тереңдігінен оқушылардың меңгеру қиындығына байланысты бейімдеу арқылы оқыту ісі жүйелі жолға қойылған. Бұл жоғарыда Ахмет нақтылап көрсеткен Абай сөзінің қиындығы мәселесінің әлі күнге дейін өзектілігін жоймай келе жатқандығының дәлелі.

Сөз өнерінің білгірі ретінде ғалым: «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абай сөзінде ғана емес, өзінде де болған» [2, 63 б.], – дейді. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы Абайдың ортасына көз жіберіп, оны қалыптастырушы адамдық болмысы туралы ой айтады.

«Қазақ» газеті Абайды қазақ даласына, халқына таныстыруда, оның шығармаларын жариялауда ақынның өнегелі сөздері мен қазақ оқырмандары арасында алтын көпір бола білді. Осы басылым арқылы Абай мұрасы халқына танылып, оның рухани қажетіне жарады.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, дәмді, орынды болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды, болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» деген Ахметтің дәлелді пікірінен Абай шеберлігінің сыры алғаш көрініс береді. Бұл пікірді өрбітер болсақ, Ахмет атаған «ой шеберлігі» Абайдың «ақылдың ақыны» екендігін байқатады.

С. Мұқанов айтқандай: «Абай ойдың ақыны, Абай философ ақын». Абайдың философ ақын ретіндегі келбеті Ахмет танытқан «ой шеберлігі» ұғымынан айқындалады. Абай шеберлігінің үш қырын зерделеген Ахмет оның ұлылығының құпиясы асқақ философиялық толғаныс, пайымдарында екендігін дәлелдейді.

Ахмет айтқан Абайдың «сыншылдық қыры» – ақынның данышпандығының екінші сыры. Абайдың өз қоғамына, дәуіріне, тіпті тұтас ұлттық дүниетанымға деген сыншылдық көзқарасы әрбір туындысынан дерлік аңғарылып тұрады. Ал Абайдың әдеби сыншылдық рөлі аса жоғары болғандықтан «Абай хакім, данышпан, адамзаттың Абайы» атанып отыр. Сөзімізді нақтылайтын болсақ, Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде «өлең және ақын» ұғымдарына поэтикалық әрі сыншылдық тұрғыда талдау жасап, биік баға береді. Ахмет басымдылық есебінде көрсеткен жазушы адамның сыншыл болуы Абай қаламына қонған айрықша қасиет.

Ахмет зерттеуіндегі Абай шеберлігінің үшінші қыры «білім». Ұшан-теңіз білімі Абайды әлем таныған шеберлік дәрежесіне көтергендігі даусыз.

«Бөтен сөзбен бұлғанса сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бейшарасы» деп Абай да өз өлеңінде білімсіз ақынның әдеби шеберлігі кем болатынын жырлаған.

Абайтану ғалымдардың жіліктеп алып талдауына татымды өзекті мәселе болма «Абай – қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол – керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» – деп, З. Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық», – деген тұжырым жасайды.

Ахмет мақаласында Абайдың ақындық келбеті, философиялық болмысы көрінеді. Ол Абай поэзиясының ерекшеліктерін, өлеңдеріндегі көркемдік құндылық арқылы ашып көрсете алды. Сондықтан да бұл мақала қазақ әдебиетінде Абайды танудағы тұңғыш ірі қадам болды. Өйткені бұл мақала Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын таразылады, ақын шығармашылығына эстетикалық талдау жасады. Бұл өз кезегінде қазақ әдебиеттану ілімінің қалыптасуына ерекше ықпал етті.

А. Байтұрсынұлына дейінгі кезеңдерде де басылым бетінде, кейбір жинақтарда Абай туралы пікірлер жарияланып тұрды. Алайда, Абай мұрасының жан-жақты зерттелуі мен толыққанды зерделенуінің алғышарты болды. Сонысымен де бұл мақаланың құндылығы жоғары деңгейде.

Бүгінде абайтану ғылымы дербес ілім ретінде дамып, негізі қаланды десек те Ахметтің зерттеу мақаласындағы қадау-қадау мәселелер әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Абайтану ғылымында тың белестерге көтерілдік десек, бұл осы ғылымның бастауында тұрған Ахметтей ұлылар еңбегінің жемісі. Ахметтің ұлылығының дәлелі – бір зерттеу мақаласының аясында Абайдың қалам шеберлігін, философиялық болмыс-бітімін, Абай мен оқырманның арақатынасын мейлінше түбірімен ашып, талдай білгендігінде. Осы айғақты пікірлерді қорытындылай келе Ахметтің зерттеу мақаласы абайтанушылар үшін қанша жіліктесе де таусылмайтын сүбелі зерттеу туындысы болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Әбдиманұлы Ө. Алаш және Абай [Мәтін] // Абай журналы, 2015, 22 маусым.
2. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
3. Абай. Қара көңілім оянсын. – Нұр-сұлтан: Фолиант, 2020. – 320 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫ» – ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАСЫ

Ерболат Ә.Е., тарих пәнінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Семей» Медициналық колледжі, erbolat.asem@mail.ru

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазір ғылымның жеке бір саласы. Ғылымның осы саласында көп басында Ахмет Байтұрсынов туған. Басқаша айтсақ, қазақ тілін қалай оқыту туралы ғылымда тұңғыш рет сөз қозғаған, ол туралы алғаш ғылыми еңбек жазған, мақалалар жазған ғалым да – Ахмет Байтұрсынов. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы, негізін салушы деп айтуға толық болады.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде Қазан революциясына дейін де, аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Бүгінде қайта жаңғырған Алаш зиялыларының еңбектері қазақы таным мен әлемдік мәдениетке сүбелі үлес қосуда. Алаш зиялыларының қай-қайсысы болсын, ұлтқа барын салып қызмет етуді басты мұрат еткен. Мұны олардың, ең алдымен, білім мазмұнын жетілдіруден бастағаны белгілі. «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі», – деп жазады. Иә, сөзді тану, әсіресе, әдебиетті тану – ғаламның өзегіндегі аса нәзік үйлесімділік пен әсемдікті танудан бастау алып, тіршіліктің қарапайым заңдылықтарын ұғынуға дейін жалғасады. Мұны жаратылыстың өзіндік қарапайым тілімен сөйлете білу де өнер. Сондықтан, кез келген көркем дүниенің туу, жазылу, өмір сүру тарихы, ең бастысы, оның өнер ретіндегі құндылығы – аса ауқымды мәселе.

Сәбит Мұқанов айтқандай, Ахмет Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сынды орындарда оның еңбегі зор. Қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес дегендей Ахмет Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

Ол - ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші. Әрі сол зерттеулерінің негізінде "әліппе" мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің сан саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, "Әліпби", "Тіл құрал" атты кітаптары қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазуы 1926 жылы Бақуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I Съезіне қатысып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

Белгілі түрколог академик А.Н. Кононовтың Ахмет Байтұрсыновты көрнекті түркологтардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын жасау, фонетика мен грамматика саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазуы да тектен тек емес.

Ахмет Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан "Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ былай деп жазды: "Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственный дума, һәм Государственный Совет жұмыстары турасында жете хабар беру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал-шаруасы жайынан

кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу" ("Қазақ" №1, 1913, қаңтар).

Ахмет Байтұрсынов "Қазақ" газетінің 1914 жылғы 62 санында "Мектеп керектері" деген мақаласында ең әуелі мектепке керекті – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сыйлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керекті бегіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі немесе мерзімді өлшеуі балаларға керек. Үлгісіз немесе өлшеусіз істелген іс-солпы болмаса артық, болмаса кем шықпақшы – деп оқытудың дидактикалық принциптерін, тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп берді.

Сонымен қатар ғалым ширек ғасырдай тер төккен осы еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын ұлт мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көз-қарасты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, латын алфавитіне көшуге қарсы пікірде болды. Бұл мәселе Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші Түркологиялық съезі өткізіліп, оның күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографиялық негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, осы халықтардың тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту әдістемесі тағы басқа көптеген көкейкесті мәселелері қойылды.

Ахмет Байтұрсынов араб әрпін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты дәлелдеп берді. Оның пікірінше, араб алфавиті тез оқуға, жылдам жазуға қолайлы, ал жастарды сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік туғызады, баспахана техникасы мен өнімнің құны жағынан алғанда араб әрпін қолдану өзінің сыйымдылығымен әлдеқайда арзанға түседі. Үшіншіден араб әліппесінің әріп құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажетін толық қанағаттандырады. Төртіншіден, бүкіл Азия елдерінің мәдени мұрасы осы алфавит негізінде жазылғаны айтылды. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы жылы лебізбен қабылдады. Себебі, Байтұрсынов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынылған жаңа жазуы іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтер бойынша 1915 жылдың бір өзінде ғана бұл «Жаңа емле» 15-тей кітап болып шыққан. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов ұсынған «Жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастағаны белгілі.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған. Бірден айту керек, «Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының орны ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ғасырлар тоғысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту шаралары жедел жүзеге асырылған кезең.

А. Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А. Байтұрсынұлы болды» дейді. Оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі-ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге-деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады.

Академик З. Қабдолов 1988-шіжылы ғалым есімі, ақталғаннан кейін, А. Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты.

Академик Р. Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеу-еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі, аңғарса керек, А. Байтұрсынов былай дейді: «ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс.

Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі – азаптаныс жоқ. Сондықтан сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстің табу

міндеті тұр, тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А. Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше, «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған ғой. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әліде көп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды.

Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл зерттеу еңбектің келешекте арнайы кешенді түрде зерттейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл күні әдбн халықаралық терминдерге бой алдырған әдебиеттану ғылымының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді.

Академик Р. Нұрғалиұлы: „Әдебиет танытқыш“ әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт-денгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғанық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А. Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» дейді.

Әдебиетші-ғалым Т. Кәкішұлы «Әр дарынның тарихта өз орны бар» атты мақаласындағы А. Байтұрсынұлының сол жылдары егемендікке ұмтылудың, азаттық алудың бірден-біржолы оқу мен білім алып, ой-сананы дамытуда екендігін жете ұғынып, оны белгілі дәрежеде «ағымға айналдыруға мұрындық» болғандығына баса көңіл бөледі. Қазақ елінің болашағы үшін қаламымен күрескен қайраткердің қоғамдық белсенді қызметі мен публицистикалық еңбектері, ғылыми зерттеулеріндегі пікірлері ғалымның осындай қорытындыға келуіне негіз болды.

«Әдебиет танытқыш» туралы, ондағы атаулар мен терминдердің қазақ әдебиетінің барлық ұғым-түсінігіне сай келетінін айтып, зерттеуші: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін-де, бұдан кейінде қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы, ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» деген қорытындыға келеді.

Әдебиеттанушы Т. Кәкішұлы ғалымды қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған зерттеуші ретінде бағалайды. Ол қаламгер еңбектерінен нақты мысалдар келтіре отырып, тарихи деректер негізінде пайымдаулар жасайды. 2000-шы жылы қаламгердің бұрын-соңды ғылыми ортаға таныс емес «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласын жариялады.

Зерттеуші бұл мақаланы көпшілікке таныстырып отырғандағы мақсатын: «...мұндай мұраларды жариялау бізге керек.

Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертеңнің кірпіші қаланбайды. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз-де, міне, осы» дейді. Әрі осы мақаланың астарынан бәле іздеген өз қандастарымыз, Ахметті партиядан шығарып тынғанынан мағлұмат береді. Деседе бұл тарихи маңызы зор мақала «Аханның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, «ұлтшылдықтың манифесі» деген баға береді әдебиеттанушы ғалым Т. Кәкішұлы.

Орыс ғалымы А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» жеке дара алып қарастырмаса да, анықтамалығында «әдебиет теориясын» жазғанын айтты. Жалпы, «көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» деп тұжырым жасаған.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған. 2007 жылы – Ұ. Еркінбаев «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» XX ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде», 2010 жылы – А. Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар мен соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды.

Әдебиет әлеміндегі афсаналары ұлт басылымы «Қазақтың» тұңғыш санын шығарғанда, осы газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлы былай деген екен: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел

болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демо-кратиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие, оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Ахмет Байтұрсынов өмірінің соңғы сәтіне дейін, өзі түлеткен, өзі реформа жасап жетілдірген қазақтың жанарған жазу үлгісін ғылыми негізде дәлелдеп, шырылдап қорғап өтті.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: Ана тілі, 1992.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. (Өлеңдер мен тәржімалар). – А.: Жалын, 1991.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – А.: Санат, 1995.
4. "Ақ жол бағдарламасынан", "Ахаң туралы айшықты ойлар", 1998, № 6. // Қазақстан мектебі.
5. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. Бес арыс. – А.: Жалын, 1992.
6. Жұмабайұлы М. Бастауыш мектеп. – Ана тілі: Жұлдыз, 1993, №1.
7. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлы (А.Б. әдістемелік еңбектері туралы). – Жалын, 1993.
8. Манатханова Р. Қазақ санасының шығармашылығы // Қазақстан мектебі, 1986. – № 6.
9. Оразбайұлы М. А. Байтұрсынұлы және араб жазуы // Социалистік Қазақстан. – 1991 ж. 7 маусым.
10. Сманов Б. Асылдың сынығы. (А.Б. 1924 ж. Орынбордан басылып шыққан "Тіл құрал" кітабы туралы). – Қазақстан әдебиеті, 1989, 26 май.
11. Сыздықова Р. А. Байтұрсынұлы. – А., 1990.
12. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, Советская энциклопедия, 1966. – С. 608.
13. Джусупов (Жүсіпұлы М.) Фонемография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент, 1995. – С. 176.
14. Уәлиұлы. Ахаң жиған асыл сөз. – Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. – № 4.
15. Қордабаев Т. Қазақ тілі мен әдебиет. – 1998. – А. Байтұрсынов еңбектерінің насихаттануы.

МРНТИ: 14.09.03

«БУКВАРЬ» АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Нуртаева А.А., учитель английского языка,

Республика Казахстан, г. Семей, КГУ СОШ №17, aiyumnurtaeva00@mail.ru



«Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу...».

А. Байтұрсынов статья в газете «Казак»

История любого народа связана с его письменностью. Историю казахского народа можно проследить по его письменности от петроглифов, рунического письма до современного алфавита.

Не так давно Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев поручил правительству начать подготовительные работы по переходу к 2025 году казахского алфавита на латиницу. Глава государства отметил, что благодаря новой графике казахский язык станет языком современной информации. Однако споры о том, нужна ли нам латинская письменность не утихают до сих пор.

Письменность казахского народа менялась неоднократно. Казахская письменность до Октябрьской революции основывалась на арабской графике. Одним из реформаторов казахской письменности стал Ахмет Байтұрсынов.

Еще в начале XX века А. Байтұрсынов в статье «Обучение по-казахски» говорил, что «улучшение жизни народа надо начинать именно с дела обучения детей, ибо власть, управление, народ исправляется только образованием». В своих педагогических трудах он предостерегал потомков такими словами: «Каким бы богатством ни обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов».

Для развития образования необходим был алфавит, который был бы доступен большинству и облегчил бы обучение детей. За основу первого национального казахского алфавита, который в

мировой лингвистике еще в то время был признан феноменальным («Феномен Байтурсына»), была взята арабская графика.

В 1912 году в Оренбурге был выпущен «Букварь» Ахмета Байтурсынова, созданный на основе нового собственного алфавита.

Байтурсынов сформулировал грамматическую терминологию: имя существительное, глагол, местоимение, междометие, наречие, подлежащее, сказуемое, обстоятельство, служебные слова, часть речи, предложение, сложное предложение, обращение и другие. Байтурсыновым также написано практическое руководство для учителей «Тіл жұмсар» и учебное пособие «Баяншы». Академик Радлов В.В. в свое время назвал казахов французами Западной Азии, настолько богат, благозвучен казахский язык.

Ахмет Байтурсынов предложил оригинальный проект реформирования арабского алфавита и был назван «Төте жазу» – ясное письмо (также называют «Жаңа емле» – «новая орфография»). Его идея сводилась к тому, чтобы при каждом слове отмечать признак переднего или заднего ряда добавлением знака, аналогичного знаку скрипичного или басового ключа в нотной записи, что существенно сэкономило число вновь вводимых знаков для гласных и примиряло с арабской графикой. Ахметом Байтурсыновым были удалены из употребления 12 арабских букв, совершенно для казахов не нужных и вносящих путаницу в правописание.

В своей статье «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» знаменитый лингвист, профессор САГИ

Е.Д. Поливанов назвал этот проект «гениальным». «Нет сомнения, – писал Поливанов, – что если бы вопрос о казахском письме... мог бы решаться вне времени и пространства» – без необходимости считаться с графикой соседних народностей... то казахская школа вполне могла бы удовлетвориться «орфографией 1924 года». Но проекту Байтурсынова не суждено было долго жить, началась политическая чехарда с латинизацией (1928) и кириллизацией (1940) тюркских языков в СССР.

Алфавит А.Байтурсынова признан на мировом уровне. Его уникальность в том, что количество букв в нем меньше, чем количество звуков. Осуществленная им реформа казахской письменности получила поддержку в среде прогрессивной интеллигенции, а в 1924 году была принята официально.

Новый казахский алфавит, названный в свое время в честь ученого байтурсыновским, имел огромное значение не только для казахского народа, но и послужил в те времена хорошим образцом для всех тюркоязычных народов при проведении реформы письменности.

И именно новый алфавит заложил прочный фундамент в деле сохранения в чистоте казахского языка и значительно облегчил метод приобщения народа к мировой культуре, позволил совершить гигантский шаг на пути развития народных школ. Издаваемые на заре советской власти книги, журналы и газеты на «байтурсыновском алфавите» многотысячными тиражами распространялись по степи, проникали в самые отдаленные уголки, неся в народ свет знаний.

Созданный еще в 1912 году Ахметом Байтурсыновым Новый алфавит, получивший название «Жаңа Емле» («Новая орфография»), до сих пор применяется казахами, живущими в Китае, Пакистане, Афганистане, Иране и других странах Ближнего Востока, использующих арабскую графику. Казахи во всем мире пользуются тремя разными алфавитами, что, к сожалению, пока способствует раздроблению и отчуждению друг от друга. Поэтому сегодня все чаще звучат мысли о переходе на единый латинский алфавит во имя общего казахского языка и его приспособления к новым стандартам сегодняшнего времени.

Литература

1. Человек и улица. 10 фактов об Ахмете Байтурсынове. <http://comode.kz/post/zhizn-goroda/chelovek-i-ulitsa-10-faktov-ob-ahmete-bajtursynove/>
2. Жанна Байтелесова. Век байтурсыновского письма. <http://irbis.narxoz.kz/>
3. На основе стихов, статей и цитат из автобиографии Ахмета Байтурсынова. Составили Айнура Мазобаева и Жулдыз Тулеуова. <http://esquire.kz>
4. Ахмет Байтурсынов, ученый, автор учебников, этнограф, поэт, <http://www.kazakhstanlive.ru>
5. Ахмет Байтурсынов об обучении и воспитании казахской молодежи. Galiya Iskakova, Ажар Ахметжанова. <http://group-global.org>
6. Ахмет Байтурсынов: <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>
7. Ахмет Байтурсынов. Казахстан. Национальная энциклопедия: Т.1 – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2004
8. Тектигул Ж.О., Тапаева А.К. История развития казахской письменности. <http://www.scienceforum.ru>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Ташкенбаева Л. О., математика пәні оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы,
КМҚК «Құрылыс колледжі», kurmangalieva.zhazira@bk.ru

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі [Ерғазы] Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға түс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

XX-ғасыр басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахметтей данагөйден қалған мұра, артындағы қазақ деген ұрпағына мәңгі азық боларын кім білген?! Қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – ұлт тіліне мәртебе алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс, бірге келді. Мүмкін, бұл кездейсоқтық та болар. Дегенмен, ғажап үндестік. Ұлтының жері мен елінің дербестігі, тілі мен тіні, діні мен ділі үшін «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген толағай тұлға халқымен қайта қауышты! Еліміздің тәуелсіздігімен бірге Ахметтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысын көреген, тіпті көріпкел ме дерсіз!

Ақиқатында, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында ұлт тілін «пән» ретінде үкілеп, оны оқытуды ғылыми жүйеде қалыптастыруды негіздеуші – Ахмет Байтұрсынұлы. Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Алаш зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошқе Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеуден басталған. Мұны замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл

сөз» деп әспеттесе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиін 1924, 1931 жылдары «Байтұрсуновская графика», «Байтұрсуновский алфавит» деп атап, түркі елдері арасындағы «ғылыми жүйеленген ірі жетістік» екенін мойындаған. Мәселен, 1931 жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» жинағына ғалым реформалаған әліпби «Казахский (Байтұрсуновский) алфавит» енгізілген. Ал, біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі – Ахаң емлесі негізінде қайта жасалғанын ескере бермейміз... А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Қазақша алифба» оқулығы 1912 жылы Орынборда жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибратын оқулықтың беташары ретінде ұсынады. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би-исми-иллаһи-рахмани-рахим» шырағдандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен бірге, соңына қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайықталған қысқа мәтіндер. Туысқан-туған атаулары; Тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары; Ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдары; Дене мүшелері т.б. қамтылады. Оқу құралының 2-ші кітабы жалғасты оқулық ретінде толықтырылып, 1913 жылы шықса, «Әліппе – астары» әліппеге жетекші құрал ретінде 1924 жылы жазылған. Оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жиі басылым көруі айғақ.

Ағартушының «Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз оқулықтың не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға харіпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал, қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін өте жеңіл ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.

1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік оқулықтарының бүгінгі қазақ тілін оқыту ісінің негізі әрі сабақтастығын, тарихи тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды.

Әдіскер ұстаздың «Байаншы» әдістемелік құралы мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы. Кітап 1920 жылы жарық көрген. Ағартушы-ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, сол тұстағы заман талабы жаңа оқу жолымен (усул сотие) қалай оқыту керектігіне: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбек туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX-ғасырдың басында әдебиеттану саласында нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А. Байтұрсынұлы болды» дейді. Бұл еңбектің ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге деңгейлес, әдеби ұғым-түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады.

Академик З. Қабдолов ғұламаның әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен

маңызы кешегі кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты.

Академик Р. Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеуінде: «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А. Байтұрсынов былай дейді: «Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс. Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал, екіншісі – азаптаныс жоқ. Сондықтан, сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстің табу міндеті тұр. Тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А. Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше, «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған ғой. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаған секілді. Әлде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? «Мәдениет тарихы» деген еңбек бітіргені белгілі – ол да жоқ. Қайда? Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды. Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл зерттеу еңбек келешекте арнайы кешенді түрде зерттейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл күні әбден халықаралық терминдерге бой алдырған әдебиеттану ғылымының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді.

Академик Р. Нұрғалиұлы: «Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А. Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» дейді.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы болғандығы туралы ғылыми зерттеу еңбектер жазылды. Мәселен, 2007 жылы – Ұ.Еркінбаев «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде» [13], 2010 жылы – А.Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар, соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды

Қорыта айтқанда, Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы қолданылып жүрген оқулықтардың көпшілігі «іргетассыз үйлер» сықылды. Үйренуші былай тұрсын, үйретушінің өзі түсіндірме сөздіксіз түсінбейтін қондырғы мәтіндерден құралған.

Хақім Абай айтқандай: «...Бас басына би болған өңшең қикым» дегендейін, айналдырған 2-3 жылда оқытушы оқулық авторы болып шығуда. Шындығында, сапасы сын көтермейтін 90 оқулықтан гөрі, Білім министрлігінің арнайы тапсырысы бойынша қоғамда мойындалған тәжірибелі әдіскер-оқытушылар тарапынан жазылған 9 оқулық маңызды болмақ. Ал, министрлік нағыз қазақ тілі мен әдебиетінің нағыз әдіскер-оқытушы ғалымдарының артында қалған нағыз ұлттық мұраларды – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алып, тиімді қолдана білсе «сөз бұйдаға салынған қазақ тілін» бүгінгі орыстілді дәрісхана тыңдармандарына ғана емес, барша қазақстандықтарға оқытып-үйретуде нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным. – № 2. – 2001. – 3-13 бб.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп. – № 7-8. – 1933. – 35-б
3. Қ.Жұбановтың жеке папкісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 81-қор, 3-тізбе, 68-ісі 103-105 п/п.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.
5. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б. – Б. 160-166.
6. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. Вып.7. – Ташкент, 1924. – С.35-43.

7. Казакский (Байтұрсынов) алфавит // Литературная энциклопедия. – Москва, 1931. – С. 23.
8. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 1998. – 132 б.
9. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б. – Б. 70-80.
10. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. – Астана: 1998 – 256 б., Б. 38-41.
11. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін. – 2002. – 528 б. – Б. 12-35.
12. Ісімақова А. Әдебиеттегі Бахтин мен Байтұрсынұлының үндестігі // Заман Қазақстан, 7 ақпан 1997.
13. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан. – 1992. – 264 б.; Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра. – 1995. – 168 б.
14. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
15. Еркінбаев Ұ. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контекстінде. Автореферат. – Алматы, 2007. – 26 б.
16. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. Монография. – Алматы, 2008. – 136 б.
17. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010. – 26 б.

ҒТАХР: 00.13

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТІЛШІ-ҒАЛЫМ

Каирбеков Е.Е, тарих пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, kairbekov_erbol@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы) – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) – небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты.

А. Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С.Я. Надсон өлеңдерін аударды. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектеінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы

ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда өзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

А. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Бұл әліпбиі ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелерінің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген.

Қазақ мектептерінің мұқтажығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

А. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) А. Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды – жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелгенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды.

1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тілі білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда А. Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

А. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі – «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде А. Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған.

Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары – шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі – мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері – пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. А. Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз. Сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, 15-17 ғасырлардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т. б. ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер бар.

А. Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды. А. Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазіргі қазақ академиялық ғылымының түп бастауында тұрған ғұлама ғалым. Қазақ ғылымының атасы. Ахмет Байтұрсынұлының тілші-ғалым, лингвист, әдебиеттанушы, этнограф, фольклорист, мәдениеттанушы, демограф, педагог, тіпті, география мен агрономиядан, астрономиядан хабары болған адам болған. Ахмет Байтұрсынұлы этнопедagogика мен этнопсихологияны игерген жан. Сол арқылы қазақ ұлттық мектебін түзуге, қазақ балаларының сыни ойлауын қалыптастыруға ұмтылған. Мәдениеттану ғылымының алғашқы өкілі.

Ахмет Байтұрсынұлы – мәдениеттанушы ғалым. Мәдениеттану бойынша курс оқыған. «Мәдениет тарихы» атты кітап жазған. Алайда ол да жоғалып кеткен. Ғалымдар оны таба алмай жатыр.

Географ-астроном Ахмет Байтұрсынұлы – географиядан да хабардар болған жан. Ғалымның "Шаруа өзгерісі" атты шағын еңбегі бар. Сонда Қазақстанның жағырапиялық орналасуы мен климаты, табиғаты мен топырағы жайлы кең мағлұмат береді. Зерттеушілердің айтуынша, А. Байтұрсынұлы

қазақ даласының географиялық ерекшелігін туралы терең білген әрі оны үнемі зерттеп, ұдайы назарда ұстаған секілді. Тіпті, ХХ ғасыр басында қазақ даласының географиялық ерекшелігін дәл Ахметтей терең білген қазақ зиялысы болмаған көрінеді.

Қалай десек те Ахмет Байтұрсынұлы – өте күрделі кемеңгер тұлға. Біреу білер, біреу білмес. Ахмет Байтұрсынұлы – алғашқы ғылым және білім министрі болған жан. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Бұл орталық қазіргі білім министрлігімен тең ұжым. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен Алашорда қайраткерлері әр салада ғылыми зерттеу жасап, оқулық жазуға кіріседі. Мәселен, М. Жұмабаевқа педагогика, М. Дулатовқа есеп құралын, Х. Досмұхамедұлына сингармонизм жазуды тапсырады. Кейін Х. Досмұхамедұлы медицина, Ж. Аймауытов психология, Әлімхан Ермеков математика ғылымдары бойынша еңбек еткен. Қазақ ғылымында бұл дәуір тіпті «Байтұрсынұлы дәуірі» деп аталған. Осы ойдан қазақтың ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады деп айтуға толық негіз бар.

Реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ана тілі айбары» төс медалі және «Ғасыр саңлағы» алқа белгісімен марапатталды.

Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері АҚШ-тың Колумбия университетінде, Жапонияның Хоккайда университетінде, Түркияның Ыстамбұл университеті мен Ресей Ғылым Академиясында сақтаулы тұр.

АҚШ ғалымы Эдварт Аллуорт «Ахмет Байтұрсынұлы – арлы, саналы, намысты ортадан шығып, орысша оқып, еліне жанашыр, қайырымды, ізгілік жолында болған азаматтардың бірі. Қазақ әліпбиінің негізін қалаған жан. Жадизм лидері» деп сипаттаған. Жадизм дегеніміз – заманауи ғылым, еуропалық білім дегенді білдіреді.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
3. <https://qazaquni.kz/2012/12/06/14085.html>
4. <https://ikaz.info/ahmet-bajt-rsyn-ly-mirbayany/>
5. «Маңғыстау» энциклопедиясына. – Компьютерлік-баспа орталығы, 2007.
6. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы. – Алматы, 2002.
7. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009.
8. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
9. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009.
10. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
12. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, Жалпы редакциясын басқарған т.ғ.д., проф. Б.Ғ.Аяған. – Алматы: Атамұра, 2009.

ҒТАХР: 16. 21. 55

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АВТОР БЕЙНЕСІ – КӨРКЕМ ТІЛДІК КАТЕГОРИЯ

Сулейменова Р.Ш., магистр, Женисова Ж.К., мұғалім

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, «Б.Момышұлы атындағы № 34 ЖОББМ» КММ,
srayia@mail.ru

Көркем шығармадағы «автор бейнесі» – көркем тілдік категория. Автор бейнесі жөнінде белгілі орыс ғалымы В.В. Виноградов: «Образ автора – эта та цементирующая сила, которая связывает все стилевые средства в цельную словесно – художественную систему» [3] дейді.

Автор бейнесінің көркем шығармада алатын орны ерекше. Автор бейнесі стильдік ерекшелікпен қатар, шығарманың бүкіл құрылымымен тығыз байланыста. Сонымен қатар көркем шығарманы оқырманмен тығыз байланыстыратын көпір десек те артық айтпаған болар едік. Себебі,

белгілі жүйеде құрылған оқиға өзінің барысымен оқырманды қоса жетелеп отырады. Осыған орай тағы да ескерерлік жағдай, әр жазушының өзіне тән сөз қолдану, сөйлем құрау ерекшеліктері, стилі болғандықтан жазушылардың еңбектерінде автор бейнесінің байқалу дәрежесі де әр қилы. Автор бейнесі кез келген шығармада болады және ол сол шығарманың тілдік құрылымымен, жазушының стилімен тығыз байланысты.

«Автор образы – тіл жағынан алғанда көркем шығарманың мағыналық стильдік дінгегі» [4].

Орыс филологиясында бұл мәселе төңірегінде зерттеулер жүргізген ғалымдар В. Виноградов [3], Г.О. Винокур [5], М.П. Брандес [6], А.Л. Шанина [7], Е.Ю. Геймбух [8], Л.А. Новиков [9] жалпы көркем шығармадағы автор бейнесінің қалыптасуы мәселесін қарастырса, Е.П. Тетюхин [10], Л.В. Малов [11], Н.В. Драгомирецкая [12], С.Н. Филлюшкина [13], Ю.М. Проскурина [14] сияқты ғалымдар жеке авторлар шығармаларындағы автор бейнесінің көріну ерекшеліктеріне тоқталады.

Е.П. Тетюхин өз еңбегінде Ч. Диккенс шығармаларындағы автор бейнесінің көрінісін, автор бейнесін қалыптастырушы тілдік тәсілдерді талдап, эпитет, теңеу, перифраз сияқты көріктеу құралдарының автор бейнесін қалыптастырудағы қызметін көрсете келіп, автор бейнесіне мынадай анықтама береді:

Көркем шығарма автор субъектісінің формаларынан, бейнелік элементтерінің дәнекерлік топтарынан, көркем тілдің сыртқы құрылымдық формаларынан және олармен байланыстағы таным объектісінен құралады. Автор бейнесі шығарманың ішкі образдар жүйесі және көркем тілдің шығарманың идеялық мазмұнын жинақтап, оны эмоционалды тұрғыда бейнелейтін сыртқы формалары жанды қарым-қатынаста, бірлікте болады. Демек, көркем шығарманың барлық элементтерін бір жүйеге ұйымдастыратын – автор бейнесі.

«Көркем туындының құрылысы әртарапты көптеген компоненттердің бірлігінен тұрады. Олар көркем шығарма тілінің заңдылығына бағынады және тілдік жүйе түзеді. Осы жүйені жасайтын жазушының өзі. Осыдан «автор бейнесі» мәселесі туындайды. «Автор бейнесі» көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі болып табылады. Автор өзі жазып отырған шығарманың өн бойында ойы мен идеясын, көзқарасын, психологиясын танытып отырады. Яғни әрбір көркем шығарманы оқығанда автор бейнесін де байқауға болады» [1]. Көркем шығармаларда автор бейнесі баяндау типтерін (әңгімелеу, суреттеу, ойталқы, диалог) бір-біріне сәйкестендіру формаларынан, баяндаудың даму және баяндау типтерінен, ауысу ерекшеліктерінен және шығарманың жеке бөліктерінде орын алатын жазушының өзіндік кейбір пікір-көзқарастарынан көрінеді.

Автор бейнесі дегеніміз – көркем шығарманың мағынасы мен стилінің барлық элементтерін мәтіндік тұтастыққа біріктіретін лингвистикалық категория. Ол көркем шығармадағы барлық стильдік амалдарды тұтас бір жүйеге байланыстырып, көркем шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Автор бейнесінің жеке және әлеуметтік-типологиялық ерекшеліктері, оның дүниеге деген көзқарасы, тәжірибесі мен қиялы, сезімдері мен санасы, туындыларының идеялық-көркемдік ойы мен шеберлік деңгейі, осының барлығы «автор бейнесін» қалыптастырады. «Автор бейнесі» - көркем мәтіннің арқауын, оның тұтастығы мен бірлесімін тудыратын, көркем баяндаудың субъектісі. Көркем шығармадағы «автор бейнесі» – көркем тілдік категория.

Автор бейнесі жөнінде белгілі орыс ғалымы В.В. Виноградов: «Образ автора – эта та цементирующая сила, которая связывает все стилевые средства в цельную словесно-художественную систему» [3] дейді.

Автор бейнесі концепциясы М. Бахтин, Л. Гинзбург т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Г.О. Винокур, А.Л. Шанина, Е.Ю. Геймбух, Л.А. Новиков сияқты ғалымдар жалпы көркем шығармадағы автор бейнесінің қалыптасуы мәселесін қарастырса, Е.П. Тетюхин, Л.В. Малов, Н.В. Драгомирецкая, С.Н. Филлюшкина, Ю.М. Проскурина сияқты ғалымдар жеке авторлар шығармаларындағы автор бейнесінің көріну ерекшеліктеріне тоқталады.

Қазақ тіл білімінде автор бейнесі мәселесін Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Х. Кәрімов т.б. ғалымдар зерттеген. Ғалым Б. Шалабай «Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері» еңбегінде «автор бейнесі» ұғымын жан-жақты зерттеп, оның мазмұнын, құрылымын, түрлерін, баяндау формаларының автор бейнесін қалыптастырудағы қызметін анықтайды, алғашқы қазақ прозаларының және Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов шығармаларының тілін осы ұғым, категориялар тұрғысынан талдай келе, «Автор бейнесінің құрылымын түсінбейінше, шығарма тілінің жалпы сипатын да, жекелеген ерекшеліктерін де түсіну мүмкін болмайды» – деген тұжырым жасайды [2, 60 б.]. Демек, автор бейнесін шығарманың бүкіл құрылымдық, көркемдік ерекшеліктерін, жазушының тілдік құралдарды пайдаланудағы суреткерлік шеберлігін анықтайтын тілдік категория деп тануға болады. Шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз

бейнесі автор бейнесі деп аталады. Шығарманың тілін, баяндау құрылымын талдау арқылы автор бейнесінің сан алуан қырлары, қалыптасу, берілу жолдарын анықтауға болады.

Автор көркем шығарма арқылы өзінің таным-түсінігін, бағытын, көзқарасын білдіреді. Көркем туындыны жазуда автордың алдына қойған мақсаты баяндау үлгілері, образ сомдауы барысында байқалып отырады. Автордың баяндау шеберлігінің шығарманың көркемдігіне, мазмұндылығына әсері зор. В.В. Виноградов автор бейнесі мәселесін көркем әдебиет тілі теориясындағы негізгі мәселелердің бірі деп есептейді. Ғалымның пікірінше көркем шығарманы идеясы, мазмұны, көркемдік ерекшеліктері кейіпкерлер бейнесін сомдаудан, олардың өзара қарым-қатынастарын беруден немесе баяндау мен диалогтың құрылысынан ғана танылмайды. Мұнда автор стилі, бүкіл шығарманы бір жүйеге тұтастырып тұратын композициялық бірлік – автор бейнесі маңызды рөл атқарады» [3, 654 б.]. Автор сөзін көркем шығармадағы автор бейнесінің бастапқы сатысы деп есептеуге болады.

Кез келген көркем шығарма бірінші кезекте суреткердің көзқарасын және оның іске асу деңгейін көрсетеді. Осыған байланысты И.В. Гете: «жазушылардың барлығы да мақсат етсе де, етпесе де өз шығармасында өзін бейнелейді» деп жазады. Жазушы өмірінің бір бөлігін суреттей отырып, өзінің дүниетанымын, ой-өрісін, сезімін көрсетеді.

Автор бейнесі – шығарманың барлық стилистикалық жүйесін өз маңына топтастыратын дінгек. Автор бейнесі «шығарма субъектін, оның көркемдік әлемін шығармада белгілі бір идеялық, көркемдік көзқарасты ұстана отырып, көркем шығарманың сөздік-тілдік құрылымын қалыптастырады» [4, 144].

Автор бейнесінің құрылымдық-ұйымдасуының үш түрлі жолы бар:

1 Шығарманың өн бойында өзін бірқалыпты ұстайтын, бейнеленіп жатқан жайларға бірқалыпты, біртұтас көзқарас – қатынас иесі болып келетін «автор бейнесі».

2 Автор бейнесі шығарманың өн бойында біртұтас, бірақ әртүрлі қырынан көрінетін, құбылмалы «жүздерге» ие құрылым.

3 «Автор бейнесі» баяндалып жатқан жайларға әрқайсысы өз көзқарас – қатынасы тұрғысынан келе алатын, «бірнеше бейнелер» жүйесінен тұратын күрделі құрылым [2, 104 б.].

«Автор бейнесі» – өмірбаяндық емес, құрылымдық, көркемдік, көркем тілдік категория. Жазушының жеке басының ерекшеліктері, оның туындыларынан байқалып тұрады. «Автор бейнесі» дегенде өзара байланысты ұғымдарды түсінеміз. Көркем шығарманың тілін зерттегенде автор бейнесі өзінен-өзі танылса, көркем шығармадағы автор бейнесін тануға көркем шығарма тілін талдау арқылы қол жеткіземіз.

Автор бейнесі шығарманың барлық стилистикалық жүйесін өз маңына топтастыратын дінгек болғандықтан мәтін түзушілік қызметі айырықша. Автор бейнесінің берілуі бір мәтінге өзек болса, шығарманың өзіндік ұйысуын, оқиға байланыстылығын, келесі мәтінмен ой жалғастығын тудыруда да маңызды болмақ. Автор бейнесі шығарманың бүкіл құрылымымен тығыз байланысты болады.

«Автор образын» анықтау дегеніміз – сол шығарманы стилистикалық тұрғыда талдау деген сөз. «Автор образы» шығарманың баяндау стилінен, диалогтер мен монологтерді беру үлгісінен, экспрессивтік-стильдік элементтерінен көріп, тануға болады» [1, 179 б.].

Стилистика мәселелері Х. Кәрімов еңбектерінде де біршама зерттелген. Ғалым көркем әдебиет тілінің негізгі құрамын автор сөзі, кейіпкер сөзі, қос үнді сөз деп бөледі [15, 111 б.].

Х. Кәрімов еңбектерінде кейіпкер тілі, қос үнді сөз мәселелері жан-жақты талдап, соның негізінде «Қос үнді сөз дегеніміз – автор мен қаһарманның субъективтік көзқарастарын бірге сыйыстырып, қиюластырып білдіретін стилистикалық тәсіл. Оның қажетті де маңызды белгісі – баяндаудың екі жақтылығында, қос үнділігінде, яғни қос үнді сөз арқылы әрі кейіпкер көзқарасы, әрі ол жөніндегі автор бағасы бірден бейнеленетіндігінде. Алайда автор тенденциясы жасырын, астарлы түрде келеді, бірден байқала бермейді. Бұл жағдай қос үнді сөзді көркем сөз шеберлігінің құпия сырларының біріне айналдырады» [16, 109] – деген пікір айтады.

Ғалым Б. Шалабай автор бейнесін жасауға қатысатын құрылымдардың мынадай түрлерін көрсетеді :

1 баяншының белгілі бір типі (1-жақтағы, не 3-жақтағы, не арнайы баяншы);

2 баяндау перспективасы (оқиғаны кең ауқымда не шектелген ауқымда алу);

3 баяндау құрылымындағы кеңістікке, мезгілге қатысты жайлар;

4 баяндаудың тоны;

5 баяндаудың интонациясы (дауыс ырғағы) [2].

Ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы автор бейнесінің рөлі. Антропологиялық тіл білімінде адам ерекше идеалды нысан ретінде алынады. Адам әрі тілдік бірлестік ретінде, әрі жеке тұлға, әрі тілдік тұлға, әрі сөйлеуші ретінде көрінеді.

Когнитивтік антропология адам сана-сезімінің негізінде жатқан өзіне ғана тән дүниетанымдық, рухани болмысының тіл арқылы көрініс табуын зерттейді.

Антропоцентристік бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын зерттеу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен психология, философия, логика, мифология, этнография т.б.-мен тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным, дін сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі.

Қазіргі осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі – өзекті мәселелердің бірі.

Түрлі деңгейдегі когнитивтік зерттеулерге назар салсақ, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоцентризм, дәлірек айтқанда, тілде тілді тасымалдаушылардың өмірлік тәжірибесі, теориялық, мәдени білімі концептуалды түрде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екендігін аңғарамыз. Ғалам бейнесі дегеніміз – адамды қоршаған объективтік шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді. Ал табиғи тіл біздің ғалам туралы біліміміз – толық қамтып бейнеленген негізгі форма. Оған қоса, адамның дүниетану құралы, яғни адам миына сырттан түскен белгілерді белгілеп, танымды құрады.

Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Тілдің байлығы тек сөздік қор мен сөздік құрамның, грамматикалық мүмкіндіктердің молдығымен айқындалмайды, бұл ретте ұлттық тілдік тұлғаны қалыптастыратын танымдық жүйелердің, психологиялық және әлеуметтік құрылыстардың, мәдени тілдік бірліктердің барлығы да ескерілуі қажет. Адамның танымдық қабілеттері, когниция құрылымы мен оған сәйкес айқындалатын сана қызметі адамзат атаулының когнитивтік ерекшеліктерін құрылымдық және жүйелік негізде сұрыптауға бағытталады. Сондықтан тіл білімінде тіл, мәдениет және ұлт арасындағы қарым-қатынасты, олардың бір-бірімен байланысын танымдық тұрғыда зерттейтін жаңа бағыт – когнитивтік лингвистиканың орны ерекше.

Е.М. Абақан: «Әлемнің бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке адамға, я болмаса, бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік санаға қатысты, танымдық сипаты адам ойында пайда болады. Бірақ «әлемнің тілдік бейнесі» қоршаған ортаның тікелей, тура бейнесі бола алмайды екен. Себебі, болмыс пен тілдің арасында адамның санасы тұрады», – деген пікір айтады [17, 75 б.].

«Ғаламның тілдік бейнесі» деген ұғым адамзат баласына ортақ дүние мен жеке этностың өзіне тән ұлттың бояуын бойына жинақтайды. Бұл ұғым аясындағы концепт – көптеген тіл қабаттарының қайнар көзі. Біз талдау жүргізіп отырған үш қаламгердің шығармаларынан да ұлттық дүниетаным мен болмысты, ұғым мен мағынаның кеңею аясын, сөз мағынасының даму процесін көруге болады.

Бүгінгі күнде қандай да болмасын тіл жалпы адамзаттың баға жетпес құндылығы деп танылып, өркениетті қоғамның негізгі қағидаларының біріне айналады. Жалпы алғанда, тіл дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау тәрізді түрлерінің объективтенуі болып табылады. Сонымен қатар, тіл қоғамдық сананың түрлерін қалыптастырумен қатар өз кезегінде оған әсер етеді. Ал әрбір тарихи кезең, қоғамдық құбылыстар тілде өз таңбасын қалдырып отырады. Тіл қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, рухани, мәдени, өзгерістердің айнасы іспетті. Осымен байланысты тілдік жүйенің құрылымдық бірліктері тек лингвистиканың ғана емес, этностану, әлеуметтану, мәдениеттану, елтану

т.б. нысанына айналып отыр. Ендігі кезекте лингвистика ғылымы да өзінің зерттеу объектісін әлдеқайда кеңейте түсті. Лингвоелтану, лингвомәдениеттану сияқты тіл білімі салаларын басқа ғылым салаларымен байланыста қарау – тіл ғылымындағы бүгінгі таңдағы негізгі бағыттарының бірі. Тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ. Тіл табиғатын когнитивтік сипатта қарастыратын бұл бағыттың ерекшелігі – әлемдік озық лингвистиканың теориялық бағыттарын әбден дәстүрге айналған құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу қалыппен жаңа арна үлгісінде танытуға жөн сілтейді. Тілді жеке адам мен ұжымның психологиялық, танымдық ойлау өрісімен, әлеуметтік мәдени деңгейімен және рухани-практикалық қызметімен сабақтастыра қарастыруды көздейді.

Адам дүниені жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде бейнеленген тіл арқылы таниды. Онда ұлттық тәжірибе тілдің ерекшелігін анықтап, соның негізінде, сол тілде сөйлеушінің санасында, соған сай өзіндік дүниенің тілдік бейнесін жасайды.

Зерттеуші Ш. Ниятова ақпараттардың адам санасына қатыстылығын айта келіп: Жалпы адам қабылдайтын ақпараттың екі түрін бөліп көрсету қажет: а) белгілі бір дереккөзден алынатын барлық ақпараттардың жиынтығы *аддитивті ақпарат* деп аталады; ә) адресатқа жеткізу үшін немесе дереккөздерден алу үшін сұрыпталып алынатын ақпарат *селективті ақпарат* деп аталады [18,7 б.] деп көрсетеді де, тілдік тұлға мәселесін үш тұрғыда, яғни: 1) сананың қалыпты және өзгерген күйіндегі тіл, сөзжұмсам және сөйлеу қызметі психологиясы арқылы, 2) тілді үйрену процестеріне талдау жүргізетін лингводидактика тұрғысынан, 3) көркем әдебиет тілін зерттей отырып қарастыру керектігін айтады.

Жазушы тілін зерттеуде тарихи-әдеби аспектідегі тілдік тұлға ұғымы «автор бейнесі» категориясынан көрініс табады. Осы тұрғыда В.В.Виноградов: «Тар мағынасында алғанда, «автор бейнесі» кейіпкерлердің бүкіл сөйлеу аясында алынған *автор сөзі* ретінде түсіндіріледі. Жазушы өз шығармаларында бүтін, біртұтас тілдік тұлға ретінде емес, көптеген сөйлеуші және түсінуші тұлғалардың жиынтығы ретінде көрінеді. Автор «эго-сы» («Мені») көркем шығарма мазмұнының бүкіл байлығын қамтиды, ал «автор бейнесі» осы мазмұнның бір бөлігіне ғана қатысты болады. Автор «Мені» тұтас алынған мәтіннің идеялық-көркемдік концепциясымен ұқсастырылса, кейіпкердің «Мені» осы концепцияның бір бөлігін ғана құрайды. Кеңінен алғанда «автор бейнесі» – қарапайым ғана сөйлеу (сөзжұмсам) субъектісі емес, көбінесе көркем шығарманың құрылымында ол тіпті аталмайды да. Ол кейіпкерлердің сөйлеу құрылымдарының бүкіл жүйесін баяндаушы-әңгімелеушіге қатысты ала отырып біріктіретін және сол арқылы тұтастың түйіні, яғни идеялық-стистикалық жиынтық-нүкте болып табылатын шығарма мәнін жеткізуші шоғыр [3, 152 б.] деген анықтама берген.

Қорыта келе, автор бейнесі дегеніміз – көркем шығарманың мағынасы мен стилінің барлық элементтерін мәтіндік тұтастыққа біріктіретін категория. Ол көркем шығармадағы барлық стильдік амалдарды тұтас бір жүйеге байланыстырып, көркем шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Автор бейнесінің жеке және әлеуметтік-типологиялық ерекшеліктері, оның дүниеге деген көзқарасы, тәжірибесі мен қиялы, сезімдері мен санасы, туындыларының идеялық-көркемдік ойы мен шеберлік деңгейі, осының барлығы «автор бейнесін» қалыптастырады. «Автор бейнесі» – көркем мәтіннің арқауын, оның тұтастығы мен бірлесімін тудыратын, көркем баяндаудың субъектісі.

Әдебиеттер

1. Виноградов В. Проблемы русской стилистики. – Москва, 1981. – 319 с.
2. Одинцов В. О языке художественной прозы. – Москва, 1973. – 240 с.
3. Винокур Г. О языке художественной литературы. – Москва, 1991. – 447 с.
4. Брандес М. Стилистический анализ (на материале немецкого языка). – Москва, 1971. – 190 с.
5. Геймбух Е.Ю. Образ автора как категория филологического анализа художественного текста (на материале произведений И.С.Тургенева малых форм). Автореферат канд.филол.наук. – Москва, 1989. – 369 с.
6. Новиков Л.А. Категория образа автора как детерминанта художественного текста(структурно-семантический и стилистический анализ художественного текста). – Харьков, 1989. – 144 с.
7. Тетюхин Е.П. Образ автора в выборе и комбинаторике стилистических приемов (на материале творчества Чарльза Диккенса). Дисс...канд.филол.наук. – Алматы, 1999.– 133 с.
8. Малов Л.В. Коммуникативно-речевая структура категории образа автора (на материалах романа А.С.Пушкина «Капитанская дочка»). Автореф... канд.филол.наук. – Москва, 1992. – 19 с.
9. Драгомирецкая Н.В. Автор и герой в русской литературе 19-20 вв. – Москва, 1991. – 380 с.

10. Әдібаев Х. Талант. Талғам. Тағдыр. – Алматы, 1971. – 174 б.
11. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. (Жанрлық спецификасы. Типология. Стыль. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика.) Филология ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1997.
12. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. – 49 б.

ҒТАХР: 16.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Танекина А.А., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№ 27 жалпы білім беретін мектеп» КММ, tanekina86@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – халқының болашағын ойлап, санасын оятуға, жағдайын жақсартуға бар күш-жігерін, білімін аямаған, елін үлкен жүреппен сүйіп, бар өмірін халқына арнаған адам.

Ғалым, ақын, түркітанушы, ағартушы, аудармашы, қоғам қайраткері, публицист, этнограф, фольклорист, сазгер әрі орындаушы, қазақ тіл білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор.

Сол еңбектерінің бірі - «Тіл-құрал» кітабы. Оқулық, негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Бұл еңбектердің барлығы да Орынборда жарық көрген.

«Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған сирек құбылыс. Оның жалғыз тіл емес, өзге де пәндерді оқып-үйрететін қазақша жазылған кітап, құрал дегендерді білмей-көрмей келе жатқан қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Автор «Сөз басында»: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат болып көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалыптасып кетеді» – деген. Шынында, ол жат болмақ түгіл, бірте-бірте сонша үйреншікті, қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, 14-15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан ет бауыр дүниеге айналды. Себебі «Тіл – құрал» десе, жұртшылық қазақ тілі оқулығын, оқулық десе, тек қана Ахмет Байтұрсынұлын білетін болды.

Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлгендігі туралы түсіндіре отырып, бірінші жылы оқытылатын «Тіл – құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан, оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, алғашқы жыл үшін сол жеткілікті екенін айтады. Ғалымның дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетінін айтып және оның негізгі ережелерін түсіндіргенінен оның асқан ізденімпаз болғандығына да көз жеткіземіз. Сонымен қатар оқулықта қолдануға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықта тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады.

Ғалым мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені жазғаннан кейін, көп ұзамай, енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздің жүйесін, қисыннан келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне қиюласып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне міндет етіп алады.

Сол міндетін орындау мақсатында жазылған «Тіл – құрал» еңбегі тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. «Тіл – құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліндегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін Ахмет Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік категорияның классификациясынан бастап, барлық терминдеріне дейін қазіргі мектеп оқулықтарында Ахмет Байтұрсынұлының ізі бар.

Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 жылы тілші ғалым А. Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады.

Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, мұрасының өміршеңдігін жазды.

Бұған дәлел ретінде, Ахмет Байтұрсынұлының суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың ұғымына тез әрі қонымды болатынын негізге алғандығын айтуға болады. Расында да, қазіргі уақытта оқушы білімін нығайтудың бірден-бір негізгі жолы тақырыптық суреттерді тиімді пайдалану екендігі дәлелденіп отыр.

Сонымен қатар бұл еңбектің осы уақытқа дейін бірнеше рет басылып жарық көргендігі ғалым мұрасының өте құнды мұра екендігінің дәлелі болып табылады деп ойлаймын. Сонымен қатар 1998 жылы қайта басылып шыққан жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолдаған жазуды деп басып, нақ тануға мүмкіндік береді және төте жазуды игергісі келген оқырманға бірден-бір көмекші құрал іспетті.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы екендігі көпшілікке мәлім. Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай жаңаша дамуы.

Міне, кезінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі ұлттық термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар – ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа күрделі ойды жеткізетін терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады.

Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің дәлелі – олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің бірінші құрылтайында» Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын жасаудың алғашқы ғылыми қағидаттарын ұсынған болатын. Ахмет Байтұрсынұлының термин жасау қағидаттары:

- 1) Термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу;
- 2) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу;
- 3) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек;
- 4) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.

Термин жайлы сөз қозғаған кез келген қазақ ғылымына үлес қосып жүрген қай ғалымды алсаңыз да, Ахмет Байтұрсынұлының осы қағидаттарынан аттап өте алмаған. Себебі қазақ терминологиясын қалыптастырушы, жасаушы ұлт азаматтары ұлттық тіліміздің мәртебесінің қашанда биік тұрғанын қалаған. Сондықтан қазақтың өз сөздерінің әлеуетін жоғары ұстауды мақсат тұта отырып, ұлы ұстаздың салып кеткен жолынан айнымай, көп ізденіс жұмыстарын жүргізіп, өздерінің ғылыми еңбектерін жазған. Еңбек ете білген адам ерте болсын, кеш болсын, өз еңбегінің жемісін алары хақ. Сол сияқты сонау уақыттан бізге мұра болып қалып отырған ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осынау мұрасы сол кездегі жастардың ғана емес, қазіргі уақыттағы біздің де ой-санамызды өсірері анық. Ендігі кезекте ғалымнан қалған осы мол мұраларды жалғастырып алып жүру біздің ең басты міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Осы мол мұрамен сусындап, одан нәр алу, оның нәтижесін көрсетіп, алда еліміздің біртуар осындай азаматтарының бірі болу – біздің алдағы уақыттағы басты мақсатымыз, ел алдындағы, ұлт ұстазы алдындағы борышымыз.

Қаншама қиыншылық көрсе де, халқы үшін еңбектеніп, талмай ізденіп, сан салалы, көп қырлы қызмет атқарған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін әрқашан үлгі болып қала бермек!

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Астана, 2004.
2. Айбын. Энциклопедия / Бас редакторы Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ*Нурпеисова Е.Б., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы**Оспанов А.И., музыка пәнінің оқытушысы*

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, қазақ әліпбиінің атасы, ғалым-лингвист, тюрколог Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымында алар орны ерекше. Қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салуға арқау болған тұңғыш ғылыми еңбегі – «Әдебиет танытқыш».

Үлкен білімдарлықпен, терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасында кеңінен тарап үлгермеді де, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні тәуелсіздікке дейін дұрыс бағаланбай келді. Алайда, саяси-идеологиялық қыспаққа ұшырағанымен де, өзіне сара жол тауып, әдебиет туралы ұлттық ғылымда «Әдебиет теориясы» деп аталатын үлкен саланы қалыптастырды. Бұл туралы ғалым Р. Нұрғали: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қарастырылған» [1] десе, тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы. Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады» [2]-деп жазды.

«Әдебиет танытқыш» – алғашқы қазақы трактат. Бұл еңбегінде қазақ терминдерінің әрқайсысына тоқталып, жіктеген. Қазіргі қазақ әдебиетінде терминдердің сөздік қоры жұтаң, әдебиеттану саласында бұл түйіні шешілмеген мәселелердің бірі. Ендеше ғалымның осы еңбегін неге қайта жандандырып, жаңартып қолданбасқа?!

Белгілі ғалым Ербол Тілешов «Әдебиет танытқыш» және жанрлар теориясы» атты мақаласында «Қаламгер-қайраткердің мол мұрасын саралауға жылдар жұмсалар, бәлкім ғасырлар керек шығар. Бүгін біздің айтпағымыз – қазақ руханиятының туы мен топырағы, яғни мақтанышы мен мектебі болған және бола да беретін Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін бүгінгі дамыды деп жүрген ғылым, білімімізбен ұштастыру, қазіргінің қажетіне жаратты. Біздің ойымызша, саралы болар бұл бағытта әдебиетшілер, тарихшылар, саясаттанушылар мен мәдениеттанушылардан гөрі қазақтың тілтанушы ғалымдары Ахаң еңбектерін игілікке жарату ісінде ілгерілеп кеткен секілді. Ал, әдебиетшілер бұл тарапта Ахаңның көркем әдебиет, әдеби аударма саласындағы туындыларын мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында оқытып жүрсек те оның әдеби-теориялық құнарлы ойға, бағалы ғылыми байламдарға толы «Әдебиет танытқышын» қажетке жаратпай жүргендей әсер қалдырады»[3], – деп бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде ғалым еңбектерін жаңғыртуды атап көрсетеді.

«Әдебиет танытқыш» еңбегі әдебиет әлемін, көркем сөз табиғатын, сырын, мазмұны мен ерекшелігін, қоғамдағы рөлін көптеген мысалдармен дәлелдеп, түсіндуге арналған. А. Байтұрсынұлының өзі осы еңбегінде былай дейді: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды-қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білген соң айтқан Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән мен күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді.

«Әдебиет танытқыш» еңбегінің теориялық маңызына тоқтала келе, академик З. Қабдолов ғылыми еңбектің ең бір құндылығы ретінде жекелеген әдеби-теориялық категориялардың этимологиясын, олардың мән-мағыналық жүгін төл әдебиетіміздің өз ішінен тапқандығы деп атап көрсетеді. Академик былай дейді: Әдебиеттің Аристотель белгілеген негізгі үш тегін, яки жанрын эпос, лирика, драма) грек тілінен түп-түгел қазақ тіліне ауыстырып алады да,, әр жанрдың түрлерін өзіміздің төл әдебиетімізден іздейді. Мысалы, лириканың алғашқы үлгілерін қазақтың сонау тұрмыс-салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең жеңіл жоқтау – эпитафияға, мақтау – одаға, даттау – сатираға балама болып шыға келеді. Дәл осы ретпен әдебиеттің үшінші тегін Аристотельше «драма» деп емес, Ақаңша «айтыс-тартыс» деп алады да, осы жанрдың түрлерін, айталық, трагедияны – мерт, яки электі-тартыс, драманы – сергелдең, яки азапты тартыс, комедияны – арамтер, яки әурешілік деп атайды». Академик З. Ахметов болса, «Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін

айқындайтын өлең сөздің бунақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғаш қалыптасқандығын атап айтады [4].

3. Қабдолов ізеттілікпен «Әдебиет танытқышты» талдай отырып, ғалым еңбегінің зор екенін де ескертеді: «Қалай болғанда да, әйтеуір, осы түрлендірулердің бәрі әдебиеттануды, Әуезовше айтқанда, «Ахаң түрлеген» түрлер болғандықтан түрлендіріп жатыр. Бұл ретте де Байтұрсынов бар бастаманың басы болып қалады, қала береді».

Ғалымды «Әдебиет танытқыштағы» тіл тазалығы туралы тұжырымдары, А. Байтұрсынұлының дарындылығы ерекше толғандырады: «Бұлардың ішіндегі, әсіресе, тіл тазалығы туралы тұжырымдар – терең бағдарламалық түйіндер: «тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау». Дәл бүгін айтылғандай. Егемен Қазақстанның мемлекеттік тіліне қойылатын ең зәру шарт осы емес пе?! Ахаңның бұл табыстарын өзінен кейінгі әдебиетшілердің бәрі іс жүзінде түгел қолданып жүр. Әрине, әркім қабілеті мен мүмкіндігі жеткен жерге дейін ғамалдайды, түрлендіреді, жетілдіреді, бірақ негізінен Ахаң іздеп тапқан балама – терминдерге сүйенеді.

Соларды жалғастырады. Ережелерін әркім өзінше жасағанымен, атауын көбінесе қалпында қалдырады: айқындау, теңеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, меңзеу, шендестіру. – бәрі де бүгінгі біршама қазақшылған әдебиет теориясына «Ахаң түрлеген» күйде көшкен» [5].

Еңбектің құндылығына жан-жақты тоқтала келе, әдебиет сыншысы, ғалым Т. Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» [6] деп жазады. Бұл пікірге өзіндік ойымды қосар болсам, ұлты үшін өмірін құрбан етіп, қазақ әдебиетінің кірпішін қалаған зиялының еңбегінің әдебиет тарихындағы жұлдызы жоғары. Дегенмен де, оның келтірген анықтамалар мен терминдерінің біздің саламызда сирек қолданылатыны жанды қынжылтады. Меніңше, егерде біз оны өзіміз қолдап, жақсы іске бастамашы бола білсек, бұл мәселенің түпкілікті орынды шешіміне қол жеткізер едік.

«Әдебиет танытқыштың» бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы орны» атты монографиясында Ұлан Еркінбай қазіргі әдебиеттану ғылымының теориялық және әдістемелік тәсілдерін, «Әдебиет танытқыштағы» әрбір категорияның табиғатын ашу барысында бүгінгі әдебиет теоретиктерінің (В. Шмид, Е. Фарино, В.Е. Хализев, С.Н. Бройтман, Н.Д. Тмарченко, И.В. Силантьев, О.А. Клинг, Д. Каллер, В.И. Тюпа, С.Н. Зенкин т.б.) зерттеу әдістерін де назардан тыс қалдырмаған. «Еңбектегі сөз өнерінің мәнін көрсететін қысқа тұжырымдамада пән болмысының классикалық үлгісі жасалады: «Сөз өнері – деп жазады ғалым, — адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге».

Өнер жүйесіндегі бастапқы үш негіз құрамды осылай нақтылып алған соң, былайша ой қорытады: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау». Мұндай тұжырымдаманы (анағұрлым шектеулі түрде) алдымен әлемді көркемдік тұрғыдан түсіну әдісіне жатқызуға болады. Сөз өнерінің мұндай саналы қасиеті адамдардың іс-әрекеті және ойлары мен мінездеріне жалпы алғанда қатысты екенін кезінде Аристотель тайға таңба басқандай атап көрсеткен» [6]. Одан соң А. Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарау», – деген тұжырымына пікірін келтіреді. Онда бұл тұжырымның бізге түсінікті болып көрінгенімен, оның астарында қаншама ізденіс керек екенін тілге тиек етеді. Сонымен қатар, ғалымның сөзтуындаудағы психолінгвистикалық проблеманы шеберлікпен көрсеткенін, соның өзінің аталмыш саладағы ұғым, түсініктерді терең сараптай алғандығын да назардан тыс қалдырмаған.

«Әдебиет танытқыштағы» «Тіл көрнектілігі» деп аталатын тарауда А. Байтұрсынов адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ деп, адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз затты деректі затша, жансыз заттарды жанды затша сипаттай білуі керек екендігін айтқан. Қалыпты түріндегі сөз сондай дәрежеге жету үшін А. Байтұрсынов үш түрлі әдісті көрсетіп кетті, олар: көріктеу, меңзеу, әсірелеу. Соның ішінде көріктеу деп, бірнәрсені көптен айырып, көзге түсерлік етіп айту барысында, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтуды айтқан. Және өзінің көркем туындыларында да осы әдісті шебер пайдаланған, мәселен ақын қаламынан туған «Анама хат» өлеңінде «хақ тағала», «биік қорған», «темір терезе» деген тіркестер көріктеу құралдары болып табылады. Біз қазір бұл терминді айқындау немесе эпитет деп қолданамыз. Алайда, А.Байтұрсынов бұл тұста көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын

шығаруға жарағанымен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейтіндігін айтып, белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсету керек деген және осы тұста жоғарыда айтылған теңеудің өзін әншейін теңеу, әдейі теңеу деп бөле қараған. Сонымен қатар тағы басқа бірқатар теориялық ұғымдарға анықтама беріп кеткен. Соның бірі – ауыстыру, автор ауыстыру деп сөздің өз мағынасында жұмсалынбай, өзге мағынасында жұмсалыуын айтып, оның өзін тіл ауысуы, лұғат ауысуы деп бөлген. Ал арасындағы жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айтуды алмастыру десе, жансыз нәрсені жандының күйіне түсіріп тұрпаттауды кейіптеу деп атаған. Оған автор «қылышын сүйретіп қыс келді» деген мысалды алып, талдап көреткен, дәлірек айтсақ қыста қылыш та, қылышты сүйрететін күйі де жоқ екендігін айтып, бұл мысалда жансыз қысты жанды адам күйіне түсіріп, адамның істейтін амалын білдіріп тұр, сондықтан қыс бізге адам сүгіретінде көрініп тұр деген. Кейіптеуді автор өзінің Крыловтан аударған мысалдарында шебер пайдалана білген. Сондай аударманың біреуі – «Қара бұлт» мысалы. Осы мысалдан бірер үзінді келтірер болсақ:

Теңізге пәрменінше құя салып,
Мақтанды мырзасынып тауға барып.
Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұрсың,
Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып.
Егер де сол қадарлы жаусаң жерге,
Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге,
Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,
Қандай зор тиер еді пайдаң елге!

Бұл мысалда тау кәдімгі тірі жан бейнесінде сипатталып тұр. Біздің қазіргі кезде әдебиет теориясында қолданып жүрген айшықтауды (фигураны) әсерлеу немесе лептеу деп көрсетіп, оған арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеуді жатқызған. Осының ішінде арнаудың өзін зарлай арнау, сұрай арнау, жарлай арнау деп бөлген, біз қазіргі кезде осы бойынша оқытамыз.

«Әдебиет танытқыштың» ең басында сөз өнерінің жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған: «Шығарманың екі жағы бар:

- 1) тысқы тіл жағы;
- 2) ішкі пікір жағы.

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді:

- 1) шығарманың тілінің ғылымы;
- 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді».

Бұдан шығатын түйін – Байтұрсынұлы ең алдымен шығарманың семантикалық құрылымына назар аударып отыр. Шығарманы мазмұндық жағынан қара сөз бен дарынды сөз жүйесі деп бөлуі соның айғағы. Сонымен, «Әдебиет танытқыштағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталатын екінші тарауда асыл сөз теориясының негізгі белгілері тұтастай талданады. Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымы бойынша, көркем сөз – көп қабатты құбылыс. Оның құрамында сөздің негізгі теориялық басымдықтары белгіленген:

«Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әләптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады».

Зерттеуші: «А. Байтұрсынұлы көркемдіктің негізгі спецификалық категорияларына басты көңіл аударады, яғни, тек ой желісіндегі көркемдіктің реттілігі ғана ашылып қоймайды, сонымен қатар олардың түпкі белгілері («Көркем сөз – көңіл тілі»; «көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе») яғни адам санасының көркемдік әлемді сезіну негіздері қатар түсіндіріледі. Мұның бір шеті адамның образды қабылдау бейімдігіне де қатысты («яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау») Мұның өзі бейнелеу категориялардың мәніне, санадағы бейнеге ұласады. Бұл тұрғыда Потемня еңбектеріне сілтеме жасауға болады. З. Фрейдтен Э. Фромға дейінгі бір топ психологтардың да көркем туынды мен түс көрудің жақындығы туралы көп жазуы тегін

болмаса керек.», – деген пікірге тоқталады. Зерттеуші диссертацияның қорытынды бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ сөз өнеріндегі тұңғыш іргелі теориялық еңбек ретінде де, жеке әдеби мұра ретінде де толыққанды зерттеуді талап ететіндігін ашып көрсетеді.

Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл зерттеу еңбектің келешекте арнайы кешенді түрде зерттейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл күні әдбел халықаралық терминдерге бой алдырған әдебиеттану ғылымының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді. Академик Р. Нұрғалиұлы: «Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт-деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді.

Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғанық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» дейді

Қорытындылай келе, ендігі жерде «Әдебиет теориясы» немесе жанрларға байланысты оқулық не зерттеу жазам деген қазақ «Әдебиет танытқышты» айналып өтпеуі тиіс, себебі мұнда осы еңбекте бірі айтылған, жүзі айтылмаған қаншама пайдалы, бүгінгі ұлттың әдебиеттану үшін өзекті қабат-қабат теориялық қисындар жатыр. Тек соны көре білейік, жай көріп тамсанып қоймай қажетімізге жарата білейік.

Әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана, 2003.
2. Сыздықова Р. Сөз өнері. – Алматы, 1997.
3. Тілешов Е. Әдебиет танытқыш және жанрлар теориясы. – Әдебиет порталы. 17.08.2015.
4. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996.
5. Қабдолов З. Классикалық зерттеулер. 15-том, 2001.
6. А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

ҒТАХР: 16.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ

Ақылбекова М.К., мұғалім

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Ы. Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ,
ms.madina74@mail.ru

Елбасына төнген кешегі қара түнектің көбесі сетінеп, әділеттің ақ жалауы көтерілгелі бері қазақтың ұлттық мәдениеті аспанында шуақты нұрын төгіп жарқырай жайнаған рухани көсемдер туралы, олардың өмірі мен шығармашылық өнері жайлы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік қарымы туралы біраз дүниелер жазылып, көпке беймағлұм көмескі жайлардың көзі ашылғандай. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай, рухани қазынамыздың олқы тұсының орны тола бастады. Тарих тұңғығына батып мәңгі жоғала жаздаған Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Алаш ардагері арыс ұлдарымыздың асыл еңбектерін көздің қарашығындай сақтап, осы күнге жеткізген жеке адамдарға, архив қызметкерлеріне және бұларға жабылған жаланы жұлып тастап ақтауда ат салысқан еліміздің естияр азаматтарына жұрт риза екенін айта кеткіміз келеді. Жалпы айтқанда, Ахметтің көп дүниесі көңілде жатталып, көкейде түйіліп қалған.

Ахмет Байтұрсынұлы – әр қазақ үшін қасиетті есім. Ол өз ұлты-ның бағы үшін өмірдің барлық саласына бел шеше кірісті. Бұған оның артында қалған ісі, атақ-даңқы дәлел. Бүкіл қазақ елі

А. Байтұрсынұлындай бір туар перзентін: қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, алаш қайраткері, елін сүйген патриот ретінде жақсы біледі. Ол өзінің әр ісінде қазақ халқының отаршылдықтың зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін насихаттаудан жалыққан емес.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолының басталу мерзімі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде, Қарқаралы петициясы өтті. Қарқаралы петициясында қазақ халқы үшін аса маңызды мәселелер қарастырылды. Олар: жергілікті басқару, сот, қазақ елінің мүддесіне сәйкес білім беру, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет

шығару және баспахана ашуға рұқсат, ескірген дала ережесін ауыстыру, қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыруды үзілді-кесілді тоқтатуды талап ету. Қазақ жері, орыс мемлекеті жүргізген озбыр отарлық саясаттың табанына түсіп, құнарлы өңірлері келімсектердің пайдасына тартылғаны өз алдына, Ресей империясының игілігі үшін тауар шығаратын өндіріс ошақтары ашылып, үлкен елді мекендер көбейген сайын жергілікті халықтың, кешегі арда жұрттың әлеуметтік жағдайы төмендей бергені де белгілі. Пікірімізді дәлелдеу үшін ұлан далада тіршілік кешкен жұрттың сол кездегі негізгі материалдық игілігін құрайтын мал саны жыл өткен сайын кеміп отырғанын мысал етсек те жеткілікті. Қазақтың Орта жүзінде хандық институт жойылып, байтақ өлке губерниялар мен дуандарға бөлінген.

Алаштың ұлы перзенті, Әлихан Бөкейхановтың сілтемесіне сүйенетін болсақ, әрбір ауылдан жер қайысқан мал өріп шығады екен. Қазіргі Қарағанды облысының мұрағат құжаттарындағы XIX ғасырдың соңына қарай Қарқаралы оясындағы халықтың табиғи өсімі біршама ілгері басқанын айғақтайды. Бірақ, өңірдегі мал саны күрт кеміп отырған. Қарқаралы петициясын ұйымдастырып, 14500 адамның қолын жинаған авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор В.Н. Троицкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ 1910 жылы 19 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлын қазақ даласынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылы наурыз айында Ресейдің, Орынбор қаласына жер аударылып, 1917 жылдың соңына дейін 7 жыл бойы тұрып қалады. Ахмет өмірінің Орынборда өткізген кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы да құнды шағы еді. Орынборда сенімді достары А. Бөкейханұлы мен М. Дулатұлын кезіктіріп, қазақ зиялыларының қолдауымен 1913 -1918 жылға дейін жалпыұлттық «ҚАЗАҚ» газетінің бас редакторлық міндетін мүлтіксіз атқарған Ахаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді қағазға түсіріп, дүйім жұртшылыққа жария етуге зор мүмкіндік алады.

«Қазақ» газеті қазақ халқын қараңғылықтан құтқарудың шамшырағы болса, сондай-ақ өнер, білім игерудің бастамасы еді. Міне осы кезеңде Ахметке «ұлтшыл, буржуазияшыл» дейтін ала таңба басылған болатын. Ахаңның о бастағы рухани өмірінің қалыптасуы, осы газетке де тікелей байланысты. Ахмет сияқты Алаш ардақтысының, ұстанған бағыт-бағдарын, оның өз халқын прогреске алып шығар дұрыс жол болғанын айқындай түс өте ауыр болды. А. Байтұрсынұлының қазан төңкерісіне дейінгі өмір жолының қайсыбір тұстары міне осындай. Бұл жолдың тіпті де оңай болмағанын баяндаған азын-аулақ деректерден-ақ байқауға болар. Қит етсе, түрмеге жабу, бостандықта жүргенінің өзін де үнемі аңдуда, тексерісте болу, тіпті басқан қадамын былай қойып, ашқан аузын, жазған сөзін бағып, қия бастырмай тұншықтыруға шыдау үшін адамға қандай күш, жігер, қайрат керек. Өстіп жүріп, тығырықта өмір кешсе де Ахаң елім, жерім, халқым деп тыныстауын бір сәтке де тоқтатпаған, ол ел мүддесіне жарарлық, халық санасын ашарлық қыруар дүниені берді. Бұл ел деп соққан үлкен жүректің ыстық махаббатынан ғана туындайтын қазына.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы ел тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттерінің тарихи, саяси құбылыстарына тікелей араласып, «Қазақ» газетіне жариялау арқылы қараша халыққа саяси бағыт-бағдар беріп отырды. Ахаң өмірінің төңкерістен кейінгі бөлігі тіпті күрделі, тіпті қайғылы өтті. Жан түршігерлік азап үшін туылған жан дерсің. Төңкеріске дейінгі өзі айқасқан надандық пен қараңғылық жыл өткен сайын құбылып, тәсілденіп, әлденіп алғандай Ахметтің қыр соңынан қалған емес. Қайта зұлымдық пен қорқаулық, арызқойлық пен алауыздық дертін індеттей үдетуші қаскүнемдер жаңа заманның терісін айналдырып киген бөрісіндей боп, жақсылықтың ұрығын шашушы жандардың соңынан шам алып түскені мәлім. Бұл кезеңде қазақ зиялылары ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылып, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Онда ұлт өміріне қатысты өзекті мәселелерді қарау, соған сай саяси партия құру ісін қолға алуға қажетті алғышарттар қалыптасты.

Тұңғыш жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съез оны даярлауды Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған кеңес бюросына тапсырды. Алғаш жалпы қазақ съезіне қатысқан М. Шоқай өзінің естеліктерінде: бұл жиынға өзбек және татар өкілдері де қатысты, олар өздерінің ыстық ықыласын, жылы лебізін білдірді: «Сөйтіп құрылтай ұлы түркі халықтарының бас қосқан, мызғымас бірлігін көрсететін сахнаға айналды» – дейді. І-ші жалпықазақ съезін ұйымдастыру бюросы «Қазақ» газетінің 24-маусым күнгі санында съездің тәртібіне қойылатын мәселелерге байланысты ел талқысына өз тұжырымдарын ұсынды.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлының қатысуымен құралған бұл партия бағдарламасына терең үніле отырып, қазақ елінің күнделікті тыныс тіршілігінде қиын-қыстау күнді бастан кешіргенін, отаршылдықтың зорлық-зомбылығын әбден кешкенін байқауға болады.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна» ЖШС, 2010.
2. «Маңғыстау» энциклопедиясына, компьютерлік баспа орталығы. – 2007.
3. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы. – Алматы, 2002.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. ҚР білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.

ҒТАХР: 16.01

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР

Корнебаева Ш.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, № 29 орта мектеп «Пальмира» really_85@mail.ru

Қазақ тілі-біздің рухани өзегіміз. Біздің міндетіміз-оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының тәжірибесіне үйлесімді түрде қосылатын қазіргі заманғы тіл қалдыруымыз керек.

Біздің егемендігіміз, тәуелсіздігіміз ұлтты бекемдеп, оны бекемдей түсетін – бұл ана тілі. Бұл біздің мемлекетіміздің егемендігінің тәжірибесінде басты гауһар.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, ұлт көшбасшысы қазақ тілін латын графикасына көшіру процесі жақсы дайындалған және сараланған болуы тиіс деген. Латын әліпбиіне көшу заман талабы, бұл біздің әлемге кірігуімізге, ағылшын тілі мен интернет тілін жақсырақ үйренуімізге жағдай жасайды. Осы педагогикалық идеяның жаңашылдығы және құндылығы ретінде латын әліпбиін жаңа қырынан зерттеу және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасап сіздерге ұсыну.

Мақсаты: Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін оқу мен дәріптеу және насихаттау.

Міндеттері:

Оқушылардың бойында латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі жайлы еңбектерін құрметтеу дағдыларын қалыптастыру;

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі жайлы құндылықтарын дәріптеу;

Өзектілігі: Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін танымдық тұрғыдан зерттеу.

Деректік негізі: Ғылыми жұмысты жазу барысында осы уақытқа дейін ғылыми айналымға тартылмай келген баспа сөз материалдары мен тарихи түрлі әдебиеттер, интернет ақпараттары, ғылыми зерттеулердің мәліметтері сұрыпталып алынды.

Болжамы: Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі арқылы оқушылардың өзін өзі тәрбиелеуі және зияткер ұрпақтың қалыптасуына тарихи көмек.

Зерттеудің кезеңдері: Зерттеу жұмысының мақсаты мен тақырып ерекшелігіне байланысты әдеби-тарихи, жүйелі-сипаттамалық, баяндау, салыстырмалы талдау мен жинақтау, жүйелеу және оны түсіндіру әдістері қолданылды.

Ғылыми жаңашыл идеясы: Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін танымдық тұрғыдан зерттелуі.

Латын әліпбиіне Көшу-заман талабы. Ұлы Дала тарихына көз жүгіртсек, бірінші орында – байлық, екінші орында – тіл, үшінші орында-мемлекет және оның тарихы болу керек.

Ахмет Байтұрсынов, ғалым-педагог, «Ұлттың сақтауына иә, жоғалына да себеп болатын нәрсенің ең қуаты – тілі» деді.

Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазбаша түрде қолданған. Бұл біз үшін таңқаларлық емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиіне көшу ұлт санасының құлпын ашады, бізге түркі және жаһандық әлеммен интеграциялануға, ежелгі әліпбиге оралуға және ұлттық санамызды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі компьютерлік ғасырда латын әліпбиінің үстемдігі жақсы белгілі. Электрондық поштаның әріптері мен паспорт нөмірлері және машина нөмірлері де латын тілінде. Алайда латын әліпбиі бізді таң қалдырмайды. Біздің ғалымдар латын әліпбиінің көмегімен тілдің тазалығын, қосымша символдар мен емшелерді қолдануды, ережелерді қысқартуды, ең бастысы, халықаралық мәртебеге ие болу мүмкіндігін қолдайтынымызды атап өтті. «Тіліміздің тазалығын қамтамасыз ету және оның тіл үйренуін жеңілдету» үшін осы бастаманы қолдау және жүзеге асыру біздің қолымызда.

Жаңа қазақ әліпбиі немесе латын жазуына «Ахметше» көшу феномені

«Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егерде біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе».

Жасыратыны жоқ, «кеңестендіру» саясатының XX ғасырдың 70-жылдары Қазақ Республикасында қатты күш алғаны белгілі. Алдымен қазақтың қалаларын «орыстандырды». Сол себептен, ана тілімізді алғашқы менсінбеушілер қала қазақтары болды. Өйткені олар сол тілді игергендіктен, дүниені сол тіл арқылы танығандықтан, соның шырғауынан шыға алмай қалды. Кеңес билігі қазақтың қалаларындағы жергілікті халықтың санын арттырмау саясатын ұстанды.

Екіншіден, олардың тілді менсінбеу себебінің түп төркіні одан да тереңде. Мәселен, Кеңес Одағы кезінде қазақтарға қалада тұруға шектеу салынды, олардың тек 20 пайызына ғана рұқсат етілді. Ал сырттан келгендер болса, төмен қызметтерге қабылданды, баспанасы болмады. Сол себепті қалалықтар оларға үстем көзқараспен қарады. Ал ауылдан келген қазақтың балалары ортаға бейімделу үшін қисыны келсін, келмесін басқа тілде шүлдірлей бастады. Құдайға шүкір, тәуелсіздік жылдары жергілікті халық өз елінде негізгі өндірістің жұмысшы күшіне айналды. Олардың зиялы қауым санатына көтерілу деңгейі де қарқындап дамып келеді. Дегенмен, күні бүгінге дейін билік сатыларында тәуелсіз жылдары дүниеге келсе де қазақша бір ауыз сөз қақпайтын, не шала сауатты будан буынның өкілдері де кезігіп қалады. Олар әу баста ана тілін бойына сіңірмеген соң, рухани кембағал болып қала беруде. Тіпті осы тәуелсіздікпен түйедей құрдас жиырма бес жастағы жастардың қазақша білмеуін немен және қалай түсіндіруге болады?!

Қазақтың тілі туралы сындарлы еңбек жазған алаш азаматтарының бірі Х.Досмұхамедұлы (1883-1939): «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілдің заңымен айтамын деп шатасады» – дейді. Ал, дәл қазіргі ұрпақ оқуды өзге тілде бастап, кейіннен ана тілде сөйлеймін деп шатасып жүр. Сондықтан, бұл мәселе әліпби таңдаумен ғана шешіле салайын деп тұрған жоқ. Ол үшін алдымен 1957 жылы іргесі қаланған “Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін” өзгерту керек.

Бүгінгі күні латиницаға өтуге мұқтаждық бар. Латиницаға көшу мәселесі бірінші болып тәуелсіздік алған жылдары бір көтерілді. Қазақ қоғамы екінші мәрте аталмыш мәселені 2005-2007 ж.ж. тағы бір көтерді. Елбасы «2025 жыл» деп нақты мерзім белгілегеннен кейін, «латын әліпбиіне көшкен дұрыс па, бұрыс па?» деген сауал төңірегінде 20 жыл бойы жүрген көкезу талқылау тыйылып, бұл маңызды іс бір табан ілгері басты.

1937-38 ж.ж. қуғын-сүргіннің құрбаны болған қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының латын әліпбиін негізге ала отырып қазіргі заманауи нұсқасы жасалды.

Қазақ әліпбиінің тарихынан: араб графикасы-латын әліпбиі-кириллица және проблемалар. Латын негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі болу керек пе, жоқ па? Жақында бұл мәселе ауада бір жерде болып, кейде бұқаралық ақпарат құралдарында өзін еске түсіріп, қоғамның санасын қысқа уақытқа қозғап, содан кейін уақытша кеңістікте жоғалып кететін сияқты.

Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жаңа әліпбидің бірнеше жобасын енгізгеннен кейін қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуін талқылау жаңа белеске көтеріліп, проблеманы шешудің ауырлық орталығын қазақ тілінің орфографиясы саласына көшірді.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын білдіретін тоғыз әріптің (жаңа әліпби бойынша олардың сегізі болды) «тағдыры» жұртшылықтың басты алаңдаушылығын тудырды.

Жүз жыл бұрын қазақ жазуы латын әліпбиі бізге араб графикасын алмастырған кезде осындай реформаны бастан өткергені белгілі. Қазақ жазуын ауыстыру бойынша алдыңғы науқандардың қалай өткенін білу, сондай – ақ өткен және қазіргі кездегі қазақ әліпбиі мәселелерін талқылаудың негізгі

сәттерін салыстыру үшін оқырмандарға отандық тарихтың сол тарихи кезеңінде қысқаша белгілеп, қысқаша экскурсия жасауды ұсынамыз: араб графикасы – латын әліпбиі-кириллица.

Қазақ АССР Орталық Атқарушы комитетінің (ҚазЦИК) 1928 жылғы 14 желтоқсанда жаңа әліпби енгізу туралы декрет қабылдауына Орта Азия елдерінің ұзақ және қызу пікірталастары, түркітанушылардың съездері, республикааралық кеңестері себеп болды.

Бірақ Қазақстанда 1924-1927 жылдары консерваторлар (арабистер) мен Новаторлар (латинистер) арасында өткен пікірталасқа тоқталғым келеді, өйткені олар қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа әліпбиге қатысты барлық жағымсыз және жағымсыз мәселелерді талқылауға шақырылған болатын.

Ең қызығы, сол кезде және қазіргі уақытта жаңа әліпбиді әзірлеу және енгізу жөніндегі іс-шараларда көптеген ұқсас сәттер, ситуациялық және ұйымдастырушылық жағдайлар бар.

Бұл жерде сол кездің де латындандыру жөніндегі науқан Қазақстанға басқа түркітілдес одақтас республикаларға қарағанда салыстырмалы түрде кешірек келгенін атап өткен жөн. Бұл сол кезде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып Ахмет Байтұрсынов әзірлеген араб графикасы негізіндегі жақсы ойластырылған және ғылыми негізделген әліпбидің болуымен түсіндіріледі. Онда түрлі оқулықтар, халықтың сауатсыздығын жою жөніндегі құралдар жарық көрді, соның арқасында ағарту саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Байтұрсыновтың әліпбиі халық арасында «төте жазу» деген атпен бекітілген, оны көбінесе Қытайда және қазіргі уақытта шетелде тұратын отандастарымыз қолданады.

Ахмет Байтұрсынов латын әліпбиіне көшуге қарсы шығып, өз ұстанымын келесі түрде білдірген: «біз, казактар (1936 жылға дейін қолданылған эказактар) атауының дұрыстығын сақтау мақсатында түзетусіз беріледі), өз сөзіміздің негізгі элементтерін баяғыда анықтап, оларды тиісті белгілермен белгіледік, жақсы жазамыз, жақсы оқимыз, грамотаны орыстар, немістер, француздар, ағылшындар және басқаларға қарағанда әлдеқайда жеңіл және тезірек меңгереміз. Неге бізге тағы? Жоқ, олар бізге қаріпімізді латын тіліне ауыстыру керек дейді, өйткені біздің қаріпіміз біздікі емес – араб...»деді.

Өз пайымдауларына негізделе отырып, сондай-ақ тіл саласындағы кейбір әлемдік ғалымдардың тәжірибесін ескере отырып, Ахмет Байтұрсынов пікірталасқа қатысушылардың алдына мынадай сұрақтар қояды: осы тілдің негізгі сөйлеу элементтерін толық бейнелеу үшін қаріптің осы немесе басқа жүйесі қаншалықты жарамды, қандай жүйе бойынша баспа және қолжазба мәтіндері оқылады, қай жүйе бойынша тезірек жазылады және жазылғаны жақсы түсініледі, қандай қаріп жүйесі типографиялық техника үшін неғұрлым ыңғайлы болып табылады, қандай жүйе сауаттылықты оқыту үшін – басылған, қолмен жазылған мәтіннің сұлулығы және көзге «гигиена» деді.

Ахмет Байтұрсынов бастаған «арабистер» Араб жүйесіндегі қазақ тілінің дыбыстарын белгілеуге арналған таңбалар қоры латын тілінен гөрі анағұрлым қолайлы, өйткені қазақ тілінің дыбыстарын белгілеуге арналған Араб жүйесіндегі 19 белгі жазу мен дыбыстық мағынасын өзгертпей, 5 белгі жазу мен мағынасын өзгертпей алды. Латын алфавитінде 15 әріп стильді өзгертпестен және 7 әріп стилі мен дыбыстық мағынасын өзгертпестен қызмет ете алады. Ал қазақ тілінің дыбыстарына сәйкес келетін белгілер жоқ және әріптер ойлап табылған...«Сонымен бірге, латинистерді мәселенің ғылымилығына назар аударуға шақыра отырып, «бас арабист» бір жағынан Латын әліпбиі Батыста бар түрінде түркі тілдерінің дыбыстық құрамын 25-30 пайызға қанағаттандырмайтынын және оны түркі халықтарының дыбыстарына бейімдеу үшін реформа қажет екенін атап өтті.

Бұл, өз кезегінде, қосымша белгілерді толтырмай дайын қаріптің бірде-бір жиынтығын және тиісті өзгертулер енгізбестен бірде-бір баспа машинкасын пайдалануға болмайды дегенді білдіреді.

Бірақ соңғы уақытта Қазақстанның түрлі қалаларында латинистер өткізген баяндамалар мен жиналыстардан кейін Қазақ үкіметі жаңа әліпбиге сәл ықыласпен қарай бастады. Енді Қазақстандағы жаңа әліпби туралы мәселе Үкімет осы мәселеге өзінің көзқарасын түпкілікті айқындауы тиіс, академиялық даулар жазықтығынан мәселе іс жүзінде жүзеге асыру жазықтығына көшірілуі тиіс кезеңге жетті...".

Мәселен, Республика Үкіметінің қаулысы бойынша 1927 жылғы 19 маусымда жаңа қазақ әліпбиінің орталық комитеті (ҰҒА ОК) жұмыс істей бастайды, ол 1937 жылға дейін, яғни басқа жазбаша графиканы – кириллицаны енгізу сәтіне дейін жұмыс істеді.

ҰҒА Орталық Комитеті қазақ тілінің сингармонизмі, латын тілдерінің жалпы қабылданған стильдері мен мағыналарын ерекше қажеттіліксіз бұрмаламау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, белгілердің түркі тілдерінің ұқсас дыбыстарына сәйкестігін сақтай отырып, латын негізіндегі жаңа қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуде.

Бұл жоба 1928 жылы 12 желтоқсанда Қызылорда қаласында (сол кезде Қазақ АКСР астанасы) өткен латинистер жақтаушылары конференциясына қатысушылардың қарауына ұсынылды.

Басқа түркі тілдес республикалардың шекарасын біріздендіру мақсатында конференцияға қатысушылар қызу талқылаулардан кейін жаңа қазақ әліпбиінің келесі әріптерін өзгеріссіз қалдыру туралы бірауыздан пікірге келеді:

Латын әліпбиін 3D анимациялық сюжеттерде үйрету практикасы

Латын әліпбиіне көшкенде ұтатын тұстарымыз мыналар:

– *Біріншіден*, тіл тазалығы мәселесі, яғни тіліміздегі жат дыбыстарды таңбаларды қысқартып, қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

– *Екіншіден*, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге, яғни компьютерлік жаңа технологиялар кеңістігіне шығуына жол ашады.

– *Үшіншіден*, жалпы түркі дүниесі негізінен латын әрпін қолданады.

Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты күшейтуіміз керек.

Қазіргі заман талабы болып тұрған латын әліпбиіне шығу арқылы, халықаралық аренада жаңа беделге ие боламыз. Яғни біздің ұлттық кодымыз, тарихымыз, тіліміз әлемдік беделге ие болар тұстары көп болары сөзсіз. Ұлы даналарымызбен шешендеріміз, тарихи тұлғаларымыз жаңа қырынан тағы бір зерттеліп латын әліпбиіне жазылу арқылы әлемдік әдебиет беттерінен табылатыны сөзсіз айқын. Латын әліпбиін зерттеп жатқан сала мен маман әрине көп. Әркімнің өзіндік идеясы мен болжамы бар дегендей.

Қорытынды. Педагогикалық идеяны қорытындылай келе латын әліпбиіне көшу – Қазақстан үшін тарихи қажеттілік, бұл әлемдік ғылыми және технологиялық үдерістерге интеграцияланудың тағы бір мүмкіндігі екендігін тұжырымдадық.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – саяси мәселе емес, уақыт талабы деп есептейміз жетекшіміз екеуіміз.

Ақпараттық технологиялар ғасырында біз уақытпен бірге қадам басуымыз керек.

Бұл жағдайда кириллица алфавиті біздің өмірімізден мүлдем жоғалады деп қорқудың қажеті жоқ.

Біріншіден, Қазақстанда ресми тіл болып табылатын орыс тілі бар. Екіншіден, барлық кітаптардың, энциклопедиялардың ескі нұсқалары қалады. Уақыт өте келе олардың барлығы латын әліпбиіне ауыстырылады, бірақ ескі нұсқалары сақталады.

Сонымен қатар, көп ұзамай латын қарпімен шығарылған кітаптар еліміздің кітап қорының ажырамас бөлігі болады. Қоғам жаңа әліпби бойынша жаңа оқулықтарды оқи бастайды және жаңа биіктерге жету жолында батыл қадам басады дегім келеді.

Сондай-ақ, біз жақын арада латын қарпіндегі газеттер мен журналдар жарыққа шыға бастайды, яғни біздің азаматтарымыздың сұранысына ие баспа құралдары және адамдар қазірдің өзінде тілді өз бетінше меңгере алады деген сенімдеміз. Бұл өте қиын емес. Дағдылар өте тез келеді.

Латын әліпбиіне көшу бағытында түрлі маман салалары да жұмыс жасауда. Ал педагогикалық идеяның құндылығыда осында, осы уақытқа дейін тың зерттелмеген деректермен идеяның болжамын нақтылай түстім.

Осы орайда латын әліпбиінің біздің елде тез дамуына үлес қосу мақсатында жасаған 3 D анимациялық сюжеттік бағыттағы латын әріптерімен жасалған бейнелер ортамызда сұранысқа ие болды. Және қоғам арасында сұранысқа ие болатынын тәжірбие барысында анықтадық.

Әдебиеттер

1. А. Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жиынтығы. – Т.4. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Ел – шежіре», 2013. – 384 бет.
2. Ә.Жүнісбек «Төл әліпби – төл жазу мәселелері» Алматы: Дайк – Пресс, 2017. – 232 бет.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құраст.: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 420 б.
5. Әліппе айтысы. Құрасырғандар: Мәжітаева Ш. – Қарағанды, 1990.
6. <https://www.renderforest.com/ru/template/3d-explainer-video-toolkit>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ АТАСЫ

Калиева Н.А., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің
«Мыңбұлақ жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ұлт болашағы өскелең ұрпақтың дүниетанымының терең, интеллектуалдық деңгейінің биік болуы мектеп қабырғасынан қалыптасады. Ол балаға жаңа әлемді танып-біліп, адамдармен қарым-қатынас орнатуға, түрлі құндылықтарды бағалауға себеп болады. Ал мұның алғашқы сатысы – бастауыш мектеп, алғашқы оқулықтар және ұстаздар. Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі-Ахмет Байтұрсынов. Қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де Ахмет енгізгенін естен шығармағанымыз жөн. А. Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар уақыты – бастауыш білім алатын шағында. Бұл уақытта баланың жаны жаңалыққа құмар болып, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын кезеңге сәйкес келеді. Сансыз, толассыз сұрақтар көп қойылады. Бұл турасында ұстаздар тарапынан да сауалдардың туындауы мүмкін. Мәселен, оқу-білімге деген ынтаны арттыру үшін не істеу керек? Даналыққа баланы қалай бағыттай аламыз? Сапалы білімді қалай жеткізу керек? Әлемге әйгілі ғалымдар «адам баласының бойындағы дарындылық тек бір ғана пайыз болады, ал қалғаны оның тәрбиесі мен өзінің өсіп жетілгеніне байланысты» деген ой айтады. Мұнымен қазақтың ақыны, әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы да келіседі. Оған балаларға айтқан өсиеті мен өлең жолдары негіз бола алады. Мәселен, «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп ілімге шақырған ағартушының тілді оқыту әдістемесіне қосқан үлесі зор. Оның «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: "Адам білімді тәжірибе көмегі арқылы, өздігінен тырмысып үйренуі қажет.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. “Әліпби”, “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш” т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми өресі биік еңбектер жазды.

А. Байтұрсыновтың ағартушылық ой-пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан “Айқап” журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан “Қазақ” газетінде (ол 5 жыл бойы осы газеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады.

Ал 1913 ж. “Қазақ” газетінде жарияланған “Оқу жайы” атты мақаласында мәдениетті елдермен мәдениетсіз, оқу-білімсіз елдерді салыстыра келіп, “Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, откемелерді жүргізген ғылым” деп өнер мен ғылымның жасампаздық күшін паш ете келеді де, қазақтың басқа жұртқа жем болуының, теңдіктен құр алақан қалуының басты себебін А. Байтұрсынов оқусыз надан қалуынан деп санайды.

Сондай-ақ, өзінің 1913 жылы “Қазақ” газетінде жарияланған “Қазақша оқу жайынан” атты мақаласында “Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқу-біліммен түзеледі” – дейді. Оқудың қоғамды өзгертуші күш екенін, жауыздық пен надандық атаулының бәрі білімсіздіктен, надандықтан туындап отырғанын тап басып тура айтты.

А. Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. “Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек”, – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде: “Осы күнгі ауыл мектебінде оқуға керекті құрал жоқ. Оқыта білетін мұғалім аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...” деп ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз етеді.

А.Байтұрсынов: “... Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, хәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, хәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген программа” – деп оқытуға қажетті мәселелерді ғылыми тұрғыда талдап береді.

Бұрынғы қадім жазуы бойынша әр әріптің таңбасы сөз басында біртүрлі, сөз ортасында біртүрлі, сөз аяғында біртүрлі болып белгіленетін. Және бас әріп, кіші әріп таңбасы болатын, сөйтіп 28 әріптің 145-150 таңбасы бар еді. Ал ол баланың тез сауаттануына үлкен кедергі келтірді. А.Байтұрсынов осы әріп таңбаларын 56-ға түсіріп және жаңартып, мүлде жеңілдетті. Бұдан балалар тез сауаттанып, жылдам оқи, жаза алатын болды. Сондай-ақ, А.Байтұрсынов 1926 ж. “Әліпбидің” жаңа суретті түрін кітап етіп қайта бастырып шығарды. Бұл “Әліпбидің” мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекеттік білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шықты. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық болды.

Жаңа “әліпбидің” тағы бір ерекшелігі қазақтың ежелгі ауыз әдебиеті үлгілері, төрт түлік туралы өлең-жыр, жұмбақ, мақал-мәтел, аңыз, әңгімелер үзінділерін әр әріпті өтуге байланысты орынды пайдалануы және олардың тәлімдік те, танымдық та маңызын ескере отырып іріктелуі еді. Ол балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтыру әдіс-тәсілдерін терең қарастырды. Сауаттылықтың негізі жазуға жаттықтыру деп қарады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

А. Байтұрсынов методикалық бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 ж. қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды. Онда автор мұғалімдерге “Әліппені” оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп берді.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлының еліне, ұлтына, келешек ұрпақ үшін атқарған игі істері біз үшін сарқылмас мұра, үлгі болып, қымбат қазына болып қала бермек.

Ұлт ұстазының қазақ баласы үшін еңбегі зор екенін шәкірттерге үнемі насихаттап отырамыз. Ол үшін арнайы сынып сағаттарын өткізіп, Ахмет оқуларына балаларды қатыстырып отырамыз. Өткен тарихты білу-ұрпақтың міндеті. «Өткенсіз бүгін, бүгінсіз келешек жоқ» деген бабадан қалған қағиданы адамзат тіршілігіндегі шартты ұстанымдардың бірі деп қарау қажет.

Әдебиеттер

1. Р.С. Имаханбетова. Ғасыр саңлағы: А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана, 2010.
2. А.Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы, 4-т. – Алматы: Алаш, 2006.
3. А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы, 4-т. – Алматы: Ел шежіре, 2006.

ҒТАХР: 17.09.91

ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ЛИНГВИСТ-ҒАЛЫМ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Аубакирова Ш.Қ., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«№ 38 ЖОББМЛ» КММ, Семей қаласы

XX ғасырдың басында қазақ халқының мәдениет пен ғылым саласында жүргізілген ауқымды жұмыстарының бірі-оқулық жазу ісі. Ол кезде жаңадан ашылып жатқан орта және жоғары оқу орындарын айтпағанда, мектеп оқулықтарының өзі жоқ еді. Қазақ тілі мен әдебиеті саласында жүргізілген сан алуан жұмыстардың бірі-оқулықтардың қажеттілігі, соны өтеу үшін қазақ зиялыларының оқулық жазу еңбектері.

Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына көп көңіл бөлген. Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылы «Қазақ» газеті арқылы ол қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін, халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. А. Байтұрсыновтың сол кездегі айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық

деп отырғаны – халқының білім-ғылымынан қалып келе жатқандығы. Мұның себебі – қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін – деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді [1].

А. Байтұрсынұлы оқулықтар жазу мәселесіне асқан жауапкершілікпен қарады. Қазақ жұртының сол кездегі қажеттілігін өтеп тұрған кириллица таңбасының қазақ сөздерінің табиғатына сай келмейтінін ескеріп, тыңнан жол іздеді. Сол жолды тапты да. Қазақ жұртының ана тілінің заңдылықтарын сақтау үшін жаңа «әліпбидің» қажеттілігін жанымен сезіне білген ғалым тыңнан түрен салды.

А. Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды.

Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. М. Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Әрі осы жолда жолда қазақ баласы үшін түрен жол салып берді. «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» – деп, «ана тіл» деген пән сөздің негізгі мәні атау тұлғадағы ұғым екеніне үлкен салмақ салып, әрі төл тілдің бастау көзін ашып алады. Осы мақаладағы асты сызылған тіркестердің мән-мағынасын ашып жатудың өзі артық, бірақ осы «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деп, таза арабшамен тіл сындырушылардың да төл тілінен ажырайтынын, қазақша қалпын жоғалтатынын айтып отыр. «Қазақтың тіліменен оқытуды» көксейді, сол қазақ тілінде оқытудың амал-тәсілдерін, «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетіп те берді. Ең бастысы «әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген ағартушы қазақ әрпін әрлеуді қолға алады [2].

«Тіл-құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бұл туралы автордың өзі былай дейді: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерег жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа болады.

«Тіл-құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: Сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буынындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер: Қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар, үйткені, «Тіл – құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету керек. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл-құралы» тіл білімінің негіз болғандықтан нық үйретулерге керек» [3].

Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген. Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, бірінші жылы

оқытылатын «Тіл – құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар, әріптер туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, оқулықта қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 жылы тілші ғалым А. Қыдыршаев ғылыми зерт-теу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды. Шындығында, осы «Тіл – құрал» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі – 6 рет басылған.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қосқан тағы бір оқулығы – «Әліп-би. Жаңа құрал». Оқулық 1926 жылы бұрынғы Оқу құралы Қазақша алифбаға жалғасты кітап ретінде жазылған. Кітап 14 жылдан соң қолданылған тәжірибе сынақтан өтіп қайта өңделіп, 1926-шы жылы Қызылорда баспаханасынан шыққан, 1928-ші жылы тағы басылды. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927-ші жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928-ші жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-нші рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927-ші жылдары жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. Бірақ, ол басылымдардың мәтінімен толық танысудың мүмкіндігі болмады. 1926 және 1928-ші жылғы басылымдарды салыстырғанда өзгерістер байқалмады.

1928-ші жылғы нұсқа 1992-ші жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді. 1992-ші жылғы басылымда түпнұсқадағы суреттер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сурет болу керектігіне ескертпе айтылады да төте жазумен қатар кирилше жазылуын берген. Мәселен, 1926-шы жылғы нұсқада әр тақырыпқа қажетті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың қабылдауына жеңіл болатынын негізге алған әдіскер-ұстаз кейінгі басылымда да суреттердің көрнекті болғанын назарда ұстаған. 1992-ші жылғы басылымда өкініштісі суреттер басты назарда болмаған, түпнұсқадағы 32-беттегі: «Кім табады?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 суреттің тақырыпқа сай орны, «Тіл тағылымы» жинағында басқа 54-бетке ауысып кеткендіктен суреттің төменгі жағында берілген жұмбақты шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығын «түсініксіздеу» болып тұр. Осы сынды кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мысалы, сүгірет-сурет, қаріп-әріп, қадымше-қадымша, бүтін-бөтен т.б. сөздерөзгеріске ұшыраған.

1928-ші жылғы түпнұсқа – 1998-ші жылы ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай, әрі соңғы басылымның 70 жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен қайта жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі сол – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолданған жазуды дөп басып, нақ тануға мүмкіндік береді. Және төте жазуды үйренгісі келген оқырманға бірден бір көмекші құрал іспетті. Бұл кітаптың 1928-ші жылғы басылымнан шартты баспа табақ жағынан айырмашылығы жоқ. Екеуі де 114 бетпен аяқталып тұр. Тек кейбір тұстары мәселен, ішкі мұқабдағы: «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіндер!» деген ұранды тіркес түсіп қалса, шығарушыдан берілген андатпаның ретімен тізбектелген төртінші азат жол үшінші жолға қосылып берілген. Ал 7-бетте: «мұғалімдерден-мұғалымдардан», «жанастырыб-жамастырыб», «жүзіндегі-жөніндегі» деген сөздер өзгерген. Келешекте бұл оқулықтарды салыстырып, әр жылдағы оқулықтардың айырмашылығы мен жаңалықтарын қарастыру филолог мамандардың міндеті.

Міне, осы ғалымның еңбектерін зерттеген бірнеше ғалым дар мен олардың еңбектеріне біраз тоқталсақ.

Тілші ғалым Ө. Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» деп бағаласа, ахметтанушы ғалым Р.Сыздықова: «...Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуда А. Байтұрсынұлы тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама (характеризующий) компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған... әдебиеттану саласында ұсынған терминдерінде бір тектес жеке сөздер мен әдемі әсерлі «ойнақы» компоненттер көбірек кездеседі. Мысалы, өлең кестесін – шумақ, тармақ, бунақ, буын құрайды деуі; бернелеу, әсірелеу, меңзеу деп, олардың барлығын «-у» жұрнағымен жасауы немесе көрнекті лебіз,

көсе лебіз, көрнек өнері дегендерге ұйқасты сөздерді алуы – осыны дәлелдейтін нақ деректер» – дейді (Б. 250-261). Тілші-ғалымның сөзіне жүгінсек, А. Байтұрсынұлы қазақ сөзінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (ұйқас, әуендес келетіндігін) шебер пайдаланғанын жазады.

А. Байтұрсынұлының қаламынан шыққан терминдердің, жасалу әдістерін ғылыми тұрғыдан зерттеген еңбектің бірі ретінде С. Ақаевтың «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» атты жұмысын атауға болады. Бұл ғылыми еңбекте жалпы және қазақ тілінде терминдік сөз табының пайда болып, жасалу тарихы талданып, кезеңдестіріледі. Зерттеуде тілтанушы ғалымның қазақ тілінде терминдерді арнайы жасаудағы тәжірибесі, маңызы, терминдердің тәсілдік сипаттары кеңінен сөз болады.

2008 жылы Ш. Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» [4] атты монографиясы жарыққа шықты. Ғылыми зерттеуде ХХ-шы ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы, қалыптасуы қарастырылған. Жұмыстың алғашқы тарауы «Алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыру міндеті» деп аталып, мұнда қазақ ғылым тілінің ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған факторлар туралы сөз болады. Зерттеуші ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуы мен ұлттық терминологиялық қордың жасалуына үлес қосқан зиялылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталған.

Ш. Құрманбайұлы Ахаңның замандастары баба буын «рухани көсем» деп дәріптеген, бүгінгі аға буын тілші-ғалымдар «ұлт мәдениетінің Хан тәңірі» деп асқақтатқан ұлт ұстазына «Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі», «Ахмет Байтұрсынұлы және ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі» деген тақырып арнап, ахметтанудың негізін салушы тілші, әдебиетші ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге алады. Олардың бірімен келіссе, енді бірімен келіспейтінінің себептерін ғылыми тұрғыдан таратып талдайды. Мәселен, ғалымның 125 жылдық мерейтойына арнайы өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарын, ғылыми жинақ етіп құрастырған, әрі жауапты редакторы, ғалым Е. Жанпейісовтың алғысөзіндегі «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» деген түйін сөзімен келісе қоймайды. Бірақ, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының қызмет жасаған аралығын «Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деген пікір айтады.

Шындығында, Байтұрсынұлын негіздеген термин жасау ғылымының жалғасын таппауы, зерттеуші өзі айтып отырғандай 30-шы жылдары Алаш зиялылары Кеңестік жүйенің саясаты салдарынан қуғын-сүргінге ұшырауы себепті іске аспай қалды емес пе?! Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты кінәлі екенін бүгінгі ұрпақ білуге міндеттіміз. Тіл маманы Ш.Құрманбайұлы ғалымға арнаған зерттеу тақырыбында, оның 10-15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, оның атқарған жұмыстарын былайша жіктейді: «1). Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы; 2). Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3). Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4). Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5). Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға; 6). Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7). Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым».

Қорыта келе, айтарымыз. әлбетте, бұл бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген өз ұлты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді-ау! Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ол түйін сөзін «аса көрнекті тілші ғалым» деп қорытыпты.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: респ.ғыл.-тәж.конф.материалдары. – Қарағанды, 2013.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009.
4. Имаханбет С. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы». – Тіл әлемі, 2019.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ,
ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ПЕДАГОГ**

*Нурлаби А.Е., Орман ресурстары және орман шаруашылығы кафедрасының ассистенті,
а.ш.ғ.магистрі,*

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана,
nurlabi-ainur@mail.ru

Ұлттық жазудың реформаторы, ұлы ағартушы педагог, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, көрнекті лингвист, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген [1].

Қазақ тілінің негізін қалаушы ретінде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген [2]. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды [1].

XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы Білім беру және білім беру жүйесі саласындағы қиындықтарды еңсеру бойынша барлық көп қырлы жұмысты өзіне шоғырландыра отырып, білім беру саласындағы қазақ мәнін бейнеледі. Білім беру жүйесін қайта құруда және жаңа шындыққа бейімдеуде маңызды рөл атқарды, кітаптар, ғылыми мақалалар жазды және оқи алмайтындар мен жаза алмайтындар үшін алфавит жасады. Қазақ лингвистикалық ғылымының негізін қалаушы бола отырып, қазақ тілінің грамматикасы бойынша ғылыми терминологияларды құрастыруға баға жетпес үлес қосты [3].

А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар конгресіне қатысу кезінде қазақ графикасы, орфография мәселелері бойынша сөз сөйледі және әсіресе қатысушыларды жаңа арабграфиялық қазақ әліпбиіне қызықтырды. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес араб әліпбиін өзгерту арқылы жаңа хат жасау оның қазақ тіліне және жалпы түркологияға көрсеткен зор еңбегі болып саналады.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі 1912 жылы қолданыла бастады, ал бір жылдан кейін медреседе және қазақ-орыс мектептерінде негізгі хат болды, ал 1929 жылдан бастап қазақ әліпбиі латын әліпбиімен жазыла бастады. Бүгінде ұмытылған арабграфиялық әліпбиді А. Байтұрсынұлы Шығыс Түркістандағы қазақтар әлі күнге дейін қолданады.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеу 1919 жылы басталды. Алғашқы зерттеулерді орыс ғалымдары жүргізді, бірақ Қазақстанда ерекше маңызды зерттеулер ұсынылды және жеке ғылыми пән құрылды. Түркияда да маңызды ғылыми зерттеулер бар. Мақалада түрік ғалымдары жүргізетін А. Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеудің негізгі бағыттарын қысқаша баяндауға әрекет жасалды [2].

Аталған мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жазылу ретін, орнын, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсетеді. Араб жазуының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтін тұстарын, басы артық әріптерін алып тастау керектігін тәптіштеп түсіндіреді. Сондай-ақ ол араб жазуын мүлдем алып тастап, басқа алфавитті алуға қарсылығын білдіреді [5, 51 б.].

19-20 ғасырларда оқу-ағарту саласының 2 түрлі бағытта болуына байланысты (медреселер, орыс-қазақ мектептері) әліппелер де араб және орыс әліпбиімен жазылды.

Қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864), «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы» (Орынбор, 1871) оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрді. Алайда «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліппе емес,

оқумен жазуды меңгерген балалардың білімі мен дүниетанымын дамытуды көздейтін оқулық еді. Бұдан кейін А.Е. Алекторовтың, А.В. Васильевтің әліппелері жарық көрді. Олар екі бөлімнен (қазақша және орысша) тұрды. Оның авторлары К. Д. Ушинскийдің басқа ұлт балалары орыс тілін саналы меңгеру үшін өзінің ана тілінде санат ашуы қажет деген қағидасын ұстанды. Бірақ қолданылған әліппелер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгелдей бере алмады [8].

Түркі зиялыларын біріктірген «Жәдитшілер ұйымының» бір топ мүшелері де қазақ мектебі үшін жаңа оқулықтар жазды. Қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеді. М. Нұрбаевтың «Әліппесі» (Уфа, 1910), З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (Қазан, 1910), М. Малдыбаев пен

Ж. Андамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» (Қазан, 1912), К. Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» (Қазан, 1913), т.б. осындай серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді. Алайда бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмады. Ал ғұлама ғалым А. Байтұрсыновтың жаңа әліпби үлгісімен жазылған «Оқу құралы» (Орынбор, 1912) қазақ мектептерінің әліппеге деген сұранысына толық жауап берді. Онда шәкірттердің сөздік қорын барынша сауат ашу жұмысына тиімді пайдалану мақсаты көзделді [6, 678 б.].

Қазақ тіліндегі сөздердің дыбысталу ұқсастықтары мен ерекшеліктері ескерілген ұтымды әдіс қолданылды. Сондай-ақ бір дыбысы ғана өзгерген сөздердің мағыналарын ажырату арқылы сөздің мағынасын нақтылау, қолдану дағдысын жетілдіру қалыптастырылды [6, 678 б.].

А. Байтұрсыновтың әріп өзгертудегі, алфавитке реформа жасаудағы бұл жаңалығы сол кездегі зиялы қауым арасында да пікірталас туғызады. Мерзімді баспасөз беттерінде оның алфавитті өзгертудегі, жаңалық енгізудегі еңбегін бірі қолдап, бірі қарсы шығып, айтыс ұйымдастырды. Сондай мақалалардың бірі 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланды. А. Күзембаев, А. Иманбеков, Ғ. Тоқтарбеков сияқты азаматтар «Емле хақында» деген мақалада тіліміздің қажетін өтейтін әріптің жоқтығын айта келіп, бұл кемшіліктің орнын Ахмет Байтұрсынов толықтырғанын айтады [5].

Қазақ зиялыларының мәдениет мәселелері бойынша, атап айтқанда, қазақ даласындағы білім беруді жүйелеуі келесі фактіні анықтады, барлық интеллигенция өздерінің саяси көзқарастарына және артықшылықтарына қарамастан қазақтар арасында білім мен сауаттылықты тарату қажеттілігі туралы әңгімеледі [9]. XX ғасырдың басындағы алда келген қазақ интеллигенциясы орыс тілін үйренуді жоққа шығармады, бірақ қазақ тілін сақтауға қауқарлы болды және қазақтардың ана тілінде білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін күресті [10].

Ахмет Байтұрсынұлы – алғашқы «жаналық ашушы» болған, өйткені ғылымдардың көп салаларында оған дейін ешкім қазақ тілінде жазбаған еңбектерді жазды. 1926 жылы қазақ әдебиеттану соның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек «Әдебиет таңытқыш» жарық көреді [11]. Сөйтіп оны қазақ әдебиеттануының негізін қалаушысы деп атауға болады.

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З. Ахметов «Әдебиет таңытқыштың» маңыздылығы мен құндылығы жайлы осылай дейді: «Әдебиет таңытқышта» негізінен, поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады [11]. Автор үлкен ғалым-тілші болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны туралы түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, анау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» [12].

Демек, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттанудағы басты терминдерді қалыптастырған еді. Шынымен де, ол терминжасам мәселесімен айналысқан еді. Терминология бойынша оның зерттеулері түріктанушылар мен қазақ тілі филологтары үшін баға жетпес құндылық болып табылады. Жазушы қазақ терминологиясының құрушылардың бірі болып табылады [13]. Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған [14].

Осы күнгі лингвистиканың дамуында сөйлеу үдерісі жөнінде көптеген ой-пікірлер қалыптасқан. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов еңбегінде «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы білуі тиіс» деп, сөйлеудің мақсатын прагматикалық тұрғыда айтып өткен [15, 149 б.].

Қорыта келгенде, XX ғасырда қазақтың өнер мен ғылымның сан-саласын меңгерген, әмбебеп тұлғамыз Ахмет Байтұрсынұлының қай салада болмасын алып келген тың идеялары мен жаңашылдық

бағытқа негізделген істері қазақ жұртының жұрт болып жұтылмауына, ұлт болып ұтылмауына кепілдік бола алатыны белгілі [18]. Өйткені қазіргі бейбіт әрі тыныш кезеңде білім саласының қай-қайсында болмасын Ахмет Байтұрсыновтың аты аталмай кетпейді [19]. Өнердің биік қазынасы тұрпатындағы әдебиетте болсын, төл тарихымызда болсын, ұлттығымыздың айшықты белгісіне айналған тіл саласында болмасын, барлық салада өз орны бар ғалым [20].

Әдебиеттер

1. <https://stan.kz/kazak-til-biliminin-atasy-akhmet-baytu/>
2. Kabadayı O. The place of Akhmet Baitursynov in turcology and studies on Akhmet Baitursynov in Turkey // Journal of Oriental Studies. – 2022. – Т. 100. – №. 1. – С. 111-120.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2 т. 1993. – 720 б.
4. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – А., 2005. – 114 б.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1 т. 1998. – 720 б.
6. Тойшыбекова Ж. Қ. XX ғ. басында Қазақстанда латын алфавитіне көшу идеясының қалыптасуы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, № 1 (136). 2005. – 195-197 бб.
7. Әбілқасымов Б. Алфавитті өзгертудің тарихын зерделесек... // «Қайнар» университетінің хабаршысы, 2001. № 1. – 15-21 бб.
8. Салқынбай А. Б. Ахмет Байтұрсынов тағлымы // Қазақ әдебиеті. № 5, 2. 11. 2006. – 8 б.
9. Кайргалиева Г. К. Абай мұрасының жоғары оқу орны білімалушыларына тәрбиелік маңызы // Приветственное слово ректора Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова. – С. 32.
10. Century x. X. Қазақстанда хх ғасырдың бірінші ширегіндегі мұсылмандық ағарту жүйесінің ұлттық саяси әрекетпен байланыстырылуы.
11. Аманова М.И. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің түркітану ғылымының дамуындағы құндылығы туралы.
12. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – А., 2001. – С.64
13. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетінен үзінді // Тіл және қоғам. Альманах. – А.: 2015 – №4(42). – С.95.
14. Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии. – Алматы: «Абзал-ай», 2014. – С. 384.
15. Байтұрсынов А. Шығармалары. – А., «Жазушы», 1989. – 318 б.
16. Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлт қайраткерлері. Монография. – Тараз: Тараз, 2014. – 342 б.
17. Ә.Кекілбай. Ұлттық рухтың ұлы тілі жинақ. «Ұстаз ұлағаты». – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
18. Ұлттың ұлы ұстазы Халқымыздың көрнекті қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады. – Алматы: 2001. – 258 б.
19. Ebooks.semgu.kz сайты
20. Massaget. kz сайты https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/

ҒТАХР: 17.82.09

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРОФРЕССОРЫ

Калауова Г.Н., Абаева Ш. К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, № 62 Н. Төреқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп, kalaouova1982@mail.ru

Алып бәйтерек Ахаң – өз дәуіріндегі қазақ тіл білімі мен әдебиетінің негізін салып, қазақ филологиясы ғылымының іргесін қалаған ғалым, реформатор. Қазақ халқының «рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынов қазақ даласында Ыбырайдан кейінгі ағартушылықпен айналысқан ұлттың ұлы ұстазы еді. Оның ағартушылық ұланғайыр еңбегі ғалымдық арнаға түсіп, қазақ балаларының сауатын ашу мақсатындағы талабы зерттеушілік қырымен толықты. А. Байтұрсынұлының қазақ балаларының өз ана тілінде сауатын ашып, білім алуы жолында зор күш қуат жұмсағаны баршаға мәлім. Зерттеуші қазақ тілі мен оның дыбыстық жүйесі және грамматикалық құрылысын зертеп зерделеуге барынша кірісті. Ол өз зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын ғылым кеңістігіне енгізді.

«А. Байтұрсынұлы араб алфавитінің негізінде қазақша әліппе жасап яғни ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізіп, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастырып және оның негізгі салаларын: Дыбыс жүйесін (фонетика); Сөз жүйесін (морфология); Сөйлем жүйесін (грамматика) тұңғыш рет зертеп, ғылыми негізін салып берді» [1: 86].

Ғалымның лингвистикалық зерттеулерінде қазіргі қазақ тілі теориясының негізі қаланды. А. Байтұрсынұлы бір жақты ғылыми зерттеулермен тұйықталмай, оқу үдерісіне арналған оқулықтар жазу ісін де қатар алып жүрді. Ол ғылыми зерттеулерін оқулықтар жазу негізінде ұлтының игілігіне асыра білген қазақ зиялысы еді.

А. Байтұрсынов қазақ жазуының табиғатына сай әліпби түзіп, емле қағидаларын қалыптастырып, «Әліппе», ана тілі оқулықтарын жазып, оқыту әдістемесін ұсынды. Ол – қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде өз ана тілімізде тұңғыш қалыптастырушы ғалым екені талассыз.

«А. Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойған: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе – «Оқу құралды»; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды»; үшінші – дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуды үйретуге көмектесетін және бір құралды жазуды қолға алып, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазды; төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы» мен «Әліппе астарын» жазды, бесіншіден – балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, бұл үшін Т.Ш. Шонановпен бірігіп, үлкен хрестоматия (ол да «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған».

Ғалым қазақ әдебиеті ғылымын зерттеу, жинақтау ісіне де аса зор мән берген. Халық ауыз әдебиетінің көркем үлгілерін ел аузынан жинап жарыққа шығаруда Ахаң орасан еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы тұңғыш зерттеуі болған «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеушілік мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы басылымында жарияланған еді. Мақалада қазақ халқының бір туар ақыны Абайдың қазақ қоғамын қалыптастырудағы көрнекті тұлға екендігі, саналы ғұмыры мен шоқтығы биік туындыларының мазмұн тереңдігі мен көркемдік ерекшелігі, ақындық шеберлігі, поэтикалық мұрасы, орыс әдебиеті үлгілерінен алған танымдық мен тәлімін, поэтикасын сөз етеді. орыс әдебиетті үлгілерімен ақын шығармашылығының байланысы турасында құнды пікірлер айтылып, ұлы ақын мұрасының эстетикалық қыры толығымен ашылып, баға берілген.

Ғалым «Ер Сайын» эпостық жырына алғы сөз жазып, түсінік берген. Атаулы эпосты басып шығару ісін қолға алып, тарихи жәдігер 1923 жылы Мәскеуде жарыққа шықты. Ғалым өз кезегінде қазақ халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы болған жоқтау-жырларын жинақтап, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” кітабы қазақ сөз өнерінің сыршыл табиғаты мен шынайы болмысын таразылайтын тұңғыш әрі бірегей мұра. Атауы өзі меңзеп тұрғандай «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымы туралы жазылған тұңғыш теориялық еңбек. Ғалымның бұл еңбегінде сан иірімді сөз өнерінің мазмұнық құндылығы, көркемдік ерекшеліктері, жанрлар табиғаты, әдеби терминдердің қазақша баламасы, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды.

Бұл орайда З. Қабдоловтың мына бір пікіріне жүгінген жөн болмақ. «Қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің “Ахаң түрлеген ана тілі” дейтін әлдидің әдебиет аясындағы бір нақтыда затты көрінісі – осы. Демек, “Әдебиет танытқыштың” басты құндылығы - әдеби терминдерді қазақ балаларының түсінігіне лайықтап, қазақ тілінде сөйлетуі болды. [2: 134].

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы десек, Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да оның әдеби-теориялық мұралары өз маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – тек анықтамалық еңбек емес, қазақ әдебиеттану ғылымының бастамасы. Ал, әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының құрамды бөлігі екендігі белгілі.

«Әдебиет танытқышта» А. Байтұрсынұлы қазақ асыл сөз өнерінің кезеңдік жүйесін мазмұндық талап тұрғысынан қарастыруы тың, соны қадам. Осының нәтижесінде ғалым ұлттық сөз өнерінің, поэтикалық әдебиеттің табиғаты, ең басты, маңызды ерекшеліктерін, тарихи-әдеби процесс заңдылықтарын, әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәнін толық ашып көрсеткен.

Ғалым көркем шығарманы талдау барысында кездесетін, байқалатын лингвистикалық, стилистикалық ерекшеліктер мен әдебиеттану саласына қатысты теориялық поэтика мәселесінің яғни жанр, стиль, жазушының шеберлігі, сюжет, композицияның да назардан тыс қалмау керектігін ескертеді. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалатынын және көркем сөздің эстетикалық құндылығы мен оның қызметін де жан-жақты қарастырады. Қазақ сөз өнерінің түп-төркініне көз жүгірткен ғалым «... дарынды сөз ақындардың, арқалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені

болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. ... ақын ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» – дейді.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиет тануының негізі, өйткені ол қазақ әдебиетінің теориясын, әдебиеттің әдістемесін, әдебиеттің әдіс-тәсілін, әдебиеттің ұғымдары мен пән сөздерін, әдеби жанрлар жүйесін жүйелі түзген күрделі зерттеу еңбек.

Ахмет Байтұрсынұлы ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтарының, кітаптарының жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, қазақша жатық тілмен теория тұжырымдарын сөйлете білді. Бұл сол кездегі қазақ оқушысы үшін тың, соны еңбек болып есептелінеді.

Қазақ тілінің грамматикасына қатысты термин сөздер яғни буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен пән сөздері бүгінгі қазақ тілтану мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А. Байтұрсынұлының термин сөздерді жасаудағы еңбегін тілші ғалым Ө. Айтбаев жоғары бағалай отырып «Қазақ терминологиясының атасы» атты ғылыми мақаласын жариялады. Онда: « ... Ахмет Байтұрсынұлы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» делінген [3: 153].

А. Байтұрсынұлы сөз жоқ ең алғашқылардың бірі болып қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Сонымен қатар ғалым тіл мен әдебиетті, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартып, жаңғыртты.

А. Байтұрсынұлының жасаған терминдерін, әдебиетке енгізген тұрақты ұғым-атаулары, жанрларды сараптау жайындағы жіктеулері орынды. Осы жағынан келгенде, ғалым енгізген термин сөздерді ғылыми айналымда орайы келсе пайдалана беру керек және оны батыл түрде қолданған жөн. Ежелгі әдеби мұраға қатысты ғалымның айтқан теориялық толымды тұжырымдары, өзі жетік талдап, таныған ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізген тың деректері қазіргі қазақ әдебиеттануына қосқан қомақты үлесі құнды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуғартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т. III: – 384 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы, 1989 жыл.

ҒТАХР:17.82.09

ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

Еснаева Г.А., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің
«№18 ЖОББМ» КММ

А. Байтұрсынұлы сөз өнерін үй салу өнерімен өте орынды салыстырады яғни үйдің түрлі болып шығуы қалауынан, кірпішінен болатыны сияқты, әңгіменің де түрлі болып шығуы сөздің тізілуінен, айтушының (повествователь – О.А.) пікірлеуінен. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы білу, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, көптеп, жіктеп ымыраластыру, сөйлемдерді дұрыс орайластырып, құрмаластырып, орналастыру шарттарын алға қояды. Бұл жерде ғалым қазақ тіл білімінің мәселесін әдебиетпен тығыз байланыстыра қарастырады. Бүгінгі тіл білімі

саласына қатысты көп жайлар осы «Әдебиет танытқышта» ең алғаш нақтыланғанын баспасөз беттерінде тілші-ғалымдар жазып та, айтып та жүр. Ғалым қазақ тіл білімінің өркендеуіне қатысты оқулықтар мен методикалық құнды еңбектер де жазды.

Оқу-ағарту, білім, ғылым мәселесін А. Байтұрсынұлы алғаш «Айқап» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінде көтерді және кейін оны өзі ашқан «Қазақ» газетінде де жалғастырды. Ғалым 1929 жылы 8 наурызда өзінің өмірбаянында жазғандай « ... қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге, кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, қазақтың жазба тілін бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, халықтық сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін ғылыми терминдерді жасаумен және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен» [1, 10 б.] айналысқан.

А. Байтұрсынұлы қазақ оқушыларына тіл үйрету мақсатымен қазақша сауат ашатын әліппесін («Оқу құралы», 1912), мектептерде қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық («Тіл – құрал», 1915), қазақ тілін оқыту методикасын («Баяншы», 1920), тіл ұстарту мақсатын көздеген хрестоматия (Т.Шонановпен бірге) және қолданбалы грамматикаға арналған «Тіл жұмсар» (1928) кітабын құрастырған. Осы орайда ғалымның сөзді талғау барысында: сөздің дұрыстығына, тіл тазалығына, тіл (лұғат) анықтығына, тіл дәлдігіне, тіл көрнекілігіне қатысты айтқан құнды ой-тұжырымдары қазақ тіл білімі (лингвистика) саласының объектісі деп білеміз. Мысалы, ғалым өзіне мынадай талаптарды қояды және оны басқалардан да талап етеді. Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Ахмет Байтұрсынұлы баспасөзде жарияланған барлық мақалаларында және өлеңдерінде тіл тағдырын ұлт тағдырымен қатарластыра, сабақтастыра отырып жазды.

А. Байтұрсынұлы ең алғашқылардың бірі болып қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Сонымен қатар ғалым тіл мен әдебиетті, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартып, жаңғыртты.

С. Сейфуллин: « ... Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. ... Құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлттық намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың кейбір оқығандары арларын сатып, ұлықтық іздеп жүрген кезде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметін қылды. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» атты өлең кітабын және «Оқу хәм тіл құралын» жазып шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл. Өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң, өзі айтқандай, «қызыл» бола алмады [2, 9 б.]», – деп А. Байтұрсынұлының ғалымдық деңгейіне жоғары баға береді.

Әлемдік ғылымда өнер түрлері: бейнелеу және сөз өнері болып жіктеледі. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» осы жүйені қазақ болмысына жақын етіп, ұлттық негізде айқындады. Ғалым өнерді материалдық яғни «жан сақтау» және рухани яғни «жан қоштау» салаларыға бөліп, жүйелейді. Біріншісі – тіршілік үшін жұмсалатын өнер яғни материалдық игіліктер: үй салу, арық қазу, етік тігу, арба істеу, киіз басу, ыдыс жасау. Осы тұрмыс игіліктерін жасау өнерін А. Байтұрсынұлы «Тірнек өнері» яғни «жан сақтау керегінен» шыққан нәрселер деп атайды. Екіншісі – «Көрнек өнері» бұған адамның әсемдікке, әдемілікке іңкәрлігін, ғалымның өз сөзімен айтқанда «жан қоштау керегінен» туған.

Өнер салаларын бұлай жіктеудегі алға қойған мақсат – өзі зерттейтін сөз өнерінің басқа өнер салаларынан ерекшеленетін орнын айқындау. А. Байтұрсынұлы сөз өнерін өзге өнердің бәрінен де жоғары қояды. Не үшін жоғары қояды? және өнер не үшін керек? Оның мәнісі – ғалым қазақтың сөз баққан, сөз күйттеген, сөз қадірін білген халық екенін зор мақтанышпен атап көрсетеді. Сондай-ақ, өнердің мақсатынан гөрі оның атқаратын қызметіне назар аударады. «Өнердің ең алды – сөз өнері» деген қағиданы дәлелдей келе, ол «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін қазақ мақалына сүйеніп, сөз өнерінің қазақ елі тағдырындағы айрықша рөліне тоқталады. Сонымен қатар сөз өнерінің өнердің басқа түрлерінен яғни *сәулет* (архитектура), *сымбат* (скульптура), *кескін* (живопись), *әуез* (музыка) өнерінен айырмашылығын, артықшылығын түсіндіреді әрі талдайды. «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [3, 165 б.].

А. Байтұрсынұлы сөзбен қалай сымбаттауға немесе кескіндеуге болатынын мысалдар арқылы бекітіп отырады. Ғалым өнер туралы айта келіп, көркем сөз өнерінің тарауларын жеке-дара көрсетіп,

сөзбен суреттеудің, сипаттаудың, кескіндеудің небір асыл үлгілерін Абай, Мағжан, сондай-ақ, Батырлар жырымен, халық ақындарының өлеңдерімен бекітіп отырады. Бұл саладағы өз тәжірибесін де ортаға салады.

Ғалымның өнер тарауларын осылай «... саралап, әрқайсысына дәлдікпен анықтама беруінен сөз жоқ, неміс ғалымы Лессингтің әйгілі «Лаокоон» трактатымен таныстықты байқауға болар еді», – дейді Р.Нұрғали [4, 51 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыштың» «Сөз өнері» атты бөлімін сөз өнерінің поэтикасына арнаған. Ғалымның пікірінше, сөз өнері адам санасының үш негізін: *ақылын* (андау), *қиялын* (мензеу), *көңілін* (түю, талғау) тірек етеді. Ойды тілмен айтып жеткізудің, білдірудің өте қиын екендігін ескертеді. Сонымен қатар сөз өнерінің рухани қызмет атқаратынын да ортаға салады. «Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [10, 168 б.] үшін көп шеберлік керек деп түйіндейді. Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастыратыны, өз білуінше пікір білдіретіні белгілі. Әр ақынның, әр жазушының шығарған сөздерін оқу барысында өзіндік белгісі, айырымы арқылы ажырата аламыз.

Ғалым Қ. Жұмалиев осы қағиданы былай түзеді: «Тіл қорынан сөздердің ең керектісін таңдап, талдап ала білудің және олардың сөйлемнің құрамында шебер қиюластырудың арқасында адам ойының түюі мен сезім түйсігінің әр алуан құбылысын суреттеп бере алады» «... Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды, мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді, ерді көріп, «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады» [2, 169 б.]. Сондықтан А.Байтұрсынұлы сөз шығарушыларға да талап қояды: ол – лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажеттігі.

«Тіл қисыны яки лұғат қисыны» деп аталатын тараушасында сәулет өнері мен сөз өнерін сабақтастыра салыстырып, «дыбыс – топырақ», «сөз – кірпіш», – деп бейнелі түрде сәулетті сарайлардың салынуы мен сөз құдіреті арқылы сұлу да көркем дүниелердің туу үдерісіне ғылыми салыстырулар жасаған ғалым Ө. Әбдиманұлы А. Байтұрсынұлының сөз кестесін терең танып, оны әр түрлі сипатта қолданылу заңдылықтарының болмысына, сырына ерекше көңіл бөледі.

А. Байтұрсынұлы қазақ сөз өнерінің өзіне тән ерекшеліктеріне қатысты құбылыстарды ХХ басында-ақ түсіндірсе, орыс ғалымдары кейін яғни 1930 жылдары жазылып, тек 1970 жылдардың аяғында жарық көрген М.М. Бахтиннің еңбектері арқылы білді. Осы тұста ғалым стиль, стилистика туралы және көркем сөз өнерінің «тіл білімі» ғылымына қатысты көкейкесті яғни «психолингвистикалық», «стилистикалық» проблемаларды сөз етіп отыр.

Көркем құбылыстың ішкі иірімдерін кең түрде саралауда айтарлықтай жемісті еңбек еткен қазақ теоретиктерінің бірі – академик Қажым Жұмалиев. Ғалымның «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966) атты еңбегі көркем шығарма табиғатын зерттеудегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғалымның тың қадамы деуге болады. Стиль – жазушының өзі деген қағиданы дәлелдей отырып: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиғаны дамыту әдістері, тақырып тандаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттері кіреді» [3, 13], – дейді.

Адам өмірі сөз болған жерде оның табиғи жаратылысы, оған тән сезім-эмоциялар міндетті түрде суреттелінетіні белгілі. Психологиялық прозаның жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне сай кейіпкерлердің психологиялық үдерістері де әр алуан тәсілде динамикалық түрде зерттелініп, зерделенеді.

Қорыта айтқанда, көп халықтарда енді ғана талқылана бастаған мәселелерге ғалым сонау ХХ ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтып, жауабын берді. А. Байтұрсынұлы ұлт ғылымының көшбасшысы ретінде алғаш рет «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тіл қисынының мақсатын тіл білімінің негізінде ғана емес, күрделі теориялық негізде және өте терең философиялық, эстетикалық теориялармен бірлікте қарастырды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
3. Еркінбаев Ұ. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі (монография). – Алматы, 2008. – 136 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығ. жин. /Құраст., А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. I-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

СЕКЦИЯ 2: НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

ГТАХР: 14.07. 05

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ

Жұманиязова Ә.Ж., магистр

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Семей қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, aiko-13.10.92@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы деген атты естіген кезде көзіне нағыз қазақтың түрін сипаттайтын, оның болмысын ашатын, қазақтың рухын көтеретін бейне көзіне елестейді. Себебі ол қазақ қоғамын қараңғыдан жарыққа шығарған, білім нәрін санаға құйған жанның бірі.

Шығармашылық ұғымын ашып көрсететін болсақ, ол жай ғана әдеби мәтін емес, ол бір халықтың бүкіл болмысын сипаттайтын, бір адамның жан дүниесінен шығатын көркем еңбек. Ал құндылық деп – ата-анасын сағыну, біреудің қайғысына ортақтасу, біреудің қуанышын бөлісу, жауапкершілік арқалау сияқты дүниелерді айтады. Яғни экзистенциялық қабаттан шығатын ар-ұят, махаббат, уәдеде тұру, еркіндік, жауапкершілік, кешірім, тәубе сияқты адами қасиеттер [1].

Ұлттық құндылықтарды дұрыс насихаттау үшін, әр адамның бойында сол құндылықтың өзі болуы керек. Ұлттық сана-сезім әр ұлт пен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана-сезімнің дамуы жеке тұлғаның өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Яғни, ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды тарап ондағы этностық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы болып табылады.

Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы [2].

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Адам тәрбиені кемелденген жаста емес, кішкентай кезінен алуы керек. Кішкентайынан бойына адами қасиеттерді, таза ниет, ақыл мен санасы дарытады, сонда ғана ол есейгенде одан дұрыс адамның шығуы байқалады. Ол әсіресе балалар әдебиетінде өте мол еңбек қалдырды. «Қырық мысал» еңбегінен бірнеше дәлелдерді келтіруге болады. Ол кітапша 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған [3].

«Бұлбұл мен есек», «Сары шымшық», «Маймыл мен көзілдірік», «Кісі мен аю», «Ала қойлар», «Қайырымды түлкі», «Түлкі мен қарашекпен», «Қартайған арыстан», «Маймыл мен көзілдірік», «Алтын әтеш» т.б. еңбектері өте көп. Осы әрбір жазған өлеңдерінде бір ұлттық құндылықты бала бойына дарытуға тырысқан. Жай қара сөзбен емес, көркем сөз арқылы, қызықты етіп, балаға тәрбие бере отырып, санасын дұрыс қалыптастыруға бағытталған.

«Бұлбұл мен есек» шығармасында адамдардың көреалмаушылық және қызғаншақтық сияқты жаман қасиеттерін жан-жануарлармен сипаттап, ашып көрсетті. Мәтін мазмұнында есек бұлбұлды сынамақ болып, ән салдырады. Бірақ тамылжыған бұлбұл даусын қызғанғандықтан, жаман пікірлер айта бастайды. Бір пікір бір адамды өзгертіп тастауы әбден мүмкін. Бұл жерде адамгершілік сияқты құндылықты Ахмет Байтұрсынұлы өте әдемі жеткізген.

«Ал енді мұнда қандай ғибрат бар?

Есектей іс ететін көп адамдар.

Сары жезден саф алтын айырмайтын
Дүниеде бар емес пе не надандар.
Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың,
Асылды жасықпенен танымайтын,
Сынынан сақта Алла надандардың» -

деген өлең шумақтары санана керемет ой түйдіреді.

«Қайырымды түлкі» мысалында бір мергеннің бозша құсты атып алған соң, балапандарының жетім қалғаны туралы жазылған. Жетімдерге жаны ашыған түлкінің жетім қалған балапандарды аяғансып, барлығынан көмек беруді өтінуі әрине жақсы көрінді. Аузымен орақ орып, көмекке мұқтаж екенін бәріне айтып, көмектесіндер деп шырылдай отырып, артынша өзі сол балапандарға қастандық жасауы жанға батады. Өмірде құр сөзбен «бұлай етіндер, солай етіндер» деп өздері кері нарселерді жасап жүрген, жақсы болып көрінгенмен, ішінде арамдығы бар жандар санасаң сан жетпес.

«Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан Түлкі залым.
Қарасақ, ел ішінде аз ба адамдар,
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?
Пана боп, өзің сақта, Құдіретім,
Кім де кім балапандай қалса жетім.
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың,
Ете көр жетімдерден аулақ бетін!» -

деп жазылған өлең жоларын оқығанда әрине көзіне ыстық жас оралады. Бұл жерде атамыз балаларға залым, арам болмау керектігін, жан дүниенің таза болуы керектігін өлең жолдарымен астарлап, тәрбиелеп отыруы нағыз педагогиканың өзі екеніне көз жеткізуге болады.

«Қартайған арыстан» өлең шумақтары нағыз достық, адамгершілік, денсаулық, үлкенге құрмет, татулық, сияқты негізгі құндылықтарымызды насихаттауға бағытталған. Себебі қазіргі таңда қалтаңда ақшан немесе жақсы жұмысын болса адамдар көп сыйласады, ал егер басына ауыр күн туса жүз досынның бірінде таба алмай қалатын заман туды. Ақын сол сол заманның өзінде-ақ балаларға жай сөзбен емес, астарлы, ертегі сипатында немесе мысал ретінде қартайған ата-аналарына қарауды үйретті. Әлі кеткен соң тастап кетпеуін түсіндірді.

«Қартайып, Арыстанның әлі кетті,
Айбыңды жұрт қорқатын сәні кетті.
Бетіне жан келмейтін уақыттар,
Артына бір қарамай, бәрі кетті.
Ойласақ, табылмай ма неше адамдар?
Бақ қонса, сыйлар Алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні
Құл-құтан басынады малайың да»

Нағыз достықтың қандай болатынын түсіндіруге тырысты, тек қаражаты, жағдайы бар кезде ғана емес, досын қысылған уақыттада тастап кетпеуін тәрбие құралы ретінде пайдалана білді.

Ақын қазақ халқын жалқаулықтан, бос ұйқыдан, енжарлық пен надандықтан арылтуға барынша үлес қосты. Кейінгі ұрпақ санасыз, қараңғы болып қалмасы үшін марғаулықтан тезірек оятуға тырысты.

«Маймыл мен көзілдірік» атты мысалы да адамға зор ықпал етеді. Осы мысалды талдап шыққан кезде адам өзіне ой түйеді.

Ол шығармада маймылдың көзі көрмей, жұрт айтатын көзілдірікті тағу негіз болды. Оның түсінігі бойынша көзілдірік тақсам болды, көзім көріп кетеді деген қате түсінікке саяды. Оның көзі қартайғаннан көрмей қалып, кеш көзілдірік таққаннан пайда жоқ екенін түсіндіру ақын үшін баға жетпес еңбек болды.

Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,
Маймылша іс ететін көп надандар.
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?! –

деген өлең шумақтарынан адамның сөзін, ақылын дұрыс пайдаланбау да үлкен қателік екенін көруге болады. Біреудің пікірін дұрыс емес деп, жұрттың кеңесіне құлақ аспау арқылы көптеген адамдар жапа шегіп жатады.

Абайдай ұлы акын атамыздың сыншылдық, ағартушылық дәстүрлерін жалғастыра отырып, Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетіне тың өзгерістер енгізді. Ахмет Байтұрсынұлы тек қана өзі жазып қоймай, өзге де ұлт әдебиеттерін қазақ тіліне аударды. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С.Я. Надсон сияқты ақындардың туындыларын қазақ балаларына паш еткізді.

Ол И.А. Крылов мысалдарының басым көпшілігін өзіміздің тілімізге аударып «Қырық мысал» деген жинақ басып шығарды. Ол жинақта адам бойында кездесетін барлық жақсы және жаман қасиеттер, сонымен қатар ұлттық құндылықтар қарастырылған. Адамгершілік, ар, намыс, ұят, құрмет, жауапкершілік сияқты құндылықтар мысал ретінде көпшіліктің назарына ұсынылды.

Тағы сол сияқты И.И. Хемницердің «Ат пен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат» сияқты туындыларын аударған.

Бұл туындылар да тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар болып табылады. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы акын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының «маса» туындысында ұйықтап жатқан қазақты масадай талап оятуға тырысқанымен, қаншама адамдардың бөгет жасауы азаймады. Осы маса шынымен шағатын маса емесі мәлім, тек енжарлықтан, марғаулықтан оятатын құрал, яки бейне іспетті.

«Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?»

- деген сөздері жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, адамгершілікті сақтау, ар-ождан, намыс және еңбекке баулуға үндеу болып табылады. Ақынның еңбектері көбінесе оқу-ағарту бағытына сәйкес келеді. Абай мен Ыбырай туындыларының ұйқастарына жақын болып келетін, үйлесімдік пен үндестік, тақырып мазмұндары, ой жүйелеу мәнерлері қазақтың образын одан әрі жандандыра түседі.

Ахмет Байтұрсынұлы акын ғана емес, тілші-ғалым ретінде де көптеген жұмыстар атқарды. Араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілінің оқыту әдістемесі туралы мақалалар жаза бастады. «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» (1926) баяндамасы және «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты тың еңбектері халқымыздың құндылықтарын насихаттауда зор үлес қосады.

Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды [4].

Ұлттық құндылық мәселесі түсінікті, ал әлемдік құндылық дегенді Ахмет Байтұрсынұлы ерекше атап айтты. 1921-1922 жылдары «Әдебиет таныштықшы» оқу құралы әлемдік деңгейдегі құндылықтарды ашып көрсетті. Мағынасы қазақтың әдебиеті өте бай, сонын негізгі мақсатын анықтап, әлемге таныту дегенге саяды.

А.Байтұрсынұлы өз заманынан озық туған дара, білімді, парасатты адам ретінде қазақ әдебиеті туралы қазақтың рухани мұрасын талдап берді. Ұлт әдебиетінің ерекшелігін, сипатын көрсете білді. Сондықтан да мұны әлемдік құндылыққа балайды.

Ол «Әдебиет таныштықшы» жазып жатқан тұста, бірнеше еңбектерді қарастырып талдаған болатын. А. Байтұрсынұлы Әл-Фараби, Ибн Сина, Лессинг, Гете, Аристотельді оқып танысқан, А. Потебня, А. Веселовский, Флориан Знанецкий шығармаларын оқу арқылы өзіне көп ақпараттар алған.

Одан бөлек Түркі дүниесінің әдебиеттерін Жамал Уәли, Ғалымжан Ибрагимов, Ғабдрахман Сағди, Ғалымжан Ниғмати, Ғали Рахим сияқты зиялы өкілдердің шығармаларын шолып шыққан. Ол қазақ тілінен бөлек француз, поляк, чех тілдерінің грамматикасынан мақрұм болмаған. Яғни бұл еңбекте әдебиет қана емес, ұлттың санасы, ақылы, ойы, адамдардың қарым-қатынасы анық көрсетілген.

Қай заманда өмір сүрсенде адам бойындағы құндылықтарды жоғалтпауы керек. Біреудің қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасу зор ғанибет, ал көреалмаушылық, қызғаныш, залымдық адамды түбімен қоса құртып жіберуі мүмкін. Біз осындай дара тұлғалардың із басарлары, ұрпақтары болғанымыз үшін қуануымыз керек. Сонымен қатар олардың тастап кеткен зор мұрасын кейінгі ұрпаққа дұрыс жеткізе білу біздің парызымыз.

Әдебиеттер

1. Сейілбек Мырзабай. Балалықтан даналыққа: Отбасы хрестоматиясы / 4 – басылым. – Алматы, 2022. – 15 б.
2. Беляев И.А. Ценностные содержание целостного мироотношения / Орынбор мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2004. – №2. – 9-13 б.
3. Әдебиет порталы. (интернет ресурсы) https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/ahmet-baitursynuly-qyruq-mysal__365
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған т.ғ.д., профессор Б.Ғ. Аяған. – Алматы: Атамұра, 2009.

ҒТАХР:17.09

АХМЕТ МҰРАСЫ-ӨШПЕС ӨНЕГЕ

Медеуқанова Л.Қ., бастауыш сынып мұғалімі.

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ medeukanova@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлы көсемі, халықты білім-ғылымға, рухани биіктікке шақырушы ұстаз, ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбекші халықтың ауыр халін, мұң – мұқтажын көрсетіп, қоғамды құрайтын жеке адамдарды тәрбиелеу, түзеу арқылы өзгертуге ұмтылған ағартушы – демократ. Осы орайда, Ахмет Байтұрсынұлының «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген сөзі ойға келеді.

Әрине, ұрпақ тәрбиесі-қоғамдық іс. Кемелденген қоғам адамдары ең алдымен адамгершілік, адами қасиеттерге ие өзіндік көзқарасы, идеясы бар, қалыптасқан азамат болу қажет. Өзі ұстаған таным тұрғысынан Ахмет қоғамды ағартушылық, гуманистік жолмен өзгерту жолында күреске түсер жаңа адам тәрбиелеу мәселесін көтереді. «Балам деген жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» – деп, ұрпақ тәрбиесіне аса мән берді. Адам түзелмей, заман түзелмейді, өзін-өзі өзгерту жолдары іріктелінбейді деген тұжырым – дүниетанымын жаңартты. Міне, осындай өмірдің ащы жағдайы, Ахметтің рухын оятып, халқын адамгершілікке, білім-ғылым үйренуге шақырды.

Ахмет мұраларының барлық концепсиясының негізгі арқауы халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету еді. Ахмет шығармашылығында өмірдің, дүниемен тіршіліктің мағынасы – адам мен қоғам, тіл мәселесі, болашақ.

Ахмет жайлы Сәкен Сейфуллин: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді... Ахмет халықтың арын іздеп, сол өзі ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен адам», – деп баға береді [1, 242 б].

Ахметтің өмірі мен шығармашылық қызметі отарлау саясатының дәуірлеп тұрған шағына тұспа-тұс келді. Ол Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенділердің алдында құлдай жорғалаған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Сол уақыттағы қоғамдық жағдайларға байланысты қазақ болмысында Ахметтей жанашырдың болуы қажеттілік еді: Неге? Себебі, Ахмет өмір сүрген дәуір – қазақ өзін-өзі ұсынуға ұмтылса да, өз тағдырын айқындауға мүмкіндігіне қолы жетпеген кез. Халық бағдарын таңдау құқығынан айырылған кез. Осы сәтте Ахмет халықты адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, рухани биіктікке шақыра отырып, өзінің жоғары идеялық ойдағы пікірлерін жалғастыра түсті. Ахмет өз шығармалары арқылы қараңғы халықтың ой-санасын оятуға, жігерлендіруге тырысты.

Ахмет Байтұрсынұлы «Маса» өлеңінде халық санасындағы қараңғылық, надандық, енжарлық қасиеттерді сынға алып, одан арылуға шақырды.

Қазағым, елім
Қайқайған белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,

Қанауда жаның,
Аш көзінді оянып,
Қанған жоқ па әлі ұйқың

Ұйықтайтын бар не сиқың!, – деп халықтың қараңғылығына налып, елін рухтандыруға, жігерлендіруге талпынды.

«Елде көп бұл бидайдай адам,
Тәкаппар, оны халық, жаман,
Қалпы емес тәккапарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді балам»,-

деп «Егіннің бастары» мысалында тәккапар, надан адамдарға налып, адам баласының осындай қасиеттен бойын аулақ ұстауға кеңес береді. Ахмет өз шығармалары арқылы адам бойындағы ерсі қылықтар мен мінездерді сынға алады. «Маймыл мен көзелдірік» мысалында білім-ғылымды бойына сіңіруге құлықсыз адамдарды сынады.

Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,
Маймылша іс ететін көп надандар
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?» –

деп ғылым жетістігін өз пайдасына жарата алмай, білімсіздік пен ебедейсіздік көрсеткен қоғам адамдарын шебер суреттеген. Бұл мысалда қазақтың «бөлінгенді бөрі жейді», «жұмыла көтерген жүк жеңіл» өсиетті сөздерін жеткізе білді.

Сонымен қатар, «Ат пен есек» мысалыныңда келесі өлең жолдарымен аяқтаған:

Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек?
Мысалы, еткен қайыр бір бәйтерек.
Қайырың біреуге еткен болып терек,
Көресің рақатын көлеңкелеп.
Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде
Біреуге қысылғанда жәрдем бермек
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,
Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп.

Мұнда нені болса да ақылға салып, ой елегіңнен өткіз. Әр істі байыбына жетіп, сабырмен істе, өткен іске өкінбеуін айтады. Және қиын сәтте қол ұшын созып, көмек көрсету, жанашырлық, қамқор болуға шақырады. Міне осындай, мысалдар арқылы халықты адамгершілікке, жоғары мәдениеттілікке шақырды.

Ахмет – қазақтың рухани мәдениетіндегі көшбасшы, көрнекті тұлға, ұлағатты ұстаз. Өз заманының ағысына қарсы тұрған қайраткер. Қазақ халқы үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен жанашыр. Бұл жайлы «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», – деп жазылған [2,272 б.]. Бұдан Ахметтің қазіргі қазақ тіл ғылымын тұжырымдап, халыққа жол нұсқаған ұстаз екенін аңғаруға болады.

«Қазақ» газетінің бас редакторы болып, оның алғашқы номерінде газет атауына байланысты былай деп түсінік берген еді: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы» [3, 532 б.]

Бұл сөздерінен қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырушы ірі қайраткер ретінде байқаймыз. Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі қазақ баспасөзінің басты ұранына айналды. Ол зиялы қауымға газеттің қоғамдағы алатын орнын түсіндіріп, басылым халық үшін аса қажет нәрсе екенін іс-әрекетімен көрсетті.

Мұхтар Әуезовтің «Қазақ» газеті және Ахмет Байтұрсынұлы туралы ойларына тоқталсам: «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Біз ол кезде мектеп ішінде жүрген бала едік. Сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Ал, бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын... Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген

соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын... Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» [3, 564 б.]

Шынымен де, Ахмет елін, жұртын азаттық тәуелсіз қоғам құруға шақырады. «Өткенді қуғанды қойып – осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек», – деп ел ертеңін ойлауды, ұлт тәрбиесіне, тіл мәселесіне ден қоюды меңзеді.

Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ үшін мәңгілік, оның мұрасы естен кетпес естелік. Елдік пен ерліктің өшпес өнегесі болған Ахмет Байтұрсынұлының ғылым мен мәдениетімізге зор еңбегі сіңді. Өз елінің бостандығы жолында құрбан болған зерделі тұлғаның бейнесі әр қазақтың санасында сақталары анық.

Әдебиеттер

1. С. Сейфуллин. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 5-т. – 242 б.
2. Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 б.
3. «Қазақ» газеті. / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 532-564 б.

МРНТИ: 17.09.91

ЯЗЫКОВОЕ НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Мазбаева Л.Б., учитель начальных классов

Республика Казахстан, г. Семей, КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 27», ГУ «Отдела образования по городу Семей управления образования области Абай», lyailyamazbaeva@mail.ru

В начале века «язык-это Зор человеческого признака, одно из орудий, израсходованных человеком. ...Наше время-это время письма, время, когда письмо и разговор становятся более чем устными», – написал ученый-реформатор в своей исследовательской статье о языке. Поэтому он взял на себя очень ответственную работу, связав с обществом, что важно корректировать и преобразовывать казахский алфавит, писать учебники на родном языке. Современники писали о том, что казахский алфавит на основе реформированной арабской письменности в свое время принес огромные сдвиги в культурном мире казахского народа, способствовал массовому просвещению широких масс, развитию письменности, активизации издательской работы. Первыми из интеллектуалов нашей нации были Миржакип Дулатов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Сакен Сейфуллин и Мухтар Ауэзов. работа, проделанная этими людьми, была отмечена и высоко оценена еще в начале века [1, с. 305].

Известно, что одной из областей работы, проведенной в национальной науке Казахстана начала XX века, было создание учебников. В то время в стране не было даже школьных учебников, не считая вновь открывающихся вузов. В то время как в казахском языкознании и литературе, наряду с проведением разноплановых исследований, ощущалась необходимость создания различных учебников, ставилась важнейшая проблема

А. Байтұрсынов очень ответственно подходил к вопросу написания учебников. Он не составил казахский алфавит на кириллическом символе, который в царские времена требовали от казахского народа. Большое значение для сохранения родного языка казахского народа придавалось тому, какой символ «Азбука» должен быть приобретен. И на этом пути строили целину.

А. Байтұрсынов с особой осторожностью в получении знака национальной письменности выбрал арабскую графику, которая не утратила бытность казахской нации, придала бы звуковые особенности и пришла бы через проповедь ислама. Кроме того, в основу были положены разработки древних степных ученых кадимской. В современной казахской филологической науке о ученом-реформаторе, основателе казахского языка и литературы А. Байтұрсынове написано несколько исследовательских работ в области языка [2, с. 23].

В своих работах специалисты-корреспонденты рассматривали категории, систематизированные ученым в области языка, в связи с сегодняшним познанием. Исследователи признали идеи и концепции А. Байтұрсынова истоками казахского языкознания. Были изданы научные труды, которые исследовали деятельность просветителя в педагогическом аспекте. Так, в 1999 году Роза Усембаева защитила научные труды «Нравственное воспитание учащихся начальных классов через наследие Ахмета Байтұрсынова», в 2000 году Б. Иманбекова «пути внедрения ментальной мысли А. Байтұрсынова в учебно-воспитательный процесс педагогических колледжей» [3, с. 35,42].

Казахский алфавит или орфография Байтурсынова – это не только грамотность, но и учение-источник знаний, путь к науке. По словам М. Ауэзова, позиция «Акан Ашан Қазақ мектебі» заключалась в том, чтобы не только открыть казахскому ребенку грамоту на родном языке, но и сформировать его мышление и вкус в социальной среде на казахском языке. Ведь из истории известно, что большинство людей, которые учились у казахов и были грамотными, имели либо татарское, либо русское происхождение и смешивали с этими языками родной язык. Поэтому А. Байтурсынов придерживался в своей системе образования подходы к обучению родному языку с целью сохранения естественного облика казахской нации, недопущения недостатков.

И на этом пути он проложил путь для казахского ребенка. «...– Я не знаю, – сказал он. Когда я читаю по-казахски, я не говорю по-мусульмански, я говорю по-казахски. Так как, не изучая казахский язык, книги, написанные на ногайском, турецком, персидском, арабском языках, не будут перепутаны. Поэтому, если учеба неоспорима, то необходимо избирать инструменты для обучения. При работе с хорошим инструментом не задевает многих. Учебное пособие также хорошо, если есть душа. Начало каждого дела трудное. В начале, как ни в чем не бывало, он ушел дальше. А что, если так, то сначала учебное пособие будет хорошим?» – "Родной язык" – предмет, основной смысл которого заключается в том, что имя – это понятие в человеке, и он открывает истоки языка. Подчеркнутые фразы в этой статье лишнее, но в этой статье «Когда я читаю по-казахски, я не говорю по-мусульмански, я говорю по-казахски. "Учимся казахскому языку», а также продемонстрировали приемы обучения казахскому языку,» как слепой держит палку". А самое главное-просветитель, знавший, что» алфавит не исправится, а дело пойдет не так", взялся за оформление казахской буквы. Теперь представим таблицу азбуки, образованную Аханом.

Таблица 1 – Ахмет Байтурсынулы алфавитная таблица

| № | 1912 | 1927 | Латынша | Кирилше | Айтылуы |
|-----|------|------|---------|---------|--------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | ا | ا | A | а | а |
| 2. | آ | آ | Ә | э | э |
| 3. | ب | ب | B | б | бы/би |
| 4. | پ | پ | P | п | пы/пи |
| 5. | ت | ت | T | т | ты/ти |
| 6. | ج | ج | C | ж | жы/жи |
| 7. | د | د | D | д | ды/ди |
| 8. | ر | ر | R | р | ыр/ир |
| 9. | ز | ز | Z | з | ыз/из, зы/зи |
| 10. | س | س | S | с | сы/си |
| 11. | ش | ش | ç, c | ш | шы/ши |
| 12. | ق | ق | Q | ғ | ғы |
| 13. | ك | ك | Q | к | кы |
| 14. | گ | گ | K | к | кі |
| 15. | گ | گ | G | г | гі |
| 16. | ن | ن | N | ң | ың/иң |
| 17. | ل | ل | L | л | ыл/ил |
| 18. | م | م | M | м | мы/ми |
| 19. | ن | ن | N | н | ны/ни |
| 20. | و | و | O | о | о |
| 21. | و | و | Ö | ө | ө |
| 22. | ۇ | ۇ | ü | ү | ү |
| 23. | ۇ، و | ۇ، و | ü, w | у, ы | у, ы |
| 24. | ە | ە | E | е | е |
| 25. | ي | ي | Ы | ы | ы |
| 26. | ي | ي | J | і | і |
| 27. | ي | ي | Û | и | й |
| 28. | ە | ە | E | е | не |
| | ... | ... | | | дәйекше |

Так, ученый-реформатор назвал научное описание алфавита: "звуки на казахском языке и их знаки письма. На казахском языке 24 звука. Пять из них гласные, семнадцать – согласные, два – полуголосые».

Какова роль алфавитного знака, преобразованного и созданного ученым в начале века, в Грамотности казахской нации? Теперь давайте посмотрим на взгляды и взгляды интеллигенции при советской власти. Одна из великих задач, поставленных перед гражданами, заключалась в том, будет ли казахский народ страной с духовным обликом, своеобразной направленностью, не станет ли «камнем на одном месте», не станет ли он боданом, потеряет ли он свой национальный характер и потеряет ли он свою идентичность». Достижения Ахмета Байтурсынова в области науки

национального языка были высоко оценены ученым-лингвистом Кудайбергенем Жубановым. И он приложил все усилия, чтобы не топтать азбуку, язык, как ему казалось. Например: "...возраст не выдерживают критики, потому что все культовое и иное достижение, оставленное нам нашими врагами – это наше законное наследие (...). Отказываться от подобного наследия так же глупо (... мы не отказываемся ни от чего, что составляет лучшее творение предшествующей истории, если оно в наших руках может быть полезным для нас", - говорится в сообщении. Видим, что нужное средство посчитано [4, с. 45,52,61].

В 1924, 1931 гг. казахский алфавит был принят русскими учеными-языковедами как «байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» и признан крупным научно систематизированным достижением тюркских языков. Так, в 5-й том сборника «Литературная энциклопедия», изданного в Москве в 1931-м году, был включен этот Ахан-реформированный алфавит «Казахский (Байтурсуновский алфавит)», получивший высокую оценку со стороны российских ученых (не обязательно считать жирным, тонким) букв на нашем современном зрелом казахском языке. Не будем считать, что это делается на основе орфографии Байтурсынова. И в начале века из-за неправильного понимания байбыка избранного Байтурсыновым ярлыка в культуре письма, оставаясь после цивилизованных стран, мы до сих пор ведем спорный вопрос: «Какую надпись взять» [5, с. 115].

Артынан қуалайды қайтарып ап» [2, 128 б.], – деп, бақ пен дәулетке қарамай қойсаң, артыңнан өзі қуатын сұрқия дүние екендігін айтады.

Ақынның өлеңін талдай отырып, «архетип – әлемді қабылдаудың алғашқы образы, ол адамзаттың, ұлттың, рудың ұжымдық бейсаналығына орныққан және жеке индивидтің қызметі арқылы жаңарып отырады» [3, 8 б.] деген зерттеуші А.Ю. Большакованың ойына табан тіреуге тура келеді. Себебі, өз руының, өз ұлтының ұжымдық бейсаналығына орныққан көлеңкені Ахмет Байтұрсынұлы осылайша бір ғана өлеңінің өн-бойына сыйғызады.

«Көлеңке – жан дүниесі құлазыған образ ретінде, өмірдегі бақыт пен қайғының нышаны ретінде суреттеледі және көлеңкенің ізінен қалмауы жарық дүниеде өмір сүріп жүргендердің кемістігі болмауы мүмкін еместігі. Кемістігім жоқ десе, ол өмір сүрмегені. Көлеңкесін көріп, мойындай білген, одан құтылудың жолын іздеген адам ақылды. Түсінген жанға көлеңке – ой, түсінбеген жанға көлеңке – ор. Кемшіліксіз адам кездеспейді. Көлеңкені көре білу керек, көлеңке әртүрлі. Жаманның көлеңкесі мен жақсының көлеңкесінің айырмасы жер мен көктей!» [1, 113]. Міне Ахмет Байтұрсынұлының бір ғана өлеңінің астарында осындай үлкен ойдың жатқандығын оқушыларға жеткізе білсек мақсатымызға жеткеніміз деп білемін. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегін талдауда жаңа ұстанымдарды қолданудың қажеттігі анық байқалса керек.

Әдебиеттер

1. Абай шығармаларындағы архетип мәселесі. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 176 б.
2. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 б.
3. Большакова А.Ю. Архетип, миф и память литературы // Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя. Материалы международной научной конференции (г. Астрахань, 19-24 апреля, 2010 г.). – Астрахань: Издательский дом «Астраханский университет». – 289 с.

ҒТАХР: 17.01.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мусанова Н.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ШҚО білім басқармасы, Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «Шілікті орта мектебі» КММ,
musanovanazgul@mail.ru

Ұлттық құндылықтардың тарихи бастаулары қазақ демократ ағартушыларының,оның ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұрасында айқын орын алған. Ұлт ұстазының қазақ ғылымы мен әдебиеті, мәдениеті, тәлім-тәрбие, оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Аласапыран саяси ушыққан заманда А. Байтұрсыновтың тарихтағы орны туралы М. Әуезов дер кезінде өте орынды баға береді. «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істелген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та да тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды», – деп, М. Әуезов Ахметтің қазақ халқы үшін атқарған қыруар еңбегінің еш уақытта ұмытылмайтынына сенім білдіреді.

Жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие мен адами қасиетті қалыптастыру және дамыту мәселесі қазақ ақындарының ой иірімдері, даналық тұжырымдары, халықтың адамгершілік ұғымдары арқылы жүргізілуі тиіс.

Ұлттық мүдде ұраншысы, оқу-ағарту ісінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың тәлім-тәрбиелік тағылымын әр қырынан таныту, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдарын іздестіру, ұрпақ тәрбиесінде өнегелі өмірін насихатау мақсатындағы ұлы істерін үлгі ету болашақта да ары қарай жалғасын таба береді. Ахмет Байтұрсынов артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған. Сол мол мұраның бір саласы көркем аудармадағы үлесі қалайда халқын ояту, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» шақыру мақсатында ол ұлы Абай салған соқпақты – аударма ісін жалғастырды. Орыс ақыны И.А. Крыловтан аударған мысалдарына тоқталып өтейін.

«Аққу, шортан һәм шаян...» мысалында:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.-

деп халқын бірлікке шақырып, алауыздықтан аулақ болуға, халқына, яғни жастарға «Бірлік түбі – береке» деп өсиет айтады. Осы секілді «Ат пен есек» мысалының соңғы шумағында да :

Бұл сөзден нендей ғибрат алмақ керек:
Мысалы, еткен қайыр-бір бәйтерек.
Қайырың біреуге еткен болып терек,
Көресің рақатын көлеңкелеп.
Қайырдың ең абзалы- бұл дүниеде,
Біреуге қысылғанда, жәрдем бермек.
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп. Демек, мұнда не нәрсе болса да ақылға салып ойланып істе, өткен соң өкінгеннен ешнәрсе өзгермейді деген бір ой тастаса, екіншіден, біреу саған қиналып көмек сұрағанда жәрдемдесу ондай күй өз басыңа түскенде тым кеш боп, «аһ» ұрарсың, – деп сабырлыққа, жаншырлыққа, жанындағы жанның жайын ұғуға шақырады. Бүгінгі заманда жастарымызға Ахмет Байтұрсыновтың осындай астарлы да терең мәнді өсиеттері қатыгездік пен безбүйректен аулақ болуға тәрбиелеуде аса қажет. Көптеген мысалдары адамның мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастыруға арнаған. Осы орайда Ахмет мысалдарын мектеп оқушыларын оқыту-тәрбиелеу жолында өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу әдісінің құралы ретінде пайдаланудың маңызы зор. Себебі, адам мінезінің сан алуан жақсы-жаман жақтарын, мысал кейіпкерлері сияқты адамдарды қоршаған ортасынан тани білуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін зерделей білуге, сөйтіп өзіндік ой-тұжырымдауға үйретуге болады. «Егіннің бастары» мысалында:

Елде көп Бидайдай адам деді, – дейді,
Тәкәшпар,-оны халық, – жаман, – дейді. –
Қалпы емес тәкәшпарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам-дейді.

Осы мысал арқылы болашақ ұрпақты тәкәшпарлықтан аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа үндейді.

«Еменнің түбіндегі шошқа» деген мысалында:

Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,
Жақсы да, арасында жаман да бар.
Ғылымды пайдаланып отырса да,

Сезбейтін сол пайдасын надандар бар, – деп өз жемісін жеп тойып, семірген соң, еменнің түбін қазып, төңкеріп тастаған шошқа» сияқты өзі пайдасын көріп тұрған дүниенің қайдан келетінін түсінбейтін немесе қара басының қамы мен тек бір күнін ғана ойлайтын санасы таяз адамдардың да болатынына қынжылып, сондайдан аулақ бол,-деп ақыл-кеңес айтады. Ахмет жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндейді.

Ахмет Байтұрсыновтың мысалдарының негізгі идеясы – оқушыларды бүгінгі күнде құрғақ сөз, таусылмайтын ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі жеке бастың үлгі – өнегесіне ғибратқа негіздеудің қажеттілігін баса айтқан. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына үңілген сайын өміршеңдігі мен тәлім-тәрбиелік мәнін терең түсінеміз. Ахмет Байтұрсыновтың мысалдары бүгінгі заманда өмір сүріп жатқан жастарды рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені баршамызға аян. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге

болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар мен рухани мұраның орны ерекше.

Әдебиеттер

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы – № 6. – 2013.
2. Әшкеева Қ.А. Байтұрсыновтың философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты. – Алматы, 2003.
3. Тұрғараева Г.М. А. Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 319 б.
5. Байтұрсынов, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1991. – 469 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / Құрастырған Г. Әнесов, А. Мектепов. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 446 б.

ҒТАХР: 14.07.03

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ: БАЛА ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА

Сайлаубаев Б.Ж., тарих пәнінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, «А. Байтұрсынов атындағы № 47» ЖББОМ,
Бласпаева Г.К., информатика пәнінің оқытушысы
Қазақстан Республикасы, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

А. Байтұрсыновтың мұралары Алаш зиялыларының ұлттық тәрбие бағыттандағы ізденіс-көзқарастарымен, білім-ғылым жүйесіндегі реформалар арнасымен қоса ашылды.

Қазақстан ғылымында педагогика мен психологияның қалыптасуы мен даму кезеңдері, зерттеу жүйесі көне кезеңдерден басталып, Әл-Фараби, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Абырай Алтынсарин. М. Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров сынды ұлт ұстаздарынан ұласқан тағылымды арна.

Халықтың ізгі ойларынан, талап, тілегінен, мақсат мүддесі мен асыл армандарынан туған мұралар барша адамзат баласына ортақ және келешек ұрпақтар тәрбиелеудің бірден бір құралы. Қазақ халқының сонау түркі заманынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – халықтық педагогика. Қазақ кеңес энциклопедиясында: "Халықтық педагогика – тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері, т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберлікті ұрпақтан ұрпаққа қалдыру», – делінген[1].

Халық педагогикасының мазмұнын құрайтын әрі тәлімдік мән-маңызы бар мұра – халықтық идеялар. Ал, педагогикаға негізделген халықтық идеялар – жас ұрпақты еңбек, отаншылдық имандылық пен адамгершілік, сыр мен сымбат, ақыл-ой тәрбиесі баулуда біртіндеп бойға сіңіретін нәрлі өзек. Жас буынның кішкентай кезінен «Халық айтса қалып айтпайды», «Халықтың ойы озық», деп санасына мықтап сіңірген қазақ елі халықтық идеяларға негізделген ұлттық тәрбиенің сан алуан түрлерін арнаулы жолдар мен арнайы тәсілдер арқылы жүргізіп отырғаны белгілі.

Мәселен, халықтық накыл сөздер мен мақал мәтелдерде адамгершілік пен имандылық тәрбиесіне қатысты пәрменді ойлар айтылса, ойындар, жұмбақ пен айтыстарға – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр дастандарға әсемдік, сыр сымбат, отаншылдық тәрбиесінің негізгі принциптері өзек болған, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған [2].

Халықтық мұратқа негізделген халықтық тәрбиенің мақсаты – бүгінгі қоғамның жан-жақты жетілген белсенді мүшелерін, яғни өз ұлтын сүйетін, тілін, дінін білетін және оның әдет-ғұрыптарын сақтап, кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлық тұлғаларды тәрбиелеу.

Осыған орай, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың 20-30-жылдары өмір сүріп, ағартушылық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов,

Халел Досмұхамедов сынды педагог-жазушыларының халықтық идея проблемасы жөніндегі еңбектерінің зерттелу жайын анықтап, келешек ұрпақ тәрбиесінде басты ұстаным ету біз үшін парыз.

Белгілі ғалым-академик Қ.Б. Жарықбаев айтқандай: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып дамиды. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, әрмен қарай дамиды. Ал қазіргі еліміздің тәуелсіздік алып, өркениетке бет бұрған кезеңінде халықтық тәлім-тәрбие қоғамның мақсат-мүддесімен үйлесімдік тауып отыр. Осыған орай жан-жақты жетілген тұлғаларды тәрбиелеу іс-әрекетінде халқымыздың рухани-мәдени мұраларын кенінен пайдалану кезек күттірмейтін мәселеге айналуы біздің проблемамыздың құндылығын арттыруда.

Қазіргі кезеңде жастарға қоғамдық тәрбие берудегі отбасынан кейінгі өте ықпалды орта жалпы білім беретін мектептер екені баршамызға аян. Жасөспірімдерді қоғамның белді мүшесі ретінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезініп, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі мен қарым-қатынас этикасын ұстануға тәрбиелеу – мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты бағыты.

Халықтық идеяның басты түйіні – ғасырлар бойы жиналған рухани құндылықтар негізінде «сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиелеу. Ал қоғамдық тәрбиенің басты мақсаты жас ұрпақты болашақта, қоғамның белсенді мүшелері ретінде, еліміздің көркейіп, дамуына өзіндік үлес қосатын тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметінде халық даналығы тудырған фольклорлық мұраларды жинап, зерттеуге ерекше ден қойды.

Ағартушы-ғалым жинап, реттеп, сұрыптап бастырған негізгі фольклорлық мұра – «23 жоқтау». Онда қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілген. Оларда Бапай батыр, Қаздауысты Қазыбек би, Кенесары, Наурызбай би туралы нақтылы деректер келтірілген. Мысалы, Қаздауысты Қазыбектің қызы Мөңкенің жоқтауында Қазыбек бидің қазақ қауымына пана, қазақтың батырлары мен хандарына ақылшысы болғаны, оның ақылы мен бағының молдығы, көрші елдермен тату болуды көкsegені жырланады. Ал «Кенесары-Наурызбай» жоқтауында қазақ хандарының «халық иесі», «халық қорғаушысы» екені айтылып, «Наурызбай төре кеткен соң, бастан тайды бағымыз» деген өкініш білдіріледі.

Сондай-ақ қыз келін болып түскенде орындалатын ғұрып – беташар туралы А. Байтұрсынов былай дейді: «Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымылдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кіргеннен соң да алдына шымылдық тұтып, қыз-келіншек, балашағалар болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымылдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді».

А. Байтұрсынов салт-дәстүр жырларының бірі – жарапазанға да тоқталып өтеді. «Жарапазан» рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатындар екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», – деп, «жарапазан» сөзінің мәнін, тәрбиелік маңызын түсіндіріп, оның түрлі орындалу тәсілдерінен мысал келтіреді [5].

А. Байтұрсынов қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені – «Бесік жыры». Ол: «Бесік жыры, яғни бала тербету – баланы ұйықтату үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар», – деп оның мазмұнын сипаттайды.

Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның ролін айқындайды.

А. Байтұрсынов мақалдардың жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін атап айтады.

Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым – жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық – зор байлық», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың», «Ашу аддында шығады, ақыл соңында шығады, т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі.

А. Байтұрсынов мұраларын зерттегенде ғалымның қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көкsegені, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылғаны аңғарылады. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі.

Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы».

Атадан алған мирасымыздың жәйі мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес», – деп қынжылыс білдіреді.

А. Байтұрсынов «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

«Өнер алды – қызыл тіл», – дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау»; «Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарату».

Қорыта келе, ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Студенттерге қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет – ғұрып пен салт – дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой – өрісінің жан – жақты болуына үлес қосуымыз керек.

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж болашақ мамандарды даярлайтын оқу орыны болғандықтан, білім беруде ұлттық тәрбиені кіріктіру жолға қойылған. Әр айдың үшінші аптасының сынып сағаттары ұлттық тәрбиеге бағытталған. М.О. Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына орай Семей қаласы М.О. Әуезов алаңында М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж үш киіз үй тігіп, халыққа Наурыз мейрамын өткізді. Әр киіз үйге тақырыптар қойылып қазақтың барша салт-дәстүрлері көрсетіліп, оқу орнының ата-аналарының демеушілігімен Наурыз көже, күріш пен бауырсақ таратылды. Оқу орнының ұжым мүшелері, студенттері мен ата-аналары қауымдаса өткізген мейрамы ұлттық тәрбиенің колледжде қалыпты жүргізіліп келе жатқандығының куәсі.

Әр ұстаз оқу – тәрбие жұмысына ұлттық құндылықтарды, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс – тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетеріміз сөзсіз.

Әдебиеттер

1. XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы. /Құраст. А. Шәріп, Ж. Дүйсенбайұлы. – Алматы: «ARNA – B» баспасы, 2021.
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 346 б.
3. Бержанов Қ, Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, 1984. – 255б.
4. А. Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарасы мен қызметі. <https://kazaksha.info>
5. А. Байтұрсынов шығармаларының тәрбиелік мәні. <https://barinbil.kz/sizge-kerek-my-y>

ҒТАХР: 16.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МҰРАЛАРЫ

Қудайбергенова Ж.М., бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№16 Т.Аманов атындағы ЖОББМ» КММ, jazi@mail.ru

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде қазан революциясына дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, орасан талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақ халқының «рухани көсемі» болған А. Байтұрсыновтың ұлан ғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

Ол – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты іске асыруда ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерделеп, талдап-танытқан зерттеуші. Әрі сол тіл білімі саласындағы зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жарыққа шығарған автор.

А.Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк т.б. қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын да, кедей де ортадан шыққандар болғанмен, едәуір білім алғандарының көбі әкімшілік-сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болған. Ахмет Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанды, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың

камын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынов еді. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігіне ең қажет, ең игілікті әрекет болатын.

Оқу мәселесін А. Байтұрсынов жан-жақты сөз етеді. Бірде: «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогикалық білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «Білімнің бас құралы – кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жандандыруға болатынын айтады [1].

Ғалымның «Тіл құрал» атты еңбегі – тіл біліміне енгізген жаңалығы еді. Автор: «Тіл құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын» дейді [1].

Қазақ тілінің табиғатын зерделеуде Ахмет Байтұрсынов термин жасаудағы сәтті ізденіспен ерекшеленбек. Ол қазақ тілі грамматикасына байланысты категорияларды қазақша терминмен алмастырды. Бүгінде белсенді қолданылып жүрген “зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш” деген т.б лингвистикалық ғылыми терминдердің авторы да Ахаң екенін біреу білсе, біреу білмес. Бұл термин сөздердің нақты балама ретінде ұсынылғаны өзінің өміршеңдігімен айғақталуда.

Зерттеуші өзінің ізденіске толы саналы ғұмырында тіл білімі саласымен қатар әдебиет саласын зерделеуге да барынша кіріскен. Бұл орайда ғалымның әдебиет саласындағы тұңғыш зерттеуі болған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласына тоқталып өткен жөн болмақ. Бұл мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы басылымында жарияланғаны мәлім. Мақалада қазақ халқының бір туар ақыны Абайдың саналы ғұмыры мен шоқтығы биік туындыларының мазмұн тереңдігі мен көркемдік ерекшелігі, ақындық шеберлігі, поэтикалық мұрасы, орыс әдебиеті үлгілерінен алған танымы мен тәлімі турасында құнды пікірлер айтылып, ұлы ақын мұрасының эстетикалық қыры толығымен ашылып, терең баға берілген.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің тұнығы болған ауыз әдебиеті үлгілерінің сақталуына да зор ат салысқан. Мәселен, «Ер Сайын» эпостық жырына алғы сөз жазып, толық түсінік берген. Атаулы эпосты 1923 жылы Мәскеуде басып шығарды. Ғалым өз кезегінде қазақ ауыз әдебиетінің мол мұрасы болған жоқтау-жырларын жинақтап, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” атты көлемді еңбегі қазақ сөз өнерінің сыршыл табиғаты мен шынайы болмысын таразылайтын тұңғыш әрі бірегей мұрасы. Ғалымның бұл еңбегінде сан иірімді сөз өнерінің мазмұнық құндылығы, көркемдік ерекшеліктері, жанрлар табиғаты, әдеби терминдердің қазақша баламасы жайлы жан-жақты зерттеулер мен тұжырымдар келтірілген. Бұл орайда ойымызды З. Қабдоловтың мына бір пікірімен сабақтасақ: «Қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің “Ахаң түрлеген ана тілі” дейтін әлдиің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы.

Демек, “Әдебиет танытқыштың” ең басты бағалылығы – осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы». Ендеше, ғалым қазақ әдебиетінің теориялық негізін салуда өзіндік сара жолмен ерекшеленгенін аңғару қиын емес [2].

Ағартушы ғалымның қазақ филология ғылымдарының қалыптасуына қосқан еңбектерінің мән маңызы еселенбесе, кемімеді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Сол кезеңдегі қазақ жастары Ахаңның “Әліп-биімен” қара танып, сауатын ашты. Қазақ тілінің ғылыми негізін “Тіл құралы” еңбегі арқылы игерді. Сондай ақ, ғалым – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу қазақ қоғамы латын әліп биіне көшкенше еліміздің оқу-ағартуына саласында қарқынды қолданылды [3].

Қазақ әдебиеті мен тіл білімін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым.

А. Байтұрсынұлының зерттеушілік еңбектері бүгінде жаңа заман талабы тұрғысынан зерделеуді қажет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. А. Байтұрсынов «Оқу жайы» // «Қазақ» газеті, 1913.
2. Қабдолов З. Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы, 1999. – 121-127 б.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдебиеті. – 1989.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бөкембаева Н.М., Муканбаева Л.Ж., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «№47 ЖОББМ» КММ.
nazira_1985.17@mail.ru

XX ғасырдың басында қазақ халқына ұлттық мәдениет пен әдебиеттің туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, жарқын болашаққа ұмтылған зиялы топ қалыптаса бастайды. Халықтың рухын көтеріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол қазақ халқын отаршылдықтан құтқарар жол – алдыңғы қатарлы дамыған елдердің санатына қосылып, өнер-білімге ұмтылу екендігін біліп, халық арасында ағартушылықты насихаттау жұмысына кіріседі. Академик Р. Сыздық: «Өткен ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен проблема болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салада одан кейінгі нақты іс істеген екінші адам «екінші Алтынсарин» – Ахмет Байтұрсынов болды», – деген пікір білдіреді [1, 15 б.].

А. Байтұрсынұлы мен ұстазының педагогикалық ой-пікірлерін салыстыра зерделесек, қазақтың тұңғыш педагогтерінің мақсаттары мен идеяларының өзара үндестігіне таңданбасқа болмайды. Қазақ жерінде алғаш мектептер ашуға және мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға, м амандар даярлауға ерекше қызмет етіп, ұлттық ділімізге негізделген төл оқулықтар мен әдістемелік құралдарды дайындаған.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша сауат ашуға арналған «Оқу құралының» (қазақша әліппе) 7 рет қайта басылып, білім беру ісінде ұзақ уақыт пайдаланылуы – бүгінгі таңдағы тіл үйренушілерге арналған оқулықтарды даярлаушы ғалымдарға үлгі боларлық әдістеме. «Оқу құралы» терең мазмұнымен, орналасу тәртібімен, мәнділігімен ерекшелінеді. Тіліміздегі дыбыстар мен әріптер меңгертілгеннен соң тақырыптық жүйеде танымдық материалдар ұсынылады: «Туысқан – туған іліктес», «Киімдер», «Ойын-ойыншықтар», «Тамақтар – сусындар», «Дене мүшелері», «Ыдыс-аяқ», «Үй саймандары» т.б.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппелерінде сөз мәдениетінің төменгі сатысы – тіл дамыту жұмыстарында ауыз әдебиетінің ерекше үлгілері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар кешенді түрде ұсынылған. Тілдік тұлғаның лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға негізделгендігі байқалады. Оқу-ағарту саласында ұстазы – Ы. Алтынсариннің, орыс педагогі – К.Д. Ушинский, жазушы Л.Н. Толстойдың ана тілін үйрету, адамгершілік тәрбие беру, өмір, еңбек жайындағы білімдерді күнделікті тұрмыста көріп жүрген таныс жайттармен ұштастыру, табиғат жайындағы білімді айналадағы өсімдік, жан-жануар тіршіліктерімен сабақтастыра беру сияқты, яғни, жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай үйрету жүйесін ұстанған А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегі қазақ тілін оқытуда негізге алынатын қазіргі инновациялық технологиядан озық мәдени мұра ретінде бағаланады. 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезде түркі халықтарының латын графикасын қабылдау мәселесі ғана сөз болмады.

Түркі тілдерінің тарихы, әдебиеті, емле мәселелерімен бірге түркі тілдерін оқыту мәселесі де қаралды. Бұл жөнінде А. Байтұрсынұлы «Түрікшілер құрылтайы» мақаласында құрылтайда қаралған мәселелерді атай келіп, профессор Щербаның «Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар», Епенді-заданың «Түрік тілін оқыту әдістері» тақырыптарында баяндама жасағандарын сөз етеді [2, 411 б.]. Әдістеме ғылымы, яғни, қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистикамен байланысты. Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тіл, негізінен екі парадигмада зерттелініп жүргені белгілі. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма.

Қазақ тілінің мұғалімі білім берудің мазмұнына сәйкес лингвистика ғылымындағы ғылыми анықтамалар мен ұғымдарды, терминдерді, ғылыми мәліметтерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға жаттап оқытпай, негізгі грамматикалық тұлғалардың формасы мен мазмұнын меңгерту мақсаты іске асырылады. Соңғы уақытқа дейін тіл ғылымындағы білімдерді оқулыққа енгізу, оны білім алушы санасына жеткізуде құрылымдық жүйе негізге алынды. Оқулық авторлары тіл ғылымындағы «ішкі лингвистика» бағытын ұстанып, тілдің құрылымдық моделі тілдік тұлғаға берілетін білімнің негізгі мазмұны болып есептелінді. Қазақ тілінде сөйлейтін халық, ұлт, тілдік тұлға, коммуникативтік тұлға, мұғалім, оқушы «сыртқы лингвистика» ретінде аталып, екінші кезекте қарастырылды [3, 2 б.].

А. Байтұрсынұлының инноваторлығы тілдің құрылымдық моделін білім ретінде беру бағыты антропоцентристік парадигмаға негізделіп, яғни, екі бағыттың синтезделген жүйесі түрінде болуы қажеттігі әдіснамалық ой тұжырымдарында терең қарастырылады. Лингвистика ғылымындағы теориялық ақпараттар коммуникативтік бағытта, яғни, тілдік қатысымдық (коммуникативтік) құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілік қалыптастыруға бағытталу қажеттілігін дәйектейді. Ғалымның әдістемелік еңбектерінде қазіргі әлемдік білім беру жүйесіндегі дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, кешенді оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту технологиясының негіздері толық көрініс тапқандығын дәлелді түрде айта аламыз.

А. Байтұрсынұлының оқу-әдістемелік кешендері қазақ тіліндегі теориялық материалдарды практикамен ұштастырып, білім алушылардың коммуникативтік, лингвомәдени, когнитивтік және әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктерін жетілдіруге негізделген. Оқу әдістемелік еңбектерінде этнопедагогика, этнопсихология ғылымдары негізінде қазақ ұлт мектебінің тұжырымдамасын жасап, даму қағидаларын нақтылап көрсете білді. А. Байтұрсынұлы еліміздегі қазақ мектептері мен мұғалімдеріне көмек көрсету, халықтың сауат ашу және өнер-білімге тарту мәселелерімен мақсатты түрде айналысты. Ұлт мектептерінде ана тілімен қатар сол халықтың рухани мәдениеті мен тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен салт-дәстүрлері негізінде жүйелі білім беру мәселелері жөнінде айтқан ұтымды ой тұжырымдары қазіргі уақытта да құндылығымен ерекшелінеді. Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігінде әдіскер ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер тарапынан ұтымды технология ретінде құнды болып саналып отырған сын тұрғысынан ойлау ұстанымының құндылығын

А. Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ дәлелдеген болатын. Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қолданған жалқылау, жалпылау, дыбысты әдіс, әңгімелесу, жүйелеу, талдау, жаттау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат т.б. негізгі әдістері сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде қазіргі тілді оқыту әдістемесінде интерактивті әдістер қатарында қолданылып келеді. Интерактивті оқыту технологиясындағы ең негізгі әдістің бірі – сұхбат әдісінің элементтерін тілші ғалым мүмкіндігінше пайдаланған. Пәнаралық байланыс мәселесінің қойылуын да назардан тыс қалдырмай, сұхбат әдісінің қазақ тілі сабағына қоса табиғаттану, қоғамтану сабақтарында да қолданыс табуына назар аударады. Ғалымның әдістер классификациясы туралы пікірлері 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған «Қай әдіс жақсы» мақаласында толық қарастырылады [4]. Қазақ тілін оқыту әдістемесі тарихында дидактикалық әдістер қалыптасып, білім беру ісінің дамуымен байланысты дамып отырды.

А. Байтұрсынұлы дидактиканың әдістер классификациясын жасауда оқытудың инновациялық технологиясында кең өріс алған интербелсенді әдіс элементтерін ұсынған. Ағартушы өзінің ғылыми-әдістемелік еңбектерінде білім беру жүйесінде теориялық білімі жетік мұғалім дидактикалық әдісті дұрыс сұрыптап, оқу үрдісінде орынды, сапалы қолданады деген тұжырым жасайды. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінде қазіргі кезеңде де актив қолданылатын дәстүрлі технологияға негізделген әдістерді өз тәжірибесінде қолданды.

А. Байтұрсынұлы тұтас сөз әдісі, дыбысты әдіс, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалқылау-жалпылау әдісі, шағын сөз әдісі, американ әдісі түрлерін талдап көрсетті. Ғылыми мақалаларында аталған әдістер арқылы жасалатын жұмыс түрлері жан-жақты талданады. Әдіскер ғалым «Баяншы» еңбегінде: «Оқу үйренудегі бас мақсат – керек сөзді оқи білу, ол сөзді жаза білу. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген бала сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп, сөз шығара білмейді. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп (әріп) көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады» деген пікір білдіріп, дыбыс үйретудің жолдарын атап көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдістемеші ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы тілді меңгертудегі сауаттылықтың негізі – оқу емес, жазу процесі екендігіне тоқталып, жазуға үйрету әдісіне ерекше мән беру керектігін айтады. Қазақ тілі оқулықтарында әрбір тілдік материалдардан соң жаттығу жұмыстарын ұсынып, оның дидактикалық негізден тиімділігін төмендегіше талдап көрсетеді: «Тіл – құралмен» балаларды оқытқанда һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін балалар түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету... Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауыздан жаздыруы керек. Яки, кітапшадағы қате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыруы тиіс» [2, 143 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының ой қорытындылауынан жаттығулардың орындалу ерекшеліктеріне байланысты ауызша және жазбаша түрлеріне ерекше мән бергендігі байқалады. Ғалым тілдік жаттығуларды «дағдыландыру», «сынау» түрлерінде екіге жіктеген.

Жаттығу жұмысының «дағдыландыру» түрінде ауызша орындалатын жаттығулар берілсе, «сынау» түріндегі жаттығу жұмыстары жазбаша түрде орындатуға негізделген. «Тіл – құралдың» барлық оқулығында теориялық материалдарға жеткілікті дәрежеде ұсынылған дағдыландыру, сынау жұмыстарында қазіргі тілді меңгерту әдістемесіндегі жаттығу түрлерінің (машықтандыру, шығармашылық, сұрақ-жауап, тексеру, көшіру т.б.) элементтері кеңінен қолданылады. «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбегінде ғалымның жазу дағдыларын жетілдіруге, сауаттылықты арттыруға байланысты жаттығу жұмыстарын түрлендіріп, мазмұнды жүйесін ұсынған. Көшіріп жазу, жатқа жазу (өзі жаттаған мәтінін жазу), тапсырма бойынша жазу жаттығуларының түрлерін ұсынып, «нұсқа» деген нұсқамен жаттығуды орындау үлгісі көрсетіліп отырады.

А. Байтұрсынұлының жаттығу жұмыстарының шартында берілген «сөйлеу» терминін «мәтін» орнында өте орынды қолданған. Сынау, дағдыландыру жұмыстарында алынған мәтіндер мазмұнды. Жаттығу жұмыстарында мәтін сұрыптауда мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер үлгілерін жас ерекшеліктеріне қарай тиімді ұсынып, білім алушылардың коммуникативті танымдық құзіреттіліктерін жетілдіру бағытын ұстанған.

Ғалым жаттығу жұмыстарында лингвистикалық құзіреттілікті меңгертумен бірге лингвомәдениеттанымдық және қатысымдық құзіреттіліктерді қалыптастыруға ерекше мән бергендігі мәтін мазмұндарынан да байқалады. Шетелдік тіл үйренушілердің қазақша сөз мәдениетін қалыптастыруда тілді меңгеру мәселелеріне байланысты.

А. Байтұрсынұлының ұсынған әдістер жүйесі мен қағидалары инновациялық технологияға негізделген интерактивті әдістермен сабақтас: тіл үйренушілерге қазақ тілінен меңгерілетін білім жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге негізделіп, дидактикалық ұстанымдарға сәйкес оқытылады; тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгертуде әліпбиден бастау міндетті; тіл үйренушілердің коммуникативтік құзіреттілігін жетілдіруде сөз, тұрақты тіркес, сөйлем жүйесін меңгерту жұмыстарын жүргізу; тілді меңгертуде мұғалім әдістің бір түрін ғана пайдаланып қоймай, бірнеше интерактивті әдісті сабақтастыра білуі қажет: тіл үйренушілерге лексикалық минимумда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, фразеологизмдер, өлең-жыр, ертегілерді меңгерту арқылы лингвомәдениеттанымдық құзіреттілігін дамыту. «Инноватор – это творческая личность, обладающая инновационным мышлением и с высокой инновационной культурой инноваций» [5, 89 б.].

«Инноватор» терминіне берілген анықтамалардың мазмұнын зерделей қарайтын болсақ, қазақ тіл білімі ғылымының негізін салған А. Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік мұралары ғалымның «мәңгілік инноватор» екендігін дәлелдей түседі.

Сондықтан мәңгілік инноватор – Ахмет Байтұрсынұлының ғылым, білім және мәдениет салаларында қалдырған бай мұрасы бүкіл елдік руханиятымыздың бір маңызды бөлшегі ретінде мемлекеттік қамқорлыққа алынып, оны игеру, зерттеу жұмыстары шоғырланған бір орталықтан жүргізілсе, ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазы алдындағы перзенттік парызымыздың ең бір лайықты өтеуі болар еді.

Қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз, қазақ халқының рухани көсемі – А. Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қатысты теориялық тұжырымдары мен әдістемелік тәжірибесі – жаңа үлгідегі ұлттық мектеп моделін жасауда негізге алынатын жүйе.

Инноватор педагог-ғалымның 153 ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын зерделеу, ғылыми ізденістерді жалғастыру ұлттық педагогика ғылымының қорын үздіксіз толықтырып, ХХІ ғасырдың терең білімді, бәсекелестік жағдайда рухани өресі биік, азаматтық бет-бейнесі қалыптасқан зияткер тұлғаны тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2014.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Уәлиұлы Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген сөздіктердегі ақпараттарды білім беру жүйесінде қолдану туралы// Қазақ тілі: әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2009. – № 3 (23).
4. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? // Жаңа мектеп, 1928. – № 4.
5. Делия В.П. Инновационное мышление в ХХІ веке. – Балашиха: Де По, 2011.

МЫСАЛМЕН ӨРІЛГЕН ОЙ...

Исина С.К., Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, магистр

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Семей жоғары көп салалы колледжі, anara_150683@mail.ru

«Ой түбінде жатқан сөз»... Кешегі қазақ қоғамының күнгейі мен көлеңкелі өмірінің, жасампаздық жолдарының алға қарай қадам басқанындағы соны соқпақтарының, тыныс аурасының жарқын айнасы – Ахмет Байтұрсынұлының асыл мұрасы. Ол, ұланғайыр тарих кеңістігінің ұшан қиырларына үңіліп ұлт тағдырының тар жол тайғақ кешуін аңғарып, ұлттық тарихпен шектелмей, ғалами тарихқа көз жүгіртіп, кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Кемеңгер. Не жазса да, қай тақырыпты қозғап, қамтыса да ол Қазақ Елінің халқы мен жерінің біртұтастығы, бірлік берекесі мен ұйытқысы, ұлттың ұлы тұғырлары: тіл мен ділдің бүгіні мен болашағына көңілі алаң, күрделі көкейкесті мәселерімен ұштасып, сабақтасып, бір – біріне жалғасып жатады. Әрбір жазбасы қай қырынан алсаңда терей ой мен өмірлік толғаныстармен үндесіп, дерегі мен дәйегі жеткілікті, жан – жақты сарапталып, талданған, қысқа да нұсқа, ерекше екшелген, қорғасындай қою, мәйекті ой, мәнді пікір, халқының, елінің – жерінің өмірімен сабақтаса келеді.

«Білім – бір құрал. Білімі көп адам – құралы сай ұста, не істесе де келістіріп істейді, деп өзі айтқандай, бар білімін, ілімін, бар қабілет – күші, күллі қару – құралын тіл түрлеуге келістіре жұмсады. Ана тілін дүниежүзіндегі ең бай, ең сұлу тілдердің деңгейіне көтерді. Әлемдегі бірде – бір тілде қазақша баламасы табылмайтын бірде – бір сөз жоқ деп білді. Жазба әдебиетінің тарихына пернелеу, шендестіру, мегзеу, әсірелеу, дамыту деген көркемдік шеберлікті әкелді. Осы байлықтың, икемділіктің, ықшамдылықтың, әсерліліктің, әдеміліктің бәрі қазақ тілінің өз табиғатынан, қазыналы қойнауынан, мағыналы көлемінен, мазмұн тереңінен, мәдени биігінен табылды. Ахмет Байтұрсынұлының тіл тарапындағы ұстаздық ұлағаты, ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасының бір арнасы – мысал жанры. Ондағы қызықты форма ұғымды идея қазақ халқының түр сипатын көрсететін төл дүние ақынның ой түбінде жатқан сөзінің дәйегі.

Ол орыс ақындарын көп оқыды. Ауыл мұғалімі боп істеген жылдарынан бастап шәкірттеріне И.А. Крылов мысалдарын оқытқан. Орыс ақындары А.С. Пушкинді, М.Ю. Лермонтовты, С.М. Надсонды оқып, кейбір шығармаларын аударған. Ақыннан қалған мұраның ішінде А.С. Пушкиннің «Ат» деген өлеңі, «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері бар. 1901 жылдан бастап Крылов мысалдарын аударып, сол негізде өзі де мысалдар жаза бастайды. А. Байтұрсынұлының мысал жанрына ден қоюының түртпегі болды. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, қулық-зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Әр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым – қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.

А. Байтұрсынұлының ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушылығы «Қырық мысал» жинағынан бастау алады (1909 Петербург).

Қырық мысалдағы қырық өлеңнің бәрі қырық түрлі оқиғаны баяндаудан басталып, содан туған қырық түрлі түйінмен аяқталып отырады. Әр мысалы – бір әлем, әр түйіні жай тұжырым емес, қырық түрлі ғибрат береді. Кітапқа енген қырық мысал түгелдей атақты орыс ақыны И.А. Крыловтан аударылған.

Өз халқының тұрмыс-тіршілігінің сырын, небір көзден таса қалтарысына дейін мейлінше терең, жетік білген халықтың ақын мысал жанрына бекерден бекер ойыспаған, оған саналы түрде барған. Дәл осы жанрдың қазақтың ұғым – нанымына, түсінік түйсігіне жақын жатқанын жіті аңғарып тұщына ұққан.

Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық мақтаншақтық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, күншілдік, зорлық, надандық, қулық, күндестік тойымсыздық, достықты кәдірлемей, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге арналады. Мысалы, «Есек пен бұлбұл»:

Айтайын мен бір ақыл, бұлбұл шырақ,
Тыңда сен ілтипатпен салып құлақ.
Қораздан біразырақ ән үйренсең,
Сайрар ең мұнан гөрі де артығырақ».

Бұл сөзге жәбірленіп бұлбұл қатты,
Сөз тыңдап онан әрі тұра алмапты.
«Есекке сынатпасын Құдайым», – деп,
Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты.

Бұл мысалда алғашқы портреттік сипаттан кейін кейіпкердің бүгінгі тірлігімен салыстырылып, жағымсыз көрінісі, дамытыла суреттеледі. Надандық пен тоғышарлық, мақтаншақтық пен көрсеқызарлық, әлін білмеген әлек деп сатылап салыстыра айтылып келеді де мінездеуге көтеріледі. Бұл сәтте ақын өз тарапынан тапқыр дәл бейнелерді қолданса, енді бірде дайын үлгіні жандандыра, қалауын табады. Мысалы: «Қарасу мен Өзен»

Қарасу Өзенге айтты: «Ғажап мұның!
Мезгілің бар ма, сірә, табар тыным?
Тасисың бірде кеме, бірде салдар,
Қайықтың есебі жоқ сансыз мыңын.
Суыңда күндіз-түні тыныштық жоқ,
Қалайша шаршамайсың, жарықтығым?
Бейнетім менің егер сендей болса,
Бір күн де төзбес едім, нақ бұл шыным-десе
Сол шақта Өзен айтты: «Тоқта, надан!
Сөзіңді шығын қылма жоққа, надан!
Ісімді әурешілік, пайдасыз деп,
Білмесең, құр өтірік соқпа, надан-деп жауап қайырып
Зорайып болдым өзен аққаныммен,
Сендей боп текке қарап жатпадым мен.
Толтырып сай-саланы жылда суға,
Келтірдім көпке пайда тапқаныммен. –

деп, ақын жансызға жан бітіріп, Қарасудың кері сөйлеп келемеждей таныстыруы бейнелеу амал тәсілдерінің бірімен әлін білмей әлекке түскен және өз ісінің оңға баспағанына өзгені кінәлайтынын сынаған.

Кейбір мысалдарда тұтас халықтық элеуметтік мәні бар тақырыптар (отаршылдық әкімшілік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық, санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен қозы», «Аңдарға келген індет», тағы басқа мысалдары жатады. «Қасқыр мен тырнада» сүйекке қақалып өлгелі тұрған жерінен құтқарған тырнаға қасқыр алғыс айтудың орнына, өзін бас салып, жемек болады. Мысалдағы оқиға желісі жақсылыққа жамандықпен жауап берген тоқшарлықты көрсетеді. Мысалы ұзақ кіріспеден басталады Қасқырдың тырнаға мақтау – монологін өз жанынан қосады. Мысалы соңындағы:

Қиссасы Қасқыр, Тырна болды тамам,
Мінездес, қасқырменен кейбір адам .
Басына пәле түсіп, қысылғанда,
Жалынып – жалпаяды келіп саған ...
Қайырды қарап істе аламына,
Қарайлас өзіңменен шамалыға,
Қасқырдай қаражүрек залымдардың
Жүрмендер түсіп кетіп тамағына, –

деген тұжырым жасалады. «Ала қойлар» мысалында жадағай зорлық – зомбылық қана емес, отаршылдық саясаттын зұлымдық бет пердесі ашылады. Ақынның түпнұсқадағы 38 жолдық мысалды 64 жолға жеткізіп аударуы өзінің айтар ойын оқырманның тереңірек ұғынуына жол ашу еді. Мұнда Ахмет ақ патшаның құлқынкұмар саясатын, отар елдерді айлалы тәсілмен қанап отырғандығын суреттейді. Арыстан – орыстың ақ патшасы, аю мен түлкі – жақын кеңесшілері, ала қойлар – бұқара халық. «Әділ патша «ала қойларды көргенде көзі ауыратынын айтып, олардан құтылудың жолын кеңесшілерімен» ақылдасады. Оларға өз ойын ашық айтып, беделіне көленке түспейтіндей болуын сұрайды.

Сонда аю: Бәрін де ала қойдың қырсаң, тақсыр Тұқымың не бар құртып, жоймайтұғын? – деп, бірден жауыздық ойын жеткізеді. Оны арыстан куптай қоймайды. Сонда саясатқа шебер сұм түлкі қойларды асыра бақтыруды ұсынады. Арыстан бұл ақылды қабыл алады. Ақыры «қасқыр баққан қойдан ала түгіл ағы да аз қалалы қойлардың таусылғанын көрген жандар оны арыстаннан емес, қасқырдан көреді. Мысал аяғында: Бұл сөзге дегенім жоқ жылар – күлер, Адам аз алдын болжап, анық білер. Көкжалдар қойшы болса, кім біледі, Береке алып қойға кірсе, кірер» деп, Ахмет түйінді ойды

оқырманның өзіне тастайды Осындай саяси мәні бар мысалдын бірі – «Қасқыр мен қозы». Ол түпнұсқада 36 жол болса, тәржімала 68 жол. Бұлаққа су ішуге келген қозыны қасқыр ұстап алып, кінәлап, сол кінәсі үшін жеп қоймақ болады. Қозы өзінің кінәсіздығын қанша дәлелдесе де, болмай, қасқыр оны көтеріп ала жөнеледі. Ақынның өзіндік өрнегі мысалдын басталуы мен аяқталуындағы өзгешеліктер, қасқыр мен қозы диалогіндегі қазақы сөз саптауынан байқалады. Ақын былай бастайды: Бұлаққа су ішуге келді қозы, Жанында серігі жоқ жалғыз өзі. «Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан Пәле мен қаза алыс па келсе кезі. Шумақтағы « Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан » деген тармақ ерекше оң беріп, мысалдың таза, ұлттық тыңысын танытады. Крыловта оқиганын қалай аяқталары басынан – белгілі болса, Ахмет оқиға дамуына өзіндік әдіс қолданып мысал кілтін сонына дейін сақтайды. Қасқырдың қойған кінәсынан қозы ақталып шыққандай болғанмен, қасқыр тағы бір бұлтарпас кінә тарады. Алыпсын жаман әдіс қарсыласып, Сенімен тұрам ба мен мылжындасып Айтайын, білгін келсе, қозым, саған, Кінен сол – жегім кеп тұр, карным ашып. Ахмет мысалынан күштінін озбырлығын бірден тануға болады. Бұдан сол кездегі патшалық Ресей қазақ даласына әкелген үстемдіктің әділетсіздігі көрінеді. Отаршылдық құрсауындағы халықтың «басты кінәсы» қозы тағдырына ұқсас. Мысалдың негізгі түйіні – халықты ояту, ой салу Отаршыл әкімдердің момын халыққа істеген қулық, зорлық зомбылық әрекетін «Аңдарға келген індет» деген көлемді мысалында суреттейді. Аң патшасы арыстан бар аңдарды жинап алып: «Күніміз кеп болған сон, құдай бізге індет жіберді. Менің де күнім жетерлік, талай қойды қойшысымен жеп едім. Кімнің кінәсі көп болса, жұрт үшін құрбандыққа жанын қисын , дейді . Сонда жағымпаз түлкі: «Кім оны кінә дейді, оны кінә десек, біз аштан өлеміз ғой, адамды жесеніз де, кінә емес, қайта сауап», – дейді. Бұны жолбарыс, аю, қасқыр бері де қолдайды. Әркім өз сырын айтады. Өгіз тұрып: «Бұдан бес жыл бұрынғы аштықта біреудің шөбін рұқсатсыз үзіп жеп едім», – дейді Іле – шала, аю, қасқыр, өгізді алып ұрып құрбандыққа шалады, күнәдан тазарсын деп отқа салады. Автор «адамның шебі түгіл, өзін жеген, тісті мен тырнақтылар аман қалды», «Айтуға түсін ашып қаймығамын, біреуге кетті ме деп тілім тиіп», деп аяқтайды.

Япырмай, бұл не деген күнә, тақсыр!
 Шуылдап қоя берді аю, қасқыр:
 Былғады бір өзі емес, бәрімізді,
 Біреудің шөбін ұрлап қара басқыр !
 Соншама не көрді екен, құдай ұран ?
 Обал жоқ бұл көрімге жұртты қырған.
 Өзгелер мұнан ғибрат алмас үшін,
 Жоялық жылдам көзін, етіп құрбан –

деп өгізді алып құрбандыққа шалады. Ақын адамның шөбі түгіл өзін жеген тісті мен тырнақтылар аман қалды, Айтуға түсін ашып қаймығамын, біреуге кетеме деп аяқтайды

Тауыса алман дүние кебін айтып, санап ,
 Хәкім аз іс ететін ғаділ қарап .
 Залымдар айран ішіп аман кетіп,
 Момындар тутылып жур шелек жалап

деп ақын «Айран ішкен кутылады, шелек жалаған тутылады деген халық макалын еске салады. Ақын мысалдарында ұлттық мақал – мәтелдер мазмұнына қарай талғампаздықпен қолданылады. Мәселен, «Әлін білмеген әлек», «Өгіз бен бақа» . «Бастан құлақ садаға», «Қасқыр мен тырна», «Халық айтса қалып айтпайды», «Қарға мен түлкі». Жазушы мысалдары қазақ халқын бірлікке, ынтымаққа уағыздайды. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты шенеп алтау алау болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді дегенді меңзейді. «Малшы мен масада жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді. Расында, бүгінгі тәуелсіздікке ие болған егемен елдің ірге тасын берік бекемдеп, оның күш – қуатын нығайтуға, соған жұртты жұмылдыруға бар жігер – қайратын жұмсау мен қатар, халық санасын бір неше ғасырға созылған басыбайлы отарлықтың сіңірген зардап, зиян – залалдарынан аршуда ақын жазған мысал жанры өзінің тарихи таразылығы, этнографиялық деректілігі мен қазақ қоғамының өткен кезеңіндегі дәуірлік сипатын толық тұлғалайтын танымы терең туындылары халық дәстүрінің тарихының, кешелі – бүгінгі түсінігін танытып ұлттық реңін дараландыруымен де құнды.

Иә, ұлы тұлғаның ұлағаты, ең алдымен келелі істері, бүгінде тәуелсіздік туын көтеріп отырған ұлтымыздың игілігіне, ұрпақтар тағылымына айналып отыр. Тарих түпкірінен сөз келген сайын ақынның өсиетті сөздері, тағылымды бейнесі, барлық болмыс бітімімен, асыл мұрасымен болашаққа жол сілтемек.

Әдебиеттер

1. Әбен Е., Дүйсенбайұлы Е., Тасмағамбетов И. Дала даналары.
2. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы, 1991.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Білім қоғамы, 1991.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.
5. Мақпыпұлы С., Сыдықов Т. Қазақ әдебиеті.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 9/2013

ҒТАХР: 14.07. 09.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Нурғалиева Л.Т., Ибраева Н.Б., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, nurlaura777@mail.ru, nurbanu01.11@mail.ru

Ол нағыз ұлт ұстазы болды, ұйқыда жатқан қазақ халқын оятуға ұмтылды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегі шексіз. Ол – ақын, ол – қоғам қайраткері, ол – қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі-лингвисті, ғалым-ағартушы. Алаш идеясының көшбасшыларының бірі. Қазақ елі үшін бес рет қамауға алынып, жалықпай: «Асықпа! Артымызда судья бар...» деп кейіннен өлім жазасына кесілді. Оның өмір жолын, іс-әрекетін, идеясын білу, бағалау – баршамыздың парызымыз.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ең үлкен ерекшелігі молдадан немесе медреседен білім алған. Олардың барлығы діни сауатты адамдар еді. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегі, мақаласы Құрандағы «Бисмиллаһир-рахмани-рахим» сөздерімен басталатынын әдебиетші ғалым Айгүл Исмақова да растайды. Бұл сөздер цензураның кесірінен құлады, бірақ қазір бұрынғы қалпын қалпына келтірді. Бұл жерде реформатор Ахмет Байтұрсыновтың араб графикасына негізделген тұңғыш қазақ әліпбиін құрастырғанын атап өткіміз келеді. Ол кезде түркі мемлекеттерінің 90 пайызы хаттарында осы қаріпті пайдаланған. Ғалым Орынборда өткен қазақ-қырғыз ғалымдарының съезінде жаңа әліпбидің ерекшеліктерін атап өтті: «Жаңа әліпбидің ерекшелігі – тез жазуда, балаларды оқытқанда әр әріпті бөлек бөліп көрсетеді, жазба нұсқасы өте ұқсас. басылған. Қазір қазақ әліпбиіне тең келетін ешкім жоқ. Бізде латын әліпбиі жағдайында ең жақсы әліпби болған кезде латындандырудың қажеті жоқ. Әдемі әріптерге азғырылып, бар мәдениетті ысырап ету керек пе?», – деді ол. Сөйтіп, 1913 жылдан бастап Ахмет құрастырған әліпби барлық медреселер мен орыс-қазақ мектептерінде қолданыла бастады.

Жазушы Сейіт Кенжеахмет былай деп жазады: «1917 жылы 5-13 желтоқсанда ІІ жалпықазақ съезі өтті. Онда Алашорда үкіметінің құрамы бекітілді. Ағарту комиссары қызметіне Ахмет Байтұрсынов тағайындалды. Оның қасында Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенов, Телжан Шонанов болды. Ол кезде Ахмет молдалардың мүлкін оқу-ағарту жұмыстарына пайдаланды. Өйткені ол оқуды үйрену процесін тек әріптерді зерттеу деп қарамады. Ол тәрбиені негізге алды. Адамгершіліктен, жанашырлықтан, мейірімнен, ізгіліктен ада тәрбиеленген адамның қауіпті болатынына сенімді болды. Торғай өңірінде медресе-мешіттер көп болды. Ахмет осы дайын ресурстарды пайдалануды дұрыс санады...».

Бірақ Алаш қайраткерлері күткендей олай болмады. Көп ұзамай араб жазуы исламмен теңестірілгендіктен жойылды. Ахмет жасаған хатты Қытайға, Ауғанстанға, Иранға көшкен қазақтар ғана сақтап қалды. Қазір олар қолданатын араб жазуы Ахметтікі.

Ахмет Байтұрсынов өзі мектеп мұғалімі, кейін Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарының мұғалімі бола отырып, мемлекет заңдарын да жақсы білетіндіктен, мұсылмандық білім берудегі дағдарыстың себептерін және Дала өлкесіндегі орыс білімінің даму мүмкіндіктерін жетік түсінді. Шығармаларының елеулі бөлігі туған халқының мектеп және университет істерін ұйымдастыруға арналған. Қазақтың амандығы мен өркендеуі үшін жастардың оқу-тәрбие жұмысын жақсарту қажет екеніне сенімді болды. «Жастардың оқу-тәрбиесі түзелмей, жұрттың иісі түзелмейді».

Қарапайым азаматтарға барынша қолжетімді, қазақ халқының күйіп тұрған мәселелеріне мақалалар жариялаған «Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болғанын жұрт біледі. Сондықтан оның қазақ балаларын оқыту, мектептер ашу және оларды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, сондай-ақ кадрларды іріктеу, оқуды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты еңбектері дәл осы жерде жарық көрді. Мысалы, «Бастауыш мектеп» деген мақаласында: «Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де болуы керек. Үкіметке керегі

мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бірде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуын сақтау» [3, 99 б.]. Ахмет Байтұрсынов өз еңбегінде халықтың мәдени дамуы үшін шешуі қажет мәселелерді ашып көрсетеді: үкімет тарапынан әрбір этносқа өз тілін, жазуын, дінін сақтауға мүмкіндік беру. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайының», «Мектеп керектері», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» т.б. мақалалары бар. Бұл еңбектердегі негізгі ой, біздің ойымызша, Ұлы ұстаз былайша өрнектейді: «Балам» деген жұрт болмаса, «Жұртым» дейді бала қайдан шықсын? «Балам» деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін «Жұртым» деп танымас, сонда оқпелеу жоң ғой». Одан әрі: «Баланы ұлша тәрбиесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиесең, құл болмақшы» [3, 60 б.]. Болашақ жас ұрпақтың еншісінде, сондықтан да А. Байтұрсынұлы білім алғысы келетін, халқының игілігі үшін еңбек ете алатын жоғары парасатты тұлға болғысы келетіндердің қамқорлығы мен ризашылығын жан-жақты қолдау керек деп есептеді.

Көрнекті қайраткер Алаша «Ана тілі» терминінің авторы [4, 6 б.], сондықтан да оның ана тілінде білім алуына жағдай жасау жолындағы тынымсыз еңбегі, тынымсыз еңбегі түсінікті. «Әліппе» мен қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың авторы. Сонымен, 1914, 1915, 1925 жылдары жарық көрген «Тіл-құрал» оқулығы үш жылдық білім беру жүйесіне сәйкес келетін үш бөлімнен тұрады. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары белгілі ғалым, академик Р.Сыздықованың пікірлерімен «Тіл-құрал» тағы да жарық көрді [5], бұл оқулықтың сол кездегі және қазіргі кездегі маңыздылығын дәлелдейді. Оқыту құралдарын жазған ғалым, ұстаз Ахмет Байтұрсынов: «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін», «Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I-кітап.», «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау(айырыңқы)әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс», «Дыбыстарды жіктеу туралы» [6, с. 251]. Бұл атау А. Байтұрсынұлының қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, біліктілігін арттыруға көп күш-жігерін, білімі мен қайрат-жігерін жұмсағанын көрсетеді. Оқыту мен тәрбиелеуде ұстаздың рөлі зор, біліктілігі жоғары мамандардың сұранысқа ие болатын кезі келетініне сенді.

Ахмет Байтұрсынов білім мен ғылым саласында білім алып, еңбек етемін деген жандардың күші мен мүмкіндігіне шын жүректен сенді. Сондықтан 1928 жылы Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының ашылуында сөйлеген сөзінде ол оқу орнының өз атауы мен маңызын ақтап алуын ыстық ықыласпен білдірді. Ол «Университет – жоғары мәдениетті құру, ал жоғары мәдениет – адамзаттың ғылым мен техникаға қатысты барынша түсінуінің жиынтығы» деп есептеді. «Халықтың күші мен байлығы оның иелігіндегі ғылыми-практикалық білімнің жиынтығы» болғандықтан, оны түсіну «терең өмірлік қажеттілік» [9, 10 б.]. Университеттің ашылуы, оның ойынша, біріншіден, қазақ жастарын оқып-үйренуге және олардың халқының жоғары мәдениетке қосылуына ықпал етеді; екіншіден, теңдік пен әділдікке қол жеткізу, мәдени жағдайын көтеру – кез келген ұлттың дамуының кепілі; үшіншіден, «Қазақстандағы жоғары білікті жұмысшылардың алғашқы ошағы» болады [9, 11 б.]. Өкінішке қарай, А. Байтұрсынұлының үміті ақталмады. 1932/33 оқу жылында тұңғыш университет педагогикалық институт болып қайта құрылып, тек 1934 жылы ғана жаңа Қазақ мемлекеттік университеті, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ашылды. Оның қанатты сөздерінде қазақ халқының тағдыры туралы толғаныс, ой толғау, толғаныс бізге жеткен. Мысалы: «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?!», «Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек», «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймай, ауытқымай, түзу жүреді», «Бізде тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс», «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» және тағы басқалар. Негізінен оларды қазақ ағарту ісіне арналған еңбектерден кездестіреміз.

А. Байтұрсынұлы қазақ балаларын ана тілінде оқу мен жазуға үйретуге көп күш жұмсады. Жас ұрпақ қазақ тілін аша отырып, ұлттық жазудың қажеттігін түсінеді. Бұған дейін ұстаздар балаға ыңғайына қарай не орыс, не араб графикасын қолданып, түрлі әдіс-тәсілдермен оқытатын. Сондықтан білім беру жүйесін бір жүйеге келтіру мақсатында жас ерекшеліктеріне, ой-сезімін қалыптастыруға жеңілдігіне, балалардың әріптерді меңгеруіне, үйренуіне жеңіл болуы үшін әліпби оқулығын жазуға кірісті. Ол үшін ең алдымен әліпбидегі әріптердің қолданылу ретін, қолданылу орнын анықтау міндеті тұр. Екінші орында білім беру жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық, т.б.б. Мәселелерді қояды. 1910 жылдар шамасында араб жазуының таза күйінде қазақ тіліне жарамсыз екенін түсініп, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеп, қайта өңдеуге кірісті. «Қазақтың» 1913 жылғы N35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» атты мақаласында А. Байтұрсынов дауысты дыбыстарды белгілеуге өз ұсыныстарын келтірген. Ол өз ойын білдірді Ғ. Мұса мырзаның пікірімен салыстыра отырып, араб графикасы негізінде қазақ әріпінде о, у, с, е әріптерінің қалай белгіленетіні туралы өз тұжырымдамасын ұсынады [3; 47-48 бб.].

Араб жазуын қазақ тіліне лайықтап өзгерту үшін оған мынадай өзгерістер енгізу керек дейді.

1. Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді.

2. Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады.

3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу.

Ахмет Байтұрсынов бұл мақаласында қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың орын тәртібін, ерекшеліктерін, айырмашылықтарын көрсетеді. Араб жазуының түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне сәйкес келмейтін бөліктері және қажетсіз бас әріптерді алып тастау қажеттігі егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Сондай-ақ араб жазуын толығымен алып тастап, басқа әліпбиді қабылдауға келіспейтінін білдірді [3; 51 б.].

XIX-XX ғасырларда екі түрлі білім саласына байланысты (медреселер, орыс-қазақ мектептері) әліпбилер араб және орыс әліпбиінде жазылды. Қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы, педагог Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864), «Қазақтарды орыс тілін оқытудың түпнұсқалық құралы» (Орынбор, 1871) оқулықтары алғаш рет орыс әліпбиінде жарық көрді. Бірінші рет. Дегенмен, «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліпби емес, оқу мен жазуды меңгерген балалардың білімін, дүниетанымын дамытуға бағытталған оқу құралы болды. Осыдан кейін А.Е. Алекторовтың, А.В. Васильевтің әліпбилері жарық көрді. Олар екі бөлімнен (қазақ және орыс) тұрды. Оның авторлары К.Д. Ушинский басқа ұлт балаларының орыс тілін жетік меңгеруі үшін олардың ана тілінде категорияны дамыту қажеттігін негізге алған. Бірақ қолданылған әліпбилер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгелдей бере алмады. Түркі зиялыларының басын біріктірген «Модернистер ұйымының» бір топ мүшелері қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар да жазды. Ол аз уақыттың ішінде қазақ балаларын оқу мен жазуға үйретуді көздеген. М. Нұрбаева «АБС» (Уфа, 1910 ж.), З. «Қазақ әліпбиі» Ерғалұлы (1910 ж. қазан), М. Малдыбаев және Ж. «Соңғы қазақ әліпбиі» Андамасов (1912 ж. қазан), Қ. Сырғалина «Қазақ әліпбиі» (1913 ж. қазан) т.б. Бұлар осындай серпіліс нәтижесінде дүниеге келген алғашқы оқулықтар болды. Алайда, бұл оқулықтар кеңінен қолданылмады. Ал, Байтұрсынұлы әліпбиінің жаңа үлгісі бойынша жазылған «Оқулық» (Орынбор, 1912) ғалым Қазақ мектептерінің әліпбиге деген сұранысын толық қанағаттандырды. Сауат ашу жұмыстарына оқушылардың сөздік қорын барынша тиімді пайдалануды көздейді. Қазақ сөздерінің дыбыстық ұқсастығы мен ерекшеліктерін ескере отырып, ұтымды әдіс қолданылды. Сондай-ақ сөздердің мағыналарын бір ғана дыбыстық өзгеріспен ажырату арқылы сөздің мағынасын нақтылау, қолдану дағдысын жетілдіру қалыптасты [4; 678 б.].

А. Байтұрсынұлының әріп ауыстыру, әліпбиді реформалаудағы жаңашылдығы сол кездегі зиялы қауым арасында дау тудырды. Мерзімді баспасөз беттерінде оның әліпбиді өзгерту, жаңашылдық енгізу жұмыстарын бірі қолдаса, бірі қарсы болып, дау-дамай ұйымдастырды. Сондай мақалалардың бірі 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған. А. Күзембаев, А. Иманбеков, Ғ. Тоқтарбеков сынды азаматтар «Емле туралы» мақаласында тіліміздің сұранысына сай әріптің жоқтығын айтып, бұл олқылықтың орнын Ахмет Байтұрсынұлы жасағанын айтады. Шығармашылығының мәні мен маңызына тоқтала келе:

«Ахмет Байтұрсынұлы жазған әліпби оқу құралының дұрыс кітап түрінде шыққанын анықтап, оның оқуға әбден лайық екеніне келістік. Ол мырза түзеткен кейбір белгілер, біздің ойымызша, артық. Олардың кейбіреулері аз болатын сияқты. Сондықтан олар өз ойларын айтып, бірқатар ұсыныстар жасайды. Бұл авторлардың пікірінше, тырнақшаның қажеті жоқ, өйткені сөздің жуандығы мен жуандығы сөз ішіндегі дауысты дыбысқа байланысты.

Олай болса, 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тіліне жеңілдету бағытында еңбек еткен ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының жазған мақалалары мен оқулықтарын талдасақ, оның араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық құрылымына сәйкес өзгерткенін көреміз. және араб жазуында жоқ әріп таңбаларын ойлап тапты. Байтұрсынұлының жетістігі – қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінуін дәл анықтап, әрбір дауысты дыбысқа ерекше сипат беруінде. Демек, оның араб графикасына негізделген әліпбиінде 24 әріп бар. Осы 24 әріптің 16 таңбасы дайын. Ол қосқан 8 таңба [3; 53 б.]. Профессор Е.Д. Поливанов «КСРО түрік әріптеріндегі графикалық революцияның негізгі формалары» атты мақаласында А. Байтұрсынұлының араб графикасын реформалауын «ғажайып» деп бағалады. Бұл жобада араб әліпбиінен қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір таңбаларды алып тастап, қазақтың у, е, и, о және ұ дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба алу ұсынылды. Жобаның тағы бір ерекшелігі – түрік тіліне тән сингармонизм заңын барынша пайдалану. Демек, Ахмет Байтұрсынұлының редакциясымен жаңа қазақ әліпбиінде 24 әріптік белгілеу бар [5; 195 б.].

А. Байтұрсынұлының қазақ жазуына бейімделген араб әліпбиін мектеп мұғалімдері, басқа да қазақ, татар зиялылары қолдап, күнделікті өмірде қолданыла бастады. Бұл әліпбимен «Қазақ» газеті (1913-1919) және көптеген әдеби шығармалар жарық көрді. Бірақ бұл әліпби 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз ағартушылардың бірінші съезінде ғана ресми түрде қабылданды [6; 17-бет]. Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығын тек алғашқы оқулықты жазғанымен ғана өлшей бермеу керек, ең бастысы – алғашқы оқулықтың терең танымалдығы, сапасы, тіл шеберлігі.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық әрі өнер мен білім бағытындағы ойы мен пікірінің қалыптасуында өзі редакторлық еткен «Қазақ» атты газетін сөзімізге қоспай кету айып болары анық. Бұл қызметті атқару барысында ол қазақ педагогикасына өзіндік қолтанбасының қалуына еңбек етті. Осы газеттің басты беттеріне педагогика турасында жазылған «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Қазақ жұртына» атты халықтың құлдық санасын арылту мақсатында әрі сауатсыздықпен күресу негізінде жазылған мақалалары жарық көрді. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы өзі жазған әрбір өлеңі жас жеткіншектердің бойында білім шоғының пайда болып, ары қарай сол шоқтың маздап жануына әсер етті. Бұған бір мысал келтірсем, Ахмет Байтұрсынұлының мектеп бағдарламасының алғашқы жылдарынан бастап кішкентай балалардың сүйіспеншілікпен жаттайтын «Оқуға шақыру» атты өлеңін алып қарастырсақ:

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға –

деп жас балаларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа әрі оқуға шақырады.

Қорытындылай келгенде, «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам-Ахмет» – деп өзінің түйінді пікірін айта кеткен Сәбит Мұқановтың орынды айтылған ой-пікірімен келіспеске амалымыз қалмайды. Иә, Ахмет Байтұрсынұлы түрлеген ана тіліміз бен оның еліне қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсетіндігіне еш күмәніміз жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының әрбір саяси мағынаға мен ұлт мүддесі үшін жазылған әрбір төл еңбегі бүгінгі қазақ халқының асыл мұрасы, әрбір жазған шығармасы елдің ертеңі. Санғасырлық жүйелі тарихы бар қазақ деген қайсар ұлттың құлдырамай, ілгері жылжып, заман ағымна ілесіп ел мәдениеті мен көркем әдебиетінің де қарқынды түрде дамып отырғандығында Ахмет Байтұрсынұлының асқан көрегендігі, ұлттың қамы үшін жан-жақты ізденімпаздылығы және өз ұлтына деген жанашырлық сезімі жасырынып жатыр. Ендеше, «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса?» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оның әрбір халықтың оянып, алға қарай өркендеуіне ықпал ету ниетінде жарық көрген асқан маңыздылыққа ие төл туындыларын болашақтың тұтқасы – жас ұрпақ ретінде бойымызда берік сақтап, жүйелі де мазмұнды ой түйіп оны жас ұрпаққа үйреткенде ғана еліміздің болашағы кемел, ертеңі жарық болмақ.

Әдебиеттер

1. Материалы по введению русской системы управления в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
2. Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «КІЕ лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009.
3. Қазақ газеті. Алаш азаматтарының рухына бағышталады. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 том. Тіл –құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы: «Алаш», 2005.
5. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
7. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2006.
8. Терновой И.К., Исетова Р.Л. Жизнь, озаренная борьбой. – Костанай, 1998.
9. Вестник КазНУ, серия информационная. – № 3. – 1998.

ҒАСЫР САҢЛАҒЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Оспанов А. И., музыка пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»
КМҚК, aydar-ospanov-60@mail.ru

Оспанова Ғ. О., мектеп кітапханашысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ»
КММ galiya.ospanova.1966@mail.ru

Оқу-білімнің аздығы, тіршілік тауқыметі, кедейшілік, індет пен қанқұйлы соғыс әбден титығына жетіп, дағдарысқа түскен, күнгірт өлкеде маңайын сипалаған соқырдай өмір сүрген иісі қазақтың көкжиегіне жиырмасыншы ғасырдың басында төте жол сілтегендей бір шоғыр жұлдыз көтерілген. Олар бейнеті зор, тері сор қазақтың үзілген үмітін жалғады. «Ендігі көшті қай бағытқа түзейміз» деп тұрғанда ертеңгі күннен үміткер етті. Елдестерінің жолына бастарын қатерге тікті, ұлтжанды болып жүріп, ұлтшыл деген ат жамады. Қазба байлығына, жер-суына қызығып, атам заманнан жұтып қоюға ұмтылған екі ұлы елдің ортасында қанды шеңгелге түскен, бұлқынумен күн өткізген қазаққа жоқшы, жанашыр қажет еді. Сол жоқшы, сол жанашыр – шоқ жұлдыздың ең ірісі, көзі жоқ болса да күні бүгінге дейін сәулесі үзілмеген ең кемелдісі – Байтұрсынұлы Ахмет еді. Оқу мәселесін А.Байтұрсынұлы жан-жақты сөз етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы – оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол:

Бізындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,
Дегенмен қара я қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса, -

деп, өз ұлтының енжарлығы мен жалқаулығы, өнер-білім іздеп сілкінбеуімен, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып бейқам жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. «Маса» жинағы 1911 жылы дүниеге келеді. Бұл мақсатын өлеңдерінде де, публицистикалық мақалаларында да бейнелі тілмен жақсы білдіреді. Ол – Ахметтің ақындығын кеңінен паш етіп, өз тұсындағы қазақ ақындарының алдыңғы қатарына шығарған туындысы еді.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін (әліпбиін) жасау әрекеті де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауға да, тіпті қоғамдық – әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі дйттеген ағартушылық мақсаты деуге болады. Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп. Сондықтан А. Байтұрсынұлы оқу – білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударған. Сонымен қатар, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде оқысын, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа – кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты айтады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінде іргетасын қалаған болып және саналады.

Бірде: «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралы – кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жандандыруға болатынын айтады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегі бүгінгі түркі тілдес халықтардың сөйлеу, жазу, тіл ұстарту білімінің бастау бұлағы саналады. Осы заманда қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, одағай, шылау, үстеу, ілік, жатыс, бастауыш, баяндауыш, септеу, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген атауларды ойлап тауып, ғылыми бір ізге салған Байтұрсынұлы болды. Тіл білімі әлемінде қайталанбас құбылыс осы.

1913 жылы «Жазу мәселесі» деген көлемді ғылыми мақала жариялап, онда түркі тұқымдас халықта кездесетін дауысты дыбыстарды таңбалау, жуан дыбыстарды таңбалау үшін оның үстінде

жаңа әріп ойлап тапты. Сөйтіп қазақ дыбыстарының табиғатын айқындап, ғылымға соны сүрлеу салды. Осы күнгі татар, өзбек, ұйғыр, түркімен, әзірбайжан, ғағауыз, башқұрт қолданбалы грамматикасының негізі Байтұрсынұлынан алынғаны мәлім.

«Біздің заманымыз жазу заманы... сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір – біріне қыюласып, жалғасатын жүйесін білу керек» деп жазған көреген ғұлама сөз қадірін қасиетінен танып, ұрпағына өлмес мұра қалдырды. Жетілдірілген қазақ алфавитін жасаумен қатар, оның фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін жүйеге келтіріп, жілікше шағып, ғылыми лингвистика сатысына көтерді. Үш бөлімнен тұратын «Тіл-құрал», сауат ашудың негізі болып саналатын «Әліп-би» әдебиеттану ғылымының негізі «Әдебиет танытқыш» осы бір ғана Ахмет Байтұрсынұлы жасаған зерттеуді, бұл күнде үш жүзге тарта ғалымдар қауымдасып зерттеп отыр. Екі бөлімнен құралған «Тіл жұмсар» еңбегін осы заманғы пюрколог зерттеушілер қолдан түсірмейді. А.Байтұрсынұлы – тіл жүйесін ұрпағына айырып, сөйлетіп, икемдеп берген тіл көсемі бола білді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ зиялыларының арасында күрескерлік бағытты ұстанған саяси топтың көрнекті жетекшілерінің бірі болуымен қатар, өз шығармаларында өршіл рух, өзгеше сарын танытқан қаламгер де болды. Оның азаттық пен бостандыққа бастайтын өткір қаруы әрбір қазақ оқырманының жанына жақын өлеңдерімен мән-мағынасы терең көсемсөздік еңбектері.

Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздік саладағы ең үлкен еңбегі «Қазақ» газетін ашуы еді. «1913 жылы «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырдым. Оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолмен айып тартып, тұтқындалдым... 1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім» деп жазады Ахмет өз өмірбаянында. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетінің қазақ жұртына жасаған қызметін Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегіне пара-пар санайды. «Қазақ» – қазақ зиялыларының азаттық күресіне адалдығын сақтаған, қазақ халқының жері мен ұлттың тұтастығын, ел мен жер бірлігін жақтаған, сол арқылы бостандық идеясын үзбей насихаттаған басылым болды.

Ол – ХХ ғасыр басындағы қазақ өнеріндегі ұлттың ұлы рухынан нәр алған жаңа сарын, ұлт – азатшылдық бағыттың негізін қалап, азаттықтың ақ жолын ұсынды. Оның осынау күрес жолындағы ел санасын серпілтер, жұрт жүрегін оятар ең әсерлі қаруы – әрбір қазақ оқырманының жанына жылу болып енген жалынды жырлары мен өткір де ойлы мақалалары. Ахмет Байтұрсынұлы – шығармашылық еңбектің қай саласында болмасын мол мұра қалдырып, қоғамдық өмірдегі, ұлттық тарихымыздағы өз орнын айқындап кеткен тұғырлы тұлға. Тұлғаның қаламынан тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, заң салалары бойынша шыққан төл туындыларының кейбірі талан-таражға түскені мұрағат деректерінен мәлім. Бірақ, тұлғаның туындылары сол қалпында азғана өзгерістермен оқу-ағарту саласында толық қолданыста болды. Ол – тілші ғалым, ақын, ағартушы ұстаз, тәржімадан төл туынды тудырған аудармашы, көшелі сөздің көшін бастаған көсемсөзші, өлеңіне азатшыл ойды арқау еткен ақын, елінің ескіден қалған сөзін терген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, сөз өнерінің қисынын тауып, қиюын ойған әдебиеттанушы ғалым. Ұлттың ұлы ұстазына, рухани көсеміне айналған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлы.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, соңынан із салған жаңашыл ағартушы, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Қазақ әдебиеті мен тілін, мәдениет тарихын зерттеуші тұңғыш филолог, тарихшы ғалым және Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі. Ол қазақ халқына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығымен қатар, аса дарынды композитор болғандығы жөнінде мағлұматтар да жетерлік. «Аққұм», «Қарғаш», «Қаракөз», «Екі жирен» әндерінің авторы А. Байтұрсынұлы.

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі беделді өкілі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Халықаралық қазақ тілі қоғамы кеңесінің тарапынан «Ана тілдің айбары» төс-белгісі, Абылайхан қоры, Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы мен «Алтын адам» қоры бірлескен Қоғамдық кеңесінің шешімімен Ахмет Байтұрсынұлы «Ғасыр саңлағы» деп жарияланып, байрақ түстес алқа – белгімен марапатталды. «Ана тілдің айбары» төс белгісінің титулында «Ахаң рухы мәңгі өшпейді!» – деген рух оятар сөздер жазылса, «Ғасыр саңлағы» алқа – белгісі «Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» деген бабалар ұлағатымен көмкерілген. Бабалар өсиетін бойтұмардай қадір тұтқан Ұлт ұстазын, ақиқатында, ісі қазақ жұртына, түркі тектес қандастарға арымен қызмет жасаған Ахмет Байтұрсынұлының қызметі замандастары тарапынан да еленіп, қайраткерді «Қазақ халқының рухани көсемі» деп заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов ұлықтаған болатын.

Қазіргі таңда, XX ғасырдың ұлы реформаторының «Ұлттық рухымыздың ұлы тіні» екені мойындалып, ҚР ҰҒА Тіл білімі институтына ұлы ғалымның – Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілуі, туған жері Қостанайда педагогика университеті және ескерткіш орнатылса, Алматы қаласында мұражай – үйі халыққа, болашақ ұрпаққа кеңінен насихатталып, қызмет жасауда.

Қорыта айтқанда, ғұламаның бүгінгі егемен ел тарапынан Ана тілдің айбары» белгісі, «Ғасыр саңлағы» деп жариялануы тарихи тұлғаның Қазақ деген ұрпағымен мәңгі жасайтынының кепілі.

Биылғы жыл «Бір ел – бір кітап – 2022» акциясы аясында мектеп кітапханасында оқырмандарға ұлы тұлғаның өмірбаянымен, шығармаларын, қанатты сөздерімен афоризмдерін оқушыларға кеңінен насихаттау барысында іс – шаралар өтті. «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты библиографиялық көрмеге шолу жасалып, оқырмандарымыз А. Байтұрсынұлының қандай ірі тұлға екеніне көз жеткізді. Болашақ жас ұрпаққа «Ұлт ұстазын» кеңінен насихаттай бермекпіз.

Әдебиеттер

1. Әбдиманұлы Ө. Шығармалары. – 2 том. – 232, 252, 260 бб.
2. Досжанов Д. Абақты. – 152 бет
3. Байтұрсынұлы А. – 175, 177, 178 бб.
4. Байтұрсынов А. – Ақ жол – 4, 5 бб.
5. Байтұрсынов шығармалары. – 1 том. – 11 б.
6. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – 145, 154 бб.
7. Имаханбетова Р.С. – Ғасыр саңлағы.

ҒТАХР: 17.82.09

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІ

Жумагелдыева А.Ж., Муканова К.С., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

Қазақстан Республикасы Семей қ, Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің «№11 ЖОББМ» КММ, aizhan1209@mail.ru

Мысал – қай халықтың болса да өміріне ыңғайлы ескіден келе жатқан ауызекі әңгімеде, фольклорлық дүниелерде көп кездесетін түр. Өйткені ол – өмірдің қат-қабат құбылыстарын пернелеп жеткізетін өміршең жанр.

Мысал қара сөз түрінде де, өлең түрінде де жазыла береді. Әлемдік әдебиет тарихында олар қатарласа дамып, мысалшылардың дарынына қарай кейде прозалық, кейде поэзиялық түрлері көркемдік биіктерге жетіп отырады [1, 124 б.].

Мысал жанрының ғасырдан-ғасырға созылған ұзақ өмірінде екі түрлі даму жолынан өткендігі белгілі. Осы тұрғыда А.С. Выготский: «Басня по происхождению своему несомненно двойственна, что ее дидактическая и описательная часть, иначе говоря, поэтическая и прозаическая, часто боролись друг с другом и в историческом развитии побеждала то одна, то другая. ... все время мы имеем в басне два параллельных течения, басня прозаическая и поэтическая продолжают существовать все время как два разных литературных жанра. К прозаическим басням следует басни Эзопа, Лессинга, Толстого и других. К басням поэтическим Лафонтена, Крылова и их школы», – дейді [2, 122 б.].

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахметтің 1909 жылы Петербург қаласында «Қырық мысал» деген атпен жарық көрген алғашқы кітабына негізінен орыс мысалшысы И.Крыловтан аударған аударма мысалдар жинақталды. Бұрын мысал арқылы тұспалдап айтылған ойларын Ахмет 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан «Маса» атты өлеңдер жинағында өз сөзімен ашықтан-ашық жария етті.

Әрбір жазушы даралығына қарай шығармасының жанрын таңдап ала білсе, оның нәтижесі де сәтті болады. Жалпы мысал жанрына тән өзіндік ерекшеліктер қандай деген өткір сұрақ төңірегінде зерттеушілер бірнеше нақты белгілер жиынтығында ой тоқайластырады. Көбіне ең басты белгі ретінде аллегория аталады. Мысал жанрында аллегорияның қызметі жайлы қазақ топырағында алғаш пікір айтқан да А. Байтұрсынұлының өзі. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде аллегорияны «пернелеу» деп алады да: «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – пернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені – осы бернелеу... », – деп анықтама беріп, мысалдар келтіреді [3, 98 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын қарастырған кезде біз оның өзіндік ерекшеліктерін тануға ден қоюымыз керек. Оның негізгі мақсаты – халықты қоғамдық-әлеуметтік көкейкесті мәселелерді танып білуге үндей отырып, азаттықтың жолын аңғарту, бостандық күнге ұмтылуға жөн сілтеу.

Ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының наным-түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдаған, Крылов мысалдарының астарына терең бойлай білген – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол отарлық езгідегі халықтың ауыр өмірін, мұң-зарын суреттеумен жеткізуде, одан құтылудың жолын меңзеуде мысал өте қуатты құрал болып табылады. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы тудырған мысал өлеңдерінің қазақ жазба әдебиетіндегі орны ерекше. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Классикалық үлгідегі мысал жанрына тән ерекшелік белгілі-бір сюжеттік желіні баяндай келіп, соңында авторлық қорытынды жасау. Яғни әр ақын өзі әңгімелеп отырған оқиғаның ғибратын, түпкі ой-түйінін шығармасының соңында тұжырымдап отырады. Қорытындының берілу формасы әртүрлі болғанымен мақсаты бір. Ахмет те сол қалыпты бұзбайды. Әр мысалының дидактикалық, тағылымды ойлармен түйіндеп, тиянақтап отырады.

Қазақ фольклорында, оның ішінде мысал өлеңдерінде өте көп сыналатын мәселелер – арамдық, өтірік, мақтаншақтық, досқа опасыздық. Ахмет Байтұрсынұлының барлық мысалдары дерлік осы тектес классикалық тақырыптарды арқау етеді. Бұл тұрғыда профессор Қ.П. Мәшһүр-Жүсіп былай деп тұжырымдайды: «Қазақ әдебиетінде А. Байтұрсыновқа келсек, оның 1909 жылғы алғашқы «Қырық мысал» жинағының орыс ақыны И.А. Крыловтан аударылып құрастырылуы тегін емес. Мұнда да алдымен орыс ақынының өз ойын тұспалдап бейнелеуі және ондағы келеңсіздіктердің қазақ өміріне де дөп келіп жатуы А. Байтұрсыновқа ой салғаны анық. А.Байтұрсыновтың орыс ақыны мысалдарын тәржімалаумен шектелмей, біраз ретте оны қазақ өміріне жақындатуға күш салғаны мәлім. Біздің қоса айтпағымыз: бұл аудару немесе ондағы идеяға біраз ретте қазақы шапан кигізу ізсіз кеткен жоқ. Ол А. Байтұрсыновтың мысқылдау, жұмбақтау т.б. сипатына әсер етті» [4, 142 б.].

Негізінен «Қырық мысалдағы» шығармаларды тақырыбы жағынан екі үлкен топқа жіктеуге болады. Олардың бір тобы оқу-білімге, адамдық-адалдыққа үндеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, адамдық, азаматтық қасиеттерді сақтау, елді ынтымақ-бірлікке шақыруға негізделсе, келесі тобы елдің елдігін сақтау, езгіде қалған елді азаттыққа, бостандық жолында күресуге үндеу болып келеді. Ол, әсіресе, қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде өзіндік бағыт ұстанып, негізгі желіні дамыта отырып, жаңғыртып, мысалдың өткірлігін арттыра түсуді көздегенін аңғару қиын емес.

Елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар:

Орманға қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып.
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі.
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі
Нашарды талай адам талап жеп жүр
Бөріден артық дейміз оның ісін,-

дей отырып, күштілердің, қолында билігі бар адамдардың әлсіздерге көрсеткен зорлық-зомбылықтарын, қанаушы әрекеттерін әшкерелейді. Ол зорлықты, озбырлықты сынап отырып, патша отаршылдығының зиянды мақсатын әшкерелеп, мысал бойына саяси мән беріп, ойын астарлай жеткізеді. Мұнда әккі саясат әшкереленіп қана қоймай, халықты оятуға ұмтылыс, оның өзінің қо күйінен сілкінер бұлқыныстың көзін ашар өзгеше сарын, төңкерісшілік қуат-бұлқыныстың көзін ашар өзгеше сарын, төңкерісшілік қуат-күштің лебі еседі.

Айтылғандарға дәлел ретінде А. Байтұрсынұлының бірнеше мысалдарын алуымызға болады. Оның алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Ақын-аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын - әуез қосып отырады.

Мысал дегеннің өзін жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым қалыптасқан, өзгермейтін, ескі сюжетке негізделетін, ойды аң-құстың, жануар-жәндіктің іс-әрекеті арқылы тұспалдап қана білдіретін, белгілі бір шындықты уағыздап айтуға бейім тұратын шығарма деп қарау да жиі кездеседі. Осындай түсінік өлеңнің өзгешелігін, поэзиялық қасиетін жете түсінбеуге әкеліп соғады. Ал шынында мысалдағы шарттылық, тұспалдап айту тәсілін, белгілі сюжетті, әр түрлі тұспал бейнелерді қолдану – мұның бәрі тек сыртқы сипат-белгілер. Мысалдың артықшылдығы алдымен олардың поэзиялық қуат-күшінен, тұспал бейнелер арқылы сан-алуан адамдардың мінез-құлқын; іс-әрекетін аңдатып, айқын көзге елестетіп, солар арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесек керек. Көркем шығармада мәселе не айтылғандығында ғана емес, сонымен бірге қалай айтылғандығында, қандай әсер ететіндігінде десек, осыны әсіресе мысал өлеңге, яғни өмірлік шындық пен көркемдік шарттылықты шебер сабақтастырып, ұштастырып келтіретін жанрға байланыстырып айтуымыз керек. Мысалдағы ойды тура айтпай, ақтара салмай, тұспалдап, алыстан орап, орағытып айтудың өз артықшылығы бар екені сөзсіз. Оқушы бүкпелеп айтылған жайды, астарлы мағынаны өз ойымен бағдарлап, өзінше аңғарып, ұғынып-түсінуге мәжбүр болады. Бұл одан тапқырлықты, сөздің астарына үңіле білудің, айтылып отырған нәрсені де, ишарат етіп, тұспалмен аңғартылған нәрсені де айқын елестете білуге қабілеттілікті талап етеді, ойына түрткі болып, сезіміне әсер береді.

А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» толықтай қазақ тілінің көрігінен өткізілген. Ол мысалдардың халықтығын танытатын да, туған халқының бай тілін молынан пайдаланып, бар мүмкіндігін мейлінше шебер қолдануы. Аз сөзбен көп мағына беретін ұтымдылығы да оның мысалдарында айқын көрініп отырады. Ол халқының тілдік қорындағы бай ұлттық өрнек, көркемдік айшықтарды өлең оралымдарына түсіріп, ұлттық санаға сай түйіндер, тұжырым-қорытындылар жасап отырады. Ол кейіпкерлердің іс-әрекетін суреттеуде, баяндауда қазақ тұрмыс-тіршілігіне таныс суреттеулерді қолданады.

А. Байтұрсынұлы мысалдарының тілдік жағына келетін болсақ, онда кеңінен қолданыс тапқан қазақ мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерін айтуға тура келеді. Олар мысалдарының негізгі бөлімінде де, ғибрат сөздерінде де өз орнын тауып, келісті мәнін сақтап, сөз орындары ауыстырылып беріліп отырады. «Жазмыштан – озмыш», «Алланың адам басы добы», «Әлін білмеген әлек», «Залымдар айран ішіп, аман кетіп, момындар тұтылып тұр, шелек жалап», «Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса – досқа істеңіз», «Болады асыл – таста, өнер – жаста», «Ұялған тек тұрмайды», «Нені ексең – соны орарсың», «Өзі тойса, көзі тоймай», «Аузынды құрғақ қасық босқа қажар», «Халық айтса, қалып айтпайды», «Қанағат азға, – деген, – жоққа сабыр» деген мақал-мәтелдер Ахметтің өмір, тіршілік, адамдар, арасындағы қарым-қатынас, әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұғымдары туралы ойларын өрнектеуге дәстүрлік негіз болып тұр. Осылайша ол қазақтың мақал-мәтелдерінің мағыналық байлығын, алуан қырлы қасиеттері мен сан түрлі бояуларын мейлінше мол әрі орынды пайдалана білген.

Ол ойын үнемі нақыл сөздер үлгісінде өрбітіп, мысалды бір шумақ өлеңмен қорытындылай түйіндейді. Қорыта айтар болсақ, Мысал – Ахмет Байтұрсынұлының ақындық әлеміндегі ерекше бағалы сала.

Әдебиеттер

1. Өмірхан Әбдиманұлы «Ахмет Байтұрсынұлы». – Алматы, 2012.
2. Рымғали Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры». – «Күлтегін» баспасы.
3. Жұмағали Ысмағұлов «Алтын ғасырдың ақ таңы». – Алматы, 2009.
4. С. Қалиев, Б. Иманбекова Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану.

ҒТАХР: 17.82.09

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ибраева Г.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай облысы Бесқарағай ауданы «Қара-Мырза негізгі мектебі» КММ,
sektor.20@bk.ru

Жалпы көркем әдебиеттегі, соның ішінде жекелеген суреткердің шығармашылығындағы көркемдік және стильдік ерекшеліктерді қарастыру – үлкен мәселе. Қазақ әдебиеті ғылымына үлкен әсер беріп келген орыс әдебиеті тарихына үңілсек, стиль хақындағы ізденістердің тұтас бір шежіресіне тап боламыз. Стиль жүгін молайтып, оның үстемдік құрар аясына тақырыпты, образдарды,

композицияны, мазмұнды қоса кіргізудің орыс әдебиеті ғылымында кең орын алғаны мәлім. Стиль туралы орыс әдебиетінде В.А. Ковалев, Л.И. Тимофеев, Г.Л. Абрамович, В.В. Курилов зерттеген. Бұл ғалымдардың бірі стильге тақырыпты, композицияны жатқызса, екіншілері шығарма стилі- мазмұнның әр алуан жақтарынан да (тақырып, кейіпкерлер, идея), пішіннен де (образдар, композиция, тіл) құралатынын дәйектейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ лирикасындағы стиль мәселесіне соңғы уақытта көбірек назар аударылуда. Қазақ әдебиеттану ғылымында стильді зерттеген ғалымдар – З. Қабдолов, Ф. Оразаев, Ә. Кекілбаевтар да орыс ғалымдарының тұжырымдарымен келіседі.

Белгілі ғалым, әдебиеттанушы Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің көне қазақ әдебиетінен бастап бүгінгі қазақ қаламгерлерінің стиліне дейінгі аралықты қамтыған қомақты ғылыми еңбегі жарық көргені мәлім. Профессор: «Дербес стиль ерекшелігі, мәні туралы қанат жайған толғамдар ұлан-ғайыр. Солардың ішінде ең көп тарағаны және қолайлысы не десек, ол – қаламгердің бар шығармасында кездесетін негізгі идеялық-көркемдік ерекшеліктердің (идея, тақырып, кейіпкер, сюжет, тіл) бірлігі дербес стильді негіздейді деген пікір. Сондай-ақ стиль категориясының: жазушы шығармаларына тән ішкі тұтастық пен табиғилықты, оның шығармашылық жүйесіндегі жеке элементтердің жүйелілігі мен сарын беріктігін, олардың бір-біріне сай келушілігі мен өзара байланысын т.б. септестірушілік ролі орынды көрсетіледі. Сонымен қатар стиль ұғымымен бірге жекелеген жазушы әдісі (жалпы көркемдік әдіспен қатар), яғни көркемдік әдістің белгілі бір суреткер шығармашылығында өзіндік көрінісі болады деген пікірде ой саларлық дән бар. Әйтсе де бұл сараптауларды әрі өрістетіп, стильді шығарманың образдық түрлеріндегі өзіндік даралығы бар детальдардың бірлігі емес, соларды іріктеу, үйлестіру, өзара ықпал жасау принциптерінің жиынтығы ретінде қарастыру ұтымды тәрізді» [1, 86 б.] – дей келе, әр қаламгер еңбегінде әрі оны, әсіресе, өзімен тұстас әріптестерімен үндес ететін ортақ жайттар, әрі оны басқадан бөлектейтін жеке өзгешеліктер болуы, сөйтіп, бұл екеуінің бір шығармада кірігіп, бір бүтіндікте келуін сөз етеді.

Стиль – әр ақынның шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат болғандықтан, оны жан-жақты терең зерттеу қажет. Сонымен бірге стиль мәселесін сөз еткенде, шығарманың түрін, мазмұнын ажыратып зерттеу қисынсыз. Стиль ақын шығармасының әрі идеялық, әрі көркемдік ерекшелігі болуға тиіс.

Стиль – ақынның көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Стиль жөіндегі пайымдауларды, айтыс-тартыстарды сараласақ, оны тым кең мағынада, түрлі арнада алумен бірге арнайы жеке мәнде қарастырудың куәсі боламыз. Стильді әдіс немесе ағыммен алмастыру болғанына профессор Қ.Жұмалиев орынды назар аударады. Зерттеушінің стильді тек талантты жазушыдан табамыз деуі орынды. «Стиль – шын талант, ұлы ақын-жазушылардың қаламдарына тән сипат», – дейді ол. Кез келген ақын-жазушыдан стиль іздеу бекершілік. Өйткені барлық өлең қиыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді – жазушы десек қателескен болар едік. Дарын жоқта – стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Әдістен тыс стиль жоқ. Стиль әдістің құрамында ғана танылады [2, 23-24 б.].

Ақынның тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, ұйқас, әуез ерекшелігіне байланысты өзгешелігі де стильдің құрамында танылады.

Профессор З. Қабдолов бір жазушының барлық шығармасында болатын идеялық бірлікпен қатар, тақырып, мінез, тіл бірлігіне де байланысты ерекшеліктерді қысқаша тізіп келіп былай ой түйеді: «Сонымен біз әрбір жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея, тақырып, тіл) тек жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жағдайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стиль - әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» [3, 89 б.].

Әр ақын-жазушының суреттеу тәсілдері, оның бояу-өрнектері, өзіндік мәнері, шын мәнінде, стильдік ерекшеліктерінен танылады. Суреткер шеберлігінің өзі осы стиль мәселесімен тікелей байланысты. Стильдің мағынасы өте кең, оның бірер белгі, жекелеген шарттылықтарымен ашу қиын. Стиль, ең алдымен, бүкіл әдебиеттің бағыт-бағдарын аңғартса, екінші жағынан, суреткердің өзіндік қалам мәнерін, шеберлік тәсілдерін айқындайды.

Суреткер шығармашылығына терең үңіліп, жан-жақты зерттемейінше, стильдік ерекшелікті табу қиын. Себебі стиль мен шеберлік бір-бірімен егіз. Шеберліктің қыры мен сыры қаншалықты мол болса, суреткер стилі соның барлығын да қамтиды. Демек, небір амал-тәсілдерімен өмір сырын жарқыратып ашып тастайтын шеберліктің сиқырлы күші сайып келгенде суреткердің стиліне келіп тіреледі.

Жалпы, стиль ұғымы әдебиеттануда аз қарастырылмаған. Стиль жөіндегі тұжырымдарды жүйелейтін болсақ, оның жан-жақты ұғым екеніне көз жеткіземіз. Біздіңше, стиль көркем шығарманы танымдық-көркемдік тұрғыдан әсерлеп жеткізе білуді көрсетеді және өзінің зерттеу саласында белгілі

шекаралы деңгей ұстамайды, басқа ғылымдармен өзара байланысып жатады. Көркем әдебиет стилі коммуникативтік қана емес, эстетикалық функцияны да қоса атқарады, сондықтан оның да бойынан зерттеулер барысында әр түрлі ішкі, сыртқы құрылымдық өзгерістер, тіл мен ойлаудың танымдық қағидалары, ойлау процесінен пайымдау, талдау, көркемдеу сияқты әдіс-тәсілдер шығып отырады. Көркем әдебиет әдеби тіл тарихымен, әдеби тілдің даму тарихымен, жеке дара авторлық стиль мен автор бейнесі тағы басқа тілдік-құрылымдық жүйесімен ерекшеленеді.

Көркем шығармада автор өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Сондай-ақ көркем әдебиет стиліне әдеби тілдің нормасы да кіреді. Сондықтан көркем әдебиет тілі арқылы әдеби тілге қатысты ізденістен көркемдік-эстетикалық топпен бірге стилистикалық категориялары өрбіп шығады.

А. Байтұрсынұлы асыл сөздің теориялық ұғымдарына, оның өзіне тән қасиеттері мен әдеби көркем шығарманың құрылымына, сыртқы сипаттарына тоқталып, алғышарттарын да атап-атап береді. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз. ... ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі де шығарма. Қазақша – *асыл сөз*», арабша – *әдебиет*» [2, 170-б.], – дейміз.

Сөз өнері деп, асылында нені айтамыз? деген сауалға А. Байтұрсынұлы былай жауап береді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді яки қиялымызды яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол *сөз өнері* болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару *сөз шығару* болады. ... Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан *сөз өнерінің ғылымы*» [1, 176-б.] туады деп, оны екіге бөледі. 1. «*Тіл қисыны* – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады. 2. «*Лебіз ғылымының* мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын» яғни поэтиканың негізгі міндеттерін де белгілейді.

Біздің пікірімізше, бұл жерде А. Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын айтып отыр. «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады» [

Ал, осы *тіл қисынының лебіз ғылымына* тікелей қатысы жөнінде және поэтиканың міндеті туралы В.М. Жирмунский: «Поскольку материалом поэзии является слово, в основу систематического построения поэтики должна быть положена классификация фактов языка, которую дает нам лингвистика» [3, 28 б.] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бізді жоғарыда айтылған тілдік категорияларға алып келеді де, лебіз ғылымының тынысын кеңейтеді. «Әдебиет танытқыштың» поэтикасы стилистикалық шарттармен ғана шектелмейді яғни дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз, оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, сонда ғана шығарма пікірлі, әсерлі, әдемі болып» [2, 176-б.] шықпақ. Теориялық еңбекте «*лебіз ғылымының мақсаты*» тек тіл білімінің негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте зерттелінеді. Ал, «*Тіл я лұғат қисыны*» (стилистика) – тіл өңі жағынан асыл сөздің заңдарын, шарттарын танытатын ғылым.

Көркем шығарманың қандай белгілері бар? Оның талаптары қандай?, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, қазіргі лингвистикалық стилистика жағынан талданатын теориялық объектісі «Әдебиет танытқышта» нақтыланған. Мысалы: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. «*Тысқы сындар*»: 1. тілдің лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны; 2. Сүгіретінің сыны яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеу. «*Ішкі сындар*»: 1. алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс болып шығу-шықпауының сыны; 2. Өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатын себебін ... адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян) қуатының бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалады» [3, 269-б.].

XX ғасырды басында оқу-ағарту, ғылым жолында орны ерекше тұлға Ахмет Байтұрсынов болды. Ахмет Байтұрсынов- өз заманның әдістемелік теорияларын өте жақсы меңгерген ғалым. Оны "Қай әдіс жақсы?", "Дыбыстарды жіктеу" туралы мақалаларынан, "Баяншы", "Әліппе астары", "Нұсқаушы, "Тіл жұмсар" секілді әдістемелік еңбектерінен көруге болады. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновты әдістеме заңдылықтарына арнап оқулық тар жазуда, әдістемені ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым десек болады. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қатысты басты тұжырымдарына назар аударайық:

Сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы болуға тиіс деп айтуға болмайды. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды.

Шапшаң жаза білгенде, шапшаң оқи білгенде сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз. Сауаттау әдісідегеніміз соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады [1, 3 б.].

Жазу үшін әріп алмай, таңба алған жұрттың бірі, мәселен, қытай. «Ауыз» бен «ит» таңбасы қатар тұрса «үреді» деген сөз болады. Мұғалім бұл жазумен сауаттағанда дыбыспен де, әріппен де жұмысы жоқ. Жазу үшін әріп алғанымен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, американ сияқты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айырылып, алыс кеткендігі сонша «ит» деп жазып, «шошқа» деп оқиды. Сондықтан олардың жазу жүйесі әріпті болғанымен, мағынасы таңба жүйелі жазуға жақын. Ал тілінің жазылуы мен айтылуы бөлектенген жұрттың мысалы – орыс халқы. Мұндай жазуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазуға болады, кей сөздерін тек жатталған түрінде ғана жазуға болады. Сондықтан бұлардың бәрі сөзді таңбаша жазып отырған соң немесе таңбаша жазуға жақын түрде жазып отырған соң таңбаша үйрету әдісін қолданып отыр. Тұтас сөз әдісі деген сол таңбаша үйрету әдісі болады. Тұтас сөз әдісіне мақсатпен қолданып отырғандарына назар салмай, тек басқалар қолданып жатқанда бізге де қолдану керек деушілер бар [2, 48 б.].

Жалқылау әдіс жалпылау әдіске қарсы әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтату.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықшылығын қуаттайтын пікір XVIII ғасырдың аяғында Францияда пайда болды. Оқу үйреткенде сөзді әріптен, буыннан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйрету керек дейді. Негізгі кемшілігі сөзді жаттату, не үшін «ат» деп сызған нәрсе «ат» болып оқылуға тиістігі балаларға түсініксіз [3, 114 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы сол кезеңдегі әлемге тарап жатқан оқыту әдістемелерін осылайша, саралап, талдай отырып, солардың ішінде қайсысы қазақ тілінде сауат ашуға қолайлы екенін анықтады. Өзі шығарған «Әліппені» (Оқу құралы) «Дыбысты әдіспен» оқытуды ұсынып, мұны мұғалімдерге арналған нұсқаулығы – «Баяншыда» мұқият тәптіштеп түсіндірген [4, 87 б.].

1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасады. [5, 212 б.]. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік оқулықтарының бүгінгі қазақ тілін оқыту ісінің негізі әрі сабақтастығын, тарихи тұлға мұрасының өміршендігін жазды [6, 71 б.]. Әдіскер ұстаздың «Баяншы» әдістемелік құралы мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы. Кітап 1920 жылы жарық көрген. Ағартушы-ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, сол тұстағы заман талабы жаңа оқу жолымен (усул сотие) қалай оқыту керектігіне: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу

тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған. [7, 78 б.].

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік қыр-сырын талдау әлі талай ғылыми жұмысқа жүк боларлық күрделі тақырып. Әдіскер ғалымның лингвистикадағы, әдебиеттанудағы, этномәдени танымдағы жаңалықтары жеке-дара зерттеу нысаны болуға сұранып-ақ тұр. Ұлтымыздың ұлы ұстазы баланың сауатын ашу әдістерін қайткенде жақсартамын, жетілдіремін деп әлемнің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін зерттеп, озығын тандап, мұғалімдердің жаңаны меңгеруіне жол ашты. Қазіргі таңда бастауыш сыныптағы «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерін оқытуда Ахмет Байтұрсынұлының әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып келеді. Сайып келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлытының рухани алтын қорына сүбелі үлес қосқан дана тұлға. Оның өзі айтқандай «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық».

Әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары. – Тілтаным, 2001. – № 2. – Б. 3-13.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы. – Политехникалық мектеп, 1933. – № 7-8. – 35 б.
3. Қ.Жұбановтың жеке папкісі. – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. – Б. 103-108
4. Алтынсарин Ы. Тандамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б. – Б. 227-248.
5. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 1998.
6. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б. – Б. 70-80.
7. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. – Астана: 1998. – 256 б., Б. 160-166.
8. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография, Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. Вып.7. – Ташкент, 1924.
9. Казакский (Байтурсынов) алфавит. Литературная энциклопедия. – Москва, 1931. – С. 23.

ҒТАХР: 16.01.07

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚОСҚАН ЕҢБЕГІ

*Алжанова Н.Т., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «Семей қаласының №6 гимназиясы» КММ, nazi1469@mail.ru

Ахмет Байтұрсыновтың "Баяншы" атты еңбегі бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең тұңғыш үлгісі. Осы кітаптың алғы сөзінде оқытуға қатысты негізгі дидактикалық принципті айтқан. Ол – тіл оқытуда оқушының шамасы келетін нәрсеге үйретіп, оның оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру. Бұл дидактикалық қағиданы ғалым әдістеме жазуда негізгі ой қазығы еткен, әліппе, оқулық жазуда осы принципті басынан аяғына дейін ұстанған. Ахмет Байтұрсыновтың бұл пікірі 14 жыл мұғалімдік тәжірибесінің негізінде қалыптасқан. Оған осы еңбекке жазған алғы сөзі дәлел.

Ғалымның "Баяншы" атты әдістемелік еңбегі екі бөлімнен тұрады.

I бөлім "Қазақ тіліндегі дыбыстар хәм олардың жазу белгілері" деп аталады. Әдістеменің II бөлімі "Дыбыспен жаттығу" деп аталады.

Әріптерді меңгеру үшін Ахмет Байтұрсынов еңбегінің соңында мынандай әдістемелік жүйелі ұсыныстар айтады:

1. Әрбір жаңа әріпті үйрену үшін, сол әріптен тұратын қысқа -қысқа сөз айтып, дыбысын айыр бастау керек.

2. Оны тақтайға жазу керек.

3. Сол әріп бар сөздерді оқыту, жазғызу керек.

Жазған кезде жіберген қателіктерін оқушы баланың көзінше түзету керек. 1921 жылы Ташкенттен Ахмет Байтұрсыновтың "Оқу құралы" басылып шықты. Ол әрбір оқулық кітабын шығару кезінде оның мазмұнына, мәніне аса көңіл бөледі, ол оқулықтың үйрену, оқу кезінде жеңілдік берер жағын іздестіреді. Осы еңбегін де ол өзінің ұстанған жолы, нені мақсат ететіні туралы "Сөз басында" баяндайды. Балалар ең басынан қиналмас үшін оқуға ықыласты болу керектігін, жігерлі құм болмай,

шабыттана кірісуі керектігін еске салады. Ол оқытатын, үйренетін әліппенің жеңіл де жұмыр, сапалы, баланың ой-өрісіне, ұғымына дәл болу керек екенін түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы "Қазақша оқу жайынан" деген мақаласында "Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өте жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек" – деп жазғаны – ұстаздарға айтылған фибрат [1, 8 б.].

"Оқу құралы" арқылы балаларға сауаттандырып алғаннан кейін, ол енді қазақ тілін пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке "Тіл құралы" деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы морфологияға арналған II бөлімі, 1915 жылы фонетикаға арналған I бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Мұның қайсысы да кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген. Кітаптың "Сөз басында", "Тіл құрал" деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын" дейді. Шынында да ол жат болмақ түгіл, бірте-бірте соншама үйреншікті, қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген. 14-15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан, ет бауыр дүниеге айналады.

Ахмет Байтұрсынов алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдары дүниеге келтірумен бірге, осы оқу құралдарын практикада қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкірттерге қалай ғылыми тұрғы да меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің тіл оқыту әдістемелік ілімін жетік білуі қазақ тілін оқытуға арналған төл әдістемелік еңбектер жазуға әсер еткен, өйткені жазбаларынан "Баяншы", "Әліппе астары", "Нұсқаушы" (қай жылы жазылғаны белгісіз), "Тіл жұмсар" секілді әдістемелік еңбектерін және "Баулу мектеп", "Жалқылау" (айырыңқы әдіс), "Қай әдіс жақсы?", "Дыбыстарды жіктеу" туралы мақалаларын атауға болады.

Бұлардың ішіндегі автордың "Әліппе астары", "Нұсқаушы" деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. Ахмет Байтұрсынов мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Ұлттық кітахана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырастыра алмадық. Дегенмен, аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенімен, кейбір деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта жазылғанын аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынов жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: "Бұрынғы оқушыларға белгілі "Тіл құрал", "Оқу құралдарынан" басқа соңғы жылдарда "Әліппе аттарын" хәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр" деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы "Әліппе астары" еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде "Оқу құралы" деген қазақша әліппе бойынша үйретушілер үшін шығарылған "Баяншы" деп көрсетілген. Әдіскер М.Жұмабайұлы да Ахмет Байтұрсынов әліппесінің дыбыстық, әдіспен құралғанын сілтей келе: "Бұл әлифба бойынша қалай хат танудың жолы Ахмет Байтұрсыновтың "Баяншы" хәм "Әлифба астары" деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын", – деп жазады. Ал ғалым Р.Сыздықова "Оқу құралын" пайдаланудың жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн – жобасын "Әліппе астары" атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді, – деген.

Ахмет Байтұрсынов "Баяншы" әдістемелік нұсқауы 1920 жылы қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Еңбектің алғашқы бетінде "Қазақ мұғалімдері үшін" деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: "Жаңа оқу жылымен таныс емес оқытушылар, төмендегі "Қазақ дыбыстары хәм жазу белгілері" деген хәм "Дыбыспен жаттығу" деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған деп те көрсетеді. Бұл еңбек – ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған Ахмет Байтұрсыновтың "Адамның өзіндік кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген іс көргенін болса да, әліппе мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын деуі де дәлел.[1, 20 б.]

"Тіл жұмсар" әдістемелік нұсқауы екі кітаптан тұрады. Алғашқысы 1928 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстан баспасынан жарық көрген. Көлемі 45 бет. Әдістемелік алғашқы парағында: "Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибес арқылы танытатын I-ші кітап. Білім ордасы бірінші басқыш мектепте ұстауға ұйғарған", деп жазылған 90 беттік көлеміндегі "Тіл жұмсардың" екінші кітабы 1928 жылы, Қызылорда қаласында басылады. Еңбектің "Дәйектеме" деп аталған бөлігінде Ахмет Байтұрсынов жетекші құралдың ерекшеліктеріне жан-жақты сипаттама береді. Автор "Бұл "Тіл жұмсар" деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен (тәжірибе арқылы білім

алу) үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім "Тіл құралдағы" білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. "Тіл құрал" қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін, түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. "Тіл жұмсар" сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап, бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады" – деп бастайды. Одан әрі әдіскер, нұсқау бөлімінде қамтылған мәселелерді, оларды меңгертудегі алға қойған түпкі мақсатты айқындайды. "Тіл жұмсардың" қазір екі бөлімі ғана шығып тұратынын айта келіп, 1 бөлімдегі жүргізілетін жұмыстарға мыналарды қояды.

1. Әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектерімен сөйлем бөлшектерін жаза білу.
2. Дәйекші керек қылмайтын дыбыстардың әріптерін білу.
3. Сөздердің жекелік, көптік түрлерін таныту.
4. Көбінесе айтылатын сұрау сөздермен танысу.
5. Жеңіл сұрауларға жауап жаза білу.
6. Сөзге үлесетін сөз теріп ала білу.
7. Оңай туатын сөздерді туғыза білу.
8. Тасымалдаумен танысу.
9. Сөздерді сипырға (цифрға), сипырды сөзге айналдыра білу.

Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов "Бұл бөлімінде бақылау мен мәнісін білу жағынан тура тұтыну тәжірибе жағы басым болып отырады. "Тіл жұмсардың" екінші бөлімінде бірінші бөлімдегілердің келетіндігін, бірақ олар пысықтау ретінде емес, бұрынғы бөлімдерді терендетіп, аудандарын кеңейтіп білдіру ретінде ұсынылатынын ескертеді. Енгізілген жаңа жұмыс түрлері ретінде мысалдарды атайды.

1. Сөйлемдердің түрлерін тану.
2. Сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін тану.
3. Орын талғайтын дыбыстармен танысу.
4. Сыбайлас дыбыстардың бір-біріне енетін әсерлерімен танысу.
5. Дыбыс екпінін тану.

Ахмет Байтұрсынов бұл бөлімінде тәжірибе арқылы байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске асып бақылау мен жұмсау екеуі де теңбе-тең бірдей жүріп отыратынын айтады.

Әдіскер дәйектемеде де "Тіл жұмсардың" берер пайдасы жөнінде де түйінді пікірін білдіреді. Ақырында айтып өтетін емле үйретуге "Тіл жұмсардың" екі бөліміндегі қолданыстың нәрсе жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстап, түгел қолданып өтсе, емленің 90 процент шамасы білуге дыбыс жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы білу, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену керек [2, 23 б.].

"Ана тілінің әдісі" мақаласы 1927 жылы "Жаңа мектеп" журналының 9 нөмірінің № 1, 23-31 беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының "Баулу мектеп" (Трудовая школа) атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№ 1, тамыз) басылған болатын. Өкініштісі сол, жоғарыдағы айтылған екі мақала да Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері топтастырылған "Тіл тағылымы" деген бағалы жинаққа енбеген. Бұл құнды екі зерттеме "Тіл тағылымы" секілді екі оқу-ағарту, әдістемелік еңбектерінің топтамасынан көріну керек еді. Аталған жазбалардың 1991 ж. "Жалын" баспасынан жарық көрген "Ақ жол" жинағына да ілінбегенін білуші едік. Әрине, бұнда өлеңдер мен тәржімелер, көсемсөздері мен әдеби зерттеуінің басы қосылған еді [2, 8 б.].

Ахмет Байтұрсынов 1912 жылы тұңғыш әліппесін "Оқу құралы" Орынборда шығарды. Оның жаңа әліппесі қазақ халқының мәдени тарихындағы үлкен жаңалық, зор еңбек болды. Қазақ балалары тұңғыш рет өз жазуында әріп танып, қазақша оқи алатын болды. А. Байтұрсыновтың бұл кітабы тұңғыш рет оқу-ағарту саласында ілгері басуға зор серпіліс туғызды. Оның 1912 жылдан бастап жазған еңбегі, ұсынған жаңа жазуы іс жүзінде қолданыла бастады. 1912 жылы әдіскер ғалым мектеп балаларын қазақша оқыту үшін арнайы тағы да кітап жазды. Ол әдістемелік еңбегі "Тіл құралы" деп аталады. Бұл оқулықтағы қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық болды. Сөйтіп, А. Байтұрсыновтың бұл еңбектері қазақ ұлттық жазуын қалыптастырудағы алғашқы табысы болды. Әдіскердің ойынша тілдің ғұмыры ұзақ. Сол ұзақ ғұмырында тілдермен бірге олардың жазулары өзгеріп отыратындығын айтады. [4, 5 б.] Оның "Тіл құралы" тұңғыш оқулық болумен бірге, қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. 1914 жылы А. Байтұрсыновтың "Тіл құрал" атты әдістемелік кітабы Орынбор қаласынан шықты. Бұл кітаптың "Сөз басында" ғалым былай дейді: "Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай

қиынды күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы [5, 13 б.].

Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытатын, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміздің бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып сонан соң басқаша оқытылуы тиіс. "Тіл құрал" Орынбор 1914 ж. 1-ші жылдық, 1 бет. Ал бұрын татарша, орысша оқып келген балалардың ендігі жерде өз тілінде оқу мүмкіндігі туғандығын әңгімелейді. Ол осы "Тіл құрал" еңбегінде қазақтың дыбыстық жүйесі мен жазу дағдыларын егжей-тегжейлі жазған. Ол туралы өз ойын былай жеткізеді. "Тіл құрал" деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да сондай жат көрінер, өйткені, бұл қазақтарда бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе, жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқай қалатын арабша һәм, орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша иә орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір аты ғана басқа [6, 1 б.].

1926 жылы шыққан "Әліпби" атты әдістемелік оқулығында ғалым әрі ағартушы ұстаз әліппені шығарудағы өз мақсатын былайша жеткізеді: "Өзгеріске дейін Ресейде қалың оқушылар қолданған "Төте оқу" деген дыбыс негізгі әдіс екендігі мәлім".

Бірден дыбыстарды қосып сөз қылып оқығандықтан, бірден харіптерді қосып сөз қылып жазғандықтан, епсік пен қадімше оқудың қасында бұл әдіс анағұрлым төте еді. Сондықтан да "төте оқу" деп аталып еді. Арттағы жұрттардың бәрі қазақ. Басқалар жаңаланып жатқанын көріп, біз де жаңала-ғымыз келеді. Бірақ не пайда?

Бұл әліпби кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегімен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр (Ахмет Байтұрсынов "Әліп-би", Жаңа құрал, Қызылорда, 1926 ж. 1-4 бет) [5, 1-4 б.].

Кейін 1927 жылы Ахмет Байтұрсыновтың "Жаңа әліппе" атты әдістемелік оқулығы шықты. Бұл еңбегінде автор араб жазуындағы әріптер мен оған ұқсас тұлғада айтылатын қазақ тіліндегі әріптерге талдау жасайды.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсыновтың әдіскер ретіндегі жазылған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының жайы осындай. Ал осы әдістемелік нұсқау көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы көтерген мәселесі қандай деңгейде екендігі өз алдына кең әңгіме.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». – А.: Ана тілі, 1992.
2. Байтұрсынов А. «Ақжол». (Өлеңдер мен тәржімалар). – А.: Жалын, 1991.
3. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш». – Алматы, 1991.
4. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы. – Алматы, 2002.
5. Ахмет Байтұрсынов "Әліп-би", Жаңа құрал. – Қызылорда, 1926.
6. Тіл құрал. – Орынбор, 1914.

ҒТАХР: 16.01.07

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ – БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ

Исаева Ж. А., Қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, КМҚК «Құрылыс колледжі»,
kurmangalieva.zhazira@bk.ru

Елімізде және ЮНЕСКО аясында көрнекті мемлекет қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, түрколог, публицист, педагог, аудармашы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы, ұлттық жазудың реформаторы және қоғам қайраткері, XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы көшбасшыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы атап өтіледі.

А. Байтұрсынұлының еңбектері – бұл институционалдық жады, ұлттық жоспар және Жаңа Қазақстанда еліміздің тізгінін ұстайтын жас азаматтарға жөн сілтейтін нұсқаулық. Сізге жер берілді – оны қорғаңыз, өңдеңіз, байлықты халықтың игілігі үшін көбейтіңіз. Сіздің ана тіліңіз бар, сол тілде

білім мен мәдениетті дамытыңыз. Сізде білім, дағдылар, идеялар бар. Мұны қоғамға қызмет етуге бағыттаңыз. Ахаңның еңбектері мен идеяларын жүзеге асыру үшін осындай мәселе қойылуы керек.

Ахмет Байтұрсынұлы ауылдық молдалардан білім алған. Ахмет он үш жаста болғанда, оларға полковник Яковлев бастаған полиция қызметкерлері келіп, бүлік ұйымдастырады, Ахмет Байтұрсынұлының әкесі Шошақұлы мен Ахметтің үш ағасы қорлауға шыдамай, полковникті ұрады. Бұл үшін олар Сібірге 15 жылға жер аударылды. Қоштасарда Байтұрсын баласына: «Аш-жалаңаш болсаң да, оқы, ұлым», деді.

Ауыл кезеңі аяқталғаннан кейін туыстары оны Торғай екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне (1886-1891) берді және әрі қарай білімін ағартушы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған Орынбор мұғалімдер семинариясында жалғастырды. Ахмет 1891 жылы мектепті бітірді, ал Ыбырай 1889 жылы қайтыс болды. Зерттеуші Зира Наурызбаева «Төрт бұлт» кітабында былай деп жазады: «Ахмет Ыбырай мектебінде және оның бағдарламасы мен оқулықтары бойынша дайындалған мұғалімдерден ғана емес, Ыбырайдың басшылығымен де оқыған. Сұңғақ бойлы, батыл, талантты оқушыны байқамау мүмкін емес еді. Екі көрнекті ағартушының қызметіндегі сабақтастық бұрын да аталып өтілген, бірақ олардың бір-бірін білуі, араласуы, әрине, өте әсерлі. Сол жерде Әлихан Бөкейхан Ахметке Ыбырай туралы мақала жазуды ұсынып: «Егер Ыбырай біздің заманымызда өмір сүрсе, ол сен сияқты әрекет етер еді, ал егер сен оның орнында болсаң, сен де сондай болар едің» деп айтатыны туралы дәлелдер келтіріледі.

Ол 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінің ауылдық болыстық училищелерінде сабақ берді. Рефлексиялық тәжірибе ретінде ол өзінің барлық ойын бүгінгі мектептер үшін құнды мақалалар түрінде қалыптастыра бастады. Атап айтқанда, «Бастауыш мектеп» мақаласында ол былай деп жазады: «...бастауыш білім беруді одан әрі оқуды қалайтындар үшін қажетті білім беру сатысына айналдыру керек. Егер бастауыш мектептер қандай да бір себептермен өздерінің білім деңгейлерін жақсарту мүмкіндігінен айырылса, онда олар кем дегенде ұлттың әдеби және мәдени өмірін біле алатын біліммен қамтамасыз етілуі керек».

Бұл мәлімдемеде деңгейлік оқыту идеялары, әр деңгейдің күтілетін нәтижелері байқалады. Егер біз еуропалық біліктілік шеңберімен (2008) ұқсастық жасасақ, онда бастауыш мектеп түлегінің «белгілі бір еңбек немесе оқу саласындағы негізгі нақты білімі; ағымдағы міндеттерді орындау және қарапайым ережелер мен құралдарды қолдана отырып, ағымдағы мәселелерді шешу үшін пайдалы ақпаратты пайдалану үшін қажетті негізгі танымдық және практикалық қабілеттерге ие болуы немесе мұғалімнің қадағалауымен белгілі бір дәрежеде дербес білім ала білуі қажет».

Тілдерді оқыту әдістемесінің коммуникативтік тәсілге көшуіне байланысты А. Байтұрсынұлының пікірі маңызды. Мысалы, «Қазақ тілі бойынша оқу құралы» атты еңбегінде жазбаша қарым-қатынас туралы былай деп жазады: «Біздің заманымыз – ауызекі тілден гөрі одан да үлкен дамуға жеткен жазу уақыты. Мысалы, телефон жоқ ауылдан ауызша сөйлеуді алыс қашықтыққа қалай жеткізесіз? Хаттың көмегімен әлемнің бір шетінен адам әлемнің екінші жағындағы адаммен сөйлесе алады».

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі жылдарында да қазіргі білім беру жүйесінің жақтаушылары мен сыншылары болды. А. Байтұрсынұлы оқулықтарға қатысты «Мектептің қажеттіліктері» мақаласында былай деп жазады: «Оқыту мәселелерін кім жақсы түсінетінін анықтаудың объективті критерийі ретінде оқулық авторлары мен оның сыншылары педагогика және әдістеме білгірлерінің қатысуымен кезекпен өткізетін көрнекі сабақтар ғана қызмет ете алады». Бұл жазбада оқу мазмұнын сараптау идеялары мен оқыту әдістері бар.

Қазір қазақстандық педагогикалық қоғамдастықты үштілділік қандай болуы керек деген сұрақ мазалап жүр. Тілдерді қалай оқыту керек? Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ тілі бойынша оқу құралы» атты мақаласында баяндалған ойлары осы тұрғыдан қызықты: «Орыс тілінде оқығандар орыс тілінің жүйесі мен тәртібі бойынша жазуға дағдыланған. Татар тілінде оқыған адамдар татар тілінің жүйесі мен тәртібі бойынша жазуға дағдыланған. Егер сіз қазақ сөздерін алып, орыс немесе татар тілінің жүйесі мен тәртібін қолдана отырып жазсаңыз, онда бұл қазақша дұрыс шықпайды. Мұндай жағдайдан аулақ болу үшін әр халық балаларын алдымен ана тілінде оқытады, содан кейін ғана олар ана тілінің жүйесі мен заңдылықтарын біледі, бұл мәселеде белгілі бір дағдыларға ие болады және басқа тілді үйренуге көшеді. Егер біз өз тіліміздің тазалығын сақтағымыз келсе, басқа халықтар сияқты, біз де балаларымызды алдымен ана тіліне үйретуіміз керек, содан кейін ғана басқа тілге көшуіміз керек».

Ахмет үшін тілдерді оқыту басымдыққа ие болса да, ол білім беру ресурстарының тұтас қабатын – басқа пәндер бойынша оқуға арналған мәтіндерді жасады. Оның «Оқу құралдары» (1927 ж.) еңбегінде «Бақа-шаян», «Құрт-құмырсқа», «Құс», «Титтей жұмыскерлер», «Мұнай», «Саз», «Тас көмір», «Тұз», «Күн», «Құс жолы», «Құйрықты жұлдыз», «Жұлдыздар», «Күн күркіреуі мен найзағай неден болады?» сияқты мәтіндерді кездестіруге болады. Сол еңбекте «Жер құйқасы» тақырыбы

бойынша топырақ қасиеттерін анықтау бойынша эксперименттің сипаттамасы ұсынылған. Атаулардың бұл тізімі оның жаратылыстану пәндерін жүйелі түрде оқытқанын көрсетеді.

Педагогикалық қызмет А. Байтұрсынұлына уақыт өте келе ғылымға бет бұрып, алғаш рет өзекті қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды, сондай-ақ оларды оқыту әдістемесін жасауға мүмкіндік берді. Ахмет Байтұрсынұлының өз өмірін арнаған ісі – бұл қазақ тілі үшін жасалған іс. Басқа пәндерді де бірдей оқыған ағартушы тіл білімін себепсіз таңдаған жоқ. Тіл әрқашан ұлт пен мемлекеттің маңызды атрибуттарының бірі және халықтың осы жерде өсіп-өнгенінің, мемлекеттіліктің терең тарихының дәлелі болып табылады. Оның өзі бұл жөнінде былай деп жазады: «Тілін жоғалтқан жұрттың өзі де жоғалады», «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл», «Өз тілінде сөйлейтін, өз тілінде жазатын ұлт ешқашан жойылмайды. Ұлттың сақталуына немесе жойылуына ықпал ететін ең күшті фактор – бұл тіл. Тілдің жоғалуымен бірге халықтың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа халықты қосқысы келетіндер, ең алдымен, осы халықтың тілін жоюға тырысады».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде қолданылмайтын барлық таза араб әрпін алып тастап, араб графикасы негізінде қазақ жазуын реформалап, қазақ тіліне тән әріптерді қосты. Ол алғашқы нұсқасын 1912 жылы жасап, 1912-1924 жылдары жазу ережелерін өзгертті. Жаңа әліпби «Жаңа Емле», сондай-ақ төте жазу, төте оқу деген атау алған. Осы нәтижелер туралы Ахмет былай дейді: «Осындай үш бағыт бойынша жұмыс нәтижесінде әлемде баламасы жоқ қазақ тілінің әліпбиі мен қазақ орфографиясы, қазақ тілінің грамматикасы дүниеге келді, ол басқа ұлттардың тілімен салыстырғанда қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылыми тұрғыда бірінші орынға шығады».

Бұл әліпби Қазақстанда 1912-1927 жылдары қолданылып, кейін Кеңес өкіметі қазақ тілін латын қарпіне көшірді. Дегенмен ол оны шетелде тұратын миллиондаған қазаққа пайдалануға мүмкіндік берді. Төте жазуды әлі күнге дейін Қытайда (1,3 млн), Ауғанстанда (30 мың) және Иранда (10 мың) тұратын қазақтар қолданады. 1976 жылдан бастап Байтұрсынұлы әрпімен басылған «Шалқар» газеті шығады. Оның мақсатты аудиториясы – эмигранттық диаспоралардағы қазақтар.

Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесі мен істерінің ұлылығы әлем тарихының призмасы және тұлғалардың қызметімен салыстыру арқылы ашылады. Олардың есімдері мен қатары әсерлі. Бұлар – ескі славян алфавитін жасаушылар Кирилл мен Мефодий. Бұл бізге таныс Петр I, М.В. Ломоносов, А.С. Пушкин, олар орыс тілін реформалаудың бастауында тұрды. Ағылшын тілі Британдық отарлау нәтижесінде ғана емес, сонымен бірге оны зерттеуді, түсінуді және қолдануды ыңғайлы еткен реформалардың арқасында лингвафранкқа айналды. Бұл жерде Уильям Кэктонның, Джеффри Чоссердің, Уильям Шекспирдің, Роберт Кодридің, Сэмюэл Джонсонның, Линдли Мюррейдің, Джозеф Пристлидің есімдерін еске түсіру маңызды. Француз тілін нығайтудағы маңызды рөл Король Франциск I-ге тиесілі болды.

Ежелгі және дерлік жойылып кеткен тілді жандандырып, оны мемлекет жағдайына жеткізген басқа адамды қалай еске түсіруге болмайды. Бұл Элиезер бен-Йехуда – «Қазіргі иврит әкесі», гебраизмнің негізін қалаушы; өмір бойы иврит тілін қазіргі ауызекі тіл ретінде жандандырып, оны дамытып, байытумен айналысқан адам. Жоғарыда келтірілген мысалдар «Ахмет Байтұрсынұлы – үздіктер арасында тең, теңдестер арасында үздік» деп айтуға негіз болуы үшін жеткілікті.

Қазақстан мектебінің әрбір түлегі ҚазКСР Ғылым Академиясының 1946 жылы 1 маусымда құрылғанын және республика ғылымының Бас штабы, Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірушісі болғанын жақсы біледі. Бірақ бәрі бірдей ме? Сұрақтың тарихы бір таңғажайып фактіні ашады. 1921 жылы ҚазАССР халық ағарту халық комиссариаты жанынан Республиканың академиялық орталығы құрылды. Оны Ахмет Байтұрсынұлы басқарды. Академиялық Орталық ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін құрылған алғашқы мемлекеттік мекеме. Қызметінің негізгі бағыттары: ағарту саласындағы жұмыстарды үйлестіру; сауатсыздықты жою, бастауыш, орта білім беру жөніндегі бағдарламаларды, жоғары оқу орындарына арналған бағдарламалар жүйесін әзірлеу; әдебиет пен өнер саласындағы басшылық; оқу орындарына, саяси-ағарту мекемелеріне, баспа ісіне, мұрағаттарға, мұражайлар мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне теориялық және әдістемелік көмек көрсету. Академиялық орталық қазақ даласын жан-жақты зерттеу бойынша жұмыс ұйымдастырды, қазақ мектептеріне қажетті кітаптар, бағдарламалар мен оқулықтар шығаруды реттеді, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға көмектесті. Бұл фактіні ҚР ҰҒА тарихын сипаттауда да, Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарда да ескеру маңызды деп санаймыз.

1905 жылы Ахмет Байтұрсынұлы саяси қызметке белсене араласып, «Қарқаралы петициясы» авторларының бірі болды. Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірге 1913-1918 жылдары қазақ зиялыларының қолдауымен «Қазақ» алғашқы ұлттық газетін шығарды. Газет ұлттық мүдденің таралуына және қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің ояну факторына айналды.

XX ғасырдың басында қазақ мемлекеттілігінің тағдыры мен оның жерінің болашағы өте күрделі болды. Қолда бар жерлерді сақтау үшін А.Байтұрсынұлы бүкіл қазақ зиялыларымен бірге одақтас мемлекет құрамында Қазақ автономиясын құру және шекаралардың құқықтық мәртебесін анықтау үшін Мәскеумен күрделі келіссөздер жүргізді. Ахмет Байтұрсынұлының көзқарастары, идеялары, құндылықтары мен қызметі алғашқы кезде патша, одан кейін Кеңес өкіметін қобалжытты. Ол бірнеше рет шабуылға ұшырады, оның саяси шешімдер қабылдауына тосқауыл болды, қызметін шектеді. Өз халқының бостандығы үшін ол басын бәйгеге тікті. Төменде сол хронологиямен танысуға болады:

Ахаң өзінің бар күш-жігерін халыққа қызмет ету арнасына бағыттады және бұл істе тәуекелшіл, белсенді, қазақ халқының тәуелсіздігі идеясына құштар болды. Осы үлкен мақсат үшін ол өзін құрбан етуге дайын болды және тарих көрсеткендей, құрбан болды. Ол өз нанымынан бас тартуға, басқа мақсаттағы адамдармен бірігуге, өмір сүру үшін басқа адамдардың құндылықтарын көтеруге көп мүмкіндігі болған шығар. Бірақ ол мұны істемеді: «Мен өз жолымды өз еркіммен және біржолата таңдадым – мәңгі, ал қазір айналма жолдар жоқ – өлімнен ұят күшті!».

А. Байтұрсынұлы бізге лайықты мұра қалдырды. Бұл өзі үшін құнды болған және тәуелсіз мемлекеттің атрибуттары ретінде танылған: қазақ тіл білімі мен әдіснамасының негіздері, педагогика бойынша еңбектер, түрлі көркем жанрдағы өз туындылары, қазақ фольклорының жинақтары. Қоғамдық мұра Қазақстанның болашақ ғылым академиясының ұйымдық-құқықтық іргетасын құрайды. Саяси мұраға Қазақ автономиясын ресімдеу, танылған және келісілген мемлекеттік шекара жатады. Ахаңның ел тағдыры үшін күресі, жанын пайда етуі біздің қазіргі мемлекетіміздің құндылықтары ретінде танылуы керек: бұл – туған жер, ел, ана тілі, бостандық, бейбітшілік, әл-ауқат, достық, демократия, білім. Оның мұрасы өнерде, педагогика еңбектерінде, білім беру бағдарламаларында, ел мен халықты әлемдік аренада ілгерілетуде көрініс табуы керек. Ұлт ойшылы мен ағартушының мұрасы негізінде жаңа мағыналар, жаңа әңгімелер мен жаңа құндылықтар құрылуы мүмкін. Оның мұрасы мен өсиеттерін қалай игеретініміз өзімізге байланысты.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013. – 382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция // Егемен Қазақстан, 1997 ж. 5 желтоқсан. – 3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
4. Нұрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы «Ататек», 1995 – 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

ҒТАХР: 14. 07. 09

БІЛІМ – БІЛІКТІЛІККЕ ЖЕТКІЗЕР БАСПАЛДАҚ

Жунусова С.У., № 6 гимназия мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Saulesh87754031123@mail.ru

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған ролі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауы қажеттігі қарастырылған.

Мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі – мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді.

Мектептердің оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып,

саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу.

Ғалым педагог Л.В. Занков: «Оқытушы – оқушының рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», - дейді [2].

Көрнекті психолог Л.С. Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», – деп тұжырымдайды [3].

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге себін тиетіндерін, оқушылардың белсенділігі мен өздігінен іс-әрекет жасауын талап ететіндерін іріктеп алуға байланысты.

Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ.

Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы таңдап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыра түспек.

Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

1. мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет.

2. мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет.

3. мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек.

4. мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі.

5. мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі.

6. балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспекттері мен жеке тірек белгілері бойынша беру.

7. сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану.

8. әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Жаңа технология әдістерін пайдалану оқушының бос отыруына, зерігуіне мүмкіндік бермейді. Бала өз бетімен білім алуға дағдыланады және пәнге қызығушылығы артады. Егеменді еліміздің ертеңі – білімнің тереңдігімен өлшенеді. Оқушылардың жан-жақты білімін, сабаққа қызығушылығын, шығармашылық ізденімпаздығын қамтамасыз етуде жаңа технологияның алатын орны ерекше. Сабақты бастамас бұрын сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда «Не ортақ?», «Мен сізді таныстырғым келеді», «Жүрек жылуы», «Блиц кездесу», «Капитан» ойын – тренингтері ерекше орын алады, тағы басқа ойындардың маңызы зор.

Оқыту – тәрбие үрдісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау, яғни оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – оқушының мұғаліммен, құрбы – құрдастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір – бірінің ойын тың дауға, өзекті мәселені шешуге тырысып, қиындықты жеңуге көмектесетін технология. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған сайын оларда төрт параметрдің көрсеткіші өседі: жекеден – жалпыға, дифференциалдыдан – сенімділікке, интуициядан – логикалыққа, бір перспективадан – көпте – ген перспективаға. Бұл көрсеткіштерді өсіру үшін:

1. өз бетінше тұжырым, қорытындыға келу қабілетін;

2. ұқсас құбылыстар арасынан тиімділерін талдай білуін;

3. пікірталасты жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру қажет.
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы басты үш бөлімнен тұрады:
1. Қызығушылықты ояту;
 2. Мағынаны тану;
 3. Ойтолғаныс.

Әрбір жаңашыл ұстаз үшін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының кез- келген стратегиялары құнды, әрі бағалы. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, ББҮ әдісі, Венн диаграммасы, пікірталас, «дөңгелек үстел», іс ойыны, сайыстар, болжау, автор орындығы тағы басқа стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көкарасын, түсінігін дамыта түседі. Ой шақыру стратегиясында берілетін талқылау сұрақтары оқушыларды шын мәнінде білімге қызықтырып, белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан технологиясының әдіс – тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды.

Әрбір технология жаңа әдіс – тәсілдерімен ерекшеленеді. Осы әдіс – тәсілдерді мұғалім сабағына, оқушылардың жас ерекшелігіне сай іріктеп қолданады. Сабақ барысында оқушыны ол пәнге қызығушылығы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады.

Барлық пәндегі кез – келген тақырыптың тәрбиелік саяси мәні болады, сондықтан белгілі бір мақсатты проблемалық тұрғыдан түсіндіруді қажет етеді, міне осы жағдайда «Сын тұрғысынан ойлау» әдістерін қолдану белгілі бір мақсатты ашуға үлкен септігін тигізеді. Бұл мұғалімнен білімділік пен біліктілікті талап етеді. Ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» – деп бағалаған еді.

Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық, өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияларды меңгерген, білімі мен білігі жоғары ұлағатты тұлға болу міндет.

Әдебиеттер

1. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп, 2006. – № 5. – 3-5 б.
2. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп, 1989. – № 9. – 10 бет.
3. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы.
4. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп, 2006. – № 5. – 3-5 б.
5. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп, 1989. – № 9. – 10 б.
6. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 182 бет.

ҒТАХР: 14

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ

Бекетаева М.Р., Ш.Уәлиханов атындағы КҮ жанындағы көпсалалы колледжі
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қ., nurbaeva-70@mail.ru

Байтұрсынов – қазақ тілін зерттеуші. Жоғарыда айтылды, Ахмет Байтұрсынов мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітірісімен, 1895-інші жылдардан бастап бала оқытуға кіріседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында) ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып істейді. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлайды: ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын казак жазуы таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліпбиі») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған,үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы) мен ана тілі оқулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы-міне, осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше,жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-

ағарту ісін дұрыс жургзу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді ол барымен базар» болып, күнделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған жоктарды түгендеуге кіріседі. Атап айтқанда, А. Байтұрсынов 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, казактар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде казак тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны казак тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен казак тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі.

1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) өмірбаянында «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін казак алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, казак жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің [жағымсыз] әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қаза прозасын (яғни іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым» деп (Архив КазПИ им. Абая. Опись Л-1, связка № 6 «Б», д. 209).

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты көлемді мақала жазып, онда казак дыбыстарын білдірмейтін алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген үлкен мақала жариялап, онда кейбір дауысты дыбыстарды таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады.

Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын казак жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегідегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, у дыбыстарының арқайсысына таңба белгілеу, 3) к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі а, е, і, у дыбыстарымен ай-тылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетіндігі байқалады.

А. Байтұрсыновтың араб жазуын казак тіліне икемдеген нұсқасын казак жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жана жазуы (ол «Жана емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15-тей казак кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды («Жаңа емлені») 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен казак-орыс мектептері де қолдана бастапты.

«Жаңа емлені» А. Байтұрсынов әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз(казак) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съездің күн тәртібіне алты мәселе қойылады: Олар: 1) жазу ережелері (яғни орфография мәселелері), 2) әліпби (яғни алфавит) мәселесі, 3) казакша пән сөздер (яғни терминология), 4) ауыз әдебиетін жию шаралары, 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары, 6) бастауыш мектептердің программасы.

Съездің маусым айының 15 жұлдызындағы А. Байтұрсынов «Әліпби тақырыпты» деген атпен жасайды. Ол түркі халықтарының қолданып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Әліпби (графика) қандай қасиеттерге ие болу керек деп, қазақ халқы қолданып отырған, икемделіп, өңделген (реформаланған) араб алфавитінің он сипаттарын (қасиеттерін) көрсетеді де, латынға көшкенде, латын алфавитін қолданушы Европа халықтары тіліне түркі жұрттарының қатысы жоқ дей келіп, «латын әліпбиін тұтынған [европалық] жұрттар орыстың орнында болып, аузына карап... балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен... Онда алуға манағы бар дер едік» деп ойын орнықтыра түседі. Бұл жерде, сірә, араб алфавитін тастау болса, латынға емес, тілін қоса үйреніп жатқан, отандас орыс халқы қолданып отырған жазу қолайлы емес пе деген ой ұшқыны жалт ететін тәрізді.

А. Байтұрсыновтың осы баяндамасын және латын таңбаларын алуды қостаған Нәзір Төрекуловтың баяндамасын талқылап, екі алфавиттің оң-теріс жақтарын сарапқа салып қарағаннан кейін, съезд: «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін

әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» деп А. Байтұрсынов реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізіндегі казак алфавитін қабылдау керек» деген қарар ұсынды (Қазак білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор, 1925).

Сөйтіп, А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезеңінде казак мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалын көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсыновтың бұл тәжіри-бесін сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы өзбектер мен татарлар үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады.

А. Байтұрсынов-казак балаларына ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін казакша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» (казакша әліфбе) деген атпен алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылды. Үстіміздегі ғасырдың 1910 жылдарынан бастап казак қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М. Нұрбаев, М. Малдыбаев, З. Ергалиевт. б.) казакша әліппелері жарық көрді. Бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кенінен қолданыс таба алмады. Солардың қатарында шыққан А. Байтұрсыновтың әліппесі – «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайданылды.

Тұңғыш басылымы 1912 жылы жарық көрген бұл әліппе кейін де бірнеше рет басылған, оның 1925 жылғы басылымы 7-нші деп көрсетілген.

А. Байтұрсынов казак тілін оқыту методикасының да іргетасын қалаушы болып және саналады. Ол – казак тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылдан бастап жарық көрген. Бұл методикалық құрал тұңғыш әліппемен («Оқу құралымен») қатар дүниеге келгендігін автордың өзі білдіреді. Мұны дәлелдейтін және бір факт – осы «Баяншының» 1920 жылы Қазанда шыққан басылымында автор бұл құралды 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінен шығарып жазғандығын айтады. Ал оның бала оқытқан кезі – 1895-1909 жылдар болатын. Демек, «Баяншыны» ол 1910-1912 жылдары ұсынған. Бұл – көлемі жағынан өте шағын (не бары 15 бет-тік кітапша), бірақ нағыз методикалық құрал.

Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын А. Байтұрсынов «Әліп-би астары» атты еңбегінде де көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген методика мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында болсын, үлкендерге арналған «Сауат ашқышта» болсын А. Байтұрсынов иллюстративтік материалдарды ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздегені байқалады.

Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» деген принципті ұстағандықтан, 1-басқыш мектеп (яғни бастауыш мектеп) балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздейді, сондықтан мысалдарды (үлкендердің аузынан сан рет естіп, мақал-мәтелдерден, накыл сөздерден, мысалдардан алады. Және олардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбек сүйгіштікті тары да сол сияқты игі қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, накыл сөздер, өлең-жыр жолдары болып келеді. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап өзі жасаған текстер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т. т. танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі.

Иллюстрация ретінде көбірек келтірілген тұтас текстер «Тіл – құралдың» синтаксиске арналған 3-кітабы мен ересектердің сауатын ашуға арналған әліппе – «Сауат ашқыш» деген кітапта орын алған. Бұларда автор Қожанасыр, Алдаркөсе әңгімелерінен бастап, халық аузындағы аңыз-әңгімелерді, билер сөздерін, бұрынғы өткен акын-жыраулар мұраларын, Абай, Ыбырай және өзінің өлеңдерін, аударма және төлтума мысалдарды, Жуковский, Красновский сияқты орыс ақындарынан жасалған аудармаларды, Ыбырай Алтынсариннің «Хрестоматиясындағы» кейбір әңгімелерді, Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» поэмасынан алынған үзінділерді пайдаланған. Бұл текстердің мазмұнында оқушыға теріс тәрбие беретін, жамандыққа баулитын идея жоқ, керісінше, оқу-білімге, еңбекке шақыратын, адамгершілікті уағыздайтын жолдар көзге түседі.

А. Байтұрсынов алған білімі, мамандығы жағынан профессионал лингвист емес еді. Оны тіл біліміне алып келген, жоғарыда айтылды, оқу-ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып, көзін ашу, сол арқылы казак халқын ұлттық теңсіздіктен құтқару мақсаты болатын. Маман лингвист

емес-тігіне қарамастан, Ахмет Байтұрсынов тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған. Қазақ грамматикасын талдауда ол орыс лингвистикалық мектебінен сусындаған, бірақ туыстығы жағынан өзгешеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымында орыс тілінен ажыратылатын ерекшеліктері болуға тиіс екенін де жақсы сезген. Әрине, Байтұрсыновтың грамматикасы бүгінгі туркологиялық, жалпы лингвистикалық ғылым талабы тұрғысынан келгенде, үлкен теориялық зерттеулер емес екендігі белгілі. Өйткені ол ең алдымен мұндай мақсатты көздеген емес, екіншіден, мектеп грамматикасының өзін А. Байтұрсынов бас-тауыш (алғашқы 4-5 жылдық) мектеп оқушылары үшін ғана талдап танытты.

«Тіл – құралдын» әр белімі 6-7 реттен жарық көріп, алғашқы 1914-1915 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін қайта басылып келді. Бұл мерзімнің ішінде, әрине, бұл оқулықтар мүлде өзгеріссіз қалған жоқ. Автордың өзі әр басылым сайын өндеп, бұл оқулықтарын 30-40 жылдарға дейін шығарып келген болса, сөз жоқ, олар едәуір өзгеріп, қазіргі грамматика – тикаларға жақындай түскен болар еді. Дегенмен қазақ тілі сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөз өзгерістерінің, сөйлем түрлерінің классификациясы тұңғыш берілген терминдерімен қосаталдауы негізінде беріліп келеді. Әрине, өзгешеліктер жоқ мес, ол өзгешеліктердің болуы заңды да. Мектепте үйрету сияқты практикалық мақсат көздей жасалған зерттеулер мен ғылым объектісі ретінде теориялық негізде жүргізілген бүгінгі зерттеулердің арасында өзгешеліктердің болуы даусыз. Сөйтіп, А. Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе – «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл құралды» жазған; үшінші дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуды үйретуге көмектесетін және бір құралды жазуды ойға алған, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған, «Әліппе астарын» жазған, бесіншіден – балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, бұл үшін Т. Ш. Шонановпен бірігіп, үлкен хрестоматия (ол да «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған.

Міне, А. Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбегі осындай.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы «Білім қоғамы», 1991.
2. Ахмет Байтұрсынов «Тіл тағылымы» (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) .– Алматы «Ана тілі», 1992.

ҒТАХР: 14. 07. 09

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РЕФОРМАТОРЫ

Абылкасимова Т.С., арнайы пән оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, КМҚК «Құрылыс колледжі»,
kurmangalieva.zhazira@bk.ru

Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде Қазан революциясына дейін де аянбай адал қазмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны ерекше зор тұлға.

Сәбит Мұқанов айтқандай «Ахмет Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбек сіңірді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» (4, 42 б.) дегендей Ахмет Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

Ол – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің нәтижесінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің сан саласына көз тігіп тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне және дамып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда

бала оқытты, көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құрал» атты кітаптарын қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы мақалалар жазуы, 1926 жылы Бакуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы – осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

Белгілі түрколог академик А.Н. Кононовтың Ахмет Байтұрсыновты көрнекті түркологтардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын жасау, фонетика мен грамматика саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазуы да тектен тек емес (3, 242 б.).

Ахмет Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой- пікірлері сонау 1913-1917 жылдары сонау Орынборда шыққан. «Қазақ» газетінде (Байтұрсынов 5 жыл бойы осы газеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ былай деп жазды: «Бұл газеттің мақсаты- жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственный дума, һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу» («Қазақ» №1, 1913 ж. қаңтар).

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62 санында «Мектеп керектері» деген мақаласында « Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педогогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші мектепте керегі белгіленген программа.Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуге боларға керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы я артық, я кем шықпақшы» деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақты белгілеп берді (3, 243 б.)

Сонымен қатар ғалым ширек ғасырдай тер төккен осы еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын ұлт мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көзқараспен ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, латын алфавитіне көшуге қарсы пікірде болды. Бұл мәселе Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші Түркологиялық съезі өткізіліп, оның күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографиялық негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні терминология мәселелері, осы халықтардың тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту әдістемесі тағы басқа көптеген көкейкесті мәселелері қойылды.

Ахмет Байтұрсынов араб әрпін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты дәлелдеп берді. Оның пікірінше араб алфавиті тез оқуға, жылдам жазуға қолайлы, ал ол жастарды сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік туғызады, баспахана техникасы мен өнімнің құны жағынан алғанда араб әрпін қолдану өзінің сыйымдылығымен әлдеқайда арзанға түседі. Үшіншіден, араб әліппесінің әріп құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажетін толық қанағаттандырады. Төртіншіден, бүкіл Азия елдерінің мәден мұрасы осы алфавит негізінде жазылғаны айтылды.

Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы жылы лебізбен қабылдады. Себебі, Байтұрсынов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынылған жаңа жазуы («Жаңа емле» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтер бойынша 1915 жылдың бір өзінде ғана 15-тей кітап болып шыққан. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов ұсынған «Жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс- қазақ мектептерінде де қолданыла бастағаны белгілі.

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралы» жазғаннан кейін көп ұзамай енді. Осыдан кейін мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазір ғылымның жеке бір саласы. Ғылымның осы саласында көш басында Ахмет Байтұрсынов туған. Басқаша айтсақ, қазақ тілін қалай қалай оқыту туралы ғылымда тұңғыш рет сөз қозғаған, ол туралы алғаш ғылыми еңбек, мақалалар жазған ғалым да – Ахмет Байтұрсынов. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің ірге тасын қалаушы, негізін салушы деп айтуға толық болады. Ғалымның әдіскерлігі, әдістеме ілімінің негізін қалауға қосқан үлесі турасында жалпылама болса да жазыла бастады.

Алайда, Ахмет Байтұрсыновтың әдіскерлігі туралы тұңғыш ағартушылардың бірі – ғалым Р. Сыздықова 1990 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынов» атты кітабында «Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының ірге тасын қалаушы болып саналады. Ол қазақ тілінде дыбыс

негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы (11, 36 б.). Сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған (11, 37 б.) – деп алғаш айтқан-ды. Ахмет Байтұрсыновтың «Баяншы» атты еңбегі бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең тұңғыш үлгісі. Осы кітаптың алғы сөзінде оқытуға қатысты негізгі дидактикалық принципті айтқан. Ол – тіл оқытуда оқушының шамасы келетін нәрсеге үйретіп, оның оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру. Бұл дидактикалық қағиданы ғалым әдістеме жазуда негізгі ой қазығы еткен, әліппе, оқулық жазуда осы принципті басынан аяғына дейін ұстанған. Ахмет Байтұрсыновтың бұл пікірі 14 жыл мұғалімдік тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасқан. Оған осы еңбекке жазған алғы сөзі дәлел.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары.

Ұлттық тілді оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу жолына үңілсек ХХ ғасырдың бас кезіндегі алғашқы онжылдықтардың салмағының молдығына, маңыздылығына көз жеткізуге болады. Өкініштісі сол, қолымызда бар тіл біліміне, әдістеме іліміне қатысты зерттеу еңбектердің бірде-бірінде әмбебап сөздігімізде де сол тұстағы ағартушы, әдістемеші зиялыларымыздың аты-жөні көрсетілмеген еңбектеріне объективті баға берілмеген. Ендеше осы мерзімдерде жарық көрген газет-журналдарымыздың бетінде жарияланған әдістеме, оқу-ағарту бағытындағы мақалаларды сын көзден өткізу, саралау, сол сәттегі игі істің дамуына қосқан үлесін анықтау да күн тәртібінде деген сөз. Әдістеме тархын бастау кезінің бір парағы «Айқап», «Қазақ», «Мұғалім», «Шолпан», «Шора», «Сана», «Жаңа мектеп» секілді талай басылымдарда жатыр. Мысалы: Ғ.Қараштың «Педагогика» («Мұғалім» журналы № 2, 1919 ж), Х. Досмұхамедұлының «Қазақ қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» («Шолпан журналы» № 1-3, 6-8, 1923 ж), Жүсіпбектің «Ана тілін қалай оқыту керек?» («Жаңа мектеп» журналы, № 2, 1925ж. 17-25бет) еңбектері көтерген жүгімен сан тарау ойға жетелейді. Ал таза педагогикалық басылым «Сана» журналының сауат ашу, ағарту бағытындағы кемшіліктердің орнын толтыруға арналғанын байқаймыз.

Сол тұстағы А. Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары халқымыздың рухани дүниесін байытуды ұрпақ тәрбиесінен бастау қажеттігін айқын түсінген. Білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке арнап оқу құралдарын даярлаған. («Оқу құралы», «Әліпби», «Табиғаттану», «Есептану» құралы (Арифметика), «Пішіндеме»). Олар алғашқы күннен-ақ оқулықтарында орыс мектептерінің бағдарламаларын көшіріп пайдалануды жөн көрмей, халқымыздың ұлттық, аймақтық ерекшеліктері анық білінуіне назар аударуы бүгінде ескерер жайт.

Ахмет Байтұрсынов – әдіскер, ғалым, ұстаз.

Ахмет Байтұрсынов алғашқы әліппе оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтірумен бірге осы оқу құралдарын практикада қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкірттерге қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде ойланған. Ол заманының әдістемелік теорияларын өте жақсы меңгерген ғалым. Озық елдердің тіл оқыту әдістемелік ілімін жетік білуі қазақ тілін оқытуға арналған төл әдістемелік еңбектер жазуға әсер еткен. Өйткені жазбаларынан «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік еңбектерін және «Баулу мектеп», «Жалқылау» (айырыңқы әдіс), «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу» туралы мақалаларын атауға болады.

Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. Ахмет Байтұрсынов мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырастыра алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенімен, кейбір деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта жазылғанын аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынов жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: «Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе аттарын» хәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы. Осы күнде Орынборда басылып жатыр» (5,185) – деп хабарлайды. Бұл 1923 жылы болса, ал 1924 жылы «Әліппе астары» еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде «Оқу құралы» деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған «Баяншы» деп көрсетілген. Әдіскер М. Жұмабайұлы да Ахмет Байтұрсынов әліппесінің дыбыстық әдіспен құралғанын сілтей келе: «Бұл Әлифба бойынша қалай хат таңдаудың жолы Ахмет Байтұрсыновтың «Баяншы» хәм «Алифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын», – деп жазады. Ал ғылым Р. Сыздықова «Оқу құралын» пайдаланудың жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн – жобасын «Әліппе астары» атты әдістемеік еңбегінде көрсетеді деген.

Ахмет Байтұрсыновтың «Баяншы» әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының 6-шы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Еңбектің алғашқы

бетінде «Қазақ мұғалімдері үшін» деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: «Жаңа оқу жылымен таныс емес оқытушылар төмендегі «Қазақ дыбыстары һәм жазу белгілері» деген һәм «Дыбыспен жаттығу» деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқытушылар емес, оқытушылар үшін жазылған (2, 324) – деп те көрсетеді. Бұл еңбек – ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп, жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған Ахмет Байтұрсыновтың «Адамның өзіндік кәмілдік болмаған соң, ісінде кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген іс көргенім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп алғыс айтамын (2,32)», - деуі де дәлел

Ғалымның «Баяншы» атты әдістемелік еңбегі екі бөлімнен тұрады. I – бөлім «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» деп аталады. Әдістеменің II – бөлімі «Дыбыспен жаттығу» деп атады.

Еңбектің I – бөлімінде Ахмет Байтұрсынова қазақ тілінің дыбыстық құрамы туралы мағлұмат береді. Бұл – әліппеде бар мәлімет. Бірақ ол заманда қазақ тілінің дыбыстық құрамы әлі ғылыми тұрғыда дәлелденбеген мәселе болған. Мұғалімдердің ол туралы білімі де шамалы екені сөзсіз. Араб алфавитінде қазақ тілінде жоқ дыбыстардың талай әріптері жүрді және ол туралы авторларда пікір алалығы да ұшырап отырды. Сондықтан, Ахмет Байтұрсынов бұл мәселеде мұғалімдерге толық дерек беруді көздеген. Ол тікелей әдістеме мәселесі болмағанымен, мұғалімнің оқыту объектісін анықтап қоюды көздегені дұрыс деп санаймыз.

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жөн жобасын көрсетіп берді.

Сөйтіп ғұлама-ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын» төртінші сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды міндетіне алып, «Баяншыны» жазды.

Әрі аудармашы, әрі ақын, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым А. Байтұрсыновтың сан-салалы еңбегіне арнап оның 50 жылдық тойына жазған мақаласына М. Әуезов былайша баға берген еді: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген қазақ тілі, Ахаңның әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты... Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды» (1923ж. «Ақ жол» газетінде).

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы А. Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие, оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Ахмет Байтұрсынов өмірінің соңғы сәтіне дейін, өзі түлеткен, өзі реформа жасап жетілдірген қазақтың жаңарған жазу үлгісін ғылыми негізде дәлелдеп, шырылдап қорғап өтті. Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тіліне қатысты мәселелердің барлығы жағынан да сіңірген еңбегін айтып жеткізу де жеткіліксіз.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл. – тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013. – 382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
4. Нұрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы «Ататек», 1995. – 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. – 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІН ДАМУДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Садуақасова Ж.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «№28 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ jakos87@mail.ru

Қазақ халқының «рухани көсемі» болған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне, тіл білімі саласына өзінің зор үлесін қосқан. Ағартушы қазақ балаларын сауаттандыруда, қазақ тілін пән ретінде оқытуда, арнайы оқулықтар даярлауда аянбай еңбек еткенін білеміз. Оның әр тектес мұраларының ішінен қазақ тілін оқытып-үйретуге арналған оқулықтарын, оқыту әдісіне арналған әдістемелік құралдарын ерекше атап өтіп, олардың қазіргі таңдағы өзектілігін баса айтқым келеді. Жалпы Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын зерделеуде оның көлемі жағынан да, көздеген мақсаты жағынан да көп еңбектенген саласы осы тіл, тілді оқыту, сауаттандыру саласы екеніне толық көз жеткіземіз. Осы мақсатын жүзеге асыруда ғалым «Әліппелер» топтамасын, атап айтсақ, «Оқу құралы» (балалар сауатын ашатын әліппе), «Жаңа әліпби», ересектерге арналған «Сауат ашқыш» және қазақ тілін пән ретінде оқытуға арналған оқулықтары «Тіл құралдың» үш бөлімін жазып, құнды да жүйелі еңбектер қалдырды.

Ғалым оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюды оқулықтар даярлаудан бастағанын білеміз. Осы оқулықтарының негізінде ол балаларды дұрыс жазып, дұрыс айту, дұрыс сөйлеуге машықтандырады. «Білім үйрету мен тіл үйрету қатар жүретін іс» [1.378 б.] -дейді Жүсіпбек Аймауытұлы. Шынымен де, кез-келген ілім-ғылымды үйрену тіл үйренуден бастау алады. Сондықтан осы тіл үйретуде мұқият болғанымыз абзал. Бүгінгі таңда қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктердің бірі – Қазақстан азаматтарының әрқайсысын мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасай алу дәрежесіне жеткізу. Осы тұста орыс тілді мектептерде оқытын оқушыларға қазақ тілін үйрету, ауызекі тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және оны жетілдіру өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Оқушылардың қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, күнделікті тұрмыста бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп бере білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сабаққа деген ынталылығын арттыру әр қазақ тілі пәні мұғалімінің алдына қойған мақсаты. Енді осы мақсаттарды қалай жүйелі жүзеге асыруға болады?

Жалпы «тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау». Олай болса, әңгіменің әсерлі болып шығуы тіл қисынын келістіріп, ой мазмұнының бедерлі болуында екен. «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс». Басқаша айтқанда, тілді қолдана білу дегеніміз – тіл заңдылығына сәйкес сөздерді таңдап ала білу және оларды сөйлем ішінде орын-орнымен дұрыс байланыстырып, орналастыру екен. Ғалым сөздің келісті болатын заңдары мен шарттарын біліп қолдануды тіл қисыны деп атайды. Ол қазіргі ғылымда әдеби тіл нормасы ретінде қарастырылып жүр. Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін үйрету үлкен мәселе болып тұрғанын білеміз. Оған түрлі себептерді айтуға болады, әйтсе де соның бірі – оқулықтардың олқылығы, олардағы материалдың жүйесіздігі, өмірмен байланыстың жоқтығы. Мысалы, оқулықта берілген мәтіндегі сөздерді күнделікті тұрмыста қолданбағандықтан, оқушылар ол сөздерді тез ұмытып қалады, осы себепті олардың ауызекі сөйлеу тілі шорқақ. Ерекше атап өткім келетіні, Ахмет Байтұрсынов еңбектерінде күрделенген, қиыннан қиыстырылған дүние жоқ. Ол «Тіл – құрал» оқулығының алғы сөзінде «...Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал» [2, 142 б.] деп жазған еді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда жағдаяттық ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Оқушылардың сөйлесу тілін дамытуда оқулық мәтінінің алар орны ерекше. Қазіргі мектеп оқулықтарындағы мәтіндер қабылдауға қиын, оқушының күнделікті қарым-қатынас жасауына көмектесетін сөздік қорымен қамтылған деп айта алмаймыз. Ал Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарындағы мәтіндердің тілі өте жатық, балалардың күнделікті тұрмысынан алынған, олардың ойын, тілегін, арманын танытатын әңгімелер сипатында беріледі. Ал оқыту, үйрену алғы шарттарының бірі – оқушылардың қызығушылықтарын, алдыңғы білімдерін ескеру болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған оқулықтардағы тапсырмалар оқытудағы оңтайлы әдістермен ұсынылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін еңбектері бойынша мысалдар келтіріп өтсем. 1928 жылы 3-рет басылып шыққан «Әліп-би» құралында дыбыс әдісі мен тұтас оқу әдісінің негізінде оқытуды қолға алған. Осы еңбекті алып қарасақ, ғалым

«Ермек-еңбек» айдарымен тапсырмалар үлгісін, оларды жүзеге асыру жолдарын анық ашып жасап берген. Тапсырмалары оқушыларды ойнап отырып ойлауға, дұрыс сөйлеуге, ауызекі сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Бір ғана мысал, «Ораз, ор, зор, озар, оз, азар, аз, араз» сөздер тізбегін ұсынып, осы сөздерден жаңылтпаш жасатады. Үлгісін ұсынады. «Ораз орар, аз орар. Ораз озар, аз озар». Осындай тапсырмалар қазіргі таңдағы оқулықтарда жоқтың қасы. Осы тәрізді жұмыстарды неге бермеске? Бұл қарапайым тапсырма болғанмен, біріншіден оқушыларды дұрыс айтуға, екіншіден, ойлануға, тіл ұстартуға жетелейді. Келесі бір тапсырма үлгісі- «одақтасып бәске оқу». Үлгісін мысалмен берейік. «Балық аулау» деген мәтін берілген. *Ауыл қыстаудан алыс отырды. Отау балық аулап қыстауда қалды. Ауылдан Ақын балыққа барды. Ау қарады. Балықтан 5-6 алды. Балықтарын қапқа салды. Қапты арқалап алды. Арқасы ылас болды.* Осы сөйлемдерді 8 бала одақтасып бәске оқиды. Бәстері қате шығармау, қателескен жақ қайта оқиды, бала басына бір сөйлемнен оқиды. Енді осы тапсырма жайлы айта кетсек. Үлгі бойынша оқушыларды топтастыра оқыту, оқушылардың біріге жұмыс жасауына, сөздерді қатесіз оқуға жаттықтырады. Сонымен қатар, сөздік қор қалыптастыруға септігін тигізеді деп айтқым келеді.

Жалпы тіл үйретуде неге басты назар аударған жөн, нені басшылыққа аламыз? Әрине, бұл сұраққа түрлі жауап айтуға болады. «...Бұл күнде бала үйретудің табиғи жолы – тәжірибе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деп танылады. Сондықтан үйрету жүзіндегі кәзіргі жаңалықтың негізі – үйрету, тәжірибе жолымен білу» [2, 336 б.] – дейді А. Байтұрсынұлы өзінің «Тіл жұмсар» еңбегінің алғы сөзінде. Бұл пікір соңғы уақыттарда жиі сөз болып жүрген сындарлы оқытумен де үндес. «...Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету» [3, 6 б.]. Бұдан шығар қорытынды, оқушылар өздері талпынып, тілді тәжірибеде қолданса, бұл іс алға басатыны анық.

Тіл – құрал. Мән беріп қарасақ, әрбір құралдың жұмсалатын орны болады. Сол сияқты тілді де қатым-қатынас, түсінісу мақсатында жұмсаймыз, қолданамыз. Тіліміз өте бай, бірақ сол байлықты қаншалықты қолданудамыз. Тағы бір айта кететін жайт, Ахмет Байтұрсынұлы оқу құралдарында қазақтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, мысалдарын, жаңылтпаштарын ұтымды бере білген. Әр тақырыптың соңында мақал, мәтел қамтылған. Мысалы, «Күзет» деген мәтіні берілген, соңында «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.» деген мақал берілген. Осы тәріздес көптеген мысалдарды келтіруге болады. Олардың барлығы адамгершілікті, адалдықты, екебексүйгіштікті, адамға тән игі қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мәтіндер болып келеді. Бұл ұлттық дүниетанымға негізделген оқыту әдісі десек те болады.

Қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінің тіл дамытудағы, тіл ұстартудағы маңызы зор, уақыт өткенмен оның мұрасы өміршең. Ол осы саланы тыңғылықты зерттеуді, нақтылай кетсек, қазақ тілін үйретуді дұрыс жолға қоюды өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты санаған. Сондықтан оның сіңірген еңбегі қашанда жоғары бағалана бермек. Ғалымның оқулықтарының көлемдері шағын болғанмен, нағыз әдістемелік құрал болғанын айту керек. Осы оқулықтарының негізінде тіл үйретуді, сөйлеу тілін қалыптастыруды жүзеге асырсақ, ісіміз алға басады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы «Ғылым», 1998.
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». – Алматы «Ана тілі», 1992.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық (үшінші деңгей). – НИМ, 2012.

ҒТАХР: 16.21.31

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН LEARNINGAPPS.ORG ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ

Сагнаева А.Б., информатика пән мұғалімі


Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., «А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта мектеп» КММ almagul82sagnaeva@mail.ru

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. ІТ технологияның мүмкіншіліктерін пайдалана отырып және ақпараттық коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді

көздейді. IT технологияларының көмегімен келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын қазақтың «Бұлақ көрсең –көзін аш» мақалы пара-пар келмек. Қазіргі кездегі шапшаң үдерісте жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық робототехникалық қоғам дәуірі, IT технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне еніп жатқаны рас. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу болып табылады. Қазіргі қоғамда шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Жаңартылған білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі «ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры». Қоғамды ақпараттандыру кезеңінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда IT-технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану жолдары көп десек болады. Информатика дәуірі басталды. Қазіргі қоғамда ақпараттық - коммуникациялық технологияны дамыту сапалы білім берудің бір бөлігі. Сонымен қатар, білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті, пән арасындағы пән аралық байланыстың күшеюі де жылдан жылға жақсарып келеді. Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде ХХІ ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Сол себепті, оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде, біз өскелең ұрпақтың негізгі ұстанған мақсатымыз - білімнің жаңа жобалық идеясын, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгеріп, оқу мен тәрбие үрдісін, ізденімпаздық пен шығармашылық жұмыстардың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру – біздің алға қойған мақсатымыз болып табылады. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану айтарлықтай нәтижеге беруде.

ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Барлық сала компьютерлендіріле бастады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Қазақстанның тұрақты дамуы үшін еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын, бүгінгі бастамаларды ертеңге апаратын заманауи біліммен қаруланған озық ойлы, білікті мамандар қажет. Сондықтан, қазіргі заманға сай заманауи технологиялармен жұмыс жасауымыз қажет. Дамыған елдердің қатарына қосылу үшін көп еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Жаңартылған білім беру мазмұнына» көшу арқылы заманауи ақпараттық қоғам қалыптастыру жағдайында қазіргі білім беру тәжірибесінде кеңінен қанат жайып отырған келешегі зор бағыттардың. Бүгінгі білім берудің көп деңгейлі құрылымы, оқу орындарында халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына жаңа тәсілдерді енгізуді талап етуде. Білім саласына ендірілетін жаңалықтың қайсыбірі болмасын арнайы даярлықты талап етеді. Сондықтан оқу орындарында болашақ мамандар, шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына және олардың жаңа технологияларға терең түсіністікпен бейімделуіне жағдай жасау қажет. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектеп оқушыларын learningapps.org платформасы арқылы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын оқытуда мынадай дидактикалық платформасын ұсынғым келеді, LearningApps – бұл әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру мекемелеріндегі білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис деп есептеймін. LearningApps сервисі оқушылардың оқуын өз бетінше дамыту және қамтамасыз ету үшін көп

мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады. Сервистің ерекшелігі, пайдаланушылар жасаған барлық тапсырмалар галереяда жиналған және жалпыға қол жетімді болып табылады. Іздестіруге оңай болу үшін барлық интерактивті тапсырмалар санат бойынша топтастырылған (пәндер бойынша). Категория бойынша таңдаудан басқа, қиындығына қарай да топтастырылған тапсырмаларды таңдап алуға мүмкіндік бар. Дайын тапсырмаларды серверге тіркелмегендер де пайдалануға мүмкіндігі бар. Жеке материалдарды жасау және сақтау қарапайым тіркеуден өткен соң ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, өз материалдарын жасай отырып, пайдаланушы оларды жеке қолдану және жалпы пайдалану үшін сақтай алады. LearningApps құралдары әр-түрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік береді: викторина, сұрыптау, топтастыру, жіктеу, мәтінді енгізу, кроссворд, уақытша таспа және т.б. Осы қосымшалардың бірін таңдау сабақ барысында мақсаттарға жету мен білімді игерту көзделеді. Менің пікірім осы қосымшаларды сабақтың білімді тиянақтау, топтық және жұптық, жаңа материалды игерту, үй жұмысын тексеру кезеңдерінде көптеп қолдануға болады деп есептеймін. Кей жағдайларда өз қосымшаңызды құрастырмас бұрын, басқа да әріптестер құрастырған қосымшаларды қарап шығуға кеңес беремін. Себебі әріптестер жариялаған немесе құрған қосымшаларды қарай отырып, өзін құруға талпынған қосымшаға жаңа идеялар алуға, сапалы қосымшалар табуға болады. Дайын қосымшаларды пайдалану кейде уақытты үнемдеуге де тиімді болуы мүмкін. Сервис мәтіндік ақпаратпен ғана емес сонымен қатар графикалық, аудио, видео ақпараттармен де жұмыстанудың көптеген таңдауларын ұсынады. Дайындалып ұсынылған тапсырмаларды орындау барысында оқушылар өздерінің теориялық білімдерін бірнеше рет тексеруге, білімдеріндегі кемшіліктерді жоюға, тапсырмаларды дұрыс орындауға қол жеткізеді, осылай олардың өз білімдерін өзін – өзі бағалауы артады. Оқушылардың топпен немесе жұппен жұмыс жасаулары олардың өз білімдерін салыстыруға, өзара көмек көрсетуге, өздерінің қабілеттерін өзге оқушылармен салыстыра отырып бағалауға мүмкіндік туады. Осылайша оқушылар берілген тақырып немесе бөлім бойынша тапсырмаларды меңгерудегі өз жетістіктері туралы кері байланыс алады және қаншалықты жақсы түсінгендігін біледі. Кері байланыс алған оқушылар өздерінің білімін және оқуға деген ынта-жігерін арттыру үшін өз алдына мақсаттар қояды деп есептеймін. «Оқу мен білім инемен құдық қазғандай» – демекші мектеп оқушалырының Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын оқытуда, таныстыруда LearningApps платформасында жасалған тапсырмаларды назарларыңызға ұсынамын.



Оқушылардың сабақта тапсырмаларды орындауда QR code пайланып тапсырманы онлайн орындауға болады. Мұғалімде LearningApps сервисін пайдалана отырып кері байланыс алуға мүмкіндік алады. Оқушылар LearningApps сервисімен жұмыс жасағанды ұнатады, барлық тапсырмаларды уақытылы орындайды, олардың толық орындалуына қол жеткізеді деп есептеймін. Тапсырмаларды орындау барысында олардың қиындықтарын талқылап, талдап, бағалайды. Берілген тапсырмаларды орындауда білімнің жоғары деңгейіне жетуге деген келесі қадамдарын құра алады. Бір – бірінен көмек сұрайды және көмектеседі. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен белсенділігін артыруда LearningApps сервисі шын мәнінде қалыптастырушы бағалау құралы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ә. Жүнісбек. – Алматы: Абзал-Ай, 2018. – 368 б.
2. Шонанов Т. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы / Т. Шонанов // Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінен алынды. – № 544 (1). – 104 б.
3. Мәметқазыұлы Қ. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады [Электронды ресурс] / Қ. Мәметқазыұлы. – Қолжетімділік тәртібі: https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylganadistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782.
4. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том / А. Байтұрсынов. Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 382 б. 10 Шонанов Т. Латын әліппесі туралы / Т. Шонанов // «Еңбекші қазақ», 1926. – № 87 (сәуір). – Б. 25. АКТ пайдалану. Мұғалімге көмекші құрал. learningapps.org оқу платформасы – поиск Яндексa по видео (yandex.kz) . Қашықтықтан онлайн оқыту кезінде learningapps.org сервисін қолдану. (multiurok.ru)

ҒТАХР: 17. 09

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сағымбаева Ж.Ғ., бастауыш сынып мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ, «№ 27 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ,
sagimbayeva92@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдей отырып, тұңғыш әліпбиін жасады. Себебі, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді. Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған. Араб графикасына бейімделіп, бар болғаны 28 әріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912-жылы елдің қолына тиіп, ауылда балалардың сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен бір жағынан оқытушыларға да жеңіл болды, екінші жағынан оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет басылып, оқу-ағартушылық салада біраз уақыт қолданылады. Әліппеде дыбыс пен әріпті оқыту дидактиканың «жеңілден қиынға қарай» қағидасы бойынша жеке сөздерді оқытудан басталады да кейін қысқа-қысқа мәтіндер алынады. Ал жеке сөздер алынғанда, екі дыбыстан тұратын қысқа, жеңіл сөздерден басталып, бірте-бірте күрделенеді. Мысалы, бал, бала, балалар, ас, аса, асар т.б. Бұл қағида оқушының оқуды, жазуды, сөйлеуді тез үйренуін қамтамасыз ету, оқыту үрдісін жеңілдету жолдарын іздеуден шыққан.

Ахмет екі сөзден тұратын сөйлеммен жаттығулар беріп, оларды түрлендіріп, тіпті жаңылтпашқа айналдыру сияқты тапсырмалар арқылы бала тілін дамытудың түрлі әдістерін қолданған. Олар күрделене келе мәтіндерге айналған. Ол өте кіші мәтіннен басталып, ары қарай күрделене береді. Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінде аз дыбыстан тұратын сөзден бастау, жаттығуды аз сөйлемнен, мәтінді өте шағын түрінен бастау, оларды біртіндеп қана кеңейту, күрделендіру тәсілі айрықша орын алады.

Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ғылым-білім үйренудің баспалдағы. Мұхтар Әуезовше айтсақ, Ақаң ашқан қазақ мектебінің ұстанымы қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның танымдық талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен өз тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да ағартушы қазақ ұлтының табиғи қалпын

сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде оқушылардың сөз байлығын молайту мәселесі арнайы сөз барысында, оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге арнайы бірнеше жұмыстарды жүргізгені байқалды.

Ә. Садуақасовтың: «Адамды бір-бірімен қоғамдастыратын басты құрал – тіл болып табылады» – деген.

Бастауыш сыныптарда балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі. Мұнда мұғалімдердің алдында екі міндет тұрады. Бірі – оқушыға сөздің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуын үйрету. Екіншісі – сөздік қорын молайту, оларды дұрыс қолдану. Ахмет Байтұрсыновтың этнопедагогика жөніндегі көзқарасы.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағытталды. Ол оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Ахмет Байтұрсынов өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің мысалшыл классигі И.А. Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда бастырып шығарып, оқулық ретінде ұсынды. Аудару кезінде ол белгілі ағартушылық мақсат көздеді.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық ой пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады. Ол туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім сондай керек», – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал күйі оның қабырғасына қатты батты.

Ахмет Байтұрсынов қазан төңкерісіне дейін ауыл мектебінің кемшіліктерін де дұрыс көрсете білді. «Бұлардың кемшілігі сол, – деді ол – бала оқыту ғылымын меңгергендер оқығандар ішінде кем болады. Дыбысты жақсы білмей тұрып, төте жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендіктен – тәжірбиесіздік». Осылайша оқытудың әдістемелік мәселесін қазақ топырағында тұңғыш рет сөз еткен де Байтұрсынов болды.

Ахмет 1912 жылы тұңғыш қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-ші бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. 2-ші бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-ші бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет басылып, пайдаланылып келді.

«Тіл құралы» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соңғы құбылыс еді. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екенін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты-қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдер ұсынды. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, бастауыш, т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы – қазақ грамматикасының басты салалары: фонетика-дыбыс туралы ғылым, морфология-сөз құрамын зерттейтін ғылым, ал синтаксис-сөйлем құрылысын зерттейтін ғылым деп, тұңғыш рет қазақ тіл білімін ғылыми зердемен саралап берді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазып, «Тіл жұмсату» деген атпен екі бөлімді кітап етіп ұсынып, 1928 жылы Қызылордада шығарған.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін қарастырумен бірге, ол пәндерді оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болды.

Ол балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтырудың әдіс тәсілдерін терең қарастырады. Сауаттылықтың негізі-жазуға жаттықтыру деп қарады, сауаттылықты оқу мұқтажы емес, жазу мұқтажы тудырған. Жаза білуге үйрету әдісі, оқи білуге де үйрету әдісі болады. Жазу дегеніміз-әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз-суреті салынған әріптердің дыбысын айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы-әріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады. Жазу да, оқу да бір істеліп қана қоятын іс емес, мектепке күнде керек болса, күнде іске асырылатын жұмыс. Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгілі барған сайын қайсысын болса да, өнерге айналдырып, әдістемелеп жазуға, безендіріп оқуға төселіп алады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №11,12 сандарында «Жалқылау және жалпылау әдістері» деген көлемді мақала жазды. Ахмет өзінің «Баяншы» деген атпен

тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құралында, мұғалімдерге «Әліппені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп берді.

Ол оқытудың білімдік-танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлді. Оның жазған «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді негіздеді. Мысалы: көрнек өнері, сымбат өнері, айтыс, кескін өнері, саз өнері, т.б. тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауылында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларын даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелердің бірі болатын. Ахмет Байтұрсынов бұл мәселелерге де ерекше көңіл бөліп, оны шешудің жолын көрсетіп берді. «Қазақ байлары өркениетті елдердің байлары сияқты ұлт намысын қорғап, оқулық шығарушыларға бәйге жарияласын. Бәйге берілетін кітаптарды бір-екі рет ақы иесі бастырып шығарып, ақшасын өндіріп алатын болсын», – деді.

Ахмет мұғалімдерге педучилищелерді ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орындарының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін, не қазақ медреселерін бітірген жастардың талаптарын тандап алып, мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасады. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында бір-екі айлық қысқа мерзімді курстар ашуға ұсыныс жасайды.

Қазақ халқының асыл азаматтарының бірі және бірегейі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді, көшбасшы-көсемі Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениетіне, оның ішінде ұлттық педагогика мен оқу ағарту ісіне сіңірген өлшеусіз мол еңбегін Мұхтар Әуезовше бағаласақ, көптеген қан жылаған еңбегі, өнер-білім, оқу ағарту, саясат жолындағы қажымас қайраты тарих ұмытпас істер болмақ.

Ахмет Байтұрсынов әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде. Ахмет мұрасы тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайыл ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының әуелгі тарихтағы орнына тоқталып өткен жөн. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса», еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанымыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын. Ахмет атамыздың тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп ұйқы басқан қалың қазақтың ұлтнамысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшінсатып, тілмаш болып, арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да жазушысы аз ғана, әдебиетті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай».

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезегінде де айтылған болатын. «Ахметтің Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегісінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды.» – деп жазды Сәбит Мұқанов. Хаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса болып ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

Ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің

канаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы – «Маса». Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған терген» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кірісті.

Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезеңдегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті.

«Тіл құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынов «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі-ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныңкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылы шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі үлкен тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жарияланды. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі-«Әдебиет танытқыш». Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиетімен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, өлең айшықтары сөз етіледі.

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары-шежіре, заман, хат, өмірбаян, байымдау әдістері-пән, сын, шешен сөз, әңгіме, романға сипаттама береді.

Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы-көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Ат пен есек», А.С. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды.

1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық I-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы», «Тіл құралы» ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби», «Жаңа әліпби» атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады.

Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия. – Алматы, 2017. – Құрастырушылар: Ф. Жандыбаев, К. Қошым-Ноғай, Ф. Егеубаева, К. Саркенова.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. Алматы кітап, 2009.
4. Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001. – Құрастырушы Күзембаева В.Қ.

ҒТАХР: 16.01.09

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Джобалаева Ж.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы,
«Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ, zhasira73@bk.ru*

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілі білімінің теориясының негізін салушы. Теориясымен қоса қазақ тілінің оқыту әдістемесінің тұңғыш авторы. Ұлт тілінің оқулығын жазуы – ұлт жанашыры, ұлт қайраткері, ұлт ғалымы ретіндегі басты еңбегі. Ахмет Байтұрсынов «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл құрал», «Әліп-би» оқулықтарымен қоса, оқытуды жүзеге асыру үшін «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары», «Қай әдіс жақсы» атты зерттемелері мен әдістемелік нұсқаулықтарын жазды. Мені таңғалдырған нәрсе – осы оқыту әдістемелерінің қазіргі жаңартылған білім мазмұнымен сәйкестігі, ой мен тәжірибе жиынтығының ұқсастығы. Осы мәселелерді дәлелдейін. Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі пәні айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын меңгеруді қарастырса, Ахмет Байтұрсынов «Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда, белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу, тыңдау, сөйлеуден соң келеді, соңғылары тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген білгені туралы әңгіме құрып, кейін оқуға, жазуға үйретілсін» деп осы дағдыларды қалыптастыруды атап айтқан. Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі – пән мазмұнының спиральді берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктерінің бірі - жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда денгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып

отыруы керек. Ал, Ахмет Байтұрсыновтың "Тіл жұмсар" атты әдістемелік еңбегінде: "Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін керек",-дейді. Екінші ерекшелігі – Блум таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді. «Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуды жандандыруға тырысу» деп ойлаудың деңгейлерін де атап кетеді.

Үшінші ерекшелігі – ортақ тақырыптардың меңгеруі. Бастауыш сыныптарда сегіз ортақ тақырып бар. Олар барлық пәндерде де беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді. Ал ғалым «Басқа пәндерден тіл оқуында айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге көмек етсін және жан дүниесінде (психологияда) тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге таянып, нәрсемен танысып, кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын-тілге үйренсін» деп тақырыптардың ортақтастығына да баса көңіл аударады.

Төртінші ерекшелігі – оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы. Алдыңғы ойдан өрбитетін болсақ, «мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру үшін керек», -деп оңайдан-күрделіге қарай жоспарлауды ұсынады.

Бесінші ерекшелігі – оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік – рухани қасиеттерді қалыптастыру керек. Оқушылардың бойында қалыптастыруды қажет ететін рухани құндылықтар мен дағдылар: қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, жауапкершілік, денсаулық достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету, өмір бойы оқуға дайын болу. "Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы-баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады", – деп Ахмет бала тәрбиесі мен дамудың жас ерекшелік кезеңдерінің байланысын аса жоғары бағалаған.

Алтыншы ерекшелігі – білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою болып табылады. Білім беру салалары мен пәндеріне тоқталатын болсақ, ол 6 саладан тұрады. Олар бір-бірімен сабақтасып байланыста болады (тіл және әдебиет, сауат ашу, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі, ағылшын тілі). Ахметтің «Басқа пәндерден тіл оқуында айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге көмек етсін» деп пәндер сабақтастығын айрықша атап өтеді.

Жетінші ерекшелігі – бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударуы (коммуникативті қарым-қатынас және ақпараттық). «Әңгіме үшін берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттар бола бермей, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынсын. Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын» деп өмірмен байланыстыра отырып, заманға сай өзгерістерге бейімделу керектігін айтты.

Сегізінші ерекшелігі – оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсыным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Белсенді оқу – оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс (Brodie, 2000), ойын «баламалары» (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді (Peters, 1998). Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсық ылған мүмкіндік болып табылады. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда оңтайлы болмақ. Шарада, тақтада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар – тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымды тәсілдерінің бірі. Көптеген стратегиялық ойындарды (мысалы, «Алға» («Go»)) деп аталатын ежелгі қытай ойыны) тұрғындар мен қоғамның өсуін модельдеу үшін пайдалануға болады "Баланың ойыны қайсы" жұмысы" қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да ойын, "жұмысы" да ойын, бәрін де ойын үстінде, ойын үшін істейді... Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде мектеп балаларына сабақ үйрету үлкендерге іс үйрету

сияқты емес, әлгі айтылған сияқты балалар табиғаты тілейтін жолмен үйрету айтылады. Яғни баланы ойынға үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек", – деп А.Байтұрсынов пікір білдіреді. Қазіргі «50 әдістен бастап, «500 әдіске» дейінгі оқытудың жаңа тәсілдері ойын арқылы, қызығушылық арқылы білім алуды қамтамасыз етуді Ахмет те жақтайды.

Жаңартылған білім мазмұнының негізгі идеясы – Ахмет Байтұрсыновтің оқыту әдістемелеріне өте ұқсас келуі – Ахметтің әлемдік деңгейдегі педагог екендігін дәлелдеп тұр. Ұлттық педагогикалық дәстүрімізді, өзіміздің асыл тұлғаларымызды, майталман педагогтарымыздың еңбектерін бағалап, заманға сай түрлендіріп қолдана білейік! Ахмет Байтұрсынов – ұлтымыздың мақтанышы, ұлттық тіліміздің бүгінгі күнге жетуіне үлес қосқан қайраткер, ұлы реформатор.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН / Екінші Басылым / 2015.
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімдердің Біліктілігін Арттыру Бағдарламасы /Екінші Басылым / 2015.
3. Мұғалімге Арналған нұсқаулық Бірінші (Ілгері) Деңгей / Екінші Басылым / 2014.
4. Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана, 2016.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: Ана тілі, 1992.
6. "Ақ жол бағдарламасынан", "Ахаң туралы айшықты ойлар" – 1998. № 6. // Қазақстан мектебі.
7. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. Бес арыс. – А.: Жалын, 1992.
8. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлы. (А.Б. әдістемелік еңбектері туралы). – Жалын, 1993.

ГТАХР 16

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Майданова К.М., Амиржанова Г.С., бастауыш сынып мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін орта мектеп» КММ,

Kami-1974@mail.ru

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұвтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. «Қазақтың Аханы» деген мәртебелі атаққа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол ең бірінші қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғаш әліппе оқулығының авторы, екіншіден қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден өнер иесі-ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында бірқатар кедергілері мен қиындықтары болды және араб әліпбиін падаланған күллі түркі халқы ортақ орфографиялық заңдылыққа бағынған болатын. Ал бұндай жазуды ұлттық деңгейге көтерудің ең басты тәсілі ретінде А. Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес реформалау деп білді, осылайша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан араб графикасына өзгеріс енгізу идеясын алғаш көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Араб жазуын реформалауға түрткі болған ең басты себептер мыналар еді: бір дыбыс бірнеше әріптермен жазыла беретін, дауысты дыбыстар көп жағдайда таңбаланбай, араб тілінің заңдылығына сәйкес қаракаттар арқылы берілетін, қазақ тіліндегі тоғыз дауыстыға үш таңба (а, у, и) ғана арналған болатын. Міне осымен байланысты жазылған сөздің мағынасын ажыратуда қиындықтар мен кедергілер көп еді және дауыстыларды таңбалайтын әріптер жеткіліксіз болатын. Араб әліпбиіндегі осындай кемшіліктер халықты сауаттандыру ісін тежеді. Бұл қиындықтарды шешудің жолын тауып, ұлттық әліпбиді құрастырған және ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралын жасап шыққан А. Байтұрсынұлы болды. Ахмет Байтұрсынұлы оқу жүйесіне де түбегейлі реформа жасады. Өйткені соған дейінгі оқыту жүйесі таза араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделіп, құран сүрелерін жаттауға бағытталатын және жазба тіл араб, парсы, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктеріне сүйенетін. Қарапайым халықтың ұғынуына қиын тиетін бұл оқыту жүйесін ұлттық, жалпыхалықтық деңгейге көтеріп, «жаңа (жәдид) бағытта» дамытқан А. Байтұрсынұлы болды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазу 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудың басты ерекшелігі мыналар еді:

- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;
- дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. Дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылатын. Яғни үш ақ дауыстысы бар араб әліпбиін, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады.

Ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазу жүйесі негізінен үш түрлі сатыда қызмет етті: қадим, жәдид, төте жазу. Осылардың ішінде төте жазу, яғни А. Байтұрсынұлының әліпбиі ана тілінде сауат ашудың ең тиімді құралы болды.

Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұв жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаха-наларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың ерқайсысына қазақша атау ұсынды.

Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді.

Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат *ҚазПУ* архивінде сақталған.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелгенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Токжанов пікірі де осымен сабақтас. «Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзін жасаған оқулықтар және өзін редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...”, – деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл – құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. Келесі жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ "үштігінің" шешіміне сәйкес, ату жазасына кесілді.

Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деген үкім шығарылды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. Ал 1934 жылы М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. Орталық мұражайда кеңесші болып істеді.

Өкінішке қарай, Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы "Ақ жол" газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерін "ұлтшылдар" және "шоқаевшылдар" ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф. Голощекин жандандыра түсті. Ақырында қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп, 1937 жылы 8 желтоқсанда жазықсыз атылып кетті.

"...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті", – деп жазды Сәкен Сейфуллин.

Әдебиеттер

1. Қазақ этнопедагогикасы (оқу құралы) – Ә. Табылдиев. – Алматы: «Санат», 2001.
2. Бес арыс – Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992.
3. Ғаббас Қабышұлы. – «Қазақ әдебиеті», 2003. – 30 мамыр.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
5. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-5.
6. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж. – 509 б. ISBN 5-7667-2616-3.
7. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Тулегенова Б.Т., Аринова А.А., математика, физика пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орты білім беретін мектеп», tolegenova.1973@mail.ru.

Қазақ ғылымы мен ұлттық ой-пікірінің алдыңғы қатарлы тұлғаларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басындағы қазақтар арасында ең маңызды зиялылардың бірі. Байтұрсынұлы қазақтың тәуелсіз болуын, мәдениеті мен өркениеті арқылы заманауи елдердің қатарынан орын алуын армандаған зиялылардың көш басында болды. Мақсатына жетудің бірінші шарты білім екенін түсініп, саналы ғұмырының елеулі бөлігін білім саласына арнады. Ұзақ жыл ұстаздық етті, мектепке қажетті кітаптарды өзі жазды. Сонымен бірге қазақ фольклорын жинақтап, басып шығару арқылы қазақ мәдениетін сақтап, ұрпаққа жеткізуге күш салды. Ол қазақ тілі мен әдебиет ғылымының көшбасшысы болды. Оның осы саладағы маңызды еңбектерінің бірі – араб әліпбиі негізінде жасаған қазақ әліпбиі. Сөйтіп, қазақ диалектісінің өз алдына жазба тілге айналуына жол салды. Оның тағы бір маңызды жұмысы – шет тілдерінен енген терминдердің қазақша баламасын табу. Қазақтың қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік ізін қалдырған «Қазақ газетінің» ұзақ жылдар редакторы болды. Ол – қазақтың тұңғыш тәуелсіз партиясы «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметінің маңызды тұлғаларының бірі. Қазақ әдеби ортасының қалыптасуына, ұлттық-әдеби ойдың өркендеуіне қазақ ғылыми-қоғамдық ой-өрісі тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі зор. Ахмет Байтұрсынұлы – қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаған адам. Байтұрсынұлының еңбектері өте көп зерттеуді қажет етеді. Қазақтың қоғамдық өмірін дамытуға бағытталған зерттеулер, әліпби терминдерін, тіл үйрету әдістемесін, фольклортануды, қазақ грамматикасы мен әдебиетін қамтиды. Қазақ грамматикасы мен әдебиеті терминдері жөніндегі зерттеулер де А. Байтұрсынұлына тиесілі. Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын 1910 жылдары қазақ тіліне бейімдеп, әліпби жасады. Осы мақсатта ол мектептерге арнап жазған тұңғыш кітабы «Оқу ережесін» шығарды. Байтұрсынұлы әліпбиі – қазақ тілін түркі тілінен тікелей бөлек жазған алғашқы әліпби. Патшалық дәуіріндегі ХІХ ғасырдың ортасында қазақ түрік тілін жазба тілге айналдыруға көп күш жұмсалғанын айта кеткен жөн. Бұл кезеңде орыс түркологтары қырғыз немесе қазақ-қырғыз деп атаған қазақ мәтіндерін алғаш рет орыс әліпбиінде (кириллица) жариялаған ғылыми еңбектерінде жазды. Ахмет Байтұрсынұлы дайындаған әліпби қазақ ауызекі тілінің дыбыстары мен дыбыстық құрылымына негізделген. Ғалым 24 әріптен тұратын түркі жазуынан 16 таңба алып, араб жазуы негізінде 8 таңба ойлап тауып, 24 әріптен тұратын әліпби жасайды. Бұл әліпбидегі дыбыстардың 5-еуі – дауысты, 17-сі дауыссыз, 2-еуі жартылай дауысты дыбыс. Байтұрсынұлының бұл әліпбиі алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылған. Бұған дейін Қазақстандағы татар тілінің ықпалынан құтылып, жаңалық енгізу мақсатында бірі 1906 жылы «Үлгі» баспасында (баспаханада) «Қазақ әліпбиі», екіншісі Байтұрсынұлы әліпбиімен басылған. Уфадағы «Шарик» басылымында екі бөлек, Жаңа әліпби тәжірибесі де жасалды. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

«Тіл-құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліндегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, барлық терминдеріне дейін қазіргі мектеп оқулықтарында А.Байтұрсынұлының ізі бар.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен,

бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

1924 жылы шілдеде Орынборда қазақ-қырғыз зиялыларының бірінші съезі өтті. Ахмет Байтұрсынұлы жиналыстың әліппи сессиясында баяндамасын ұсынады. Әуелі латын әліппиіне көшеміз деп асықпау керек екенін, бұл бағытта әлі жұмыс атқарылған жоқ деп есептейтінін айтады. Оның орнына ол бұрыннан қолданылып жүрген араб әліппиінің кейбір кемшіліктерін түзету оңай әрі ыңғайлы болатынын түсіндіреді. Байтұрсынұлы жақсы әліппидің ең маңызды қасиетіне тілдегі төл дыбыстардың болуы, үйренуге және қолдануға оңай, тез жазылатын, әріптері бөлек көрінетін, баспа жұмыстарына қолайлы болуын ескертеді.

А. Байтұрсынұлы жазған грамматикалық кітаптарды жоғары бағалаған, ол атақты түркітанушы ғалымдардың бірі болған. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз ғалымдары мен мәдениет қайраткерлерінің съезінде араб әліппиі негізінде А. Байтұрсынұлы әзірлеген жаңа әліппи қазақ-қырғыздың ресми әліппиі болып қабылданып, 1928 жылға дейін қолданылды. 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Баку түркологиялық құрылтайының VI мәжілісінде А. Байтұрсынұлы «Емленің негізгі қағидалары мен социологиялық мәні» тақырыбында баяндама жасады. Ол өзінің түркі халықтарына арналған әліппи жобасын съезд талқылауына ұсынғанымен, оны қабылдата алмады. Съезге Ф. Көпрулузаде, Әли бей Хусейнзаде және тағы басқа адамдар келеді. Олар арқылы айдауда жүрген бұрынғы әріптестерімен байланыс орнатып үлгереді. Сонымен қатар Қазақстанда Ахмад Байтұрсуноғлудан басқа Лидес Омаров, Азиз Байсейдуллин, Біләл Сүлеев сынды ғалымдар да қатысты. Ахмет Байтұрсынұлының Бакудегі түркологиялық конгресте «Қазақ терминологиясының негіздері туралы» баяндамасы қызығушылықпен тыңдалды. Сөз алған А. Байтұрсынұлы менің тезистеріммен барлық өкілдер таныс болғандықтан, мәселенің егжей-тегжейіне тоқталмаймын деді. Мәдениеті төмен елдің өнімділігі де төмен, өнеркәсіп пен сауда дамымайды, ауру мен індетке күресте әлсіз екендігін тілге тиек етті. А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі терминология тәжірибесі туралы айта келіп, қазіргі мәдениет бір ұлттың немесе нәсілдің жемісі емес, бүкіл адамзаттың күш-жігері мен әдет-ғұрпының жемісі деді. Баяндамашы әр халықтың мәдениетінде өзіндік мәдениетін қалыптастырғанын айтты. Мәдениеттен бөлек, меңгеру мәдениеті де бар. Сатып алу мәдениеттері басқыншылықта да, бейбіт жағдайда да болады. Ғалым патшалық Ресей жүргізген саясаттың салдарынан қазақ халқының мәдениеті дами алмай отырғанын атап өтті. 1905 жылдан кейін ғана қазақ мәдениетіне қатысты кітапшалар, журналдар, газеттер, оқулықтар шыға бастады. Ол терминология жағынан қазақ сөздеріне басымдық бердік деді. Қазақ тіліне туыс тілдерден қазақша емес сөздерді алдық. Өйткені туыстас тілдердің сөздерін түсіну оңайырақ. Әлемдік терминдерді қабылдағанда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Бір қызығы, тек Байтұрсынұлы ғана емес, басқа да спикерлер, пікірталасқа қатысқан ғалымдар да терминологияда ең алдымен халық тіліне басымдық беріп, қажет болған жағдайда басқа тілдерді де қолдану қажет деген пікірде. Талқылаудан кейін терминология бойынша қарар дайындауға Чобанзаде (төраға), Зифельд, Зейналли, Одабаш, Байтұрсынұлы, Гелдиев, Мақсудов, Шакиржан Рахими, Махмуд Надим, Айюбов, Сади бастаған комиссия құрылды. Съезде әліппи мәселесін талқылауға қатысқан Ахмет Байтұрсынұлы бұл талқылауларда «кириллица» әліппиін қолдаушы ретінде әрекет етеді. Ахмет Байтұрсынұлы – «Қазір біз дайындаған қазақ әліппиінен артық ештеңе жоқ. Латынға көшсек те бұдан артық болмайды. Сондықтан латынға көшудің не қажеті бар?», – деп түйіндеді сөзін. Сол жиында қазақтардағы әліппи ауыстыруға қатысты; «...арабша жетіспейтін әріп; әр әріптің үш-төрт емлесі бар. Әліппиді ауыстырғаннан гөрі бұл кемшіліктерді жою оңайырақ. Осы әліппиді біраз реформалар арқылы қолдануға ыңғайлы етейік. Біз де осы әліппиімен басып шығара аламыз және бұл үшін көп ақша жұмсадық. Латынға көшетін болсақ, біз оларды жаңартуымыз керек, сондықтан латынға көшу бізге экономикалық тұрғыдан қиын болады» – деген пікір білдірді. Жиында әліппиге қатысты қызу талқылау болады. Ахметті қолдайтындар түрлі себептер айтып, жаңа әліппиге қарсы екенін түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары – қазақ тілі туралы алғашқы еңбектердің бірі. Оның зерттеулері қазақ тіл ғылымы тарихының негізін қалады. Байтұрсынұлының талай рет басылып шыққан оқулықтары; Оның «Тіл Құрал», «Тіл танытқыш», «Оқу құралы», «Әліп би», «Әдебиет танытқыш» және қазақ дауысты дыбыстары, оқу жүйесі, оқу түрлері туралы көптеген ғылыми-әдістемелік мақалалары, түркологияға қатысты зерттеулері бар. Оның жұмысы негізінен тіл ғылымына арналды. Ахмет Байтұрсынұлының мектеп оқушыларына көбіне жаңа әліппиді үйрету мақсатында жазған «Оқу ережесі» атты еңбегі және оның алғашқы кітабы 1912 жылы Орынборда басылған. Бұл жұмыс мәтіндердің үлгілерімен және тақырыптардың орналасуымен таңғалдырады. Бұл жұмыста ол оңайдан қиынға қарай ауысып отыратын жүйені қолданды. Оқулықтың ең бір қызық тұсы

– мақал-мәтелдермен мысал келтіре отырып, түрлі дүниелер мен оқытудың өзіндік жүйесін түзеді. Осылайша оқу мен жазуды үйретумен қатар білім беруді де мақсат еткен. Тағы бір айта кететін жайт, балалардың намаз оқуын ынталандыру үшін халық поэзиясын қолдануы.

Қорытындылай келе, Тарихта өз ұлтын оқытып, оны ағарту жолында ауыр зардап шеккен тұлғалар көп емес. Ахмет Байтұрсынұлы жоғарыда айтқанымыздай, білім саласын ұлттың жарқын болашағының негізі деп есептеп, осы жолда аянбай еңбек етті. Еңбектері мен шығармаларына үнілгенде оның қандай ұлы тұлға екеніне тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын сүйген, оның жолында небір қиыншылықтарға төзе білген, қазақтың ұлттық ой-өрісін, салауатты әдеби ортасын қалыптастыру жолында аянбай тер төккен, осы жолда бар қауіп-қатерлерді ескерген нағыз зиялы болды. Жазушы, аудармашы, баспагер, тіл жанашыры, жазушы ретінде А.Байтұрсынұлы қазақ халқының әлеуметтік және мәдени оянуына қызмет еткен, өмірі мен шығармашылығы арқылы түрік зиялыларына бағыт-бағдар берген көрнекті қазақ ғалымы ретінде әлі күнге дейін ұрпақ есінде.

А. Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі-зор жауапкершілігі бар іс. Ахмет Байтұрсынұлы-тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдыз.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б. ISBN 5-7667-2616-3.
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009.
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9.

СЕКЦИЯ-4: КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ РЕНЕССАНС И АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ҒТАХР: 17.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АРҚАУЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ, ХАЛЫҚ ҚАМЫ,
АЗАТТЫҚ АРМАНЫ

Кеңесбаева Ш.С., ф.ғ.к.

Қазақстан Республикасы Семей қ.
Шәкәрім университеті, shynar.k.s@mail.ru

Алаш қозғалысының көсемі Ахмет Байтұрсынов – халық ағарту саласында үздік еңбек еткен жаңашыл ғалым. Қазақ тілінің тұңғыш әліпбиі мен оқулықтарының авторы. Бүгінгі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін құрайтын құнды еңбектер тудырған ірі зерттеуші. «Қазақ» газетінің редакторы (1913-1918), қазақ халқының мұңын мұндаған, қоғамдық пікірге үлкен ықпал еткен жалынды публицист.

А.Байтұрсынов өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте қалың бұқараның санасын оятудың қаруы – өлең сөз – поэзия екенін ұқты. Ұлт тағдыры, бүгінгі мен болашағы ақын поэзиясының өзегі болды. Ахмет өзінің ағартушылық, гуманистік ойларын поэзия тілімен халқына жеткізе білді.

Саяси-әлеуметтік, азаматтық лириканың шебері поэзиясына өз дәуірінің көкейкесті тұстарын арқау еткен. Ақынның «Қырық мысал», «Маса» атты жыр жинақтарында қазақтың бас ақыны Абайдың «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» өлеңінің сарыны айқын көрінеді.

Ахметтің «Маса» атты өлеңдер топтамасы 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шықты. «Масаның» негізгі идеясы – жұртты оқу-білімге, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақыру. «Маса» жинағы символикалық атау: «Өлең иесі – маса» – оқу-білімнен артта қалушылықты, жалқаулықты, надандықты оятушы.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?
Бәленің түрін көрген мен сары маса,
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан... [1, 23 б.], –

деген өлең жолдарынан «ызындаған маса» – сергектікті, ізденісті меңзейтін астарлы бейне екені көрінеді. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу.

А.Байтұрсынов ұлттық ой-сананы оятудың ізгі мақсаты – халықты, ең бастысы жас балаларды білімге бұру, «Жастардың оқу тәрбиесі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деп білген.

«Оқу құралы» әліппе кітабының эпиграфында сол ойын өлең кестесіне салып үндейді.

Балалар, бұ жол басы даналыққа,
Келіңдер, түсіп байқап қаралық та!...
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та.

Ақын сауаттылықты даналыққа балайды. «Бұ жол» дейтіні – оқу, кітап бетіне үңіліп білім-ғылымға мольғу. Жұртым, ұрпағыңды даналыққа жету жолына сал, малыңды аяма, балаң кітап оқысын дейді [2].

А. Байтұрсынов «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Анама хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдерінде қоғамның сол бір келеңсіз көріністеріне көңілі толмай, ойлана, сын көзімен қарайды, ақын маңайына ой тастайды.

«Қазақ қалпы» өлеңінде қазақ елінің дәрменсіз қалпы

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып көшпесі жоқ.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,

Алалық алты бақан дертпен кірдік, –
деген сипаттармен нақтылана түседі.

«Достыма хат» деген өлеңінде қоғамдағы әділетсіздікті суреттеп, абырой-намысын ақшаға сатқан адамдарды сынаған. «Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр» деген өлең жолдарынан ақынның азаттықтың таңы үшін қиын-қыстау кезенді бастан өткеріп жүргенін аңғаруға болады.

Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!
Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлт арылмай [1, 25 б.] –

Ақын айтамын деген ойын көркемдеп жеткізуге, бейнелі сөз сомдауға ұста.

«Достыма хат» өлеңі тұтастай алғанда осындай теңеуден, бейнелі сөздерден, шендестіруден, антитеза мен синекдохадан тұрады. Бұл шумақтарда қазақтың көркем ой жүйесінде қалыптасқан бояулар ақынның өзіндік ізденістерімен астасып жатыр. Өлеңдегі бірінші шумақтың үшінші немесе төртінші жолдары авторлық көркем сөз тіркесі қызметін атқарып, айтылмақ ойды үдете, үстемелете жеткізуге мүмкіндік береді.

«Сұңқар» мен «тұлпар» – ер тұлғаның қадір-қасиетінің ықпалы күштілігін, елін өрге сүйреп, қыр басына, биікке шығарудың жүгі ауырлығын, ауыртпалығын білдіру үшін қолданылатын синекдоха.

Ақын теңсіздікті, озбырлықты, надандықты «түн», «түнерген», «қасірет», «өртке душар болып» деп жиі ауыстырады. «Қырағы», «берілмес», «сасық ми», «суық жүрек» т.б. эпитет сынды көркем кестелер өлеңнің көркін аша түседі.

Ал «Қазақ салты» өлеңінен суреткердің алаштың өткен күндеріне деген сағынышын және Ресей мемлекетінің билігінен кейінгі қазақтың жағдайына деген күйінішін байқауға болады.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Ақын ел бірлігін бұзушылар, өз мүддесін ел мүддесінен жоғары қоятын менменшіл, өзімшілдерді «Қазақ салты» өлеңінде өткір сынға алады.

Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған [3].

Лирикалық қаһарман қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. Әдетте жолдастық сөзі жиі қолданылғанымен, оның адам қарым-қатынасындағы терең мағынасы – мәні ауыр сыннан өту, шыдау, төзу арқылы шындалатыны, нағыз жолдастық әр адамның қолынан келе бермейтіні, биік рухани өріске, алып арманға байланыстылығы ашыла түскен.

А.Байтұрсынов қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздікті, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарын көре біліп, еңбекші халықтың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық білдіреді.

«Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде өмір бойы бейнет-қорлыққа үндемей шыдап, көндігіп кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар серпіліп адамдыққа ұмтылса деп ойлайды.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың [1, 34 б.] –

Білімге ұмтылса «Таяққа еті үйренген қойшы» қор болмас еді деп күйінеді, оларға намысты қайрайтын өткір сөздер айтады.

Автор «Адамдық диқаншысы» болып, «адамдық, адамгершілік, адалдық – қалтқысыз еңбектің» тұқымын шашуды мақсат етеді. Ақын арманы – адамдық диқаншысы болып халқына қызмет ету.

А. Байтұрсыновтың «Досыма хат», «Анама хат», «Жұртыма», «Туысыма», «Ақын ініме», «Замандастарыма» деген өлеңдері жақын туыс-туған, дос-жаранға арнау түрінде жазылған туындылар.

Патша заманында абақтыда отырып «Қарағым, дұғағөйім, қамқор анам!» деп басталатын сезімге толы «Анама хат» атты өлеңінде:

Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң? [1, 30 б.] –

деп шағынады. Анасына деген сағынышын білдірген арнау өлеңдегі үшінші-төртінші шумақтардағы мына бір жолдар зорлықшыл өкіметтен жас кезінде көрген, түсінген сұмдық оқиғалар әсерінен жазылса керек.

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?! [1, 30 б.] –

Соңғы сегізінші-тоғызыншы шумақтардан сол уақыттың күрделілігін, жазықсыз жапа шеккен саңлақтардың тынысын, сенімін білдіреді. Ақын отаршылдық пен әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа қарсы әкесі бастаған жолды өзінің де қалап алғанын танытады.

Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Блаж жоқ жел айдаса ермесіне...
Тайпалған талай жорға, талай тұлпар.
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным, тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне! [1, 31 б.] –

Әдебиет зерттеушісі Ш. Сәтбаева «Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдер топтамасы – көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық, гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ» [4] деп қорытады.

А. Байтұрсынов өзі өлсе де ісі өлмейтініне берік сенімділігін «Н.Қ. ханымға» (Нәзипа Құлжановаға арналған) өлеңінде былай деп бейнелейді:

Тән көмілер, көмілмес менің ісім,
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын – жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін. –

Ахмет Байтұрсыновтың өлең-жырының өзі үшін емес, халқы үшін қызмет ет деген арқаулы идеясы, азаматтық һәм адамгершілік әуені қазақ ұлтының қай ұрпағының болсын таным-түйсігінің, жүрегінің, ой-санасының төрінен орын алмақ [2].

Биылғы жылы алаш қайраткерінің 150 жылдық мерейтойы мемлекет қолдауымен әлемдік деңгейде кең ауқымда аталып өтуде.

Ұлттық ой-сананы оятуды ізгі мақсат тұтқан А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері, әдеби мұрасы әлі де жан-жақты жүйелі зерттеуді қажет етеді. Сонда ғана ұлт көсемінің интеллект әлемін тереңірек зерделей аламыз.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.). – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Елеуенов Ш. Ахмет Байтұрсыновтың өлең сөз өрнегі // qazaqadebieti.kz. – 2017, 04 тамыз.
3. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері жинағы // www.zharar.com/
4. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағына талдау. Әңгімелер, Мақалалар // bilim-all.kz. – 2016, 28 маусым.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Смагулова Ш. С., тарих пәнінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы, «Семей жоғары көп салалы колледжі» мекемесі

Шайқалды сан мәрте – Елімнің тұнығы.

Қазағым, асылым – Көк түрік сынығы.

Торлап ап тұрғанда Ұлымды азап-мұң,

Оятпақ болыпты Ұлдары қазақтың.

Фабиден Қожахмет

Қазақстан тәуелсіздігі – ең алдымен ұлтымыздың ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі. Жоңғар шапқыншылығы тұсында қазақ даласы «Елім-айлап» күңіренгенде де үміт оты өшпеді.

Азаттық рухы кең көсілген Арқадан кербез Алатауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі аралықта ұланғайыр даланың ұлы өркениетін қалыптастырған батыр бабаларымыздың қайсар мінезінен оянған еді.

Өзегінді өртер отты өлеңдердің иесі Махамбет пен күй атасы Құрманғазының шығармаларында азатшыл әуеннің атойлап тұратыны да сондықтан. Алаш ардақтыларына қазақ автономиясын құрғызған да сол өршіл мінез болатын.

Азаттық рухын кешегі сталиндік нәубет пен саяси қуғын-сүргін зобалаңы да тұншықтыра алмады. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ даласы босқынға ұшыраған сан мыңдаған ұлт пен ұлысты бауырына басты. Халқымыздың қайсар рухы мұқалмай, майдан мен тылдағы ерлігі ұштала түсті. Кешегі тоталитарлық жүйе де тарихи жадымыз бен ұлттық болмысымыздан, салт-дәстүр, иба, иманымыздан айыра алмады.

Осы ерен ерліктер өнегесі тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, біздің бәрімізді тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға жұмылдырды. Жиырмасыншы ғасырдың бас жағында біздің сан ғасырлық тарихымызда тұңғыш рет халықты әлемдік айдынға алып шығуға нақты мүмкіндік туды. Ол мүмкіндікті туғызғандар «Алаштың» алыптары болатын. Зиялылардың «Алаш» атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Үркердей топ ежелден келе жатқан «Керегеміз-ағаш, ұранымыз-алаш» деген қазақтың қанатты сөзін басшылыққа алды. Алаш идеясы қазақтың ұлттық идеясының темірқазығына айналып, озық ойлы, батыстағы саяси бағыттардан хабардар зиялылар ортақ ұранның төңірегіне топтаса түсті. Жалпыұлттық деңгейге көтерілген Алаш идеясы елдің еркіндігі мен егемендігін, тәуелсіздігі мен тұтастығын ту етіп ұстанған Абылай хан мен оның даңқты немересі Кенесары хан бастаған күрестің заңды жалғасы деп батыл айта аламыз.

Қазақ елінің рухын тәуелсіз ұлт дәрежесіне жеткізу жолында бүкіл арман-мұратын, қайратын, талантын тағдыр талайына салған тұлғалар сол «астан-кестен заманда» өмір сүруімен де Бостандық рухының қасиетті бейнелеріне айналды. Олар ұлттың тәрбиеші зиялылары ретінде танылып, иісі алашқа мойындалды. Қазақтың қамын жеп, елінің мұң-мұқтажын жоқтай білді. Азаматтық мойынсұнбауды, Рухани Тәуелсіздікті, Ұлт Азаттығын мұрат тұтты. Соның нәтижесінде екі жылға жуық өмір сүрген «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі құрылды. Сөйтіп, қазақ қауымының дербес ел ретінде өмір сүру құқығы бар екенін негіздеп берді.

Алаштың ардақты қайраткер ұлдары ұйқы басқан қалың қазақты оятып, оның намысын жыртып, жоғын жоқтады. Аласапыран уақытта халықты қорғаштап, оны алапат қауіптен аман алып қалудың жолдарын іздестірген Алаш қайраткерлері империямен келімі тактикасын да ұстана білді.

Халық тағдыры талқыға түскен шақта арыстарымыздың ауыз бірлігі де бүгінге өнеге. Алаш партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр.

Алаштықтар халықтың бойындағы жасампаз күшке сенді, ерте ме, кеш пе Қазақ мемлекеті шаңырақ көтеретінін болжай алды, бірлігі жарасқан елге бақ қонатынын өсиеттеді. Кейінгі үрім бұтақ не алғыс, не қарғыс бере-бере жүретін алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар, жұртым қазақ».

Әлихан Бөкейхан 1917 жылдың жазында мына жолдарды әулиедей жазған ғой: «Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар. Тәңірі қазақ халқының маңдайына азаттықтың ақ таңын көруге жазған екен. 1986 жылы қазақ жастары Алаш арыстары армандаған азаттықты ту етіп көтеріп, алаңға шықты. Сен бұзылып, тәуелсіздік қарсаңында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды жарық жұлдыздардың арманы орындалды.

Сонымен қатар олар өзіне дейінгілердің жаза басқан қадамынан сабақ алып, халықтың сұранымына сәйкес жан-жақты дамуды да қалады. Бүкіл халықты саяси ағарту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру үшін саяси ұйым құру қажеттігін жете сезінген қайраткерлер мақсатқа жету жолында «Алаш» партиясының жалпыұлттық бағдарламасын жасады

Қазақ халқының өз заманындағы зиялы қауымының қатарында, қазақ халқының тәуелсіздігін, өз алдына тәуелсіз ел болуын армандаған және осы арман жолында бірталай тер төккен азаматтардың бірі – Жаһанша Досмұхамедов. Ол кезінде тарихта «ұлтшыл» деген атпен халыққа теріс насихатталып келген. Ж. Досмұхамедов – Батыс Алашорда өкіметін құрушылардың бірі, әрі басшысы. Ақжайық өңірінің перзенті Ж. Досмұхамедовтың туған топырағында атамыздың есімі жазылған «Алаш» туын тікті, оның астына қазақ зиялыларын, бостандық сарбаздарын біріктірді, бүкіл өмірін өз ұлтының жарқын болашағы үшін сарп етті. Ескісіз жаңа құрылмайтынын, әр нәрсенің шығу тегі, негізі болатынын ескерсек, тарих қойнауына кеткен жылдар көптеген деректерді алға тартар еді. 1903-1908 жылдары ұйымдасқан педагогикалық курстардың, 1913 жылы Оралда есігін ашқан мұғалімдер семинариясының, оның негізінде қалыптасқан педтехникумның, педагогикалық училищенің заңды мұрагері.

Оралдағы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж – бастауыш білім негізін қалаушы алғашқы ұстаздар дайындаған

Колледж тарихы – Ақжайық өңірінде бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындау жөніндегі жүйелі жұмыс атқарған оқу орындарының біріне-бірі жалғасып жатқан шежіресі деп мақтанышпен айтуға болады. Тарихпен тамырлас оқу орнының 1998 жылдан бері Алаш қозғалысының белсендісі, Алашорда билігінің көсемі, белгілі қоғам, мемлекет қайраткері Жаһанша Досмұхамедов есімімен аталуы да тектен-тек емес.

Оның Халел Досмұхамедовпен бірге Күнбатыс Алашорда мемлекетінің қамы, қазақ халқы үшін істеген істері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерді ақтауы және тағы басқа жасаған еңбектері Ә.Бөкейханов, Құрамысов, Жүргенов секілді танымал тұлғалардың ісімен пара-пар десек қателеспейміз.

Көп айтыла бермейтін алаш қайраткерлерінің бірі- Әбікей Зейінұлы Сәтбаев.

Әбікей Зейінұлы Сәтбаев – Семей мұғалімдер семинариясының түлегі. Алаш қайраткері, ағартушы-педагог. Орыс тілінен сабақ беретін қазақтан шыққан тұңғыш мұғалім. Баянауылдағы орыс-қазақ мектебінде мұғалім, Павлодардағы 2 кластық орыс-қазақ училищесінің мұғалімі, директоры болған, Семей қаласындағы облыстық Земство басқармасының оқу бөлімінің, губерниялық оқу бөліміндегі қазақ мектептері бөлімін басқарып, мұғалімдер семинариясында сабақ берген.

Біз Әбікей Сәтбаевты басқа қырынан адамдық тұлғасы жағынан зерттеп көруге тырыстық. Зерттеу барысында біз оның ағартушы ұстаз ғана емес, өз оқушыларына жанашыр аға, қамқор әке бола алғанын осы естеліктерінен оқи отырып ерекше әсерге бөлендім. Семейде тұңғыш ашылған Қазақ педагогикалық техникумының 1922-1927 жылдардағы директоры, 1928-31 жылдары Омбы қаласындағы рабфактың мұғалімі, кейіннен Бішкек қаласындағы педагогикалық институтта оқытушы. 1937 жылы халық жауы деген жаламен ұсталынып, атылды.

Алаш арыстары қазақ мемлекеттігінің шаңырағын көтерісті, уығын шаншысты. Ендеше елінің еркіндігі мен халқының азаттығы үшін барша ғұмырын арнаған ағалардың атын ардақтау, аруағын жаңғырту, олардың мұрасынан тағылым алу - баршамыздың парызымыз. Сонда ғана біз ата-баба аманатын ақтап, болашақ ұрпақ алдында жүзіміз жарқын болады. Арыстарымыздың асыл мұрасымен қайта қауышқан ел рухани өрлеу биігіне қол созды Рухы биік халықтың іргесі берік, әлеуеті де қуатты, ынтымағы жарасты болмақ. Сондықтан, бар ғұмырларын елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі жолына арнап, сол жолда құрбан Алаш арыстарының өнегелі асыл істерін ұрпақ сансына сіңіре беруіміз керек.

Біз Алаш идеялары салтанат құрған заманға жеттік азаттықтың көк байрағы төбемізде желбіреуде. Тағдырдың тезінен аман қалған қазаққа бұдан артық қандай бақыт болуы мүмкін. Енді Алаштықтар аңсаған тәуелсіздігімізбен мемлекеттігімізді күн сайын нығайта беруге еңбек етуіміз керек.

«Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын аттының тұяғымен жазып кеткен жер», деп Елбасы өзі айтқандай, сол тарихи жердің бірі Арқа төсіндегі Ақмола десек, осы жерге тәуелсіз елдің ғажайып астанасын салу тағы бір табысымыз еді.

Тәуелсіздік пен Азаттыққа ие болып, біз өзімізге – біріншіден, біздің бабаларымыздың жарқын бейнесі мен қазақ халқының батырлыққа толы өткен өмірі алдында; екіншіден өзіміздің алдымызда және қазақстандықтардың болашақ ұрпақтары алдында; үшіншіден әлемдік қоғамдастық алдында бірден тарихқа жауаптылық алдық. Бүгін біз Қазақстан халқы осынау жауаптылықты абыроймен атқарып келеді деп мақтанышпен айта аламыз.

1991 жылғы 16 желтоқсанда қазақстандықтардың сандаған ұрпақтарының арманы жүзеге асты. Біз әлемге жаңа мемлекеттің – Қазақстан Республикасының пайда болғаны туралы жар салдық.

Біз ғасырлар тезінен өткен ұлттық рух пен туған тілімізге, дәстүр – салтымызға қамқорлық жасап, бұдан былайғы кездерде олардың өрісін кеңейте беретін боламыз.

Отанымызды шексіз сүйіп, ел игілігі мен оның дамуы жолында бар күш қуатымызды аянбай жұмсаймыз деп сенемін.

Отанымыздың тарихи шежіресіндегі жарқын беттерге айналды. Біз оны мақтан тұтуымыз керек.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын!

Қазақстан, нығайтып ел іргесін,

Биіктерге көк туың желбіресін.

Қастерлеген бабалар өсиетін

Арта берсін, даңқ пен бақ қасиетің!

Әдебиеттер

1. Мұхтар Құл Мұхаммед. – Алаш қайраткерлері. – 255-291 б.
2. Артықбаев Қазақстан тарихы. – Алаш қозғалысы. – 443-448 б.
3. Кеней Нұрпейісовұлы туралы естеліктері. – Алаш тұлғасы.
4. Тұрдықұл Шаңбай. – Алаштану мәселелері. – 5-312 б.

ҒТАХР: 17.01.11

ҰЛТ ҰСТАЗЫ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

Бажикеев К.К., аға оқытушы, магистр

Қазақстан Республикасы, Қазтұтыну одағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

XX ғасырдың соңына дейін Алашорда үкіметі, Алаш өкілдері туралы таза тарихи шындық бұрмаланып келгені мәлім. Жарты ғасырдан астам уақыт бойында олардың есімдерін атаудың өзіне тыйым салынды. Аталған күннің өзінде оларды халықтың дұшпаны, Кеңес үкіметінің жауы ретінде танытты және бұл көзқарастың өзгертілмеуі үкімет тарапынан қадағаланып отырды. Негізінен ішкі қуат пен сұранымның әсерінен әрі кеңестік биліктің әлсіреуінен болған 80-жылдардың соңындағы өзгерістерден соң ғана социалистік кеңестікте әбден орнығып, қатып қалған қасаң қағидаға сыналап жаңалықтар ене бастады. Ол отандық әдебиеттануға әміршіл-әкімшіл саяси идеология зардабын шеккен ұлттық құндылықтардың болмыс-бітімін тұтастықта ашуға, кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» («Қ.Ә». 1988.15.IY), «Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» (Қ.Ә.1989.6.I), «Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов» (Қ.Ә.1989.28.VII) және әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы т.б. ұлтымыздың ардақты тұлғалары, Алаштың көрнекті қайраткерлерінің әмбебап ғылыми мұралары мен шығармаларын жариялауға, зерттеп-зерделеуге, ел үшін жасаған ерен еңбектерін шынайы бағалауға жол ашты.

Осыған орай осы кезең әдебиетін зерттеу мен игеруге әдебиетші, зерттеуші ғалымдар құлшына кірісті. Алаш өкілдерінің таңдамалы шығармалар жинақтары топтастырылып, жарық көрді. Баспасөз беттерінде олардың мұраларына қатысты мақалалар циклі жарияланып, зерттеу еңбектері өмірге келді.

Ал еліміз егемендігін алған соң, оның мәдени-рухани өмірінде күрт өзгерістер байқалды. Ең алдымен ұлттық тарихқа көзқарас өзгерді. Жаңа уақыт талаптары тарихқа жіті қарауды міндеттеді. Бұл жайттарды тәуелсіздік талаптары еселеп арттыра түсті. Екіншіден, «Алашорда» ұғымына, «алашордашыларға» деген көзқарас өзгерді.

Бұрын ғалымдар ақын-жазушылардың Алашордаға, Алаш өкіметімен байланысын айтудан ат тонын ала қашса, енді сол қаламгерлердің азаматтық бейнесін, қайраткерлік қырын айқындайтын қасиет ретінде бағаланады. Мысалы, Алаш зиялылары туралы әдебиет зерттеушісі, академик Р.Нұрғали: «... сол заманғы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әр түрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді» деп жоғары баға береді [1, 424].

Немесе С.Қирабаевтың: «Алашорданың құрылуы қазақ оқығандарының ғасыр басынан бастаған отаршылдыққа қарсы, тәуелсіздікті жақтаған, елді көрсоқыр надандықтан білім-өнер жолына түсіруді аңсаған идеяларының көрінісі еді» деген сөзі осының айғағы [2, 26].

Бұл, әрине, Алашордаға деген көзқарастың тарихи-саяси тұрғыдан өзгеруінің жемісі.

Асылы, Алаш мұраты мен мұрасы – мәңгілік мәселе. Мұнда өз тарихымыз бен тағдырымыз бар. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен тұста Алашорданың, алаш зиялыларының қазақ әдебиеті тарихында, мәдениеті мен қоғам дамуындағы тағылымы жайлы, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің әдеби көркемдік дамуы, оның ішінде алаш ұранды қазақ әдебиетінің мәні мен маңызы, азаттық сипаты мен көркемдік табиғаты жайлы Т. Кәкішевтің «Кер заманның кереғар ойлары», «Сандалтқан «Садақ», «Санадағы жаралар», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», С. Қирабаевтың «Әдебиеттің ақтаңдақ беттері», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», Ш. Елеукуеновтың «Әдебиет және ұлт тағдыры», Р. Нұрғалидың «Әуезов және Алаш», «Алашординцы», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы», «Р. Тұрысбектің «Ж. Аймауытов және 20 жылдардағы қазақ прозасы», «Сөз сарасы», Ө.Әбдімановтың «Қазақ» газеті», «Ұлт-азаттық идеяның ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты», З. Бейсенғалидың «ХХғ. басындағы қазақ романы», Д. Қамзабекұлының «Тәуелсіздіктің рухани тұғыры», «Алаш және әдебиет», Т. Жұртбайдың «Ұраным – Алаш» т.б. көптеген зерттеу еңбектері дүниеге келді. Бұл еңбектерде ХХ ғасыр басындағы саяси, мәдени оқиғалар, әдеби үдеріс және оған Алаш арыстарының қатысы, Алаш қайраткерлерінің сол тұстағы қоғамдық өмір мен әдеби дамуға әкелген жаңалықтары, түрлі әдеби жанрлар мен қазақ ғылымын дамытудағы ролі, осы жолдардағы бастарынан өткерген қуғын-сүргіндері заман шындығымен сабақтастықта зерделенеді. Алаш арыстарының қоғамдық-саяси, әдеби қызметтері қазақ ағартушылығы, баспасөздің дамуы, әдебиеттану мен сынның контекстінде кешенді талданады. Сонымен қатар «Алаш қозғалысы» (2008) атты құжаттар мен материалдар жинағы, «Алаш қозғалысы» (2008) энциклопедиясы, он томдық «Алаш көсемсөзі» (2010), бес томдық «Алаш ақиықтары» (2005) атты еңбектер осы дәуір шындығы мен Алаш зиялылары жайында кең мағұлмат беруге үлкен үлес қосты. Мәселен, он томдық «Алаш көсемсөзінде» (2010) Алаш зиялыларының «Қазақ», «Айқап» басылымдарынан бөлек «Шолпан», «Сана», «Жас Түркістан», «Таң», «Абай», «Сарыарқа» газет-журналдарында жарияланған күллі ғылыми мұралары қамтылған.

Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш» атты зерттеу еңбегінде көшбасшысы Ө. Бөкейхан болған «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен жүргізілген барлық тергеу амалдары сөз болады [3]. Ұзақ жылдар аралығында, 1988-1991, 1997 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комиитетінде мұрағат деректерімен танысу мүмкіндігіне ие болған ғалым осы арқылы Әлихан бастаған Х. Ғаббасов, Д. Әділов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Е. Омаров сынды алаш ардагерлерінің басынан өткен ауыр, күрделі кезенді тарихи құжаттар тілімен баяндай отырып, көпшілікке беймәлім біраз сырдың басын ашады.

Ө. Әбдіманұлының «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» еңбектерінің ұлттық сананы оятудағы, отаршылдыққа қарсы күрес жолындағы ХХ ғасыр басындағы Алаш азаматтарының болмысын, шығармашылығын талдаудағы мәні ерекше. Ғалым «ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің басты белгісі – ең алдымен, азаттыққа ұмтылу, соған «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз керек» деп арысы түркі дәуірі, жыраулар поэзиясынан, берісі Махамбет, зар заман ақындары мен Абайлардан желі тартатын ұлт-азаттық идеяның шырқау биікке көтерілген кезі ретінде көрсетеді [4, 128]

Әдебиетші, алаштанушы А.Ісімақова «Алаш әдебиеттануы» (2009) еңбегінде ХХ ғасыр басындағы Алаш Арыстары қатысуымен жасалған әдеби-сыни, теориялық еңбектерге тоқталады. Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедов, Қ. Кемеңгеров, С. Садуақасов, Ы. Мұстамбаев, Қ. Жұбанов сынды Алаш зиялыларының кәсіби қазақ әдебиеттануын жасаудағы еңбектеріне, ғылыми-теориялық ой-тұжырымдарына тұңғыш рет жеке-жеке, жан-жақты тоқталады. Зерттеуші «Біз үшін қазақ әдебиеттану ғылымы кәсіби ғылым ретінде сонау ХХ ғасыр басында Алаш ғалымдары зерттеулерінде толық қалыптасқан» деген пікір білдіре отырып, осы пікірін зерттеу барысында дәлелдеп шығады [5, 8].

Белгілі жазушы, журналист Ж. Бектұровтың «Ақиқаты осы еді» (1995), «Енеден айырылған төл секілді» (2002) атты естелік кітаптарында Әлихан, Әлімхан, Мағжан, Сәкен сынды Алаш арыстарының ауырлыққа толы ғұмыры, отбасы, ұрпақтары турасында мол деректер келтіріледі.

Тәуелсіздік жылдары ХХ ғасыр басындағы әдебиет пен Алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеу арнасына орай, көркемдік әдеби дамуға сәйкес жалпылама тұтастықта, әдеби бірлікте қарастырған еңбектермен қатар, әр Алаш қайраткерінің ғұмыры мен шығармашылығын,

ғылыми мұрасын жекелей зерттеу нысаны етіп алған шығармалар да көптеп жарық көрді. Осының нәтижесінде ұлттық әдебиеттануда ахметтану, шәкәрімтану, әлихантану, мағжантану, жүсіпбектану сынды ілімдер қалыптасып, көлемді зерттеулер мен монографиялар басылып шықты. Бұл өз кезегінде әр дарынның шығармашылығы мен қайшылықты ғұмырын егжей-тегжейлі зерттеуге, оның көркемдік дамуға, әдебиетке қосқан үлесін, шығармашылық болмысын тануға, тарихи, әдеби тұлғасын, әдебиет әлеміндегі өзіндік орнын айқындауға мүмкіндік беретінін айтуымыз керек.

Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиеттануындағы ахметтану ілімі Ж. Ысмағұлов, Ө. Әбдиманұлы, Р. Сыздықова, Р. Имаханбетова, А. Ісімақова, С. Дәуітов, З. Ахметов сынды ғалымдар зерттеулері арқылы жандана түсті. Белгілі тарихшылар К. Нүрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбековтер А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметіне, ұлт күрескері ретіндегі болмысына кеңірек тоқталса, әр түрлі ғылым саласы бойынша зерттеулер осы саладағы ізденіс ауқымын ұлғайтты. Бұл бағытта Т. Қасенов «Мысал жанрының стилі мен тілі» (А. Байтұрсынұлы. «Қырық мысал») (1994) және А. Қыдыршаев «А. Байтұрсынұлының әдістемелік әлемі» (1995), А. Машақанова «А. Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы» (1996), К.Ашеекеева «А. Байтұрсынұлының философиялық көзқарастары» (2003), Г. Ерназарова «Қазақ публицистика тілінің дамуындағы А. Байтұрсынұлы кезеңі» (2004), Қ. Ибраимов «А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» (2005) атты тақырыптарда диссертациялық еңбектер жазылды. 2003-2005 жылдары А. Байтұрсынұловтың бес томдық шығармалары, 2013 жылы профессор А.Ісмақованың құрастыруымен алты томдық шығармалар жинағы баспа бетін көрді. Ал әдебиеттану әлемінде Р. Сыздықованың «А. Байтұрсынұлы» (1990), Ө. Әбдиманұлының «А. Байтұрсынұлы» (2007), Р. Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» (2010), Ұ. Еркінбаевтың «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008), А. Ойсылбайдың «Әдебиет танытқыштағы» қазіргі әдебиет теориясы» (2015) атты зерттеу-монографиялары ұлт ұстазының ғибратты ғұмыры мен сан алуан ғылыми мұрасына терең үңіліп, әдебиет пен ғылымға қосқан үлесін саралайды. Шығармаларына теориялық тұрғыда талдау жасайды.

Азаттық алған жылдардан бері ахметтану ілімінің қылыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі – профессор Ө. Әбдиманұлы. Ширек ғасырдан астам осы салада біраз еңбек етіп, А. Байтұрсынұловтың әдеби мұрасы жайында кандидаттық диссертация (1992) қорғап, Байтұрсынұлы редакторы болған «Қазақ» газеті туралы монография (1993) шығарды. Ғалымның осы саладағы ең басты еңбегі ретінде «А. Байтұрсынұлы» (2007) атты зерттеу-эссесін атауға болады. Төрт тараудан тұратын еңбектің «Өмір өткелдері» атты бірінші тарауында ұлт қайраткерінің туған жері, өскен ортасы, білім алуы, азамат ретінде қалыптасуы және ақынның жары Бадрисафа туралы байыпты да терең баяндалады. Сондай-ақ осы тарауда «Қарқаралы» петициясын ұйымдастыруы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, Ақпан, Қазан төңкерістері мен одан кейінгі уақыттардағы Аханның азаматтық істері, ұлт мұраты жолында атқарған қоғамдық қызметтерін талдап, бағалайды. «Аханның» ақындық әлемі» атты екінші тарауда А. Байтұрсынұлының ақындық талантын паш еткен «Қырық мысал», «Маса» жинақтарындағы өлеңдері мен көркем аудармалары тақырыптық, әлеуметтік, көркемдік тұрғысынан талданады. Әдебиетші ақынның аудармашылық шеберлігі турасында «Ахмет туындыларын төл дүниеміз ретінде қарастыруға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны Крыловтікі болғанымен, ой сонылығы, баяндау тәсілі, құрылысы, табиғаты тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған» деп орынды пікір білдіреді [6, 101]. Яғни автор А. Байтұрсынұлы аудармалары құр түпнұсқаны қайталаушы, балама туынды емес, өз алдына ұлттық әдебиетімізге орайлас, көркемдігі жоғары, бөлек шығармалар екеніне көз жеткізеді [6, 119]. Ал «Көсемсөздің көшбасшысы», «Ұлттың ұлы ұстазы», «Ұлылар үндестігі» атты тарауларда әдебиетші А. Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін ұйымдастыруы мен публицистикалық қызметін, әдебиеттанушылық, теориялық еңбектерін талдап-бағалайды.

Ахметтанудағы келесі бір көлемді зерттеу ретінде Р. Имаханбетованың «А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» (2010) атты монографиясын айтуға болады. Зерттеудің мақсаты автор өзі атап көрсеткендей «Ахметтей феномен-тұлғаның қиялындағы ұшқыр армандарын іс жүзіне асырған тарихи құбылыс екенін, оны «Алаш көсемі» деп дәріптеген үзеңгілес рухани замандастарының таным-пайымы бойынша ғұлама ғибратының өміршеңдігін таныту» [7, 7]. Монография мұрағат деректері негізінде жазылған. Яғни автор қандай мәлімет келтірсе де белгілі бір дәйекке, құжатқа сүйенеді. А.Байтұрсынұлының өмір жолын, шығармашылығын оның түрлі хаттары мен мақалаларын, тарихи фотосуреттерін, ол жайындағы деректерді келтіре отыра баяндайды.

Әдебиеттер

1. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.

2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 447 б.
3. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш (түрме әфсанасы). – Алматы: Ел – шежіре, 2008. – 469 б.
4. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 559 б.
6. Әбдиманұлы Ө. А. Байтұрсынұлы. – Алматы: Арда, 2007. – 295 б.
7. Имаханбетова Р. А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. – 302 б.

ҒТАХР: 17.01

АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Баяхметова Л.С., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, гуманитарлық ғылымдардың магистрі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., №12 ЖОББМ lyaka.b@mail.ru

«Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» ҚР Президенті Қ.Тоқаев

Ұлы ақын, кемеңгер тұлға, хакім Абай шығармашылығы – ұлтымыздың және барша адамзаттың мәдениетіне, рухани асыл қазынасына қосылған асыл мұра болып табылады. Дана Абайдың философиялық тереңд, көркемдік, эстетикалық қуатты, мағыналы салмақты, ғибраттық, тағылымдық мәні зор ойлы сөздері халық жүрегіне жол тапқаны мәлім. Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы және бір ғасырдан астам тарихы бар кемел ғылым. Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың мол әдеби мұрасы ғылыми рухани мұрасының ерекше бөлшегі. Абай әлемі – ұлттық қазына. Абай мұрасын жан-жақты зерттеу – толастамас процесс. Абайтану ғылымына академик Зәки Ахметов былай деп баға берді: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды» [1, 218] Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңі деп А. Байтұрсынұлы, К. Ысқақұлы, Ө. Бөкейханов, М. Дулатов, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, Ы. Мұстамбайұлы, Ғ. Тоқжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеулерін, мақалаларын атауға болады. Абайтану ғылымының тарихына қатысты қазіргі таңда сөз айтқан ең алдымен ойымызға М. Дулатовтың «Қазақ» газетінің бас мақаласы ретінде басылған «Абай» деген мақаласындағы «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак рухына сонша жақындармыз», – [2, 195] деген мәнді де мағыналы сөзі ойға келеді. Расымен де, уақыт өтіп, заманы алыстағанымен де, Ұлы ақын мұрасына, рухына соншалықты жақындай береріміз анық. Абай жинағының жарық көргеніне бір ғасырдан астам уақыт болғаны баршамызға аян. Ендеше тұңғыш жинақ оқырманға жол тартқалы бері ұлы ақын мұрасын, оның дара да дана болмысын, азаматтық келбетін, мол әдеби мұрасын тану, таныту дәрежеміз да өз дәрежесінде жаңа лепке ие болды. Абайтану ғылымының бастау бұлағында тұрған тұлғалардың бірі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының абайтанудағы өзіндік қолтаңбасын зерделеу – осы мақаланың өзекті тақырыбы.

Ұлт ұстазы, атақты «Әдебиет танытқыш» атты монументальдық зерттеу кітабының авторы А. Байтұрсынов былай деп дейді: «Қазақтың бас ақыны – Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облысында Абайды білмейтін адам жоқ. Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысына естілмеуші еді», – дейді [3,258]. Ал, Міржақып Дулатов болса: «Не шара! Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде алтын әріппен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өледі. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қазақтың көп жері білмей де қалады. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен бес жыл өткенде басылды», – [2, 173] деген еді. Алаш арыстарының айтқан сөздерінде үлкен тағылымдық мән бар. Олар Абай есімінің қазақтың дархан даласына таралуына, ұлы ақын сөздерінің «көкірегі сезімді, тілі орамды», сөз танырлық адамына жетуіне басты себеп болған – тұңғыш жинақ екендігі тағы да айқын.

«1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең», – дейді Абай өлеңдерімен алғаш танысқан кездері туралы А. Байтұрсынұлы. «Қазақ» газеті Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай қазақ елінің ұлы ақыны Абайдың өмірі мен ақындық өнерін таныту мақсатында ертерек қамданып, арнайы мақалалар циклін жариялауды қолға алды. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының жариялануы абайтану тарихына елеулі рухани құбылыс ретінде қабылданды. «Қазақ» газетінде жарияланған М. Дулатовтың, Н. Төреқұловтың мақалалары да Абайды қазақ халқының рухани данасы, жаңа бағыттағы әдебиеттің көшбасшысы, шебер аудармашы ретінде танытып бағалауынан авторлардың білім деңгейі биік жатуын көреміз.

Семей қаласында 1918 жылы жарық көре бастаған «Абай» журналында ақын шығармаларын танып білу, халықтық таным тұрғысынан бағалау мақсатында зерттеулік мақалалар мен Абай шығармаларынан үзінділер жариялап жатты. Ақындар Абайды жырғы қосты. 1918 жылы ақпан айынан бастап Семей қаласында Ж. Аймауытовтың редакторлығымен «Абай» журналы шыға бастады. Журнал ақын Абайдың атымен аталады. Журналда: «Сөз сабырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақ әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, характер қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлығына қарағанда, Абай қазақтан шыққан философ» (данышпан) екендігін айта келіп, «...кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын «Абай» қойдық», – [4, 97] деп жазды. Ол «Басқа жұрттың білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасақ – тоғышарлығымыз» – деп, Абайды аса жоғары бағалайды.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А. Байтұрсынұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бес ақыны» атты мақаласы ғылыми жағынан ерекше туынды. Автор Абай өлеңдерімен 1903 Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі жайында: «тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды», – дейді. Ол Абай өлеңдерінің жаңа бояумен, өзгеше суреткерлегімен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айрықша атайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А. Байтұрсынұлы «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп Абайдың өз айтқанындай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің қиындығы ақыннан емес, «оқырманның соны түсінетіндей деңгейге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Абайдың шығармалары үнемі халқының алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғаны байқалады. Ал алға жылжудың негізі – білім мен ғылымда. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. Ол білімді тереңінен игермейінше, биіктерді бағындырудың қиындығының өз өлеңдері арқылы «қалың елім» қаратып айтты.

Мақаланың ғылыми-зерттеу ретіндегі мәнін танытатын құнды жері – Абай поэзиясын тереңінен зерттеген тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарың жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жарияланған. Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлының білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік меңгергені байқалады. Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэзиясындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдаумен қоса, ақынның жаңашылдыққа ұмтылған тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі қажет! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып,

көпке көрсетпекшіміз» [4, 148] деп аяқталуы да сондықтан. Қорыта айтқанда, К. Ысқақұлы, Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлдарының қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге деген ықыласы байқалады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы ізденістері арқылы әдебиет теориясының өзекті мәселелерін меңгеру жолында біршама еңбегін ерекшелей аламыз. Сондай ізденістердің көш басында абайтану ілімі тұрғаны ұлы ақын ұлтымыздың айнасы екендігін айғақтайды.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады», «Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарамай емес, талабы мен еңбегіне қарап баға-лаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген», ««Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама», «Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады» сынды құнды пікірлері – жастарды Ұлы Абайдың шығармашылығын жаңаша зерделеуіне жол ашатын құнды пікірлер, заманымыздың ерекшелігімен, әлеуметтік мәселелерімен байланыстыра зерттеудің бастамасы.

Әдебиеттер

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы.: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. М.Дулатұлы Шығармалары. 2 том. – А., 1997.
3. А.Байтұрсынұлы Ақжол. – Алматы, 1991.

ҒТАХР: 17.01

ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҮЛҒАСЫ

Танбаева Н.С., биология пәнінің оқытушысы, магистр

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Семей жоғары көп салалы колледжі, anara_150683@mail.ru

Ахмет өміріндегі жаңа кезең 1910 жылдан басталады, ол осы жылы мұғалімдікті қойып, ақындық пен әлеуметтік жүрес жолына түседі. 1913-1917 жылдар аралығында ол Орынборда "Қазақ" газетінің редакторы қызметін атқарып, газет беттерінде үлкен-үлкен әлеуметтік мәселелерді батыл көтеріп, халықты өнер-білімге, мәдениетке, елдікке шақырудың ұйытқысы бола білді, дарынды публицист ретінде кеңінен танылды. Бір өкініштісі, өткенге коммунистік идеология тұрғысынан қараудың кесірінен соңғы жылдарға дейін "Қазақ" газеті ұлтшыл-буржуазиялық сипаттағы басылым болды деп біржақты бағаланып келді.

Басылым беттерінде заман ағымына, сол кездегі жағдайларға байланысты кейбір қайшылықты ұғым-түсініктегі материалдардың басылғаны да – тарихи шындық. Алайда, бес жыл ішінде жариялаған мақалалардың басым көпшілігі газеттің негізінен халықтың ұлттық тәуелсіздігі мен мәдениеттенуі секілді зәру жайларды басты мәселе етіп көтеріп, ұлттық сананы оятуға және қалыптастыруға күш салғанын айғақтайды. Газеттің осындай бағыт ұстауына А. Байтұрсынұлы редактор ретінде айрықша ықпал еткен. "Қазақтың" патша әкімдерінің қаһарына ұшырауы, ақшалай айып тартуы, редактор А. Байтұрсынұлының түрмеге жабылуы секілді фактілер де бұл басылым мен оның басшысы туралы ақиқат сырды жақсы аңғартып тұр емес пе?

Халқын сүйген, оған бойындағы бар талант-қасиетімен қалтқысыз қызмет еткен А. Байтұрсынұлының өмірі күреске, қат-қабат қиындық пен шырғалаңға толы болды. Ұлтын, қалың елі – алашын сүйген ол ұлттық тәуелсіздік пен жеке мемлекеттік ұранын көтерген алашордашылар партиясының қызметіне де араласты. Азамат соғысының басталуы, Кеңес өкіметінің барлық жерде кең қанат жаюы, Алаш автономиясының жария етілмеуі және басқа да тарихи жағдайлар, бұған қоса сенген алашордашылардың контрреволюциялық ұйымдармен байланыс жасап, ашықтан ашық зорлық-зомбылыққа баруы, кеңес билігіне қарсы қимылдар жасауы да Ахметті ойландырмай қоймаса керек. Ол көп толғаныс-ойдан соң, Ұлы Қазан төңкерісі халықты армандаған шынайы бостандық пен

әлеуметтік дамуға жеткізеді деген сенімге келеді. Бұған Кеңес үкіметінің алашордашыларға жасағанмен өзінің Ленинмен жүздесіп сөйлесуі де әсер еткен.

Сөйтіп, ол 1919 жылдың көктемінде кеңес жағына шығып, қазақ өлкесін басқарушы орган - Қазақ революциялық комитетінің құрамына еніп, сан сала саяси-әлеуметтік істерге белсене араласады. Бұдан кейінгі өмір жолында өзі қайта қудаланған 1929 жылға дейін ол білімі мен тәжірибесін жаңа заман мақсатына аямай жұмсайды, республика халық ағарту комиссары, жоғары оқу орындарында ҚазПИ профессор оқытушы қызметтерін атқарады. Бұл кезеңде ол мейлінше жемісті творчестволық еңбек етіп, педагогика, әдебиеттану, әсіресе, тіл білімі салаларында құнды зерттеулер, оқулықтар жазады. Республикаға үлкен ғалым, ірі педагог, көрнекті әлеуметтік қайраткер ретінде танылады.

Осындай әлеуметтік-шығармашылық тұлғасықалыптасқан шағында ол 1929 жылы "халық жауы" деген жаламен ұсталып, 5 жыл айдау азабын көреді, 1934 жылы елге оралады. Алайда, 1937 жылы тағы да заңсыз тұтқындалады. Халқын сүйген, сол үшін күйген аяулы азамат, ақын, ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы осы жылы сталиндік репрессияның жазықсыз құрбаны болады. Содан бергі жарты ғасырдан астам уақыт бойына оның есімі де, еңбектері де аталмай, атала қалса, ұлтшыл, кертартпа ақын-жазушылар санатындайтылып келді. Қазіргі шақта заман да, қоғам да өзгерді. Тәуелсіздік самалы тарихқа, өткен мәдениетке де жаңаша көзқарас әкелді. Соның арқасында қазақ халқы жазықсыз жау атанып, мезгілсіз құрбан болған Ахмет Байтұрсынұлы секілді аяулы азаматымен қайта қауышып отыр.

А. Байтұрсынұлының шығармашылыққа бет бұруы оның ұстаздық қызметке араласқан кезеңінен басталады. Туған әдебиеттің тұңғышынан сусындау, сондай-ақ, орыс әдебиетінен алған әсер-тағылымы да жас ұстазды өнер соқпағына әкелген. Ахметтің әдеби мұрасы сан салалы, әрі қомақты. Алайда, оның творчестволық қалыптасуында айрықша мәнге ие екі жинағын атау ләзім. Оның бірі – 1909 жылы Петербургте жарық көрген "Қырық мысал" да, екіншісі – "Маса" 1911 жинағы.

"Қырықмысал" Ахмет Байтұрсынұлын халыққа аудармашы ақын ретінде танытқан тұңғыш жинағы. Кітапқа оның орыстың әйгілі мысалшы ақыны И.А. Крыловтан аударған қырық мысалы енген. Жинақтың "Қырық мысал" аталуының мәнісі де осында.

Аудармашы орыс ақынының шығармаларынан суреттелетін құбылыстар мен жағдаяттары қазақ тіршілігіне неғұрлым жақындау келетінін, әрі ұғымға жеңіл үлгілерін таңдап, іріктеп алған. Крылов мысалдарының негізгі мазмұнын сақтай отырып, оны қазақ оқырманының ерекшелігіне лайықтап еркін аударуды Ахмет негізгі принципі еткен. Өрбір аударма соңына мысалдың негізгі идеясын неғұрлым айқындай түсу үшін ол өз тарапынан бірер шумақ қосып, өзінше түйіндеп отырған. Мәселен, "Шымшық пен көгершін" мысалының аудармасын алып қарайық. Абайсызда торға шырмалған шымшықты көрген жас көгершін оған көмектесу орнына:

*Талтүсте торды көрмей соқыр ма едің,
Есалаң, ақылың жоқ, күшік, – деді, –
деп оны табалайды, мұнымен қоймай,
Мысалы мені алдап еш уақытта
Тор түгіл түсіре алмассың онан зорға, –*

деп өзін мақтап, астамшылық көрсетеді. Осылай күліп, табалап тұрып, аңдаусызда өзі де тұзаққа түсіп қалады.

Ахмет Крыловтың көгершін қылығынан туындайтын біреуді табаласаң, ол жағдайдың өз басыңа келетіндігі жайлы қорытынды шумағын шебер аударумен шектелмей, бұл түйінді өзінше толықтыра түсетін екі шумақты жанынан қосады. Онда көгершін секілді ешкімге жақсылығы жоқ, бірақ мақтаншақ та табалағыш адамдардың болмысын нақтылай түсіп, замандастарын мұндай мінезден аулақ болуға шақырады.

Сөз басында Ахмет Крылов мысалдарын іріктеп аударғанда, алдына белгілі мақсат қойғаны айтылды. Шынында да мағына-мәні әлеуметтік тұрғыда өткір бірсыпыра мысалдарды аудару, жариялау арқылы А.Байтұрсынұлы қазақ тіршілігіндегі, жалпы қоғам өміріндегі орын алған әділетсіздік пен надандықты әшкерелеу, оларға қарсы күрес ашу мақсатын алға қойған. Бұл ретте "Қасқыр мен қозы" мысалының идеялық мәні ерекше.

Бұлаққа су ішуге келген Қозыны Қасқырұстапалып, оны жемек ойын айтады. "Кінәм не?" – деген Қозыға қорқау:

*Айтайын білгің келсе, Қозым саған -
Кінәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып, – дейді.*

Крыловта мысалдың айтпақ идеясы алғашқы шумақта-ақ айқындалса "У сильного всегда бессильный виноват", Ахмет аудару барысында мысалдың түп нұсқадағы көлемін 8 шумақ жаңадан 7

шумаққа көбейтіп, мұнымен де шектелмей, ойын түйіндейтін тағы да екі шумақ қосқан. Оның алғашқысында:

*Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып, –*

деп әуелі жалпылама түйін жасайды да, соңғы шумақтың идеялық салмағын мейлінше көтеріп, қорытынды ойын қоғам өмірімен тікелей жанастыра:

*Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі –
деп ашық та батыл білдіреді.*

"Қарға мен түлкі" мысалы қалың оқырманға Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев аудармалары арқылы жақсы таныс туынды. Түпнұсқада мысалдың көлемі небәрі 26 жол болса, Ыбырай аудармасының көлемі 28 жол, ал Абайда 47 жол болып ұлғайтылған. Ахмет аудармасында мысал көлемі 10 шумақта бұл 40 жол жеткізіліп, бұған қоса қорытындылаушы екі шумақ және қосылған, сөйтіп, мысалаудармасының көлемі түпнұсқадан екі есеге жуық көбейген. Бұл еркін аудармаға тән нәрсе. Ахмет аудармасының көркемдігі, сөз саптасы, баламалары көп ретте Абай тәржімасын еске түсіреді. Бұл, әрине, оны ақындық-аудармашылық шеберлігінің көрінісі.

*Тамаша қарағанға түрің қандай!
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды
Келісті қалай біткен және маңдай!*

Бұл – Ахмет аудармасы. Енді салыстыру үшін осы шумақтың Абай жасаған аудармасынан үзінді келтірейік:

*"Қарағым, не еткен сұлу ең!"
Деп таңырқап таңданды.
"Не еткен мойын, не еткен көз!"
Осыдан артық дейсің бе
Ертегі қылып айтқан сөз!"*

Байқап қарағанда екі аудармадағы үндестік-үйлестік айқын байқалып тұрған жоқ па!

Мысал соңына аудармашы өз жанынан қосқан екі шумақта түлкі мен қарға бейнесінің қандай адам типін танытатыны түйінделіп қана қоймай, қазақ тіршілігіменастастырыла, әлеуметтік ой-идея ұтымды, әрі өткір аңғартылады:

*Қарасақ көп адамдар түлкі боп жүр,
Залымдық, өтірік пен мүлкі боп жүр.
Солардың сұмдығына түсінбеген
Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі боп жүр.
Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,
Далада кең сахара көшіп-қонып.
Алдаған залымдардың тіліне еріп,
Жүрмесек жарар едік мазақ болып.*

"Қырық мысал" жоғарыда айтылғандай, 1909 жылы, яғни бірінші орыс төңкерісінен кейін жарық көрді. Бұл кездей соқтық емес. Кітаптың жалпы мазмұнынан, автордың аудармашылық мақсатынан орыс революциясының әсер-ықпалы, азаттық, прогресшіл идеялардың қазақ даласына кеңінен тарай бастағандығы айқын танылады. М. Әуезовтің бұл жинақты "Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі" деп жоғары бағалауының мәнісі де осында.

"Маса" жинағы

1911 жылы Орынборда жарық көрген "Маса" – Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы. Қазіргі өлшеммен қарағанда, көлемі шағындау бұл кітаптың XX ғасыр басындағы қазақтың қоғамдық өміріндегі үлкен әлеуметтік мәселелерді батыл көтеріп, өз дәуірі үшін елеулі мәнге ие болғаны, қазақ қауымы ортасында салиқалы ой туғызғаны белгілі.

Жинақтың мақсаты оның "Маса" аталуынан да танылады. Ақын кіріспе өлеңінде масанызыңмен елді енжарлығынан, жалқаулығы мен ұйқысынан оятуға септігі тиетін бейне етіп алады.

Кітаптағы өлеңдердің тақырыптық-идеялық мазмұнынан автордың ағартушылық көзқарасы да жақсы танылады. Халық тағдырына жаны күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі. "Қазақсалты", "Қазаққалпы", "Жиған-терген", "Жұртыма", т.б. өлеңдері - бұған дәлел. "Қазақ салты" өлеңінде ақын қазақ қауымының әртүрлі өкілдерінің мақсаты мен өмір-тіршілігін сын көзімен саралау келіп, "ұмтылып талап ойлап талпынбаған" елінің енжар, жайбасар халіне күйініш білдіреді. Елінің бұл халіне оқыған азамат ретінде өзін де кінәлі санай отырып өлең аяғын:

*Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға – мал, оқығанға шен мақсат боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан, -
деп азаматтық үлкен қиналыспен бітіреді.*

"Қазақ қалпы", "Жиған-терген" өлеңдерінен Абайәсері айқын сезіледі. Алғашқы өлеңінде:

*Бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік, –*

деп ақын ел бірлігінің жоқтығын Абай өз кезінде жаны күйзеле айтқан қазақтың алты бақан алауыздығынан көреді. Бұл - заман шындығының реалистік көрінісі.

"Жиған-терген" – "Сегіз аяқ" үлгісіндегі өлең. Өлеңнің лирикалық кейіпкері ел бірлігін, ынтымақ-берекесін көкसेген азамат ретінде танылады. Ол:

*Оқушым, ұқпай,
Осқырып, бұқпай,
Сабырмен байқа сөзімді!*

деп сөзін дүйім жұртқа арнай отырып, халық тағдыры, замана шындығы жайлы кеңінен толғанады, қазақ тіршілігі мен психологиясындағы жағымсыз әдет, жат құбылыстарды өткір сынға алады.

*Баяғы қалты,
Баяғы салты,
Бұл неткен жұрт ұйқышыл!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейғам, жым-жырт, жай, -*

деп күйінеді лирикалық кейіпкер. Бұл халқының болымсыздауда майда, ұйқыда, надандыққұшағында, бірліксіз-берекесіз өтіп жатқан есіл өмірі туралы автордың – Ахметтің де өкінішті сезімі, қиналған жан-күйінің шын көрінісі.

"Жұртыма" – сыншылдықой, халықтықмазмұнына – ғынан аталған өлеңдермен үндес, арнау үлгісінде жазылған туынды. Ақын мұнда халқының өмір-тіршілігі, мінез болмысындағы болымсыз әрекет, келеңсіз қылықтарды күйіне сынайды:

*Бірлік қытіс істеуге шорқақ, жұртым,
Табылса оңай олжа ортақ, жұртым,
Сияқты қара қарға шуылдаған,
Үрейсіз, қоян жүрек, қорқақ, жұртым.*

*Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді,
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.*

Өлеңұлы Абайдың "Қалыңелім, қазағым, қайран жұр – \\тым депалатынәйгілі туындысын еске түсіреді. Халқын, қалтқысыз сүйген Абай өлеңінде қалың елі – қазағының соры болған – алауыздық, мақтаншақтық, әкімгершілік секілді дерттерді ашына сынамайтын ба еді! Ахмет Байтұрсынұлы да сөзін халқына арнай отырып, оның бір – ліксіз, намыссыз, өнерсіз, өресіз қалпын ашына сынай келе, жұртын осы кесел-кемшіліктерден арылып, өнерлі, өрелі ел болуға үндейді. Бұл Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі әлеуметтік азаматтық сарын, халықтық мазмұн.

Ахмет Байтұрсынұлы "Қырық мысалымен" және "Маса" жинағымен Ы. Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтыңаудармашылық және ақындық дәстүрін осылай жалғастырып, қазақ әдебиетін өзінің творчестволық ізденістерімен байыта түсті. Ахметтің творчестволық тұлғасының қалыптасуына Ыбырай, Абай мектебі мен алдыңғы қатарлы реалистік орыс поэзиясының да әсер-ықпалы айтарлықтай болды. Жалпы А. Байтұрсынұлы творчествосы ХХ ғасыр басындағы демократтық әдебиетке тән дәстүрлі ағартушылық, сыншылдық сипатта қалыптасты.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы, .
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, ”Білім қоғамы”, 1991.
4. Байтұрсынов. А. – Әдебиет танытқыш.
5. С. Мақыпұлы, Т. Сыдықов. – Қазақ әдебиеті
6. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 9/2013
7. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
8. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 136 б.

ҒТАХР: 17.01

АЛАШ АЗАМАТЫНЫҢ ӨСИЕТІ

Шауерова М. Д., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Семей жоғары көп салалы колледжі, anara_150683@mail.ru

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А. Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр. Ғалым ресми түрде ақталғаннан кейін Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» атты ғылыми мақаласында: «А. Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. Қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» деп баға берді [7].

А. Байтұрсынов есімі «Алаш» партиясымен тығыз байланысты. Мықты ғалым, ақын, көсемсөздің шебері А.Байтұрсынов еңбектерінің жарты ғасырдан астам қараңғы қапаста жатып, жарық көрмеуі тіпті атын атауға қорқатындай жағдайға ұшырауы Алашорда өкіметімен байланысты болды. Алаш партиясы отарлық езгіге қарсы күрес жағдайында дүниеге келіп, жалпы ұлттық мүддеге қызмет етті. Ол кезде уақытша өкімет ұлттық мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз, әлсіз саяси билік болды. Қазақ халқының сауатсыздығы, жер мәселесінің шешілмеуі атты қазақ әскерлерінің, қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығы шегіне жетті. Елдегі осындай шиеленіскен жағдайлардан «Алаш» партиясы дүниеге келді. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашада шыққан санында «Алаш» партиясының іс жоспары жарияланған болатын, бұл жоспарды негізінен жасаған әрі қол қойған алты кісінің бірі – Ахмет Байтұрсынов болды. Онда ең әуелі Ресей өзінше демократиялық-федерациялық республика болуға тиіс деп жазылды, сол федерацияның бірі – өз билігі өзінде болатын Қазақ автономиясы болып белгіленген. Осы кездегі егеменді ел боламыз деп декларация қабылдап жатқанымыз – дәл осы өз билігі өзінде болатын қазақ автономиясы еді. Іс жоспардың мұнан кейінгі баптарында халыққа білім беру, мемлекеттен дінді бөлу, сот істерінің тәртібі, жер заңы, жұмысшы заңы, шаруа заңы, салық салу, келімсектерге тыйым салу және олардың қоныстануын жүйеге келтіру. Қазіргі кезде шеше алмай дал болып жүрген нәрселердің шешуін Алашорда өкіметінің көсемі Ахмет Байтұрсынұвтың осыдан 75 жыл бұрын шешіп қойғанына таң қалмасқа болмайды. Барлығы да қазіргі заманғы мемлекеттік тілге қойылған талаптарымен үндес.

Осы кезге дейін қазақ қоғамында орын алып келген ана тілін менсінбеушілік, жете бағаламаушылықтың түптамыры әріде жатқанын аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынов осы ұлы тамырдың тереңге жайылмауын, жас буынды шырмауының алдын алмақшы болып күресті. Уытты сөздерімен құрбандыққа айналып бара жатқан халқының санасына әсер етпекші болды. Бұл мақсатынан қашанда бас тартқан емес.

1920-жылдардың ортасына қарай бұрынғы «Алаш» партиясы өкілдеріне қысымшылық жасау күшейді. Елдің алдыңғы қатарлы адамдарына сталиндік зұлматтың бұлты үйіріле бастады. Осы жылдары Ахмет Байтұрсынов тек ғылыммен ғана айналысты.

А. Байтұрсыновтың әлеуметтік істеріне, шығармашылығына, дүниетанымын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. XX ғасыр басындағы халықтың ауыр күйі мен отаршылдық езгіге наразылықты ашына жыр еткен Ахмет болса, өзінің қызылшылдығына қарамай, кеңестік бұрмалаушылықтар мен ұлт тағдырын аяққа басуға ашық қарсылық айтқан, «жан ашуын» білдірген жалғыз Сәкен болды. Бұл оның күрескерлігінің бір саласы 20-жылдардың басында Орынбордағы қазақ коммунистері қол қойып, орталық партия Комитетінің хатшысы Е. Ярославскийдің атына жазылған «Оңтөрттің хаты» осының алғашқы мысалы. Сәкен ол кезде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы еді. Сәкен бастаған 14 коммунист Қазақстан автономия алғанымен, онда ұлт жағдайын көтерер ештеңе істелмей жатқанын, қазақ тілінде басылымдардың, кітаптардың жеткіліксіздігін, істің қазақша жүрмейтінін, қазақ мектептерін ашу қажеттігін, әкімшілік жүйеде орысшылдықтың басым екенін айтқан. Е. Ярославский ашуланып, оларға ұрысып мұның негізінде ұлтшылдық жатыр деп қорқытқанмен, іс жүзінде осы шараларға қозғау салды. 1924 жылы қазақ тілінің орыс тілімен бірге мемлекеттік тіл болып бекітілуі осының салдары болатын. Сәкен қазақша іс жүргізу туралы нұсқалар беріп, бұл тақырыпқа бірнеше мақала жазды. Қазақша газет-журналдар көбейіп, қазақша кітаптар шыға бастады. Қазақ мектептері ашылды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жылдығы тұсында Сәкен «Еңбекші қазақ» газетіне «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман- шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды» [2; 5]. Бұл Ақана берілген әділ де шыншыл баға еді.

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім – тәрбиелік маңызы ашылған.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», – деп жоғары бағалайды [1; 219].

Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», – деген Ақан сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [1; 220].

Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынов өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады. Мұның бәрі азаттық туын қазақ көсемсөзінде желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деген Абай дәстүрін тарихи сабақтастықпен дамытқан. XX ғасыр басындағы көсемсөз өзіндік ерекшелігімен жаңа бір қырынан танылды. Сол шоқтығы асқақ тұлғалар қатарында Ахмет Байтұрсынов жұлдызы биік болып қала бермек.

Қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, білім беру туралы ғылыми мәндегі жаңа теориялық көзқарасты туғызды. Қазақша оқытудың «ескі» және «жаңа» үлгісі туралы салыстырмалы пікірлердің айтылуы, ұлттық әдістемелік-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатта көрінуінің алғашқы белгісі болды.

Бағалаушылық мәндегі ой-пікірлердің айтылуы, ұлт өкілдерінің шығармаларының жариялануы мен жарық көруі, қазақты оқытудың әдістемелік сипаты жағынан сөз бола бастауы дайындық кезеңі үшін маңызы зор болды. Себебі олар ұлттық педагогикалық-тарихи, әдістемелік-теориялық бағыттағы ойлау жүйесінің нақты көрінуін, жаңаша теориялық ұғымдар мен көзқарастың жинақтала бастауын, ғылыми-зерттеушілік, таным филологиялық білімдер бағытында өзіндік ерекшелікпен дами

бастағанын дәлелдейді. Сондықтан ұлттық педагогиканың туу дәуіріне қадам басуға дейінгі ғылыми ізденістер мен барлаулардың өсу дәрежесін байқататын мәнді бір бастаулары бола білді деп бағалау керек. Олай болса бұл ізденістердің барлығы да Ахаңның «Қазақ» газетін шығаруына өз жәрдемін тигізбеді дей алмаймыз.

Сонымен қатар баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жаңаша сипат алуға ұмтылған оқыту қажеттігін тудырды, ол педагогиканың дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Білім беру ісі өркен жайып, әдістемелік түрлері дамыды, жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Баспасөзде фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай оқыту саласы да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың алғашқы 20 жылы ішінде 500-ге тарта кітап жарық көрді. Олардың ішінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, қиссалар, әдеби жинақтар, әліппелер мен оқу құралдары, сол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармалары т.б. бар. Классикалық мұрадан Әбу Әли Ибн Сина, Қожа Ахмет Йассауи, Шортанбай, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Д. Бабатайұлы, М. Мөңкеұлы шығармалары кітап болып жарық көрді.

«Қазақ» газеті оқулықтар, өлең кітаптар, қазақ тілінің тазалығы, басылып шыққан халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы рецензия мен сыни мақалаларды көп жариялау арқылы ой-пікірді толықтыра түсті. Бұл тұрғыда айрықша көңіл аударатын бір мәселе – қазақ тіліндегі оқулықтарға деген талап-тілектің күшеюі. А.В. Луначарскийдің «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл біліміне арналған оқулықтардың өзі сыншылдық-ғылымдық ой-пікірмен сабақтасып жатады» деген пікіріне сүйенсек, М. Нұрбаевтың «Қазақша әліппе», «Ғалия» медресесі шәкірттері шығарған «Әліппе яки төте оқу», Қ. Қожықовтың «Әліппе», М. Кәшімовтің «Ақыл кітабы» (1903), «Әдеп», «Үгіт» (1907), М. Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1910), А. Байтұрсыновтың «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), М. Дибердиевтің «Қазақ балаларына қирает кітабы» (1910), А. Андамасовтың «Қазақша оқу кітабы» (1912), Т. Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), С. Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тілін үйрену үшін букварьлар, оқулықтар, сөздіктердің шығуы құптарлық құбылыс болды. Сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде болып балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы. Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды.

Біз тарихтан тағылым ала отырып, осы мақала барысында А. Байтұрсынұлының көсемсөзін бүгінгі тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастыруға тырыстық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ақаң – қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 136-б.
4. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 17-б.
5. Дулатов М. Шығармалар. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
6. Дулатов М. Тіл-құрал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 267-б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері, 1989. – № 4. – 8-б.

ҰЛТ ЫРЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Қудайбергенова Б.М., тарих пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «А. Ибраев атындағы ЖОББМ» КММ malikovna.74@mail.ru

XX ғасырдың реформатор ғалымы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл толып отыр. «Халқымыздың ар-иманы атанған ардагер Ахаң» деп танымал ғалым Сейітбек Нұрханов баға берген ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлғаның шыр етіп дүниеге келген жері Ақкөл, Сартүбекпен байланысты. Тарихқа аз-кем шегініс жасайтын болсақ, Ақкөл тарих таразысынан өткен талай тарихи оқиғаның куәсіндей еді. 1885 жылы Қарғалы байланыс бекетінде өтіп жатқан болыс сайлауында уезд бастығы Яковлев арнайы қатысады. Сайлаудың әділ өтуін талап еткен Шошақұлы Байтұрсын шыбыртқымен мойнынан орап уезд бастығын аттан ұшып түсіреді. Бұл бүкіл халықты таңқалдырған оқиға болғанымен, арты бірнеше адамның 17 жылға Сібірге жер аударылуымен аяқталады. Сотта орыс тілін білмегендіктен, кінәсіздігін дәлелдей алмаған әкесі баласына орыс тілін біл, оқуын оқы деп аманаттап кетіпті. Өсе келе Ахмет Байтұрсынұлы :

«Оқ тиіп он үшімде , ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...
Адамнан туып, адамның ісін етпей,

Ұялмай не бетіммен көрге барам?! – деп жазады. Бала кезінен әділетсіздіктің куәсі болып, жүрегі жараланған ұлт ұстазы өлеңіндегі осы сөзін өмірлік қағида етіп ұстанды. Бұл-бағдарламалық өлең. Осы оқиғадан патша үкіметінің отарлық тәртібіне түскен сызатты байқауға болады. Оның жаңғырығы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесіндегі петициямен жалғасты.

Ахмет Байтұрсынұлы – отаршылдыққа қарсы күрестің бастаушыларының бірі болды. Патша үкіметі қазақ жерін Ресейге қосып алу саясатын жүзеге асыра бастады. 1905 жылы Қарқаралыда жергілікті басқару әкімшілігінің қазақтарға жасап отырған қиянатын айтып петиция жазуға келіседі. Петицияға сол кездегі қазақ оқығандары, қарапайым халық 14500 адам қол қойған. Онда қазақ халқына білім беру, жергілікті басқару, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару, баспахана ашу мәселелері көтерілген. Әсіресе, қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілген. Араға ширек ғасыр салып болған екі оқиғаның кейіпкерлері әрекеттерінде ұқсастық, жалғастық байқалады. 1885 жылы жанжалда Байтұрсын жүрсе, 1905 жылы Ахмет жүр. Әкесі Сібір каторғасында 17 жыл жүрсе, баласы 1909 жылы Қарқаралы түрмесіне, артынан Семей түрмесіне қамалып, Орынборға жер аударылды. Бұл ұрпақтар сабақтастығы.

Ал, 1904 жылы Ресей Думасына қазақтар тарапынан сайланған депутат болуын армандап содан халыққа бір жеңілдік болар деген үмітпен қараған А. Байтұрсынұлы еді. Сөзімізге айғақ үшін С. Сейфуллиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 19 қаңтардағы жарияланған мақаласынан үзінді келтіруге болады: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді». 1913 жылдан бастап «Қазақ» апталық газетін ұйымдастырып, осы газет арқылы саяси үгіт-насихатқа өзі жетекшілік етіп, айналасына қазақ зиялыларын топтастыра білді. Газет «халықтың көзі, құлағы, тіліне» айналды. Бұған дейін халқын оятамын деп «Қырық мысалын» жазып, ызындап, елдің қалың ұйқысын сейілтейін деп «Масасын» ұшырса, өз кезегімен «Қазақ» газетінің дүниеге келуі халқының әлеуметтік-саяси, рухани өмірінде орасан зор, аса елеулі оқиға болғаны шындық еді. «Алаш» қозғалысының рухани көсемі, көрнекті басшыларының бірі, Алаш ой-пікірін насихаттаушы-теоретигі және оны іске асырушы – тәжірибешісі ретінде тарих сахнасына шықты. Алаш партиясын құрушылардың саяси әзірлігі жеткілікті болған. Елдегі, Ресейдегі хал-ахуалды зерттеп, ой-елегінен өткізіп, әр оқиғаға баға беріп отырғаны газет бетіндегі мақалалардан айқын көрінеді. Алашорда өкіметі құрамы бекітілгенде А. Байтұрсынұлы оқу-ағарту комиссиясының төрағасы болып сайланды. 1919 жылға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облыстық бөлімінің мүшесі болды.

1919 жылы наурыз айында Алашорда үкіметінің атынан Мәскеуге келіссөзге аттанды. Шілде айында РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Қазревком мүшесі ретінде Қостанай уезін Челябинск облысына қосуға болмайтындығын, Қостанайды Қазақстанға қайтару керектігін талап етті. Тарихтан белгілі, А. Байтұрсынұлы большевиктердің ұйымдастыруымен жасалған Қазан төңкерісіне оң қарамады. Оны қазақ халқының табиғатына сай келмейтін оқиға деп таныды. Пролетариат диктатурасы ұғымы біз үшін жат, елді аздырады, өйткені ол енді-енді ұйысып келе жатқан ұлтты бай мен кедей қылып екі жікке

бөледі, елдің ынтымағы кетеді, бір туған бауыр бір-бірімен жауласады, тапқа бөлінеді деп, осы бір сырттан келген идеологияның негізгі мақсатын анық аңғарған еді.

Ұлт мүддесіне сай, ұлттық нақыштағы Алашорда үкіметін құруды ұсынғандығы сондықтан еді. Өз ойын В.И. Лениннің алдына барып дәлелдеп шықты. Ленин үшін Алаш қайраткерлері ұсынған жол қауіпті еді. Өйткені Ресейдің империалистік саясатына қайшы келіп Қазақстан сияқты аз ұлттардың өз алдына бөлініп кетуіне мүмкіндік беретін еді.

Бағдарламада жазылғанындай, «Россия – демократическая федеративная республика болады. Демократия мағынасы- құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді». Болашақ қазақ мемлекетінің қалай болу керектігі туралы тұжырымдардың дұрыстығын өмір көрсетті. Алаш қайраткерлері ұсынған жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін ескерген, сол кезеңдегі нақты жағдайда бірден-бір мүмкін, салт-дәстүрді эволюциялық жолмен жетілдірудің жолы еді.

Шынында да, А. Байтұрсынов ескерткендей өмірдің өзі дәлелдегендей, маркстік-лениндік интернационализм қазақ халқын ұлттық әлеуметтік, рухани желіден ағытып, қарама-қарсы екі тапқа бөлді, оның ең зиялы да жасампаз ұлтжанды бөлігін таптық идеологиямен санасы уланған екінші таптың табанымен таптап, көзін жойды. Ағайынды, бауырды өзара қантөгіске итермелеген пролетарлық интернационализм қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне кедергі жасады, ұлттық рухани дүниеге кінәрат түсірді, қазақ жастарының санасына мәңгірттік уын құйды. Сөйтіп, ұлтжандылықты ұлтшылдық деп, ұлттық мемлекеттік тәуелсіздікті сепаратизм деп ұлттық тарихи сананы құрдымға салды. Қазақ автономиясын құру және шекаралардың құқықтық мәртебесін анықтау үшін Мәскеумен келіссөздер жүргізді. Қазіргі шекарамыз сол кезеңдегі саяси қайраткерлердің келісімдері негізінде бөлінгені белгілі. Мектеп баспасынан 2019 жылы Қ.С. Өскембаевтың т.б авторлардың басшылығымен шыққан Қазақстан тарихы оқулығында ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер, Ұлттық саяси баспасөздің дамуы, Алаш партиясының құрылуы, Қазақ халқының саяси көшбасшылары, Кеңестік билік органдарының Алашорда үкіметімен қарым-қатынасы, Қазақ АКСР-ның құрылуы, Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы сияқты тақырыптардың бәрінде Ахмет Байтұрсынұлының елге жасаған еңбегі жан-жақты ашылады.

Ағартушы мерейтойына арнап мектебімізде ғылыми конференция, атаулы көрме, тәрбие сағаттары өтті. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы санында былай делініпті: «Газеттің 80-ші санында жаңа закон жобасы туралы жазылған бас мақала үшін Оренбург губерниясының бас начальнигі шығарушыға мың жарым сом штраф төлеу немесе үш ай абақтыға қамауға үкім етеді. Шығарушы Ахмет Байтұрсынов газетаға мың жарым сом төлеу ауыр болатынан ойлап, 3 ай отыруға риза болғаннан кейін 20 октябрьде кешкі сағат 10-да полиция абақтыға отырғызды» дейді. Газетті сақтап қалу үшін Ахаң өзі барып түрмеге отырған екен. Міне, бұлар Алаш жолы, Алаш үлгісі. Қазақтың көрнекті демократ қаламгері, ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлы:

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын,
Кешегі қара түнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі Шолпан, бірі Айым,
Солардан басқа кеше кім бар еді,

Қазақ үшін шам қылған жүрек майын» деп бекер жырлаған жоқ.

«Алаш идеясы-ұлттық мемлекет құруды, жер асты, жер үсті байлықтың халыққа қызмет етуін, қазақ жерінде өндірілген бір уыс жүн халықтың үстіне тоқыма болып киілуін, қазақ тілінің мәртебесінің үстем болуын, ұлттық дәстүрдегі Жапония үлгісіндегі мемлекет құруды ұсынған болатын» - деп алаштанушы М. Қойгелдиев атап көрсеткен болатын.

Ел болу үшін, қатарға қосылу үшін қазаққа алдымен білім керектігін қатты ескертті. «Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек». Осы жолдар Қостанайда 2000 жылы ашылған ғалым ескерткішіне жазылды. Елін сүйген нағыз ердің сөзі осы. Олжалы жерде үлестен, ордалы жерде орыннан, жоралы жерде жолдан қалмаған Ахмет Байтұрсынұлы ғаламдық ойшылдар қатарынан орын алғанына бүгінде ЮНЕСКО аясында мерейтойы аталып өтіп жатқанынан байқауға болады. Бүгінгі Тәуелсіздігіміз – сол ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлт үшін жасаған қалтқысыз еңбектері мен олардың жеке бастарын құрбандыққа шалу арқылы келген Тәуелсіздік.

Ұлтына жасаған ұлы істерінің ілтипатын өздері көре алмаған, бірақ ұлтын шексіз сүйгендіктен, оның жолында құрбан болған Алаш арыстарының рухына қанша тағзым жасасақ та көптік етпейді.

Жаны жайсаң, ұлтқа, өркениетке сіңірген еңбегі телегей теңіз Ахмет Байтұрсынов тұғыры ұлылық тұғыры болып халық жадында мәңгі сақталады.

Әдебиеттер

1. Алаш айнасы газеті № 155 Р. Имаханбет «Ахметтануға жаңаша көзқарас қажет» 05.09.2012 ж.
2. Егемен Қазақстан газеті С. Қозыбаев «Егіз өрім» 01.02.2013 ж.
3. Ана тілі газеті № 37 А. Байтұрсынұлы «Қалам қайраткерлері жайынан» 6-12.09.2018 ж.
4. Егемен Қазақстан газеті Б.Бейсенғалиев «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері-жөн сілтейтін нұсқаулық. 05.09.2022 ж
5. Егемен Қазақстан газеті Е. Маралбек «Көзайым көріністер» 13.09.2022.
6. Егемен Қазақстан газеті Б.Қайратұлы «Алаш жолы-жанкештілік пен жасампаздық үлгісі» 19.09.2022 ж.
7. З. Алдамжар Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002
8. А. Байтұрсынов Әдебиет танытқыш – Алматы.: Атамұра, 2003.
9. Т.Қ. Шаңбай Аманаты Алаштың – Алматы «Сардар» баспа үйі, 2018.

ҒТАХР: 16.01

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫ КӨШІНІҢ РУХАНИ БАСШЫСЫ

Нургожанова А. С., арнайы пән оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, КМҚК «Құрылыс колледжі»,
kurmangalieva.zhazira@bk.ru

«Өнер алды-қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен. Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліпби осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқталмаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аудауып өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап көш артында қалып қоймауға себепші болған.

Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болады. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гаухардай асыл сөздері мен тәлім-тәрбиеге толы адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек нұсқау болатын түзу жол емес пе!? Қазақ тілін әсем әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды. Ахмет – қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі-қазіргі заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редактор болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын қазақ тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар

жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегинциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі жылдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы-ағартушылық идеясы болды. Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген оның туған халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз-бәрі надандық кесапаты».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен бірге қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізінде қазақтың мәдени дүниесіне көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегинциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды сол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалауындағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен. Бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынұлы жазуы» дүниеге келген екінші сол жазумен сауат аштыруды ойлаған бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағызыдан тауып оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде айтылған болатын. Ғалым өз қолымен жазылған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) былай деді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен:

екіншіден, қазақ алфавитін (штрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен: үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан ,басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен: ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса,қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып , жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болды. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы,олардың қиындықтарын айта келіп ,автор өзінің оқыту әдісін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пәкәрлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп,ой жүгіртіп көріңіз: «Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді:1). Түбіршек тіл, 2). жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі». Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ

«Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол. Әр тілдің айтылуында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды» – деп, жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтажығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, тағы басқа жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы

әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Байтұрсынұлы туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М. Баталов пен Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Байтұрсынұлының қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология А. Байтұрсынұлының есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сынаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н. Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліпшесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсынұлының есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтілді.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орынын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол – «Еңбекші Қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша, арам қулықты атаман шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жырлап, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт – намысын жырлап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз – ақ Ахмет еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахан еді», – деп айтқан еді.

Бұдан кейінгі уақыттарда, «байтал түгел бас қайғы» дейтін күндер мен зұлмат жылдар туған шақта А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдап тарихтағы орнын көрсетпек түгел, атын атаудың өзі-қылмыс, азамат басын жұтатын абақтыға апарар жолға айналды. Бірақ сонда да ескі газет-журналдарды, архивтерді ақтарған көне кітаптарды оқыған сұңғыла жандар алдынан тұтас тау сілеміндей болып А. Байтұрсынұлы мұрасы шығар еді. Көзі қарықты, қайрат-жігерінен, азаттығынан айырылмаған аға буынның кейбір есті өкілдері, кейде оңашада, алды-артына бір қарап қойып «Ақаң былай деген ғой» деп суырыла жөнелер еді.

Ақаңның тарихи мұраларына тоқтала кетсек мынадай мән-жайларға ие боламыз. Қалайда халықты ояту, сезіміне әсер ету жылдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақорыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, дәл аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиялы-жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға әсер ету мақсатымен аудармалар бастыра бастады.

А. Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс. Ахмет Байтұрсынұлы-тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдыз.

Әдебиеттер

1. «Егеменді Қазақстан» газеті. 2003 ж. 28 қаңтар .Д.Ысқақұлы «Ел – бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін»
2. Н.Ермекқалиев «Ақындар».
3. Г.Қайыржанова «Әдебиет»
4. www. q-qljbal.aef.kz.Қазақстанның ресми сайты.
5. Айбын.Энциклопедия / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
6. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ, АҒАРТУШЫ

Кошкимбаева С.С., арнайы пән оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, КМҚК «Құрылыс колледжі»,
kurmangalieva.zhazira@bk.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Ұлт тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасақ құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да Ахмет! Жиырмамыншы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «қазақтың Ахаңы» деп дәріптеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің коммунистік партиясы «бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988-жылы қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады». Он бес республиканы ұршықша иірген Кеңес Одағы соңыра қоғаммен қош айтысуға мұршасы келмей, өзі келмеске кетті... «Дүние – кезек» деген осы болар, сірә!

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі [Ерғазы] Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға түс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынов 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-тері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И. Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсыновтың алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С.Я. Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне аландаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми

тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми- зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеум. мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқитудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тілі білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-

тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М. Баталов пен М.С. Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н. Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласында республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсынұлының мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Әдебиеттер

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным № 2, 2012. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп № 7-8., 1933. – 35 б.
2. Қ. Жұбановтың жеке папкісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 81-қор, 3-тізбе, 68-ісі 103-105 п/п.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б., Б. 227-248.
4. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912. – 40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б., Б. 160-166.
5. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтурсиновская) орфография // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. Вып.7. – Ташкент, 1924. – С. 35-43.
6. Казакский (Байтурсинов) алфавит // Литературная энциклопедия. – Москва, 1931. – С. 23.

ҒТАХР:17.81.99

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Төлеубекова С.Р., 11-сынып оқушысы

Жетекшісі: Г.М.Сыдықова

«Түркісіб жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

sh_turksib@mail.ru

Оқу ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азматтық борышының негізі тіреуі болды. Ахмет Байтұрсынұлын сонау ғасырдың алдыңғы он жылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстаған бір – қаруы ағартушылық ойы болды. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы бүкіл өмір жолында қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту, ол халықты жаппай сауаттандыру оқыту керек екенін айтып, насихаттап, сол мақсатына жету үшін талмай еңбек еткен. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізі қаланды. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оқу әдістемелік құралдар. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйенің элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетіп кеткен. Менің осы жобаны зерттеу мақсатым Ахмет Байтұрсынұлының мұраларын зерттей келе бастауыш мектептерге арналған әдіс – тәсілдерді қарастыру.

Бір ғасыр бұрын өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы жалпақ қазаққа жар салады: «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы» («Қазақ» газеті, 1914, № 61, 9 май).

Бұрынғы қазақ мектебі, дала төсіндегі оқу-ағарту жай-күйі дегенде ойымызға тиянақты ештеңе келе қоймайды. Әрі кетсе, «революцияға дейін қазақтың екі-ақ пайызы сауатты болған» деген жаттанды цифр-цитата, болмаса бала оқытқанда қолынан таяғы түспейтін надандау молда бейнесі көз алдымызға келеді. Көшпелі қазақ қоғамындағы мектебі жайындағы орыс мұрағаттарындағы алғашқы деректер ХІХ ғасырдың екінші жартысына сілтейді. Яғни 1850-ші жылдардан бергі қырдағы оқу туралы там-тұмдап біле бастаймыз. Жалпы қазақта өткен ғасырларда тәртіпті бастауыш мектеп екі түрлі болған: бірі – «мақтап» (яғни, мектеп), екіншісі – «үшкөш» (яғни, школа). Ахмет Байтұрсынұлы: «Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған сон, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз» – деп жазады. Тәжірибелі мұғалім, педучилищені басқарып отырған ұстаздардың ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ғасыр басында-ақ қазаққа керек бастауыш мектептің жөн-жобасын ойластырып, құрылымын айқындап берген. Оның ойынша ұнамды бастауыш мектеп мынау;

– Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жыл боларға Әуелгі үш жылда балалар кілен қазақша оқуы керек. Сонғы екі жылла кілен орысша оқу керек [Бұл арада Ресей кол астындағы казак камы жатканын ескеру керек.Ә.Ғ.]

Қазақ бастауыш мектебі екі түрлі болады: Қала болған жерлерде [отырықшы қазақтар. – Ә.Ғ.]. кыстауы жиын жерлерде келіп окитын мектептер.

– Сирек-сирек отырған жерлерде жатып окитын мектептер [интернат үлгісіндегі болса керек. – Ә.Ғ.]. Сондай-ақ, болашақ бастауыш казак мектебі кыр мектебі және қала мектебі болып ажыратылады. Кыр мектебінің өзі ауыл мектебі және болыс мектебі деп бөлінеді. – Ауыл мектебі кілең қазақ тілінде оқылатын үш жылдық. – Болыс мектебінде кілең орысша оқылатын екі жыл. – Болыс мектебіне ауыл мектептерін бітіргендер алынады.

– Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық және бес жылдық оқулы болады. Одан әрі ағартушы «бастауыш мектепте кілен қазақ тілінде үйретілетін нәрселер» деп мыналарды атайды: - оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп және жаратылыс жайы. Бұл пәндер, сірә, сол заманның ең басты үйретілер білім бастаулары болса керек. Көріп отырғанымыздай, Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш мектептің өзінде (бүгінгіше ұғынсақ) ұлт тарихы, шаруа-кәсіпті оқытуды ұсынады. Сонымен бірге ол бастауыш мектептің кілен орысша оқитын екі жылындағы білім аясы гимназияның не реальный [кәсіби – Ә.Ғ.] мектептердің төменгі кластарына түсіп, жалғастыруға жарамды болуы керек дейді, Оған, әрине, бастауыш мектепте оқылатын шаруа-кәсіп пен жаратылыс жайы [табиғат тану – Ә.Ғ.]

көмек болары сөзсіз. Осындай жөн-жоба түзген Ахмет Байтұрсынұлы «бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды» деп түйіндейді.

Торғайдан ұшқан қыр қарлығашы Ахмет Байтұрсынұлы қазаққа тұңғыш «Әліппе» сыйлады, тіл табиғатын жанаша танып, төл жазуымызға реформа жасады, қазақтың бағына туған «Қазақ» газетін жарыққа шығарды. Орынбордағы Мұғалімдер семинариясын мемлекет қаржысына бітірген ұстаз алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндетті болатын. Ахмет Байтұрсынұлы 1895-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің шалғай ауылдағы мектептерінде мұғалім болды. 1901-1909 жылдары Карқаралы екі кластық училищесін басқарып, енді өзі мектептерге мұғалім кадрларын дайындады. Қандай да бір оқу – құралсыз болмайды. А. Байтұрсынұлының ұстаздық қылған жылдарындағы тәртіпті мектептерде барша пән орысша оқытылатын. Бірақ сол нан тауып жерлік орысшаңның өзін амалсыз қазақ/татар тілінде меңгерместен басқа жол жоқ. Орыс тілінде сауат ашар кітаптар жетіп артылады: Н.Ф. Бунаковтың «Буквары», К.Д. Ушинскийдің талай басылым көрген «Родное слово» оқулығы, «В школе и доме» хрестоматиясы, т.б. Әрине, алғашқы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению русскому языку», миссионер И.И. Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоте для казахов» кітаптары мен алғашқы орыс-қазақ сөздіктері пайдалануда болды.

Орынборға жер ауып келген ұстаз бірінші кезекте кітап бастыру, газет шығарумен шұғылданады. Әрине, ұлт қажетінің мыңнан бірі жоқ қазақ үшін бұл оңайлыққа түспейді. «Қырық мысалды» әупірімдеп 1909 жылы Петерборда, 1913 жылы Қазаннан бастырса, «Маса» 1911 жылы Орынборда, 1914 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Ал 1905 жылы басталған ұлы майданның

нәтижесінде 1913 жылдың 2 ақпанында ғана татар ағайындардың білек күшімен «Қазақ» газеті дүниеге келді.

1912 жылы Орынбор қаласында жарық көрген тұңғыш қазақ «Әліппесі» – Ахмет Байтұрсынұлының араб хәрпімен жарық көрген «Оқу құралы». Оның толық аты-жөні – Оқу құралы. Бірінші кітап. Орынбор, 1912 (40бет). Бұл жердегі «усул сотие» – жаңа әдістеме деген мағынаны білдіреді.

Бұл алғашқы төл «Әліппенің» басты озықтығы мен жетістігін бір ауыз сөзбен баяндар болсақ, араб әліпбиіндегі 28 хәріпті қазақшаға бейімдеу, әр дыбысқа жеке-жеке таңба алу. Қазақ сөздерінде қолданылмайтын, тек араб тіліне тән хәріптерден бас тарту. Қазақтың жіңішке төл дыбыстарын таңбалағанда «дәйекше»-ні қолданып, үлкен үнем жасау. Тілді оқыту мен меңгертуге катысты терминдерді ойлап тауып, ат тағу. А. Байтұрсынұлының көптің де Құраннан, мұсылманшылықтан қол үзбеуін ойласа керек, іле-шала жаңа «Әліпбиін» жарыққа шығарады. Ол – оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін хәм оқуға төселту үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас.

- Екінші басылуы. Орынбор, 1914, 96 бет,
- Үшінші басылуы. Орынбор, 1916, 98 бет.
- Төртінші басылуы. Ташкент, 1922, 95 бет.
- Алтыншы басылуы. Орынбор, 1923, 72 бет.
- Жетінші басылуы. Орынбор, 1925, 72 бет.

Сауатсыздықпен аяусыз күрес жүргізген совет үкіметі де А. Байтұрсынұлының «Әліппесінен» қашып құтыла алмады. Ол енді «Сауат ашқыш». Дыбыс жолымен тәртіптелген казакша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. Орынбор, 1924» (114 бет) деп аталды. Бұл үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» түрлі суреттерімен толықтырылып 1926 жылы Семейде (83 бет) қайта басылса, бұдан кейін «Әліпби. Жаңа құрал» деген атпен 1927 жылы Қызылорда – Ташкентте (116 бет), 1928 жылы Қызылордада (116 бет), соңғы рет 1936 жылы тағы да астана Қызылордада басылып шықты.

«Әліппелер» мен «Сауат ашқыштар» (үлкендер үшін) сыртында ағартушы көптеген әдістемелік құралдар жазып, «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» кітаптарын шығарған.

А. Байтұрсынұлының жазған-сызған, баспа бетін көрген жарияланымдарына сүйене отырып, оның тұтас филологиялық (тіл мен әдебиет) ілімінің эволюциясы хақында төмендегідей сатылы жүйе түзуге болады:

– Дәстүрлі араб әліпбиіндегі көптеген таңбалардың басы артық екенін сезінуі. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін (фонетикасын) ден қойып зерттеуі.

– Қазақ тіліндегі үндестік заңдылығын (сингармонизм) танып-білуі. «Бір дыбыс – бір таңба» немесе керісінше «бір таңба – бір дыбыс» принципіне тоқталуы.

– Қазақ әліпбиін (алфавитін) жаңаша түзуі.

– «Дәйекше» таңбасын ойлап табуы.

– Жаңа оқу әдісі (усул сотие) жолымен тәртіп етілген тұңғыш қазақша «Әліппе» – «Оқу құралын» жазуы.

– «Оқу құралының» «Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын хәріптерді үйрету үшін» «Әліппеге» жалғас екінші кітабын жарыққа шығаруы.

– Үлкендер үшін төте жазулы «Сауат ашқышты» дайындауы.

Қазақ мектебінің мұғалімдері үшін қосымша «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы», «Оқу құралы» (Хрестоматия. Т. Шонановпен бірге, үш басылым көрген) сынды әдістемелі құралдар құрастырғаны.

– «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын (Фонетика, Морфология және Синтаксис) қазақ грамматикасын түзуі.

– «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты қазақ әдебиеттануы мен фольклоры бойынша оқулық жазып, бастыруы.

Мұхтар Әуезов ғасыр басында: «Ахаң соңғы жылдары уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып кылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған... Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахан салған әдебиеттегі елшілдік ұран ... өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп заманауи бағасын берген.

Қорыпындылай келе қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы ұстаздың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз. Қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның мәні – ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-

дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде.

А. Байтұрсынұлының Халелдің қазақ мектептері үшін жазған оқулықтары, Жүсіпбектің ұлттық тәрбие туралы құнды психологиялық пікірлері, Мағжанның педагогикадан тұңғыш ұлттық оқулық жазуы – мұның барлығы мектеп, мұғалім, тәрбие мен оқу мәселелерінің қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатындығын, оның еш уақытта мәні мен маңызын жоймайтын қоғамдық проблема екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. ХХІ ғасырдағы Алаштың ақ жолы./Құраст. Амантай ШӘРІП, Жанұзақ ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ. – Алматы: «ARNA – B» баспасы, 2022. – 161-180 б.
2. Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық қызметі.- https://www.yaneuch.ru/cat_09/ahmet-bajtrsynovty-pedagogikaly-yzmet/104386.1596789.page2.html
3. Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық қызметі. https://all.aikyn.kz/kurstyq_zhumystar/%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%
4. Заманауи педагогика және А.Байтұрсынов https://ust.kz/word/zamanayi_pedagogika_jane_abaitursynov-38441.html
5. Мұқанұлы Сәбит. Классикалық зерттеулер 7-том. – Алматы, 2012.

ҒТАХР: 16.01

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-САНАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОРНЫ

Курманғалиева Ж.М., шетел тілі пән оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, КМҚК «Кұрылыс колледжі»,
kurmangalieva.zhazira@bk.ru

Ахметтің ұлы бабасы – Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі – Арғын.

А. Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы М. Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын» деген мәлімет береді. Ахмет Байтұрсынов 1886 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891 жылы бітіреді. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі.

1896-1901 ж.ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. 1902-1904 ж.ж. Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқара жүріп, бұратана ұлтының санасын ояту мақсатында И. Қрыловтың мысалдарын аударды.

1905 жылы қазақ оқығандарымен бірге Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, тарихта белгілі Қарқаралы құзырхатын (петициясын) жазады. 1905-1908 ж.ж. Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі болып, екі міндетті қатар атқарады. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. 1910 жылы 9-наурызда Орынборға жер аударылады.

1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады.

1912 жылы Қазақ әліпбиін (төте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйзіман мырзаға», «Қазақ хәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады.

1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы».

«Қазақ» газетінің дәл сол кездегі тарихи мәнін Ахмет Байтұрсынов осы басылымның бірінші нөмірінде былай деп көрсетті:

«Әуелі, газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ.

Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші.

Төртінші, газет халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», деген тұжырым арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді.

«Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды.

Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. Бұл – үшінші рет қамалуы .

1918-1919 ж.ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады.

1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды .

І-ші жалпы қазақтың съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ахаңдай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті .

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру

ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді. Шын мәнінде, Аханның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Аханның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік».

Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының ролін көтеру және қазақ елін ұлтық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В. Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», – дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді .

Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов тағы да Т. Рысқұлов, Н. Ходжаев, З. Валидов, Ә. Ермаков, Х. Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В. Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді .

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады.

1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады.

1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады.

1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады.

1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады.

1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды.

1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды.

1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н. Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заклучение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады.

Өкінішке орай, И. Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф. Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл. – тәж. конф. Материалдары. Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013. – 382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан, 1997 ж. 5 желтоқсан. – 3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. – Алматы «Ататек», 1995. – 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. – 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

МРНТИ: 00.03

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ПРОСВЕТИТЕЛЬ – ПЕДАГОГ

Ракашева К.С., учитель начальных классов

Республика Казахстан, г. Семей, КГУ СОШ №27, rops.rewq66@list.ru

Ахмет Байтұрсынов – учёный, тюрколог, поэт, переводчик, педагог, публицист, общественный деятель. В своё время он стал жертвой несправедливости, сталинских репрессий, более полувека не достаивался упоминания, его имя не занимало достойного места в истории Казахстана. Лишь сейчас, в условиях перемен, когда устраняются «белые» пятна в истории, народу возвращены имена таких его деятелей, как Шакарим Кудайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жусупбек Аймауытов, Мыржақып Дулатов. А. Байтұрсынов родился 28 января 1873 года в урочище Сартюбек Тургайского уезда в семье простого крестьянина.

С именем А. Байтұрсынова связано развитие инновационных педагогических идей в Казахстане в 20-е годы. Роль педагогической прессы, проблемы начальной школы, системы высшего образования, совершенствование содержания, форм и методов обучения, духовно-эстетическое воспитание подрастающего поколения – это не полный перечень проблем, рассматриваемых А. Байтұрсыновым. Он призывает к созданию свободной школы, школы обучения на родном языке, достойной воспитать настоящего гражданина своего отечества. В статье "Обучение по-казахски" Байтұрсынов пишет, что "улучшение жизни народа надо начинать именно с дела обучения детей, ибо власть, управление, народ исправляется только образованием". Как предостережение для потомков, звучат его слова: "Каким бы богатством ни обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдёт в руки более цивилизованных народов". Педагогическая деятельность А.Б. начинается с 1895 года. В период с 1895 по 1909-й год он учительствует в аульных, волостных и двухклассных училищах в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах.

К тем ранним временам относятся стихи, которым он дал название «Сеятель разума». Ахмет Байтұрсынов был одним из первых просветителей Казахстана, которые осознали, что просвещение, образование принесет ощутимую пользу народу лишь в условиях свободы, общественных перемен. Он нередко выступал с разоблачением произвола местных управителей и колониальной политики царского самодержавия.

Ахмет Байтұрсынов стал одним из тех, кто оказал громадное влияние на формирование литературоведения казахского народа. Многогранный талант литератора позволил казаху успешно создавать поэзию, писать публицистические произведения, переводить на казахский язык русские сказки.

Статья "Главный казахский поэт" – одна из первых исследовательских работ Байтұрсынова в области национального литературоведения. В ней рассматриваются историческая миссия Абая, самобытность и духовное богатство наследия поэта, раскрывается значение его произведений. Исследования и научные выводы Байтұрсынова о художественном мастерстве Абая нашли свое отражение и развитие в казахском литературоведении. "Әдебиет танытқыш" (1926) – первый фундамент научно-теоретического труда на казахском языке, в котором дано точное определение истории, теории и критики литературы, методологии, приведена в систему казахская литературоведческая наука. В национальном литературоведении Байтұрсынов сформулировал новые понятия, термины, категории, например, такие как: *искусство слова, произведение, устная литература, стихотворение*

размышление, иносказание, эпитет, переосмысление, олицетворение, гиперболы, метафора, метонимия, ирония и другие Байтурсынов изучал литературное наследие, устное народное творчество и издал отдельную книгу, куда вошли оригинальное художественное произведение – сказание “Ер Сайын” (1923) и сборник “23 жоқтау” (плачи, поминальные обрядовые песни) (1926).

Ахмет стал основоположником профессиональной журналистики Казахстана. Он основал газету «Казах» и публиковал в ней идеи демократического обустройства общества. Публикации привлекали живой интерес, будили в людях национальное самосознание, говорили о важности просвещения, поднимали вопросы образования, социально-политического характера. Здесь же размещались материалы на тему просвещения, грамматики, культурного наследия казахов.

Наряду с выпуском газеты Ахмет Байтурсынов пробует силы в литературном творчестве. Он переводит басни Крылова на казахский язык. В просветительских целях Ахмет организывает школы для маленьких казахов и начинает писать собственные произведения для детей «Қырық мысалы», «Маса».

В начале творческой литературной деятельности Байтурсынов стал известен как баснописец. В сказочных произведениях поэта читается мечта о счастливом будущем для казахского народа, призыв к просвещению в науке, литературе, культуре. Поэт высмеивает невежество, праздность, жадность, лень, тщеславие.

Будучи сильным и энергичным от природы, Байтурсунов отличался свободолюбием и никакой власти над собой не признавал.

Революция 1905-1907 годов вызвала в нём надежду на перемены, он активно участвует в народных волнениях, часто выступает перед демонстрантами, организует группу казахских интеллигентов, вместе с ними составляет петицию в адрес правительства в Петербурге.

В те годы он писал стихи и сделал перевод из русской классики, в частности из произведений И.А. Крылова. Стремясь выволить народ из оков отсталости, Ахмет Байтурсынов глубоко понимал, что подъём культуры можно осуществить через всеобщее просвещение и усвоение достижений общечеловеческой цивилизации. К этим годам относится начало пути А.Байтурсынова по стезе науки. Ахмет Байтурсунов народный поэт.

В своих стихотворениях А.Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных стихов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным киргизским языком поет о свободе, о нации, – об угнетенной и отсталой киргизской нации, призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом киргизе чувства гражданства. Стихотворения А.Байтурсунова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в киргизской литературе

Исследуя природу казахского языка, он пишет статьи и учебники по языкознанию, впоследствии появляются его научные исследования по языкознанию. В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсунова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсунов поднял киргизскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы.

В тяжёлые дни перегиба в числе трёх десятков государственных и культурных деятелей без всяких оснований в 1929 году А. Байтурсынов был арестован, сидел в тюрьме, затем сослан в Архангельск. В 1934 году благодаря вмешательству М. Горького и его жены Е.П. Пешковой, с помощью Международного Красного Креста его освободили, но свобода длилась недолго, в 1937 году А. Байтурсынова вторично арестовали и вскоре приговорили к расстрелу. Только спустя полвека справедливость восторжествовала, в 1988 году советским судом он посмертно оправдан за отсутствием состава преступления. Такова была тяжёлая судьба одного из ярких представителей культуры казахского народа.

Наряду с работой учителя и занятием наукой, активной общественной деятельностью А. Байтурсынов плодотворно работал в области художественного слова, принимал участие в развитии реалистических, гуманистических, просветительских традиций казахской литературы в условиях 20 века. На рубеже 19-20 веков одной из главных проблем казахской литературы был национальный вопрос, состояние казахского общества, пути его развития.

А. Байтурсынов активно включился в литературный процесс сборниками стихов и переводов «Қырық мысал» (Сорок басен), «Маса» (Комар), изданием образцов фольклора, разработкой проблем истории и теории казахской литературы в научно-теоретических статьях, трудах, учебниках.

Литература

1. Интернет энциклопедия.
2. «Казахи» том II.
3. Энциклопедия Казахской ССР.

ҒТАХР: 14.15

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Келенова Л. Д., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.

Қазақстан Республикасы, Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы бойынша білім бөлімінің «Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебі» КММ, kelenovasergazina@mail.ru

Халқымыз өскелең ұрпақтың өміріне ерекше мән беріп, түрлі әдет-ғұрып, салты мен дәстүрін өнеге қылып қалдырып кеткен. Ерте кезден бері келешек ұрпаққа тәрбие беріп, жеткіншектердің сана-сезімін, ақыл-ойын дамыту мен қалыптастыру – кез-келген ұлт пен елдің жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі мен жан дүниесінің сырын айқын білдіретін әлеуметтік үрдіс. Ал әлеуметтік құбылыс сол жұрттың өмірлік келбетімен, жан дүниесінің сан қырлы құпиясымен астаса байланысқан қалыптасып дамып отыратындығы тарихтан белгілі. Тәлімді сөздерін, ақылды ойларын ауызша да жазбаша да елдің есіне қалдыруды әрбір ұрпақ өз парызы деп санаған. Соның бірі кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Ол әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, қазақ графикасының негізін салушы, ағартушы, Алаш-Орда автономиясының азаматы. Елінің ер ұлы Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 5 – қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы Сартүбек деген жерде өмірге келген. Сүйегі – арғын, оның ішінде – үмбетей. Ал әріден таратсақ, Ахаң қазақтың тарихында аты әйгілі тұңғыш тархан Жәнібекпен тусады. Жәнібек батыр Шақшақтың шөбересі болса, Ахмет-Шақшақ бабаның тоғызыншы тармақтағы ұрпағы. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы еті тірі, сергек, намысқой адам болған. Содан да ол руластарына әлімжеттілік жасаған Торғай уезінің бастығы, полковник Яковлевті соққыға жығып 15 жылға сібірге айдалады.

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,

Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.

Алданып жегенімде оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі қарам. – кейіннен өзі жырлағандай. Қайран әке итжеккенге айдалып бара жатып: «Балам, қандай қиыншылыққа ұшырасаң да, аш қалсаң да, мейлі жалаңаш, жалаңаяқ жүрсенде, жататын орның болмаса да, қанша қорлық көрсең де, оқы» деп тапсырған екен. Анасы Күңші – арғынның сүгір руының Шеру атасынан шыққан Құлыбек деген байдың қызы. Өте келбетті, ұзын бойлы, ақсары, толық денелі, қолөнер шебері аздап ақындығы да бар, топ жарып ән де салады екен. мінезі елден ерекше батыл болыпты. Жары – татар қызы (Александра Ивановна) Бадрисафа Мұхаметсатыққызы. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылы болды. Елдің ұлт болып қалыптасуы үшін тиісті факторлар: олардың қатарындағы адамдардың кісілік келбетіне, күнделікті тұрмыс тіршілігіне, тілі мен мәдениетінің, психологиядағы осы елге лайық кейбір этикалық артықшылықтарының ұқсастығына қарап білеміз. Кез-келген қоғамда жас өреннің тәлім-тәрбие алатын ұлттық өнегесі, үлгілі дәстүрі болады. Тәуелсіздікке дейін де өскелең ұрпақтың қоғамда өз орнын табуға бағытталған қастерлі үрдісі, еліміз Егемендігін алған соң жанданып дами түсті. Ахмет Байтұрсынұлының тәрбие саласындағы еңбектерінің арасындағы шоқтығы биігі «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі. Бұл еңбегі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болды.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет тарихының теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И.

Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», туындыларын орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының екінші кітабы – «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. «Масада» өзінің өміріндегі ең басты мақсаты ұйқыдағы халқын оятуға жұмсайды.

Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса, десе
Қазағым, елім,
Қайқайған белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқпа әлі ұйқың
Ұйықтайтын бар не сиқың!-

деп қазақтарды тағы да «оянуға» шақырады.

«Егіннің бастары» мысалында:

«Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді.

Қалпы емес тәккапарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді. – деп санасы таяз тәкәппар надандардың болатынына қынжылып, сондай адамдардан бойын аулақ ұстауға ақыл – кеңес береді.

«Маймыл мен көзілдірік» мысалында:

Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,
Маймылша іс ететін көп надандар.
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?!

Ахмет Байтұрсынов ғылымның жетістігін пайдалана алмағандықтарын, өздерінің білімсіздіктерін, ебедейсіз, икемсіздіктерінен көрмей кінәні басқалардан іздейтіндерді шебер суреттеген.

Бұл мысалда автор тыңдаушылардың жетесіне қазақ «бөлінгенді бөрі жеді» деп бекер айтпағандығын, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» болатындығын өсиет етіп айтады.

Ат пен есек

Мысалдың соңында:

Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек?

Мысалы, еткен қайыр бір бәйтерек.

Қайырың біреуге еткен болып терек,

Көрерсің рақатын көлеңкелеп.

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде

-Біреуге қысылғанда жәрдем бермек

Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп.

– деп аяқтайды. Мұнда не нәрсе болса да ақылға салып, ой елегінен өткізіп сабырмен істе, өткен іске өкінгенмен еш нәрсе өзгермейді деп бір ой тастаса, екіншіден біреудің көмекке зәрулігін көрсең көсегінді аямауға, ондай күй сенің басыңа түскенде тым кеш болып, «аһ» ұрарсың деп жанашырлыққа, қасындағы досыңның сырын ұғуға шақырады.

Ахмет Байтұрсынұлының халқының ғылымына қосқан үлесі ұшан теңіз. Тәлім мен тәрбие бере отырып, білім алушының барлық сұранысына сай талапты бере білді. Қазақ ғылымының көшін ілгері сүйреді. Мақаланың соңында Ахаңның «қазақ жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, күшті болуымыз керек.» деген сөзімен аяқтағым келеді. А. Байтұрсынұлы аңсаған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек. Қазақ қоғамына Егеменді елдің қадірін білетін жас өрен тәрбиелеу біздің міндетіміз деп білемін.

Әдебиеттер

1. Мұхтаров С. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру проблемасы. // Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – 294 б.

2. Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995. – 174 б.
3. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861. – 581 с.
4. Ильминский Н.И. Грамматика алтайского языка. – Казань, 1869.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 446 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Орынбор, 1914.
7. Қордабаев Т. Сөздерді тапқа бөлу тарихынан. // Қазақстан мектебі, 1984. – № 7.
8. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 297 б.

ҒТАХР: 06.81.23

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Қыпшақбаева Н.А., студент

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., ҚыЗҰҚП университеті Nyrlyai.kypalash@mail.ru

А. Байтұрсынов 1920-1930 жылдардағы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихында ерекше орын алатын ірі саяси қайраткер. Ерік-жігері зор, ұйымдастырушылық қабілеті зор, саяси оқиғаларды көрегендігі оның тұрақтылығымен үлкен бедел мен құрметке ие болды. Теориялық тұрғыдан жетілген ол өз жұмысында таптық емес, ұлттық ұстанымды ұстанды. А. Байтұрсынұлының есімі Алашорда үкіметімен тығыз байланысты болғандықтан, оның қоғамдық-саяси, қоғамдық қызметін зерттеу қиын.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық сөз өнерінің тарихын, кеңестік кезеңде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш зиялыларының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу қолға алынды. Кеңес өкіметі тұсында көруге, жазуға тыйым салынған тарихи-мәдени мұралар мен ұмыт болған әдеби жәдігерлерді басып шығару мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Жалпы қоғамдық ой мен ұлттық сананың даму тарихы тұрғысынан алғанда, 1905-1920 жылдардағы қазақ қайраткерлерінің мемлекеттік саясаты мен ішкі күресі – ұлт-азаттық қозғалыстың, тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған ұлттық күрестің алғашқы сатысы еді.

XX ғасырдың басында тарих сахнасына көтерілген реформатор жаңа ұрпақ Азиямен бірге ояна бастаған қазақ халқының еуропаша оқып, білім алған, көзі ашық, сезімі сергек, екпінді де серпінді ұрпағы болатын. Реформатор ұрпақ ағартушылықты ұлттық-азаттық қозғалыс мүддесімен ұштастырды.

XX ғ. басында ұлы империяның қыл бұғауына түскен халықты толық азат етудің қанды жолы ешбір нәтиже бермейтінін Алаш қауымы терең түсінді.

Ахмет Байтұрсынұлының замандасы әрі қаламдасы М. Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде «...Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын» – деген мәлімет береді [1].

1896-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, кейіннен екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. 1902-1904 жылдары Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқара жүріп, бұратана ұлтының санасын ояту мақсатында И. Крыловтың мысалдарын аударады.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күресті тым ерте бастаған Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы Семей түрмесіне қамалып, кейіннен қазақ жерінен тыс жерге жер аудару туралы үкім шығарылады. Ұзақ уақыт бойы «саяси сенімсіз» деген ат таңылып, патша күзет қызметінің бақылауында болады.

1913 жылдан бастап «Қазақ» атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылға дейін оның редакторы болып қызмет етті. Сонымен қатар, қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі ретінде де белгілі. Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін Ахмет Байтұрсынұлы біраз уақыт алашордашылар қалды, ал 1919 жылы бірқатар ғалым – зиялылармен бірге Кеңес үкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. осы жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери – революциялық комитеттің (ВРК) мүшесі болып сайланады.

Ал, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариатына (ХАК) қарасты ғылыми – әдеби комиссияның төрағасы болып, Халық ағарту комиссары болып сайланды. Бүкілресейлік Орталық

Атқару комитетінің мүшесі болып жұмыс істеп, одан соң Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің газеті «Ақжолда» еңбек етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларындағы кейіпкерлері арқылы әдебиетімізге саяси азат етуші, күрескер бейнесін, яғни «Маса» мен «Қырық мысал», өлеңдері арқылы әкелді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Зерттеуде өнертану сияқты қоғамдық ғылымдардың салалары туралы да жан-жақты пікірлер айтады. Дегенмен, ғалым еңбегінің негізгі нысаны аты әдебиет теориясының негіздері, қазақ сөз өнерінің жалпы жүйелері, түрлері және әдістері.

Алаш зиялысы алдымен «Айқап» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінде білім, ғылым мәселелерін қамтып, кейін өзі ашқан «Қазақ» газетінде жалғастырды. Қазақ оқушыларына тіл үйрету мақсатында ғалым қазақ әліпбиін («Оқулық», 1912), мектептерде қазақ тілін пән ретінде оқытуға арналған оқулықты («Тіл құралы», 1915), қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеді. («Баяншы», 1920), тілі Оқулық (Т. Шонановпен бірге) және қолданбалы грамматика бойынша «Тіл Жұмсар» (1928) кітабын құрастырды.

Осы орайда А. Байтұрсынұлының сөз таңдаудағы ойлары: сөздің дұрыстығы, тіл тазалығы, тілдің нақтылығы (сөздік), тілдің нақтылығы, тілдің анықтығы. А. Байтұрсынұлының шығармасы басқа ғалымдардан өзгеше, яғни қазақ оқушысына өзінің бар ойын ұлттық рухы биік ана тілімізде жеткізген. Осы орайда ғалымның әлем әдебиетімен жақсы таныс екендігін көруге болады.

Атақты ұлы тұлғаның бейнесі өзі өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге теренірек үңілгенде ғана шындыққа айналады. Ахмет Байтұрсынұлы заман ағымына сай туып, дәуірдің нұры мен қараңғысын бағдарлай білген, жақсы мен жаманнан сабақ ала білген. Ол әуел баста қайраты мол, энциклопедиялық танымы мол, қиын өмірдің қараңғылығында қалған қалың елді сүйретуден басқа бақыт барын білмеген дара тұлға еді.

Ахмет Байтұрсынов 1928 жылдың 5 қазанында Алматыға көшіп келіп, КазПИ-де сабақ берді. 1929 жылы көкек айының 19 күн «Советская степь» газетінде Ораз Исаев пен Ізмұқан Құрамысовтың ұйымдастыруымен Ғаббас Тоғжанов пен Әбдрахман Байділдин, Х.Жүсіпбеков, С.Сапарбеков, О. Жандосов қол қойған ашық хат жарияланды. Бұл ашық хат Ахмет Байтұрсынов бастаған алаш азаматтарын «құрбандыққа шалудағы» ең соңғы шешуші соққының міндетін атқарды.

Жолданған қарсылық хатта былай делінді: «Құрметті жолдастар! Біздің пікірімізше, Әуезов пен Байтұрсыновтың шығармаларына маркстік көзқарасқа мүлдем жат баға берілген... Байтұрсынов «Буржуазиялық ұлтшыл - қазақ байларының идеологы болып қала береді... Ол контрреволюциялық идеологияны уағыздады. Бүгінгі қазақ қоғамы Байтұрсыновты біздің партиямызға қарсы күрескен және күресіп келе жатқан реакциялық алашордашыл интелгенцияның бір көсемі деп санайды» - делінді.

Осындай мемлекеттің атынан жасалған ресми айыптау мәлімдемесінен кейін бір айдың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев қамауға алынады. 1929 жылдың 2 маусымында Қызылорда қаласында өтетін әдебиетшілер мен тілшілердің жиналысына шақырылады да, сол жерде қамауға алынып, қайтадан Алматының түрмесіне жөнелтіледі.

XX ғасыр басындағы ұлы ұрпақтың рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлына қудалаудың қанды құрығы бір емес, бірнеше рет салынды. Сол қуғын-сүргінді қайыспай көтерді, әрі рухани ортасынан дарыған таным-түсініктерді жүзеге асыру барысында аңсаған асыл мұраттарына деген адалдықты саналы өмірінің соңына дейін сақтады. Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше «...қанаты қатая бастаған ұлттық сананың басты қаруы әдебиет» болды.

Ахмет Байтұрсынұлының ерекше көзге түсетін бір қасиеті – ең алдымен оның өмірі мен адамдық болмысы. Ол жеке азаттықтың жоқтаушысы емес, бүкіл халықтың азаттық туы. Яғни, XX ғасырдағы саяси күрес пен азаттық қозғалыс көшбасшыларының рухы.

Қорытындылай келе, азаттық идеясына қызмет еткен ұлт ағартушысы әрі Алаш зиялысы – өзінің ағартушылығын азаттық идеясының, азаттық үшін күрестің құралы ретінде пайдаланды. Ол халықты өнер-білімге шақыру – туған халқының саяси – экономикалық еркіндігі мен елінің азаттығына жетудің бірден-бір тиімді жолы деп есептеді.

Әдебиеттер

1. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік / Құраст. І.М. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 448 бет
2. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9024/> / Алиева Б., Жауымбаев С.Ұ. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. 05.09.2019.
3. Қазақтар. Алматы, Қазақстан даму институты, 1992. Т.2. Тарихи тұлғалар. – 146-148 бб.
4. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: “Ел-шежіре”, 2008. – 472 б.
5. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 262 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Алимова Г.Е., Әбішева Ж.А., математика, физика пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы, Семей қ., «А. Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орты білім беретін мектеп», guldanaesposun@1984mail.ru

Оқу-ағарту идеясы – А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. А. Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух дегеніміз – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерін ашып, оқуды қазақ тілінде жүргізу үшін, ең алдымен, ұлттық жазуы болуы қажет деп білді. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды. Қан жылаған қазақ баласына өлеңдері арқылы демеу берген Ахмет Байтұрсынұлының әр туындысы жоғары бағаға ие. Әсіресе, 1911 жылы Орынборда жарық көрген “Маса” өлеңдер жинағына ақынның қазақ халқының өткені, бүгінгі мен ертеңі жайлы жазылған өлеңдері енген. “Қазақ қалпы” өлеңінен ақынның алаштың өткен күніне деген сағынышын және Ресей мемлекетінің билігінен кейінгі қазақтың жағдайына деген күйінішін байқауға болады. ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы, “Достыма хат” деген өлеңінде қоғам әділетсіздігін суреттеп, ақшаға, абыройын арын сатқан адамдарды сынаған. “Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр” деген өлең жолдарынан ақынның азаттықтың таңы үшін қиын-қыстау кезеңді басынан өткеріп жүргені байқалады.

Қырағы, қия жазбас сұңқарым – ай!
 Қажымас қашық жолға тұлпарым – ай!
 Үйілген өлексені өрге сүйреп,
 Шығармақ қыр басына іңкәрің – ай!
 Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
 Түнерген төбемізден бұлт арылмай.
 Көк етті, көн терілі, көніп қалған,
 Сықса да шыдай беру, жұрт жарылмай.

Қазақ халқы балаларын молдаларға беріп оқытқан. Қазақ елінің озат ұлдары тек молдадан білім алып қоймай, Ресей мемлекетіне барып жоғары оқу орындарында оқи бастады. Әрине, елде орысша білім алған азаматтар сынағандар болды. Бұл туралы ақынның “Ғылым” деген өлеңінде жазылған.

«Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ,
 Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ».
 Зұлатып шарифатты шарт жүгініп,
 Молдекең отырғанда мойнын толғап.
 Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан,
 Артында ілесе алмай жүрміз әман.
 Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
 Бәрі де бара жатыр алға таман.
 «Заманың түлкі болса, тазы боп шал»,
 Деген сөз аятпенен бірдей маған.
 Алақтап артымызға қарағыштап,
 Жүргенде-ақ озып, ұзап кетті заман.

Ахмет Байтұрсынұлының абақтыда отырып анасына жазған сезімге толы “Анама хат” атты өлеңі ақын туындыларының маржан деп те айта аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы “Ойлар” атты өлеңінде өзі қайтыс болса да, ерең еңбегінің өлмейтінін жазған.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
 Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
 Өлген күні апарып тығары – гөр,
 Мен жоқ болам көміліп тәнімменен.
 Тән көмілер, көмілмес еткем ісім,
 Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
 Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін.

Ақын “Замандастарыма” деген өлеңінде кеңестерімен бөліскен. Ақын И. А. Крыловтың “Зеркало и обезьяна” деген мысал өлеңін “Айна мен маймыл” деп қазақ тіліне аударған. Халық ағартушысы орыстың мықты ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Ол “Қыздыр дейсің, мәжілісті жан дейсің” деген А.С. Пушкиннің туындысын ана тіліне аударып, өзінің шеберлігін тағы да бір мәрте дәлелдеген. Ғалым, ағартушы, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі, жастардың бойына ескен білім дәнегі еш уақытта ұмыт болып қалмайды. Заманында қылған қызметі, төккен тері келер ұрпақтың есінде сақталуына біз жауаптымыз. Ахметтің шығармашылығы, зерттеулері мен саяси көзқарасы елдігімізді қолымызға алуға қалай көмектесе, келешекте де дәл солай өз септігін тигізе бермек.

Қорытындылай келе, «Алаш» партиясы – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілік мүддесінің үзілмеген арқауы. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Алашорда көсемдерінің бірі бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы қай қырынан алсақ та, саналы ғұмырын халқына арнаған қайталанбас қайраткер. Ұлт ұстазының елге белгісіз қалған, зерттелмей жатқан еңбектерін жарыққа шығару, ел кәдесіне жарату, оның қайраткерлік тұлғасын, шығармаларын кеңінен насихаттау керек.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6 «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007 «Батыс».
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009

ҒТАХР: 17.01.45

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛДАРЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Мырзабекова Ж.Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Абай обл. Семей қ. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №47 ЖОББМ» КММ
Janar_80@list.ru

Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ үшін атқарған еңбегі зор, ұлт болашағы үшін қосқан үлесі көп.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, "Қырық мысал" деген атпен 1909 жылы Петербургтен басылып шығарылды. Ұлт ұстазының аударған қырық мысалын оқып отырсаңыз, қазақ тіліндегі сөздік қордың молдығы мен тазалығына көз жеткізесіз. А.Байтұрсынұлы мысалдарды қазақы қалыппен баяндай келіп, халқымыздың бай фольклорымен, әсіресе, мақал-мәтелдерімен ерекше тұжырымдайды. Ақын мысалдарының түпнұсқадан анағұрлым көлемді болуына әрқайсының соңғы шумақтарына ғибраты мол түсінік беріп отыруы себеп болған. Мысалы, «Екі Бөшке» туындысында бірінде заты бар, ал бірі бос күйінде көшеде келе жатқандығы айтылады. Заты бар бөшкенің ақырын, ал бос бөшке болса елдің мазасын алып салдырлап келе жатады. Осыны айта келіп ақын 4 шумақты ғибратнама қалдырады. Соңғы түйінінде:

«...Байқамас оны ешкім жақындаспай,
Істес боп, ой сынасып, ақылдаспай.
Бөшкеде не зат барын кім біледі,
Қақпағын я бір жерін тесіп ашпай?!»

– деп оқырманға тәлім-тәрбиеге толы ой тастайды [1].

Ақынның қазақы мақал-мәтелдерді қолдана білуі дәстүр жалғастығы мен жанр ерекшелігін танып, өзіне тән даралығын айқындай түскендей. Әйтсе де, ақын мақал-мәтелдерді орынсыз қолдана

бермейді. Кейбірінде мысалдың ыңғайына байланысты оларды өзгертіп те отырады. Мәселен, «Айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылар» деген қазақ мақалын ақын «Аңдарға келген індет» мысалында:

«...Залымдар айран ішіп аман кетіп,

Момындар тұтылып жүр шелек жалап», – дейді.

А. Байтұрсынұлы мысалдарында ақын болуымен қатар ойшыл ретінде де көрінеді. Тұрмыстық көріністерді дәл бере білу арқылы өмірдің шынайы суреттерін нақтылай түседі. «Сары шымшық» мысалында әсірелеу қалпымен күлкі тудырса, оның артқы жағында зілдің жатқанын байқаймыз:

«...Балық жеп, сорпа ішіп тойынбаққа,

Аш пенен көбінесе арық келді.

«Бір соғым пұлсыз астан» дейтіндер бар,

Қасығын қолдарына алып келді».

Бұл арқылы дайынға жүгірер «піскен асқа тік қасық» болар күлкілі топты астарлы иронияға келтіріп отырғандай. Негізінен, ақын мысалдардың сюжетін И.А.Крылов арқылы беріп отырғанымен, ондағы бозбала, сорпа, соғым, я бөлең, я нағашың, я жиенің, т. секілді туған тіліміздің байлығын білдіретін сөздерді қолдану арқылы сюжетті қазақ даласына еркін енгізіп жібергендей. Ахметтанушы ғалым Ө.Әбдиманұлы: «Ахмет Крыловты аударуды мақсат тұтпай, ондағы тақырыпты, ой-өзекті ғана алып өзінше еркін жырлауға, қазақ өмірін тығыз байланыстыра отырып ой айтуға ұмтылған. Ол, әсіресе, қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде өзіндік бағыт ұстанып, негізгі желіні дамыта отырып, жаңғыртып, өз уақытына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат еткенін аңғару қиын емес» – дейді. [2]

Ұлтының ұстазы болған, бар өмірін ұлтына қызмет етуге арнаған А.Байтұрсынұлының білім саласындағы рөлі, жас ұрпақты тәрбиелеуде алатын орны орасан зор. Қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жан-жақты дамыған, рухани қазынасы бай, әлеуметтік өмірге бейімделген жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатты үдерістің нәтижелі болуы, оқушының толық қанды дамуына жағдай жасап, алған білімін белсенділікпен меңгеріп, шығармашылығын ұштай білу үшін мұғалім де осы үдеріске сай болуы керек.

Білім алу үдерісінде оқушының саналы түрде ойлай білу дағдысы дамып отырады. Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында V сыныпта берілген «Егіннің бастары» мысалында тек адал болуға, қарапайымдылыққа шақырады. Білімді болуға, білім алу арқылы өзіндік іс бастауға үйретеді. Оқушыға түрлі ой салады. Оқырманды өркөкіректіктен аулақ ұстап, қарапайым, кішіпейіл болуға жетелейді. Ой – санасы енді – енді толыққанды жетіліп келе жатқан жас өспірім оқушыға зор ықпалын тигізеді анық. Қазіргі біздің қоғамымыз үшін ақын шығармасында берілген «білімділік, адалдық» деген ұғымды биік ұстап, «Азамат» болып қалыптасу идеясы жеке тұлғаның жан – жақты өсіп, қалыптасуында нағыз тәрбие құралы болып табылады.

Оның қандай шығармасы болмасын оқушының көкейіне ой салып, даналық дәнін себеді. Соның ішінде, А.Байтұрсынұлының «Адамдық диқаншысы» өлеңін бір сабаққа арқау ету арқылы да жас ұрпаққа ой салуға болады. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламасына сай аталмыш өлең арқылы оқушыларды өлеңнің астарына үңілуге, мәнмәтіннің көбесін сөгіп талдау арқылы автор бейнесін жасауға, автордың өлеңді жазудағы түпкі ойын пайымдай білу әрекеттерін орындата аламыз. Мұндай жұмыс түрлеріне төселту оқушы бойында алған білімді қолдана білу дағдысын қалыптастырады. Сондай - ақ, сабақта жаңартылған оқу бағдарламасында атап көрсетілгендей, оқылым және айтылым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары орын алады. Ақынның «Адамдық диқаншысы» мысалын оқыту барысында адам бойындағы мінезді қалыптастыруға игі ықпалын тигізетін ақыл, талап, оның алты түрі ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық қасиеттерін оқушыларға түсіндіре отырып, осы қасиеттерді игерген адам өте мінезді келетіндігіне баса назар аударылады. Әсіресе, әр адам бойында сабырлық қасиеттің болуы оны көп келеңсіздіктен, қауіптен, дау-жанжал, ұрыс-төбелестен сақтайды, керісінше оны өз ортасымен, ата-анасымен, ұжымымен сыйластық қатынасын дамытуына мол әсерін тигізетіні де шәкірт санасына құйылуы тиіс.

Ахмет мысалдары ойлау операцияларына тікелей ықпал етеді, оның идеялы мазмұны азаматтық сапаларды дамытады, интеллектуалды адам бағытына ықпал етеді. Педагогиканың барлық ұстанымдарын ақынның еңбектерінен таба отырып, оның ұлт ұстазы екендігіне куә боламыз.

Ақын жастарға қандай іс жасасаң да ақылмен, оймен таразыға сап, тексеруден өткіз, ғибраттану ойлап, әрекет жасау арқылы жүрсе ғана жағымды, қанағатты тудырады, – дейді. «Адамның дүниетанымының ауқымдылығы – сезім мүшелерінің қызметі негізінде толық мазмұнда дамиды», – деген педагогикалық қағидамен сабақтасып жатыр. Оқушылар әр мысал мазмұнымен танысқанда оны шын жүрегімен сезіне отырып, танымдық, мейірімділік, сүйіспеншілік, сезімді құрмет тұту сынды адами қасиеттері қалыптасады.

Қазіргі біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр – ғылым мен техниканың ең жедел де қарқынды дамып отырған кезеңі. Соған орай, күнделікті баспасөз құралдарынан болсын, теледидар, интернет, көздерінен болсын ағылып келіп жатқан ақпараттар өте көп. Толассыз берілген ақпараттардан қазіргі оқушының есте сақтау қабілеті әлсіздеу. Соған байланысты материалдарды есте қалдыруға күш салып отыру – әр ұстаздың парызы. Есте қалдырудың сапасы дұрыс қайталай алуға қатысты болып келеді. Әдетте, ақынның бір өлеңін немесе мысалын бір қайтара оқып, жаттауға тырыспау қажет. Аз уақыт ішінде жиі-жиі қайталап, жаттаудың да керегі жоқ. Есте қалдыруды жеңілдету үшін меңгеруге берілген шығарманы жоспарлауды дұрыс жүргізу керек. Есте қалдыру нәтижелі болу үшін есте сақтау үдерісінде көрнекі құралдарды тиімді пайдаланудың маңызы зор. Ахмет мысалдары бойынша қолданылатын түрлі көрнекіліктер оқушыларды әр түрлі ойлау әрекеттеріне бейімдейді, түсіндірілген сабақ материалын сапалы меңгеруге ықпал жасайды [3].

Ахмет Байтұрсынұлының жастарға ұсынған жолы – адамгершілік пен білім жолы. Осы жол ғана қиындықтан құтқарады, надандықтан арылтады, ізгі адамгершілікке салады. Сондықтан да ақын өзінің жүрек қалауын талаптанған, талпынған жастарға арнайды.

Мектебімізде былтырғы оқу жылынан бастап, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолын және шығармаларын танып білу мақсатында «Ахметтану» курсы өткізіліп келеді. Әдістемелік бірлестік мүшелері осы аталған курстың бағдарламасын және қысқа мерзімді жоспарын жасады. Болашақта облыс және республика көлемінде таратамыз деген ойымыз бар. Ұсыныс ретінде айтпағымыз ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, шығармашылығы туралы курсты жалпы орта білім беретін мектептерде де өткізілсе. Өкінішке орай, мектеп бағдарламасында Ахмет Байтұрсынұлының тәлім -тәрбие беретін мысалдары тек 5-сыныпта ғана оқытылады. Болашақта басқа сыныптарда да Ахмет шығармалары кеңінен оқытылса нұр үстіне нұр болар еді.

Әдебиеттер

- 1.Әбдиманұлы Ө. шығармалары 2 том 232, 252, 260 бб.
- 2.Досжанов Д. Абақты. – 152 б.
- 3.Байтұрсынұлы А. – 175, 177, 178 бб.
- 4.Байтұрсынов А. Ақ жол. – 4, 5 бб.
- 5.Байтұрсынов шығармалары 1 том. – 11 б.
- 6.Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – 145, 154 бб.
7. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы – 212, 213 бб.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Қабышев Т. Б.
СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ҰЛЫ ЗЕРТТЕУШІСІ..... 5

Мұқанова Қ. Қ.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІ..... 6

1 СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

СЕКЦИЯ 1: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ОСНОВАТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ НАУКИ

Түсіпбекова Ғ.А.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНДЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ..... 9

Самекбаева Э.М., Сағындыққызы Г.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ
ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 11

Қасымова Ә.А., Смағұлова А.Т., Иісбек Б.
АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТЕЗАУРУСТЫҚ ҚАБАТЫ..... 14

Малгаждарова Ж. З., Каптагаева Ш. Б.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АРҚАУЫ..... 16

Идрисов А.Н.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ..... 18

Лапина И.В., Шалина А.Г.
PEDAGOGICAL HERITAGE OF A.BAITURSYNOV AS A CONDITION FOR IMPROVING
TEACHER SKILLS IN THE SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF STUDENTS..... 20

Курмангалиева Г. Т.
АБАЙ МҰРАСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ..... 22

Ерболат Ә.Е.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫ» ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ
БАСЫ..... 25

Нургаева А.А.
«БУКВАРЬ» АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА..... 28

Ташкенбаева Л.О.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ..... 30

Каирбеков Е.Е.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТІЛШІ-ҒАЛЫМ..... 33

| | |
|--|----|
| Сулейменова Р.Ш., Женисова Ж.К. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ АВТОР БЕЙНЕСІ – КӨРКЕМ ТІЛДІК КАТЕГОРИЯ..... | 36 |
| Танекина А.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ..... | 41 |
| Нурпеисова Е.Б., Оспанов А.И. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ..... | 43 |
| Акылбекова М. К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ..... | 46 |
| Корпебаева Ш.К. ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР..... | 48 |
| Калиева Н.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘЛПБИІНІҢ АТАСЫ..... | 52 |
| Аубакирова Ш.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ЛИНГВИСТ-ҒАЛЫМ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ..... | 53 |
| Нурлаби А.Е. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ, ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ПЕДАГОГ..... | 57 |
| Калауова Г. Н., Абаева Ш. К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРОФЕССОРЫ..... | 59 |
| Еспаева Г.А. ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ..... | 61 |

2 СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

СЕКЦИЯ 2: НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

| | |
|--|----|
| Жұманиязова Ә.Ж. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ..... | 64 |
| Медеуқанова Л.Қ. АХМЕТ МҰРАСЫ – ӨШПЕС ӨНЕГЕ..... | 67 |
| Мазбаева Л.Б. ЯЗЫКОВОЕ НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА..... | 69 |
| Абельпейсова К.Ф. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ..... | 71 |
| Жакипова А.А. А.БАЙТҰРСЫНОВ ОСНОВАТЕЛЬ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ..... | 73 |

| | |
|---|-----|
| Абдыкаримова С.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ШКОЛА ЖИЗНИ И ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ДОСТОИНСТВА..... | 76 |
| Жармагамбетова Г.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰРПАҚ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ..... | 78 |
| Ибрагимова З.Л. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫН ТАЛДАУДАҒЫ ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР..... | 81 |
| Мусанова Н.А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... | 83 |
| Сайлаубаев Б.Ж. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ: БАЛА ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА..... | 85 |
| Кудайбергенова Ж.М. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МҰРАЛАРЫ..... | 87 |
| Бөкембаева Н.М., Муканбаева Л.Ж. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР..... | 89 |
| Исина С.К. МЫСАЛМЕН ӨРЛГЕН ОЙ..... | 92 |
| Нургалиева Л.Т., Ибраева Н.Б. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ..... | 95 |
| Оспанов А.И., Оспанова Ғ.О. ҒАСЫР САҢЛАҒЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ..... | 99 |
| Жумагелдыева А.Ж., Муканова К.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІ..... | 101 |
| Ибраева Г.М. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... | 103 |
| Тасбулатова Ж.Н., Палашова А.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІ..... | 106 |
| Алибекова П.С., Пралиева М.К. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ..... | 109 |
| Исмаилова Г.К., Григорьева Г.Б., Хасенова К.Е. МЕСТО РАБОТЫ ПО ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА..... | 112 |
| Григорьева Г.Б. ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ШКОЛЕ: ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ АСПЕКТ..... | 116 |
| Кенжина Ш.М. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАЛДАМА..... | 118 |
| Kasenova Z.K., Zharkenova U.M. THE STUDY OF HERITAGE AHMET BAITURSYNOV..... | 119 |

3 СЕКЦИЯ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РЕФОРМАТОРЫ

СЕКЦИЯ 3: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – РЕФОРМАТОР – МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

| | |
|---|-----|
| Амантай Ә. Ә. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ..... | 124 |
| Тампишева А.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОҚУ ҮРДІСІ..... | 126 |
| Чныбаева К.М. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ӘДІСТЕМЕ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ..... | 129 |
| Алжанова Н.Т. А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ҚОСҚАН ЕҢБЕГІ..... | 130 |
| Исаева Ж. А. ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ – БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯМЫЗ..... | 133 |
| Жунусова С.У. БІЛІМ – БІЛІКТІЛІККЕ ЖЕТКІЗЕР БАСПАЛДАҚ..... | 136 |
| Бекетаева М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ..... | 138 |
| Абылкасимова Т.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РЕФОРМАТОРЫ..... | 141 |
| Садуакасова Ж.М. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ..... | 145 |
| Сағнаева А.Б. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН LEARNINGAPPS. ORG ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ..... | 146 |
| Сағымбаева Ж.Ғ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ..... | 149 |
| Джобалаева Ж.Т. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ..... | 153 |
| Майданова К.М., Амиржанова Г.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ..... | 155 |
| Тулегенова Б.Т., Аринова А.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ..... | 159 |

4 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

СЕКЦИЯ 4: КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ РЕНЕССАНС И АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ

| | |
|--|-----|
| Кеңесбаева Ш.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АРҚАУЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ, ХАЛЫҚ ҚАМЫ, АЗАТТЫҚ АРМАНЫ..... | 162 |
| Смагулова Ш. С. АЛАШ ЗИЯЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ..... | 165 |
| Бажикеев К.К. ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ..... | 167 |
| Баяхметова Л.С. АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ..... | 170 |
| Танбаева Н.С. ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҮЛҒАСЫ..... | 172 |
| Шауерова М. Д. АЛАШ АЗАМАТЫНЫҢ ӨСИЕТІ..... | 176 |
| Кудайбергенова Б. М. ҰЛТ ЫРЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ..... | 179 |
| Нургожанова А. С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫ КӨШІНІҢ РУХАНИ БАСШЫСЫ..... | 181 |
| Кошкимбаева С.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ, АҒАРТУШЫ..... | 185 |
| Төлеубекова С.Р., Сыдыкова Г.М. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ..... | 188 |
| Курмангалиева Ж.М. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-САНАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОРНЫ..... | 191 |
| Рақашева К.С. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ. – ПРОСВЕТИТЕЛЬ - ПЕДАГОГ..... | 194 |
| Келенова Л. Д. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ..... | 196 |
| Қыпшақбаева Н.А. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ..... | 198 |
| Алимова Г.Е., Әбішева Ж.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ..... | 200 |
| Мырзабекова Ж.Ж. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛДАРЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ..... | 201 |

Ұлтымыздың рухани көсемі, ағартушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ»
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ЛИДЕР КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ»,
посвященной 150-летию со дня рождения духовного лидера нашего народа,
педагога-ученого, государственного и общественного деятеля
Ахмета Байтұрсынұлы

Шартты баспа табағы 12,5
Форматы – 60x 84 1/8

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
«Қазақ филологиясы және журналистика» кафедрасында дайындалды.

071400, Семей қаласы, Қашаған көшесі, 1